


Ж. Түймебаев
М. Ескеева
К. Конкобаев



**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ
ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ
ГРАММАТИКАСЫ**



ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты

Ж.Түймебаев
М. Ескеева
К. Конкобаев

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ

(Кестелі-сипаттамалы)

Түркітану сериясы

Алматы
«Қазақ университеті»
2024

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т 87

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған
(№5 хаттама, 10.01.2024 жыл)*

Пікір жазғандар:

ф.ғ.д., профессор А. Ибраимов
ф.ғ.д., профессор Г. Сағидолда

Түймебаев Ж. және т.б.

Т 87 **Қазақ және қырғыз тілдерінің салыстырмалы грамматикасы
(кестелі сипаттамалы): оқу құралы. / Ж. Түймебаев, М. Ескеева,
К. Конкобаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 336 бет.
ISBN 978-601-04-6572-5**

Еңбек батыс қыпшақ тобындағы қазақ және шығыс қыпшақ тобындағы қырғыз тілдерінің фонетикалық жүйесі мен лексикалық құрамын, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік құрылысын салыстырмалы тұрғыдан сипаттауға бағытталған. Туыс тілдердің ортақ белгілері мен ерекшеліктері кестемен берілген. Еңбек қазақ филологиясы, түркітану мамандықтарының білім алушыларына және түркі тілдерінің құрылымы қызықтырушы көпшілік қауымға арналған.

**ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2**

ISBN 978-601-04-6572-5

© Түймебаев Ж., Ескеева М.,
Конкобаев К., 2024
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

КІРІСПЕ

Түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты бірі дәуірлеп, бірі құлдырап, бірі жаңадан құралып жатқан мемлекеттік деңгейдегі түркі бірлестіктері мен қағанаттары құрамындағы түркі халықтарының тілдері үнемі даму үстінде болды, қазіргі түркі тілдерінің бәрінің де базалық лексикасы мен фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерінің белгілері сол кездерде-ақ негіз-тіл, одан кейінгі макротоптор құрамындағы диалектілер жүйесінде дамыды. Сондықтан тілдік даму мен түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты дербес тіл ретінде ажыраған тілдердің бәрінде де негіз-тілдің сілемдері мен макротоптардың белгілері сақталады, сонымен қатар жаңа белгілермен толығыуы тіл дамуындағы әмбебап заңдылық.

В. Радловтың классификациясы бойынша батыс түркі тілдеріне, Ф. Корштың жіктемесі бойынша солтүстік түркі тілдеріне, А. Самойловичтің жіктемесінде солтүстік-батыс (тавтобы немесе қыпшақ) тобына, В. Богородицкийдің жіктемесінде Орта Азия түркі тілдері тобына, И. Бенцингтің топтастыруында батыс түркі немесе қыпшақ тобы тілдерінің Арал – Каспий микротобына жатқызылатын қазақ және қырғыз тілдері Н. Баскаковтың генеалогиялық классификациясы бойынша батыс хун тілдерінің қыпшақ тобына (қазақ тілі) және шығыс хун тілдерінің қырғыз-қыпшақ тобына (қырғыз тілі) ажыратылып қарастырылады. Бұл жіктемеде қырғыз тілінің хакас, тува, алтай тілдерімен ортақ сипаттарын құрайтын созылыңқы дауыстылардың қолданылуы, ерін үндестігінің екінші, үшінші буында сақталуы негізге алынады. С. Маловтың түркі тілдері дамуының хронологиялық классификациясы бойынша да қазіргі қазақ, қырғыз тілдері бір кезеңде қалыптасқан – ең жаңа тілдер қатарында қарастырылады.

Батыс қыпшақ тілдерінің қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі – о бастан-ақ қыпшақтық белгісі айқын, көне қыпшақ тілінің диалектілерінен дамыған дербес түркі тілі. Біздің заманымызға дейінгі сақтардың, одан кейінгі ғұндардың тілімен ұласып жатқан жалпытүркілік негізіден бастау алатын қазақ тілінің V–XVIII ғғ. аралығындағы тарихи дамуы қазіргі ерте және кейінгі орта ғасырлардағы бірнеше түркі мемлекеттеріне қатысты этно-тарихи және лингвистикалық үдерістерден тұрады.

Қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдерде сөйлейтін халықтардың тілі көне қыпшақ тілінің басты ерекшеліктерін сақтап қалғанымен, олардың этникалық құрылымын, этнос ретінде қалыптасу жолын тек көне қыпшақ тайпасымен байланыстыруға болмайтыны белгілі. Қыпшақ бірлестігі құрамындағы бірнеше түркі тайпаларының тілдері өзара тоғысып, ескі қыпшақ тілінің ортақ әдеби жазба тілін қалыптастырса, онымен қатар халықтың ауызекі сөйлеу тілі де қолданыста болғанын қыпшақ ескерткіштері тіліндегі диалектілік ерекшеліктер дәлелдейді. Бұл қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі белгілері қыпшақ бірлестігіне дейін-ақ қалыптасқанын көрсетеді.

Қыпшақ тобы тілдерінде сөйлейтін түркі халықтары тіліндегі ортақ белгілердің біразы о бастағы қыпшақтық кезеңге тән болса, енді біразы Алтын Орда дәуірінде дамып, о бастағы қыпшақтық сипат тереңдей түсті. Алтын Орда дәуірінде монғолдардың түркілену үдерісінің қарқындылығы, олардың қыпшақ тайпаларының құрамына біржолата сіңіп кетуімен сипатталатыны белгілі. Бұл құбылыстың басты факторы ретінде қыпшақтардың мәдени-экономикалық деңгейінің жоғарылығын; тілінің белсенді түрде ресми әрі қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуын; жартылай отырықшы өмір салтын; дүниетанымының, этностық санасының беріктігін атауға болады.

Қыпшақ тілдерінің үш бұтаққа бөлінуі XI ғасырдың алғашқы жартысына (1010–1055 жж.) сәйкес қарастырылады. Тілдік топтың іштей дифференциациялану үдерісі сол кездегі миграциялық үдерістердің нәтижесі ретінде, оғыздардың ығысуымен, хазарлар территориясына половецтердің қоныс аударуымен сипатталады. Өзіндік ерекшеліктері айқындала бастаған қыпшақ-половец, қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-ноғай тілдік топтарының одан әрі ыдырау үдерісі де XIV–XVI ғасырлар аралығындағы тарихи оқиғаларға байланысты жүріп отырды. Қыпшақ-половец тілдік тобының

іштей бөлінуі Ақсақ Темір шапқыншылығымен байланысты болса, қыпшақ-бұлғар тобының іштей ыдырауы Алтын Орданың құлдырауымен, қыпшақ-ноғай тобы тілдерінің іштей ыдырау кезеңі Ноғай Ордасының құлауымен сәйкес келеді¹.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі – о бастан-ақ қыпшақтық белгісі айқын, көне қыпшақ тілі диалектілерінің бірі. Жалпытүркілік тек тілден бастау алатын қазақ тілінің б.з. V ғасырынан кейінгі дамуы Түрк қағанаты→Дешті қыпшақ→Алтын Орда → Ноғай Ордасы → қазақ хандығы мемлекеттеріне қатысты этно-тарихи және лингвистикалық үдерістерден тұрады. Қазақ хандығының құрылуы халық тілінің жүйеленуіне, даму бағытының бір арнаға түсуіне ықпал етті.

Зерттеушілер қазіргі қырғыз тілінің қалыптасу тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырады: 1) I–VIII ғғ. Енисей бойын мекендеген қырғыздардың тілі; 2) VIII–XIII ғғ. Енисейден батысқа қарай оңтүстік Алтайға дейінгі аралыққа қоныстанған қырғыздардың тілі; 3) XIV–XVI ғғ. Тянь-шань кезеңі, яғни, Орта Азия түркілерімен тығыз ықпалдастықтағы қырғыз тілі; 4) XVI ғасырдан қазірге дейінгі мерзімді қамтитын жаңа қырғыз тілі кезеңі (Б. Юнусалиев). Жалпы қырғыз тілінің қалыптасу кезеңі туралы әртүрлі пікірлер бар. Дегенмен қырғыздың халықтық және жазба әдеби тілі тарихындағы маңызды жағдайларды толық қамтитын еңбектер әлі де жоқтың қасы.

XVI ғасырдан кейінгі тағдыры қатар өрбіген қазақ-қырғыз халықтарының тілінде Шайбани, Бұхар, Хиуа хандықтарындағы (XVI–XX ғғ.) лингвистикалық ахуалдың да ізі қалды. Қазақ және қырғыз тілін жақындастыратын лингвоиндикаторлар жалпытүркілік және жалпықыпшақтық сипатта болып келеді.

Қазақ тілі. Қазақ халқының ана тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақтардың жалпы саны – жиырма миллион шамасында. Қазақстаннан тыс аймақтардағы қазақтардың ең көп шоғырланған жері – Қытай мен Монғолия, басқа алыс және жақын шетелдерде де шағын диаспоралық топтар мен тілдік анклавтар шашырай таралған. Ортаазиялық түркі жазба әдеби тілінің дәстүрін жалғастыра отырып, XVI–XVIII ғасырларда ескі қазақ тілі,

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009. – С. 30–36.

XIX ғасырда жалпыхалықтық тіл негізінде қазіргі қазақ жазба әдеби тілі қалыптасты.

Қазақ тілі – араб-парсы ықпалына аз ұшыраған, түркілік табиғатын терең сақтаған тілдердің бірі, сондай-ақ диалектілік ерекшеліктері бәсең – монологтық тіл. Әдеби нормадан көп ерекшеленбейтін төрт ареалдық топ ажыратылады: батыс, оңтүстік, орталық-солтүстік, шығыс. Қазақ тілі – фонетика-фонологиялық жүйесі мен лексика-грамматикалық құрылымында көне белгілерді де, жаңа белгілерді де молынан сақтаған тіл.

Түркілер тарихындағы үйсін, қаңлы, қыпшақ т.б. мемлекеттік деңгейдегі ұлы тайпалық одақтардың, дулат, арғын, керей, найман, қоңырат, адай т.б. тәрізді ірі тарихи тайпалардың атауын өзінің этникалық құрамын сипаттайтын этнонимдер жүйесінде сақтап қалған; мемлекеттік территориясы ежелгі сақтар мен ғұндар, үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері территорияларының негізгі аумағын, көне дәуірдегі Түрк қағанаты мен орта ғасырдағы Дешті қыпшақ мемлекеті аумағының басым бөлігін, бірнеше этникалық топтар мекендеген ұлы Тұран даласының негізгі бөлігін, кейінгі түркілердің төл бесігі саналатын Түркістан аймағын қамтитын қазақ халқының тарихи-лингвистикалық негізі оның тарихи-этникалық негізімен тығыз байланысты². XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейінгі зерттеулер мен тарихи құжаттарда қазақ халқы қырғыздар, дала қырғыздары, қырғыз-қайсақтар, қырғыз-қазақтар, қайсақтар деп аталып келді.

Түркі тілдері этнонимдер жүйесіндегі қазақ лексемасы тарихи жазбалардағы *коссак, касак, касах, косоғ* атауларымен байланыста қарастырылады. Қазақ этнонимінің қалыптасуы жайлы айтылған түрлі пайымдаулардың ішіндегі тарихи және ғылыми-теориялық тұрғыдан негізгісі ежелгі аз және сақ тайпаларының атауларына қатысты өрбиді: $(h)az+saq \rightarrow hazsaq \rightarrow qazaq$.

Қырғыз тілі (қырғыз тили). Қырғыз Республикасының негізгі халқы – қырғыздардың тілі, қырғыз әдеби тілі. Қырғыз Республикасының мемлекеттік тілі (23. 09. 1989). Сондай-ақ

² Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.; Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. Ұжымдық монография (Авторлық ұжым: Сағындықұлы Б., Досжан Р. Ескеева М., Сабыр М., Сүйерқұл Б.). – Алматы: «Алдоңғар» МДК, 2013. – Том I. Бірінші кітап. – 236 б. Том I. Екінші кітап. – 348 б.

қырғыздар тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты Қытай Халық Республикасының Қызыл-Суу Қырғыз автономиялық облысын, Текес, Құлжа, Тарбағатай аймақтарын, Фү-Үү уезіндегі У-Чазы (Беш үй-бүлө/Бес отбасы), Чи-Чажы (Жети үй-бүлө/Жеті отбасы) ауылдарын, Тәжікстанның Жерге-Тал және Мургап аудандарын, Өзбекстанның Жизак, Заамин, Қорған-Төбе, Жалал-Құдық аудандарын, Ташкент, Наманган, Ферғана, Әндіжан облыстарының кейбір ауылдарын да мекендейді. Қырғыз халқының шағын топтары Ауғанстанның Памирінде, Пәкістанның Гилгит алқабында, Түркияның Улы-Памыр (Улуу Памыр) ауылында тұрады. Қырғыз диаспорасы басқа алыс шетелдерге де шашырай таралған. Қырғыздардың жалпы саны – алты миллион адам шамасында.

Қазіргі қырғыздардың жалпы халықтық тілі негізінен 3 үлкен топқа бөлінеді: қырғыз тілінің солтүстік диалектісі; қырғыз тілінің оңтүстік-шығыс диалектісі және қырғыз тілінің оңтүстік-батыс диалектісі (немесе қырғыз тілінің ішкі диалектісі)³.

Қырғыз этнонимі көне түркі, қытай, грек, араб, шағатай, ажем және моңғол қайнар көздерінде кездеседі. Қырғыз атауы қытай жазба деректерінде *хягас* немесе *кегес* тұлғасында қолданылады. Этнонимнің шығу тегі жайлы түрлі көзқарастар бар, көпшілігі халықтық этимологияға негізделген. В.В. Радлов өзі жинаған аңыз деректеріне сүйене отырып, «қырғыз» этнонимін «қырық қыз» сөзімен байланыстырады. Осыған ұқсас аңыз Монғол әулеті туралы жазылған Луан Сінің еңбегінде де кездеседі. Бұл аңыз бойынша қырғыздардың ата-бабалары – қырық қытайлық қыз және қырық жігіт екені сипатталады. Қырғыз этнонимінің қалыптасуы негізінен Орхон-Енисей ескерткіштерінде кездесетін «қырқ аз» тайпасының атымен байланысты қарастырылады: *qırq+az* → *qırqaz* → *qıryız* (*kirgiz*). Қырғыз этнонимінің шығу тегі туралы да әртүрлі пікірлер болғанымен, әлі күнге дейін бірізді пікір қалыптасқан жоқ.

«Қазақ және қырғыз тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» батыс қыпшақ тобындағы қазақ және шығыс қыпшақ тобындағы қырғыз тілдерінің фонетикалық жүйесі мен лексикалық құрамын, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік құрылысын салыстырмалы тұрғыдан сипаттауға, ортақ белгілер мен ерекшеліктерді

³ Қырғыз диалектологиясы. Жогоркуу оку жайлары үчүн окуу куралы. – Фрунзе: Мектеп, 1971. – 292 б.

кесте түрінде көрсетуге бағытталған. Лингвистикалық терминдер, ереже-анықтамалар екі тілде беріледі.

Қазақ тіл білімінде қазақ және қырғыз тілдерінің салыстырмалы грамматикасы алғаш рет дайындалып отыр. Авторлық ұжым қазақ және қырғыз лингвистерінен тұрады. Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы түркітану және қазақ филологиясы, қырғыз филологиясы білім беру бағдарламалары бойынша «Қазіргі түркі тілдері», «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» курстарын оқыту барысында пайдалануға бағытталған. Сондай-ақ түркі тілдерінің құрылымына қызығатын көпшілік қауымға арналады.

БІРІНШІ
БӨЛІМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ
ФОНЕТИКАСЫ

1§ ГРАФИКА ЖӘНЕ ӘЛІПБИ

Жалпы адамзаттың ортақ құндылығы жазу жүйелерінің қалыптасуы мен тілдік жүйенің арасындағы тығыз қарым-қатынастың орнығуы – ұзақ мерзімдік даму үдерісін қамтитын күрделі құбылыс. Соған сәйкес жазу таңбаларының қалыптасуы да семсиографиялық (ұғымды білдіретін, сөзбен байланысы әлсіз) және фонографиялық (дыбысқа негізделген) кезеңдер аралығын жалғастыратын⁴ даму үдерістерінен тұрады.

Графема – тілдің графикалық жүйесінің лингвистикалық мағынасы бар ең кіші бірлігі, яғни белгілі бір жазу жүйесінің ең кіші бірлігі. Диахрониялық негіздегі графема сөйлемнің, сөз тіркесінің, сөздің, морфеманың, буынның, фонеманың референті болуы мүмкін. Синхронды негізде, дыбыстық жазуды қолданатын қазіргі түркі тілдерінің жазу жүйесі бойынша әріп пен фонеманың қатынасын сипаттайтын белгі ретінде танылады.

Графика – графемалар мен тыныс, екпін белгілерін қамтитын жазу құралдарының жиынтығы; дыбыстық жазу бойынша графема мен фонема арасындағы қатынастар жүйесі және оларды зерттейтін тіл білімінің саласы. Әліпби (алфавит) – жазу-сызуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы⁵.

Жазу мен жазу таңбалары тіл білімінің графика саласына қатысты қарастырылатындықтан графикалық лингвистика деп те аталады. Графика негізінен дыбыстық-әріптік жазудың қағидаларын негізге алады. Сондай-ақ барлық жазу жүйелерінің тарихи-хронологиялық даму жолын, жазудың тілмен, ақыл-оймен

⁴ Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2002. – 5 б.

⁵ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998. – 49, 87 б.

байланысын, генеалогиялық немесе типологиялық ерекшеліктерін толық қамту мақсатында грамматология термині де қолданылады.

Жазу – адамзат ақыл-ойы дамуының жетістігін көрсететін мәдени құндылықтар қатарына жататындықтан барлық халықтың өркениет әлеміне аяқ басуы, материалдық игіліктерді меңгеруі жазба дәстүрдің қалыптасуынан басталады. Жазба тіл – жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл, ауызша сөйлеу тілінің белгілі бір орфографиялық заңдылықтарға бағына отырып, сол тілдің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін сақтай отырып жазбаша көрініс табуы.

Барлық түркі халықтарына ортақ көне түркі жазба дәстүрінен, манихей, көне ұйғыр, араб, латын, армян т.б. әліпбилерімен хатқа түскен түркі жазба мұралары тілінен бастау алатын қазақ және қырғыз халықтарының жазба тілі де араб, латын, орыс әліпбиілерінің негізінде дамып, қалыптасып, өзіндік дәстүрі бар тілге айналып отыр. Қазақ тілінің де, қырғыз тілінің де дыбыстық ерекшеліктерін толық қамтитын альфавиттік жүйесі қалыптасты.

Қазақ халқының жазба тілі халықтық дәуірге дейінгі жазбаша әдеби тіл және халықтық дәуірден басталатын жазбаша әдеби тіл деген екі кезеңге бөлініп қарастырылады⁶. Халықтық дәуірге дейінгі жазба тілге VII–XIV ғасырлардағы көне түркі, көне ұйғыр, араб, латын т.б. жазуларымен жазылған ескерткіштер тілі жатады. Бұл башқұрт халқының жазба тіліне де қатысты. Халықтық дәуірден басталатын жазба тілі қазіргі түркі халықтарының дербес этнос ретінде қалыптасуынан бастап (XV ғ.) Кеңес үкіметіне дейінгі, негізінен араб, орыс, латын жазуларымен жазылған мұралардың тілін қамти отырып, қазіргі таңдағы жазба тілге жалғасады. Жазба тіл – жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл, ауызша сөйлеу тілінің белгілі бір орфографиялық заңдылықтарға бағына отырып, сол тілдің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін сақтай отырып жазбаша көрініс табуы, хатталуы. Бұл жазба тілге синхрондық тұрғыдан, ұзақ уақыт даму жолынан өткен жүйелі тіл мен таңбалар жиынтығынан тұратын, жетілген дыбыстық жазу негізінде берілген анықтама.

Түркі халықтарына ислам дінінің таралуына байланысты қазақ және қырғыз халықтары ұзақ жылдар араб әліпбиін қолданды.

⁶ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998. – 129 б.

Консонантты араб әліпбиін қолданған қазақ халқы 1912 жылы араб графикасы негізінде қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін толық қамтитын қазақ әліпбиін (А. Байтұрсынұлының әліпбиі) қолданысқа енгізеді. 1928 жылы латын гафикасына негізделген әліпби жүйесіне көшіп, 1940 жылдан бастап кириллица бойынша жасалған әліпби қолданылады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекше дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *ә, ө, ұ, ү, ғ, ң, қ, һ*.

1924–1928 жылдары араб әліпбиін пайдаланып келген қырғыздардың жазу жүйесі 1928 жылы латын әліпбиіне көшірілді. 1941 жылдан бастап кириллицаны қолданады. Орыс графикасына негізделген қазіргі қырғыз әліпбиінде 36 әріп бар. Қырғыз әліпбиінде орыс алфавитіндегі барлық әріп пайдаланылады, сондай-ақ қырғыз тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекше фонемаларды таңбалайтын 3 әріп бар: *ө, ң, ү*.

Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін – дыбыс жүйесінің табиғи қалпының бұзылмауы алфавитке байланысты. Тілдің дыбыс жүйесі тілдің тұтас грамматикалық құрылымына, әсіресе лексикалық, морфологиялық деңгейлердің өзгерістерімен дамуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан тілдің әуезділігі мен буынаралық, сөзаралық үйлесімділікпен байланысы сингармонизм заңына құрылған түркі тілдері үшін алфавиттің дыбыс жүйесінің ерекшеліктерін толық қамтуы аса маңызды.

Әліпби мемлекеттің дамуы мен мемлекеттік тілдің табиғи фонетика-фонологиялық жүйесін сақтаудың негізі. Жазба дәстүрі ерте қалыптасса да, түркі халықтары түрлі тарихи-саяси жағдайларға байланысты ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде бірнеше әліпби жүйелерін қолданып келді. Қазақ халқы қолданған араб, латын, кириллица жазуларына негізделген әліпбилердің өзіндік артықшылықтарымен қатар, кемшіліктерінің болғаны да белгілі. Қазақ жазуын латын әліпбиіне, одан кейін кирилл әліпбиіне ауыстырылуы Одақтық деңгейде шешіліп отырды. Қазақ әліпбиін қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін толық сақтайтын деңгейге жеткізуге ұлттық кадрлардың мүмкіндіктері де шектеулі болды.

Қазіргі таңда заман талабына сәйкес қазақ тілінің фонетика-фонологиялық ерекшеліктерін дәл беретін латиницаға негізделген әліпби қабылдау мәселесі қарастырылып жатыр. Бұл қазақ тілінің

табиғатын бұзатын басы артық кірме дыбыстардан арылуға мүмкіндік беретін маңызды әрі жауапты реформа. 1991 жылдан басталған жаңа қазақ жазуын реформалау мәселесі бойынша қазақ әліпбиінің бірнеше жобасы жасалып талқыланып отыр.

1-кесте

Қазақ және қырғыз тілдерінің әліпби жүйесі
 Казак жана кыргыз тилдеринин алфавиттик системасы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНІҢ ӘЛІПБИИ КАЗАК ЖАНА ҚЫРҒЫЗ ТИЛДЕРИНИН АЛФАВИТИ					
Қазақ тілі –Казак тили			Қырғыз тілі – Кыргыз тили		
№	Әріп	Транскрипция	№	Тамга	Транскрипция
1	Аа	Aa	1	Аа	Aa
2	Әә	Ää	-	-	-
3	Бб	Bb	2	Бб	Bb
4	Вв	Vv	3	Вв	Vv
5	Гг	Gg	4	Гг	Gg/γ
6	Ғғ	γ		-	-
7	Дд	Dd	5	Дд	Dd
8	Ее	Ee	6	Ее	Ee
9	Ёё	Jo jo	7	Ёё	Jo jo
10	Жж	Žž	8	Жж	Žž
11	Зз	Zz	9	Зз	Zz
12	Ии	Ij	10	Ии	Ij ij
13	Йй	Jj	11	Йй	Jj
14	Кк	Kk	12	Кк	Kk/Qq
15	Ққ	Qq		-	-
16	Лл	Ll	13	Лл	Ll
17	Мм	Mm	14	Мм	Mm
18	Нн	Nn	15	Нн	Nn
19	ң	Ŋ	16	Ң	ŋ
20	Оо	Oo	17	Оо	Oo
21	Өө	Öö	18	Өө	Öö
22	Пп	Pp	19	Пп	Pp
23	Рр	Rr	20	Рр	Rr
24	Сс	Ss	21	Сс	Ss
25	Тт	Tt	22	Тт	Tt
26	Уу	Ww/uw			
	-	-	23	Уу	Uu

1-кестенің жалғасы

27	Үү	Uu	-	-	-
28	Үү	Ü ü	24	Үү	Üü
29	Фф	Ff	25	Фф	Ff
30	Хх	Xx	26	Хх	Xx
31	Һ	H		-	-
32	Цц	Ts ts	27	Цц	Ts ts
33	Чч	Čč	28	Чч	Čč
34	Шш	Šš	29	Шш	Šš
35	Щщ	Šš	30	Щщ	šš
36	ь	`	31	Ъ	`
37	Ыы	İi	32	Ыы	İi
38	Іі	Ii	-	-	-
39	ь	`	33	Ь	`
40	Ээ	`E `e	34	Ээ	`E `e
41	Юю	Juw juw	35	Юю	Ju ju
42	Яя	Ja ja	36	Яя	Ja ja

Қазақ және қырғыз әліпбилеріндегі дыбыс білдірмейтін *ь* (жіңішкелік белгісі), *Ъ* (қатаңдық белгісі) таңбалары орыс немесе басқа батыс тілдерінен енген сөздерді жазуда ғана қолданылады, қазақ-қырғыз тілінің төл сөздерін жазуда пайдаланылмайды.

2-кесте

Қазақ және қырғыз әліпбиіндегі *ь, Ъ* таңбалары
 Казак жана кыргыз алфавиттеріндегі *ь, Ъ* тамгалары

Дыбыс білдірмейді – Тыбыш билдирбейт					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Қызметі	Таңба	Мысалы	Кызматы	Тамга	Мисалы
Жіңішкелік белгісі	<i>ь</i>	модель циркуль	Ичкертүү белгиси/ Жумшартуу белгиси	<i>Ъ</i>	модель циркуль
Қатаңдық белгісі/ Айырым белгісі	<i>Ъ</i>	сьезд разъезд	Ажыратуу белгиси	<i>Ъ</i>	сьезд разъезд

2§ ФОНЕТИКА-ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

Фонетика – тілдің дыбыстық құрылымын, дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық және перцептикалық белгілерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Фонеманың мазмұндық негізі мен функционалдық қырлары жайлы көзқарастар фонологияның немесе фонема теориясының қалыптасуына негіз болды. Фонология – фонемалардың сөз құрамындағы қызметін, сөздердің бір-бірінен өзгешелігін қамтамасыз ету қабілетін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Түркі тілдері фонетикалық жүйесіне тән ортақ белгілер негізгі екі бұтақтың (батыс және шығыс) сипатына қарай, олардан тарайтын әрбір үлкен топтардың ерекшеліктеріне, олардың құрамындағы кіші топтардың ерекшеліктеріне, одан әрі қарай әрбір жекелеген тілдің төл табиғатына байланысты қалыптасқан өзіндік ерекшеліктеріне сай ажыратылады.

Түркі тілдері фонетикалық жүйесінің ортақ белгілеріне негізделген жалпы синхронды сипаттамасы салыстырмалы-тарихи фонетикалық зерттеулер арқылы іске асырылады. Түркі тілдерінің батыс қыпшақ тобындағы қазақ, қырғыз тілдерінің фонетикалық жүйесі жалпытүркілік, жалпықыпшақтық ортақ белгілерді сақтай отырып, өздеріне тән ерекшеліктерімен ажыратылады.

Қазіргі қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар. Қазақ алфавитінде орын алған *в, ф, ч, ц, щ, э* фонемалары қазақ тілінің төл дыбыстары емес, славян немесе орыс тілі арқылы басқа еуропа тілдерінен енген кірме сөздерде ғана қолданылады. Дауыссыз *ф, х* дыбыстары қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінде жиі кездеседі. Қазақ тіліне тән сөздер құрамындағы дауыссыз *х, һ* дыбыстары *қ* фонемасының дауысты аралық жуысыңқы варианты ретінде қарастырылатындықтан қазақ тілінің төл консонанттар құрамына кірмейді. Дауысты *у, и* дыбыстары да қазақ тілінің төл дыбыс жүйесіне тән емес, кірме сөздерде қолданылады. Орфографиялық норма бойынша қазақтың төл сөздерін жазуда да қолданылғанымен орфоэпиялық заңдылық бойынша *у → ұу/үу, и → ый/іі* тіркестерін құрайды. Сондықтан дауысты *у* мен *и* қазақ тіліндегі вокализмдер жүйесіне енбейді.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ж. Аралбаев, А. Айғабылов, С. Омарбеков,

Н. Жүнісов, Ә. Жүнісбек, С. Мырзабеков, Б. Қалиев, Ж. Абуов, М. Жүсіпов т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қырғыз тіліндегі вокализмдер жүйесін 8 қысқа дауысты дыбыс және олардың (*и* және *ы* дыбысынан басқалары) 6 созылыңқы нұсқалары құрайды. Қырғыз тілінің ерекшелігін сипаттайтын созылыңқы дауыстылар сөз мағынасын ажырататын «дербес фонемалық қасиетке ие: жак–жаак, жек–жээк, ток–тоок, сук–суук. Созылыңқы дауыстылар қысқа дауыссыздарға қарағанда 1,5–2 есе ұзақ айтылады»⁷. Қырғыз тіліндегі созылыңқы дауыстылар әліпби жүйесінде жеке таңбамен ажыратылмайды, қысқа дауыстылар таңбасының қайталануы арқылы жазылады.

Дауысты *y(u)*, *u(i)* және *э(e)* дыбыстары қырғыз тілінің төл дыбыстары қатарынан орын алады, қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесінде дауысты *y(u)*, *u(i)*, *э(e)* дыбыстары жоқ. Қалыптасқан жазу емлесіне байланысты қазақ тіліндегі *y* дыбысы *ұу*, *үу* (*сұу→су*, *жұу→жу*, *күлуу→күлу*, *білуу→білу т.б.*) тіркестерін, *и* дыбысы *ий*, *іі* (*тіі→ти*, *тййын→тиын т.б.*) тіркестерін белгілейді немесе кірме сөздерде қолданылады. Дауысты *э* дыбысы да кірме сөздер құрамында қолданылады.

Қазіргі қазақ тілінде шығыс қыпшақ тілдеріне тән созылыңқы дауыстылар қолданылмайды, дегенмен бір буынды түбір етістіктер құрамындағы дауысты дыбыстардың біршама созылыңқылық сипаты аңғарылады (*ат→аат*, *бар→баар*, *жүр→жүүр*, *же→жее*, *кел→кеел*, т.б.). Қазақ тіліндегі бір буынды етістіктер құрамындағы дауыстылардың бірінші дәрежелі созылыңқылық белгісі етістіктің императив тұлғасының эмотивті реңктеріне байланысты өте қысқа айтылады.

Қырғыз тілінде 25 дауыссыз дыбыс қолданылады, олардың 20-сы қырғыз тілінің төл дауыссыздары саналады⁸. Дауыссыз *ч (ç)* қырғыз тілінің төл дыбыстары қатарына жатады. Қазақ тіліндегі анлаут *ж(ž)* дыбысына қарағанда қырғыз тіліндегі анлаут *ж(ž)* дауыссызының африкаттық сапасы айқындау: *дж(dž)*. Сондай-ақ қырғыз тіліндегі анлаут *ж(ž)* дауыссызының біршама тұрақсыздығы аңғарылса, қазақ тілінде тұрақтылығын толық сақтаған (*жыр≈ыр*, *жыла≈ыйла* т.б.). Қазақ тілінде де, қырғыз тілінде де мұрын жолды *ң(ŋ)* фонемасынан сөз басталмайды.

⁷ Жапаров Ш., Сыдыкова Т. Азыркы қырғыз тилинин фонетикасы. Оқуу китеби. – Бишкек: Арабаев атындағы Қырғыз мамлекеттик университеті, 2013. – 17 б.

⁸ Үсәналиев С. Қырғыз тилинин справочниги. – Бишкек: «Турар», 2010. – 21 б.

Қырғыз тілінің дыбыстық жүйесі К. Дыйканов, Т. Ахматов, Т. Садыков, А. Жалилов, А. Орусбаев, Ж. Мамытов, Ж. Сыдыков, М. Мураталиев, К. Токтоналиев, С. Үсәналиев, Ш. Жапаров, И. Абдувалиев, Т. Сыдыкова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған.

3-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі дыбыстар
Казак жана кыргыз тилдериндеги тыбыштар

ДЫБЫСТАР – ТЫБЫШТАР					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
<i>Дауысты дыбыстар – Үндүү тыбыштар</i>					
№	Дыбыстар	Мысалдар	№	Тыбыштар	Мисалдар
1	а	апа	1	А	апа `апай`
2	ә	әже		-	-
3	ы	ыс	2	Ы	ыш `ыс`
4	і	іні	-	-	-
-	и	(і)ит	3	И	ини `іні`
5	е	етік	-	е (э)	жел `жел`
-	э	электр	4	э (е)	эт `ет` электр
6	ұ	ұл	-	-	-
-	у	с(ұ)у	5	У	уй `сиыр`
7	ү	үлкен	6	Ү	үй `үй`
8	о	ол	7	О	он `он`
9	ө	өзен	8	Ө	өзөн `өзен`
*Қазақ тілінде созылыңқы дауыстылар қолданылмайды.			Қырғыз тіліндегі созылыңқы дауыстылар қатарын құрайтын дыбыстар/Қырғыз тіліндегі созулма үндүүлөрдүн қатары		
-	-	-	1	аа	саан уй `сауын сиыр`
-	-	-	2	оо	тоо `тау`
-	-	-	3	өө	бирөө `біреу`
-	-	-	4	ээ	ээр `ер-тұрман`
-	-	-	5	уу	акылдуу `ақылды`
-	-	-	6	үү	үйлүү `үйлі`
<i>Дауыссыз дыбыстар – Үнсүз тыбыштар</i>					
№	Дыбыстар	Мысалдар	№	Тыбыштар	Мисалдар
1	б	бала	1	б	бала `бала`
-	в	вагон	2	в (в, w)	вагон `вагон` убакыт `уақыт`

3-кестенің жалғасы

2	г	гүл	3	г	гүл `гүл`
3	ғ	ғалам ғашық ғылым бағбан жорға қорған	-	г дыбысының жуан варианты (гъ) сөйлеу тілінде қолданылады	Жеке таңбасы жоқ, орфографияда ескерілмейді/ Өзгөчө тамғасы жоқ, орфографияда әске алынбайт
4	д	дала	4	д	деңиз `теңіз`
5	ж	жаңбыр, жауын журнал	5	ж	жамғыр `жаңбыр` журнал `журнал`
-	-	-	-	ж дыбысының варианты ретінде (жъ) сөйлеу тілінде қолданылады	Жеке таңбасы жоқ, орфографияда ескерілмейді/ Өзгөчө тамғасы жоқ, орфографияда әске алынбайт
6	з	заман	6	з	заман `заман, дәуір`
7	й	қой қайраттылық сай тай йод	7	й	кой `қой` қайраттуулук `қайраттылық` сай `сай` тай `тай` йод `йод`
8	к	кеме	8	к	кеме `кеме`
9	қ	қала қасық қамшы	-	к дыбысының жуан варианты ретінде (къ) сөйлеу тілінде қолданылады	Жеке таңбасы жоқ, орфографияда ескерілмейді/ Өзгөчө тамғасы жоқ, орфографияда әске алынбайт
10	л	лақап, лайық	9	л	лақап `лақап`
11	м	мал мүйіз	10	м	мал `мал` мүйіз `мүйіз`
12	н	намыс нан	11	н	намыс `намыс` нан `нан`
13	ң	мұң `уайым`	12	ң	муң `әуен`
14	п	перде	13	п	парда `перде`
15	р	боран	14	р	бороон `боран`
16	с	сөз сүйел сырға	15	с	сөз `сөз` сөөл `сүйел` сырға `сырға`
17	т	топырақ	16	т	топурак `топырақ`

18	y(w)	ауыр жау тауық	-	-	-
19	ш	шаттық	17	ш	шаттык `шаттық`
-	ф	фабрика Фарида `антропоним`	18	ф	фабрика `фабрика` Фарида `антропоним`
-	х	хабар	19	х	хан `хан`
-	h	гауһар жиһан		-	-
-	ч	чекист	20	ч	чабан `шопан` чекист
-	ц	цирк	-	ц	цирк
-	щ	щетка	-	щ	щетка
Барлығы: 28			Барлығы: 28 (созылық дауыстылармен 36)		

3§ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

Қазіргі түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесінде сегіз немесе тоғыз дауысты дыбыс тембрі ажыратылады, олар артикуляциялық белгілері бойынша анықталады; бірінші және екінші дәрежелі созылық дауыстылар қолданылады; дауыстылар ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік фонемаларға жұптасып жіктеледі; кей тілдерде ерін дауыстылары (*o, ö, u, ü*) қосымша морфемалар құрамында мүлдем қолданылмайды.

Қыпшақ тобындағы қазақ тіліне 9, қырғыз тіліне 8 (6 созылық дауыстылар қатары: *aa, ээ, oo, өө, уу, үү*) дауысты дыбыс тән. Қырғыз тілінің төл сөздерінде *э* дыбысы жазу емлесіне сәйкес екі түрлі таңбамен ажыратылады, сөздің басында *э* (*эл`ел` т.б.*), дауыссыз дыбыстардан кейін және сөз соңында *e* таңбасымен (*желек`желек`, кече`кеше`, эже`әкпе, апай` т.б.*) жазылады. Орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме сөздерде орыс тілінің орфографиялық нормасы сақталады (*Енисей, Египет, аэропорт, экспресс, электр т.б.*).

Қазақ және қырғыз тілдерінің төл вокализмдер жүйесіне жатпайтын *ю, я, ё* дыбыстары негізінен кірме сөздерде

қолданылады. Сондай-ақ қазақ және қырғыз тілдерінің қалыптасқан орфографиялық ережесіне байланысты төл түркі сөздерін жазуда да пайдаланылады: аяқ→а(й+а)қ≈аяк→а(й+а)к; бояу→бо(й+а)у≈боёо→бо(й+о)о; жою→жо(й+у)≈жоюу→жо(й+у)у; қоян→қо(й+а)≈коён→ко(й+о)н; қою→қо(й+у)≈коюу→ко(й+у)у; ұя→ұ(й+а)≈уя→у(й+а) т.б.

Қазақ тіліндегі қосымшалар құрамында ерін дауыстылары қолданылмайды, қырғыз тіліндегі қосымшалар құрамында ерін дауыстылары қолданылады. Сондықтан бірінші буын вокализмі мен екінші, үшінші т.б. буын вокализмдері сандық жағынан бірдей емес, әркелкі болып келеді.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жақтың қатысына, еріннің қатысына, жасалу орнына қарай жіктеледі: 1) жақтың қатысына қарай – ашық, қысаң; 2) еріннің қатысына қарай – еріндік, езулік; 3) жасалу орны бойынша – тіл ортасы, тіл арты дауыстылары. Қазақ тіліндегі дауыс қатысымы барлық дауыстыларға негізінен ортақ болып келетіндіктен вокализмдер жіктелімінде ескерілмейді⁹. Сонымен қатар қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жасалым сипатына қарай жалаң дауыстылар (а, ә, ы, і, ұ, ү) мен құранды дауыстыларға(о, ө, е) бөлінеді.

Қырғыз тіліндегі дауысты дыбыстар тілдің қатысына (тилдің қатышына), жақтың ашылуына (жактың ачылышына), еріннің жиырылуына (эриндин чормоюшуна), дыбысты айтуға кеткен уақыт бірлігіне немесе үн ұзақтығына (кеткен убакыттын бирдигине же үн узундугуна қарай) қарай жіктеледі: 1) тілдің қатысына (тилдің қатышына) – жуан (жоон), жіңішке (ичке); 2) жақтың ашылуына (жактың ачылышына) – ашық (кең), қысаң (кушш); 3) еріннің жиырылуына (эриндин чормоюшуна) – еріндік (эриндүү), ерінсіз/ ашық немесе тегіс (эринсиз/ачык же жалжагай); уақыт бірлігіне немесе үн ұзақтығына (убакыттын бирдигине же үн узундугуна) қарай – қысқа (кыска), созылықы (созулма) деп бөлінеді¹⁰.

⁹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. –14-15 б.

¹⁰ Жапаров Ш., Сыдыкова Т. Азыркы қырғыз тилинин фонетикасы. Оқуу китеби. –Бишкек: МТМИ, 2013. – Б. 24-25; Үсәналиев С. Қырғыз тилинин справочниги. – Бишкек: «Турар», 2010. – 18-19 б.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі дауысты дыбыстар
 Казак жана кыргыз тилдериндеги үндүү тыбыштар

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР - ҮНДҮҮ ТЫБЫШТАР							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Дыбыс	Сипаттамасы	Мысал	№	Тыбыш	Сипаттамасы	Мысал
1	а	ашық, жуан, езулік, тіл арты, артқы қатар	ата тау бала	1	а	кең, жоон, эринсиз, тил арты, артқы қатар	ата `әке` тай `тай` бала `бала`
2	ә	ашық, жіңішке, езулік, тіл ортасы, алдыңғы қатар	әке әдемі әтеш әлсіз тәте әркім	-	-	-	-
3	е	ашық езулік, жіңішке, тіл ортасы, алдыңғы қатар	екі ене есік етік ертегі кен	-	е*	кең, ичке, эринсиз, тил ортосу, алдыңқы қатар	элек `елек` эне `ана` эмес `емес` желек `желек` эмне `не`
-	и	дауысты+ дауыссыз дыбыс тіркесі (ій/ый)	ине (ійне) иық (ыйық)	2	и	кууш, ичке, эринсиз, тилдин ортосу, алдыңқы қатар	ини `іні` иш `іс, жұмыс` ит `ит`
4	о	ашық, жуан, ерін, тіл арты, артқы қатар	он орақ орман орақ топан	3	о	кең, жоон, эрин, тил арты, артқы қатар	он `үн` оңой `оңай` от `өрт` орок `орақ`
5	ө	ашық, жіңішке, ерін, тіл ортасы, алдыңғы қатар	өң өлке өңір өкпе көмір	4	ө	кең, ичке, эрин, тил ортосу, алдыңқы қатар	өң `өң` өтүк `етік` өмүр `өмір` өлкө `өлке` күрөк `күрек`
-	у	дыбыс тіркесі (ұу/үу)	су (сұу) ту(тұу)	5	у	кууш, жоон, эрин, тил арты, артқы қатар	улуу `ұлы` уул `ұл` урматтуу `құрметті`

* дауысты и, у, ә қазақ тілінің төл дыбыстарына жатпайды, кірме сөздерде ғана қолданылады, қазақтың төл сөздерінің орфографиясында у дыбысы ұу/үу, и дыбысы ій/ый тіркестерін таңбалайды.

4-кестенің жалғасы

6	ұ	қысаң, жуан, ерін, тіл арты, артқы қатар	ұя ұйым ұйқы тұқым	-	-	-	-
7	ү	қысаң, жінішке, ерін, тіл ортасы алдыңғы қатар	үй үйрек күміс күбі	6	ү	кууш, ичке, эрин, тил ортосу, алдыңқы қатар	үлүл `үлу` үлүш `сы- баға` үмүт `үміт` күмүш `күміс`
8	ы	қысаң, жуан, езу, тіл арты, артқы қатар	ым ырғақ ыдыс ыстық қымыз	7	ы	кууш, жоон, эринсиз, тил арты, артқы қатар	ыргак `ыргак/ ілгек` ыр `жыр` ылдам `жылдам` кымыз `қы- мыз`
9	і	қысаң, жінішке, езу, тіл ортасы, алдыңғы қатар	іні ішек кісі өсімдік	-	-	-	-

5-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелуі
Казак жана кыргыз тилдериндеги үндүү тыбыштардын бөлүнүшү

Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Дауысты дыбыстар	Дыбыстар	Мысалдар	Үндүү тыбыштар	Тыбыштар	Мисалдар
І. Жақтың қатысына қарай			І. Жаакка (жасалу ығына) қарай		
Ашық дауыстылар	а, ә, е, о, ө	ата әке ошақ өзен елік	Кең үндүүлөр	а(аа), ә(әә), о(оо), ө(өө)	ата `әке` элик `елик` очок `ошақ` от `өрт` өзөн `өзен`

* дауыссыз *в, ф, ч, ц, щ* қазақ тілінің төл дыбыстарына жатпайды, кірме сөздерде ғана қолданылады, *ш* қазақтың төл сөздерінің орфографиясында *шиш* тіркесін таңбалайды.

Қысаң дауыстылар	ы, і, ұ, ү	ыдыс іні ұлы үй үлкен үлес үлгілі	Кууш үндүүлөр	ы, и, у(уу), ү(үү)	ыр `жыр` ини `іні` ит `ит` иш `іс` улуу `ұлы` үй `үй` үлгүлүү
II. Ерін мен езудің қатысына қарай			II. Эринге қарай		
Еріндік дауыстылар	о, ө, ұ, ү	Отан өзен ұшқыш үлес	Эрин үн- дүүлөр	о(оо), ө(өө), у(уу), ү(үү)	орто `орта` өрүк `өрік` уул `ұл` үтүк `үтік`
Езулік дауыстылар	а, ә, е, ы, і	асау әдемі еркін ішік	Эринсиз үн- дүүлөр	а(аа), ы, и, э(ээ)	ат `ат` ыр `жыр` эркин `еркін` ини `іні`
III. Жасалу орнына немесе тілдің қатысына қарай			III. Жасалуу ордуна же тилдин катышына қарай		
Тіл ортасы/ Алдыңғы қатар	ә, е, ө, ү, і	әке ел ер іні үй өмір	Ичке үндүүлөр (уччулдар), тил ортосу/ алдыңқы тилдик қатар	и, э(ээ), ө(өө), ү(үү)	ини `іні` эл `халық` ээр `ер-тұр- ман` үй `үй` өт `өт`
Тіл арты/ Артқы қатар	а, о, ұ, ы	ата ақыл орман ұлы ұстаз ұя(ұяа) ыдыс ыза	Жоон үндүлөр (түпчүлдөр), тил арты/ артқы тилдик қатар	а(аа), о(оо), у(уу), ы	ата `әке` ақыл `ақыл` ачкыч `кілт` он `он` улуу `ұлы` уук `уық` ызаа `ыза` ыр `жыр`
IV. Айтылуына байланысты/ Айтылышына қарай			-		
Жуан дауыстылар	а, о, ұ, ы	ата орын ұзын ыстық	*Қырғыз тілінде дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болып бөлінуі тілдің қатысына (жасалу орнына) қарай ажыратылады/		
Жіңішке дауыстылар	ә, ө, ү, і, е	әсем өнер үлгілі ішек есік	Қырғыз тилинде үндүү тыбыштардын жоон жана ичке болуп бөлүнүшү тилдин катышына (жасалу ордуна) қарай бөлүнөт: Жоон үндүлөр (а/аа, о/оо, у/уу, ы), Ичке үндүүлөр(ө/өө, ү/үү, и, э(ээ))		

5-кестенің жалғасы

-	IV. Кеткен убакыттын бирдигине же үн узундугуна қарай (айтылышына қарай)/Өткен уақыт бірлігі немесе дыбыс ұзақтығына қарай		
*Қазіргі қазақ тілінің вокализмдер жүйесінде созылықты дауыстылар қолданылмайды/Азыркы казак тилинин вокализм системасында созулма үндүлөр колдонулбайт.	Қысқа үндүлөр	а, ә, о, ө, у, ү, ы, и	ата, эне, очак, өркөч, үй,уч-,ысык, ийнелик
	Созулма үндүлөр	аа, ээ,оо, өө, уу, үү	ызаа, ээр, ооз, сүйлөө, суу, бөлүү

4§ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

Дауыссыз дыбыстардың саны дауыстыларға қарағанда біршама артық, жасалуы жолдары да әртүрлі. Ортақ негізді сақтай отырып, тарамдала дамуына байланысты әрбір тілдегі консонанттар жүйесі өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Жалпы түркі тілдері консонантизмдер жүйесінде негізінен жиырма немесе жиырма екі дауыссыздар ажыратылады, олар жасалу орнына және (еріндік, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, увуляр, көмей), жасалу жолына қарай (қатаң, ұяң) жіктеледі¹¹. Жекелеген туыс тілдердің даму жолындағы интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар консонантизмдер құрамына да ықпал етеді.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілінде 19 дауыссыз дыбыс бар (б, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш). Қазақ тілінің академиялық грамматикасында ғ-г және қ-к дыбыстарының үндесім варианты екені ескеріліп, төл дауыссыздар жүйесі 17 дыбыстан тұратыны көрсетіледі¹². Дауыссыз қ фонемасының дауысты аралық жуысыңқы варианты ретінде қарастырылатындықтан *х*, *һ* дыбыстары және орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде қолданылатын *в*, *ф*, *ч*, *щ*, *ц* фонемалары төл дыбыстар қатарына жатқызылмайды. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар акустикалық және перцептикалық белгілеріне, дауыс қатысына қарай негізгі

¹¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 403, 421, 439.; Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 315 б.

¹² Қазақ грамматикасы. –Астана: Астана полиграфия, 2002. – 21 б.

үш топқа – қатаң, ұяң, үнді болып бөлінеді. Үнді дыбыстар өз ішінде мұрын жолды және ауыз жолды үнділерге ажыратылады. Сондай-ақ жасалу орнына қарай – ерін-ерінді дауыссыздар, тіл ұшы дауыссыздар, тіл ортасы дауыссыздары, тіл арты дауыссыздары, тілшік дауыссыздар деп жіктеледі¹³. Айтылу жолына қарай – шұғыл, ызың, діріл дыбастары ажыратылады. Қазақ тілі консонанттар жүйесінде қатаң және ұяң сыңарлы 12 дыбыстан тұратын 6 жұп дауыссыздар (б–п, г–к, ғ–қ, д–т, ж–ш, з–с), үнділер құрайтын 7 жұпсыз дауыссыздар (з, л, н, ң, р, й, у) қолданылады. Қазақ тілінде қ–к, ғ–г дыбыстары жуан-жіңішкелік белгілері бойынша да жұп құрайды.

Шығыс түркі тілдерінің қырғыз-қыпшақ тобына жататын қазіргі қырғыз тілінде 25 дауыссыз дыбыс (үнсүз тыбыш) бар: б, п, к, г, д, т, з, с, ж, ш, ч, х, м, н, ң, л, р, й, в, ф, ц, щ, къ, гь, жь. Сөйлеу тілінде ұшырасатын къ(қ), гь(γ), жь(dž) дауыссыздары әліпби жүйесіне енгізілмеген. Қырғыз тіліндегі дауыссыздар дауыс пен үннің қатысына қарай (шыбыш менен үндүн қатышына қарай), жасалу орны бойынша (жасалуу орду боюнча), жасалу ыңғайына қарай (жасалуу ығына карата) бірнеше топқа жіктеледі: 1) дауыс пен үннің қатысына қарай – қатаң/катқалаң, жұмсақ/жумшак (қазақ тіліндегі ұяң дауыссыздарға сәйкес келеді), ұяң/уяң (қазақ тіліндегі үнді дауыссыздарға сәйкес келеді). Қырғыз тіл грамматикаларында үнді дыбыстар негізінен ұяң дыбыстармен бірге қарастырылады: жумшак үнсүздөр → шыбышчыл үнсүздөр + уяң үнсүздөр; 2) жасалу орнына қарай – қос ерін (кош эринчил/эрин-эринчил), ерін-тіс (эрин-тишчил), тіс (тишчил), тіл ұшы (уччул), тіл ортасы (ортачул), тіл арты (артчыл), тіл түбі/тілшік (түпчүл); 3) жасалу ыңғайына қарай – шұғыл (жарылма), аффрикат (аффриката, бириккен), ызың (жылчыкчыл), мұрын жолды (мурунчул), діріл (дирилдеме) дауыссыздар¹⁴. Қырғыз тіл білімінде л дыбысының жасалу ыңғайына қатысты капталчыл үнсү¹⁵ (тілдің екі қапталының жиырылуына байланысты) термині де қолданылады.

Қырғыз тілінде 12 қатаң (катқалаң), ұяң (жумшак) дауыссыздардан тұратын 6 жұпты дауыссыз (түгөйлүү үнсүз) дыбыстар (б–п, в–ф,

¹³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 21 б.

¹⁴ Жапаров Ш., Сыдыкова Т. Азыркы қырғыз тилинин фонетикасы. Оқуу китеби. – Бишкек: МТМИ, 2013. – 33 б.

¹⁵ Үсәналиев С. Қырғыз тилинин справочниги. – Бишкек: «Турар», 2010. – 23 б.

д-т, ж-ш, г-к, з-с) және жұпсыз дауыссыз (түгөйсүз үнсүз) дыбыстар (л, м, н, ң, й, р, х, ц, ч, щ) бар.

Қазақ тілінің де, қырғыз тілінің де төл лексемаларының абсолют басында дауыссыз дыбыстар тіркесі қолданылмайды, яғни екі консонант дыбыс қатар келмейді.

6-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар
Казак-қырғыз тилиндеги үнсүз тыбыштар

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР – ҮНСҮЗ ТЫБЫШТАР							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Ды-быс	Жасалым белгілеріне сипаттама	Мысал		Ты-быш	Жасалуу белгилерине сипаттама	Мисал
1	б	тоғысыңқы, ерін-ерінді (қос ерін), ұяң	бала бауыр бажа білек баба	1	б	эрин-эринчил (кош эринчил), жарылма, жумшак	бала боор бажа белек `сыйлық`
-	в	жуысыңқы, ерін (ерін-тіс), ұяң	вагон вахта вокзал викторина	2	в	эрин-тишчил, жылчыкчыл, жумшак	вагон вахта вокзал викторина
2	г	тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң	гүл жүген үлгі үзеңгі өгей егіз көгілдір көген кереге өгіз сегіз үлгерім	3	г	артчыл, жарылма, жумшак (қырғыздың төл сөздерінде дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болуына байланысты жіңішке (г) немесе жуан (гь) болып дыбысталады)	гүл жүгөн үлгү үзеңгү өгей кыргыз кыргоол `қырғауыл` жыгач `ағаш` сырга `сырға`
3	ғ	тілшік, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң	ғалым ғарыш ғажайып ағаш	4	гь	дербес әріппен таңбаланбайды /жекече тамга менен белгиленбейт	қырғыздың сөйлеу тілінде сақталған/ қырғыздың оозеки тилинде сақталып калған

4	д	тоғысыңқы, тіл алды (тіл ұшы), ұяң	дауыс дәуір даңқты дауыл адам	5	д	тишчил, жарылма, жумшак	добуш доор даңк деңиз `теңіз`
5	ж	тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ұяң	журнал жираф жасыл жастық жайлау жұмыртқа әже жұмыс	6	ж	уччул, жылчыкчыл, жумшак	журнал жираф
				7	жъ	орточул, аффриката, жумшак (қырғыз тілінің төл дыбысы, жеке таңбасы жоқ/жекече тамгасы жоқ)	жашыл жаштық жайлоо жумуртка әже жумуш
6	з	тіл алды (тіл ұшы), жинақы жуысыңқы, ұяң	зеңгір заман заң зар илеу азық	8	з	тишчил, жылчыкчыл, жумшак	заң `заң` зар `зар` заман `заман` зыян `зиян`
7	й	жуысыңқы, тіл ортасы (тілшік), үнді	йық ай той қаймақ	9	й	орточул, жылчыкчыл, уяң	йод ай той каймақ
8	к	тоғысыңқы, тілшік (тіл ортасы), қатаң (қазақ тілінде жуан дауыстымен тіркесетін қ дербес фонема)	кеме көшпелі күшті жүк екі ерік есік өрік өкпе әкпе кемік киік көлік	10	к	артчыл, жарылма, каткалаң, (қырғыздың төл сөздерінде дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болуына байланысты жіңішке (к) немесе жуан (къ) болып дыбысталады)	кеме көчмөн күчтүү жүк эки эрк эшик өрүк өпкө кабык `қабық` казык `қазық` кой `қой`
9	қ	тоғысыңқы, тілшік (тіл ортасы), қатаң	қазақ қырғыз қаймақ қалың қызғалдақ тақта қазық қабық қой	11	къ	артчыл, жарылма, каткалаң, (дербес әріппен таңбаланбайды /жекече тамга менен белгиленбейт)	қырғыздың сөйлеу тілінде сақталған/ қырғыздын кеп тилинде сакталып калган

6-кестенің жалғасы

10	л	жанама жуысыңқы, тіл ұшы, үнді	лайық ала олар тоқал `мүйізсіз`	12	л	тишчил, жылчыкчыл, уяң	ылайык ала улар тоқол `мүйүз-сүз`
11	м	ерін (қос ерін), тоғысыңқы, үнді, мұрын жолды	май майла-мақсат мамық кем темір	13	м	эрин-эринчил (кош эринчил), мурунчул, уяң	май майла-мақсат мамық кем темир
12	н	тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді, мұрын жолды	негіз намаз ойын он таныс үн	14	н	тишчил, мурунчул, уяң	негиз намаз оюн он тааныш үн
13	ң	тілшік (тіл арты), тоғысыңқы, үнді, мұрын жолды	жеңіл ыңғай мұң `уайым` оңға оңай	15	ң	артчыл, мурунчул, уяң	жеңил ыңғай муң `әуен` оңго оңой
14	п	ерін-ерінді (қос ерін), тоғысыңқы, қатаң	перде топырақ апа көп кітап пышақ пісір-	16	п	эрин-эринчил (кош эринчил), жарылма, каткалаң	парда топурак апа көп китеп пахта `мақта`
15	р	тіл ұшы, діріл, үнді	ризык сурет боран қара бар	17	р	уччул, дирилдеме, уяң	ырыскы сүрөт буроон кара бар
16	с	тіл ұшы, жуысыңқы, қатаң	сабыр сары сәбіз сезім аспан семіз сұлу	18	с	тишчил, жылчыкчыл, каткалаң	сабыр сары сабиз сезим аспан семиз сұлуу
17	т	тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң	тау танау тамыр тауық ата ат	19	т	тишчил, жарылма, каткалаң	тоо таноо тамыр тоок ата ат

18	у	ерін-ерінді (қос ерін), жуысыңқы, үнді	ауа тау су (суу) оқтау атырау	-	-	-	-
-	ф	жуысыңқы, еріндік (ерін-тіс), қатаң,	фабрика филология физика фокус	20	ф	эрин-тишчил, жылчыкчыл, каткалаң	фабрика, филология физика фокус
-	х	жуысыңқы, тіл түбі, таңдай арты, қатаң/ұяң	хан хат хабар	21	х	артчыл, жылчы- кчыл, каткалаң	хан ханзаада
-	Һ	жуысыңқы, жұтқыншақ, қатаң/ұяң	гауһар жиһаз жаһан қаһарман Һәм		-	-	-
-	ц	тіл алды (тіл ұшы), қатаң, аффрикат	цирк циркуль цемент	22	ц	тишчил, аффриката, каткалаң	цирк циркуль цемент
-	ч	тіл алды (тіл ұшы), қатаң, аффрикат	чемпион чекист	23	ч	орточул, жылчыкчыл, каткалаң	чабан `шопан` чычкан `тышқан` чемпион чекист
19	ш	тіл ұшы жайылыңқы жуысыңқы, қатаң	шырпы шырша шана шаш шығыс ашық	24	ш	уччул, жылчыкчыл, каткалаң	ширеңке `сіріңке` шуру `алқа` шыбыра-`сы- бырла-` ушул `сол`
-	щ	тіл ұшы жуысыңқы, қатаң	щётка ащы (ашшы)	25	щ	уччул, аффриката каткалаң	щётка

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелуі
 Казак жана кыргыз тилдериндеги үнсүз тыбыштардын бөлүнүшү

Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
I. Қатаң – Каткалаң			
<i>Дауыссыздар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Үнсүздер</i>	<i>Мисалдар</i>
п, к, қ, т, с, ш, х	пышақ, пішен, пісір, кел, кет, кесе, кесте, кілем, көл, қазақ, қайрақ, қайрат, қас, темір, тас, түйме, тай, тышқан, саба, сыбаға, сұрақ, шана, шаңғы, шымыр, хабар, хат, хан.	п, ф, к, кь т, с, ш, х, ч	парда `перде`, көп `көп`, күч `күш`, калаа `қала`, казык `қазық`, топурак `то- пырақ`, сары `сары`, шуру `алқа`, хан `хан`, чычкан `тышқан`
II. Ұяң – Жумшак*			
<i>Дауыссыздар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Үнсүздер</i>	<i>Мисалдар</i>
б, г, ғ, д, з, ж, һ	бас, бесік, боран, баба, гүл, үлгі, көген, ғарыш, ғалам, ағаш, таға, дала, дауыл, дабыл, заң, зеңбірек, зер, жаз, жайлау, жақсы, жез, жүк, жүген, бажа, гауһар, жиһаз.	б, в, г, гь, д, ж, жь, з	бажа `бажа`, билек `білек`, вагон, гүл `гүл`, доор `дәуір`, жираф, жүгөн `жү- ген`, кыргыз, заң `заң`, зар `зар` заман `заман`, зыян `зиян`, кыз
III. Үнді – Уяң			
<i>Дауыссыздар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Үнсүздер</i>	<i>Мисалдар</i>
л, м, н, ң, р, й, у.	лақ, лауазым, лай, мұз, мұң, мың, мең, намыс, нар, нағашы, таң, шаң, теңіз, сең, раушан, риза, рәсім, той, тай, қой, бой, тау, сау, жау, бау.	л, м, н, ң, р, й	ылайық, ала, улар май, максат, мамық, кем, негиз, намаз, оюн, он жеңил, ыңғай, муң `әуен` оңго, оңой, ырыскы, сүрөт, буроон, кара, бар.

*Қырғыз тіл грамматикаларында үнді дыбыстар негізінен ұяң дыбыстармен бірге қарастырылады / Кыргыз тилинин грамматикасында уяң тыбыштары негизинен жумшак тыбыштар менен бирге каралат: жумшак үнсүздер → шыбышчыл үнсүздер + уяң үнсүздер.

5§ ДЫБЫС ӨЗГЕРІСТЕРІ

Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін басты механизмдердің бірі – дыбыс өзгерістері өте баяу әрі үзіліссіз жүріп отыратын, әр тілде түрліше жүзеге асатын үдеріс. Тілдегі дыбыстық өзгерістердің негізгі факторларының бірі барлық тілдерге тән универсалды құбылыс фонологизация процесі. Фонемалардың дифференциялануы негізінде, олардың аллофондары тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болады. Әр тілдің дара болмысымен қалыптасуына, ішкі жүйеліліктің ретке келуіне интралингвистикалық, экстралингвистикалық ықпалдар қатар қызмет атқарады және бұл ықпалдардың әсері тілдік бірліктердің барлық деңгейінде көрініс беруі мүмкін, фонетика-фонологиялық деңгейдегі өзгерістер – өзінен кейінгі морфемалық, лексемалық деңгейлердегі өзгерістердің негізін қалайтын басты тетік.

Түркі тілдерінде сингармониялық заңдылықтың, ассимиляциялық, диссимиляциялық ықпалдардың әсірінсіз-ақ қалыптасқан альтернативалық құбылыстар кездеседі. Түркілік тектілдің (протоязык), бабатиілдің (праязык) даму бағытына, жалпытүркілік негіз тілдің тілдік топтарға, жекелеген тілдерге ыдырау үдерісіне сәйкес орныққан мұндай тарихи дыбыс өзгерістері дербес түркі тілдерін бір-біріне ажырататын негізгі критерийлер қатарынан орын ала отырып, белгілі бір дәрежеде гомогенді сөздердің семантикалық дифференциациясымен, яғни сөзжасамдық құбылыстармен ұласып жатады. Дыбыс сәйкестіктері түркі тілдері арасында да, бір тіл ішінде де кездеседі, олардың бір бөлігі мағыналары бірдей фонетикалық варианттар қалыптастырса, енді бір бөлігі түбірлес сөздердің семантикалық деривациясы қатарындағы ортақ семаға негізделген әртүрлі ұғымдарды білдіретін параллельдерді құрайды. Сондықтан дыбыс сәйкестіктерін таза фонетикалық немесе таза морфологиялық құбылыс ретінде қарастыруға келмейді. Мұндай құбылыстарды фонетика және морфологияның ара-жігіндегі сабақтастыққа негізделген, морфемалар табиғатын фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған фонеморфология немесе морфонология (морфофонология, морфофонемика) ілімі негізінде қарастыру қалыптасты. Тарихи дыбыс өзгерістері сөздің барлық шенінде – анлаут, инлаут, ауслаут позицияда кездесе береді.

Қыпшақ тобындағы қазақ және қырғыз тілдері арасында да әрбір тілдің ерекшеліктерін көрсететін бірнеше дыбыс сәйкестіктері кездеседі. Қазақ және қырғыз тіліндегі бір буынды сөздер құрамындағы дауысты дыбыстар негізінен өзгеріссіз сақталады: *ал – ал, ат – ат, бас – баш, от – от, қол – кол, өрт – өрт, сөз – сөз, көз – көз, қыз – кыз, ыс – ыс, үн – үн, күш – күч* т.б. Бір буынды сөздерде кездесетін дауыстылар сәйкестігі қазақ тіліндегі *ә, і, ұ* дауыстыларының қырғыз тілінде қолданылмауына, *е* дыбысының артикуляциялық сипатына, яғни қазақ және қырғыз тілдеріндегі дауыстылар жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты туындайды. Екінші, үшінші буындағы дауыстылар сәйкестігі негізінен қырғыз тіліндегі ерін үндестігінің жақсы сақталуына байланысты болып келеді.

Қазақ және қырғыз тілдерінің фонетикалық жүйесіндегі басты ерекшелікті көне түркілік инлаут, ауслаут *z, ʒ* дыбыстарының немесе *-aʒy/-aʒy/-eʒy* тіркестерінің өзгерістеріне байланысты қалыптасқан *y(w), (j)* дауыссыздары мен созылыңқы дауыстылар сипаттайды. Көне түркілік *z, ʒ* дыбыстарының өзгерістері қазақ және қырғыз тілдерін түркі тілдері қалыптасуының хронологиялық классификациясы бойынша ең жаңа тілдер қатарына жатқызудың негізгі шарты/критерийі ретінде алынған (С.Е. Малов). Қазақ және қырғыз тілдерінде көне форманы сақтап қалған сөздер де жиі кездеседі, мысалы, көне түркі жазба ескерткіштерінде – *jigit*, қазақ тілінде – *жігіт*, қырғыз тілінде – *жигит* т.б. Кейде көнетүркілік *z/ʒ*-нің қатаң нұсқалары қолданылады: көне түркі тілінде – *tüg*, қазақ және қырғыз тілдерінде – *түк*. Мұндай лексемалар соңындағы қатаң *q/k* дауысты дыбыстан басталатын қосымшалар жалғанғанда ұяндайды: қазақ тілінде – *түгі*, қырғыз тілінде – *түгү* т.б.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі араб-парсы тілінен енген кірме сөздер құрамында да фонетикалық өзгерістер жиі кездеседі. Кірме сөздерді әр тіл өзінің фонетика-фонологиялық жүйесінің табиғатына сәйкес қабылдайтындықтан қазақ және қырғыз тілдеріндегі дыбыстық өзгерістерді сипаттайтын кестеге кірме сөздер де енгізілді.

Сөздің бірінші буынындағы дауысты дыбыстардың өзгерістері
Сөздүн биринчи муундагы үндүү тыбыштардын өзгөрүшү

Дыбыс сәйкестіктері Тыбыш алмашуулары	Қазақ тілінде Казак тилинде	Қырғыз тілінде Кыргыз тилинде
ә≈а сәйкестігі	әйел әдет әскер бәле/пәле/бәлекет	аял (айал) адат аскер бале/балекет
ә≈е сәйкестігі	дәптер	Дептер
ә≈о сәйкестігі	әулие	Оолуя
е≈э сәйкестігі	ел ер есік есеп еркек	эл эр эшик эсеп эркек
ө≈ү сәйкестігі	көкек сөйле-	Күкүк сүйле-
ұ≈у сәйкестігі	ұя(ұйа) ұзын ұн бұт құлақ құлын сұра- тұр шұбар	уя(уйа) узун ун бут`аяқ` кулак кулун сура- тур чубар
ұ≈ы сәйкестігі	жұлдыз	Жылдыз
і≈и сәйкестігі	із іні ірі іс іш- жіп жібек	Из ини ири иш ич- жип жибек
ы≈у сәйкестігі	быламық	Буламык

Сөздің екінші буынындағы дауысты дыбыстар сәйкестігі
Сөздүн экинчи муунундагы үндүү тыбыштардын алмашышы

Дыбыс сәйкестіктері Тыбыш алмашуулары	Қазақ тілінде Казак тилинде	Қырғыз тілінде Кыргыз тилинде
a≈o сәйкестігі	болат жорға молда орақ	болот жорго молдо орок
a≈ы сәйкестігі	жаңа	Жаңы
e≈ө сәйкестігі	бөбек жүйе өзгеше күнде	бөбөк жүйө өзгөчө күндө
e≈a сәйкестігі	әдет	Адат
e≈ү сәйкестігі	көкек	Күкүк
i≈и сәйкестігі	бесік білім есік жігіт	бешик билим эшик жигит
i≈ү сәйкестігі	бөрі күшті сүйікті өмір сөзсіз	бөрү күчтүү сүйүктүү өмүр сөзсүз
ы≈у сәйкестігі	мұрын бұрыш қобыз қойшы тоты	мурун буруш комуз койчу тоту
ү≈у сәйкестігі	бұлабұла	Булбула
ө≈у	бұлат	Булут

**Жазба ескерткіштер тіліндегі инлаут, ауслаут λ , ζ
дыбыстарының және -ағу/-әгү/-егү тіркестерінің қазақ
және қырғыз тілдеріндегі өзгерістері**

Жазма мурастары тилиндегі инлаут, ауслаут λ , ζ тыбыштарынын жана -ағу/-әгү/-егү айкалышынын казак жана кырғыз тилдериндегі өзгөрүшү

Түркі жазба ескерткіштері тілінде /Түрк жазма мурастары тилинде	Қазақ тілінде Казак тилинде	Қырғыз тілінде Кыргыз тилинде	Дыбыс өзгерісі Тыбыш өзгөрүшү
Aғу	у(үү)	уу	каз. $\gamma \approx \emptyset$ (ағу → uw); кырг. $\gamma \approx \emptyset$ (ағу → uu)
ауіл	ауыл	айыл	каз. $\gamma \approx w$; кырг. $\gamma \approx j$
ауір	ауыр	оор	каз. $\gamma \approx w$;
ауіз	ауыз	ооз	кырг. $\gamma \approx \emptyset$ (ауі → oo)
бауір	бауыр	боор	
јау	жау	жоо	каз. $\gamma \approx w$;
сау	сау	соо	кырг. $\gamma \approx \emptyset$ (ау → oo)
тау	тау	тоо	
Sarıγ	сары	сары	каз. $\gamma \approx \emptyset$;
Torıγ	торы (ат)	тори (ат)	кырг. $\gamma \approx \emptyset$
Qulγaq	құлақ	кулак	
kičig/kišig	кіші/ кішкентай	кичи/ кичинекей	каз. $g \approx \emptyset$; кырг. $g \approx \emptyset$
joγan	жуан	жоон	каз. $\gamma \approx w$; кырг. $\gamma \approx \emptyset$ (oγa → oo)
mügüz	мүйіз	мүйүз	каз. $g \approx j$;
tüg-	түй-	түй-	кырг. $g \approx j$
oγul	ұл	уул	каз. $\gamma \approx \emptyset$ (oγu → u); кырг. $\gamma \approx \emptyset$ (oγu → uu)
sögül	сүйел	сөөл	каз. $g \approx j$; кырг. $g \approx \emptyset$ (ögü → öö)
jegen	жиен	жээн	каз. $g \approx j$; кырг. $g \approx \emptyset$ (ege → ee)
buzayu	бұзау	музоо	каз. $\gamma \approx \emptyset$ (-γu → w);
qırayu	қырау	кыроо	кырг. $\gamma \approx \emptyset$ (-aγu → oo)
oqlayu	оқтау	октоо	
tumayu	тұмау	тумоо	
bilagu/bilägü	білеу	билөө	каз. $g \approx \emptyset$ (-gü → w);
küdagu/küjägu	күйеу	күйөө	кырг. $g \approx \emptyset$ (-ägü → öö)
kösägü	көсеу	көсөө	

10-кестенің жалғасы

jadaγu/jadaγ	жаяу	жөө	қаз. γ≈ø/w(γu/γ→w); қырғ. γ≈ø(aγu/aγ→öö)
taquγu	тауық	тоок	қаз. q≈w; γu≈q; қырғ. q≈ø(aγu→oo), γu≈k

11-кесте

Сөздің бірінші буынындағы дауыссыздар өзгерістері
Сөздүн биринчи муунундағы үнсүздөрдүн өзгөрүшү

Дыбыс сәйкестіктері Тыбыш алмашуулары	Қазақ тілінде Казак тилинде	Қырғыз тілінде Кыргыз тилинде
б≈м сәйкестігі	б(ұ)уын бұзау бейнет	муун музоо мээнет
д≈т сәйкестігі	диірмен	тегирмен
қ≈к сәйкестігі *	қобыз қымыз ақын	комуз кымыз акын
т≈д сәйкестігі	теңіз	Деңиз
с≈ш сәйкестігі	сұйық сыбырла- сол сына мысық	шыйык шыбырла- шул шына мышык
ш≈ч сәйкестігі	шөл шөп шын шымшық	чөл чөп чын чымчык
у≈й сәйкестігі	ауыл	Айыл
т≈ч сәйкестігі	тышқан	Чычкан
п≈б сәйкестігі	пышақ пысық піспеген (ас,жеміс)	бычак бышык бышпаган (аш,жемиш)
қ/к≈ø	қазіргі \ кәзіргі	Азыркы
ғ≈ø	ғалым	аалым/илимпоз
ж≈ø	жыр жыла жіңішке	ыр ыйла ичке
ø≈ж	ағаш	Жыгач

* қырғыз тіліндегі жуан дауыстылармен тіркескен к дыбысы негізінен жуан қ дыбысымен айтылады, бірақ орфографияда ескерілмеген.

Сөздің екінші буынындағы дауыссыздар өзгерістері
Сөздүн экинчи муунундағы үнсүздөрдүн өзгөрүшү

Дыбыс сәйкестіктері Тыбыш алмасуулары	Қазақ тілінде Казак тилинде	Қырғыз тілінде Кыргыз тилинде
ғ≈г сәйкестігі	бағыт оңға солға қарға торғай	багыт оңго солго карга торгой
ғ≈к сәйкестігі	жаға	Жака
к≈ч сәйкестігі	бір өңкей	бир өңчөй
қ≈к сәйкестігі *	бақа бұқа пышақ пысық	бака бука бычак бышык
м≈б сәйкестігі	немере	Небере
п≈м сәйкестігі	аспан	Асман
ш≈ч сәйкестігі	ағаш шымшық шыншыл	жыгач чымчык чынчыл
с≈ш сәйкестігі	алыс-беріс күрес жұмыс	алыш-бериш күрөш жумуш
у≈б сәйкестігі	аруақ қуат	арбак кубат
ғ≈ø	баға	Баа
ң≈ø	жіңішке	ичке
т≈ø	ыстық	Ысык

6§ СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢДЫЛЫҒЫ

Сөз құрамындағы дыбыстардың белгілі бір жүйе бойынша орналасуын қамтамасыз ететін сингармонизм заңдылығы – түркі тілдеріне тән ерекше белгі. «Морфемалардың бірыңғай жуан не жіңішке буынды болып және олардың аралығында қатар келген

* қырғыз тіліндегі жуан дауыстылармен тіркескен к дыбысы негізінен жуан қ дыбысымен айтылады, бірақ орфографияда ескерілмеген.

дыбыстардың біріне-бірі акустика-артикуляциялық жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруын дыбыстардың үйлесуі немесе үндестік заңы дейміз»¹⁶.

Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың гармониялық үндесім заңдылығы екі түрлі позицияда көрінеді: тіл үндесімі – палатальдық гармония немесе дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне қатысты үндесімі (дауыстылардың алдыңғы және артқы қатар бойынша үндесімі); ерін үндесімі – лабиалдық гармония немесе дауысты дыбыстардың ерінге қатысты үндесімі (ерін үндестігі).

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі байырғы сөздер бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке буынды болып келеді, мысалы: *ата~ата, ене~эне, ба+ла~ба+ла, ер+кек~эр+кек, қыз+ыл~кыз+ыл, кө+ме+кей~ кө+мө+көй, қыз+дар+ым~кыз+дар+ым, іні+лер+ім~ини+лер+им, би+ші+лер~бий+чи+лер, оқу+шы+лар~оқуу+чу+лар* т.б. Бұл қазақ және қырғыз тілдеріне дауысты дыбыстардың артикуляциялық жақындасуынан болатын жуан-жіңішкелік буын үндестігі тән екенін сипаттайды.

Қазақ тіліндегі аралас буынды сөздерді кейбір біріккен сөздер, үндестік заңына бағынбай қолданылатын қосымшалар арқылы жасалған сөздер мен сөз тұлғалары (*арба+кеш, жем+қор, бала+нікі, бала+мен, өсім+тал, білім+паз, кітап+хана*) және кейбір кірме сөздер (*мәслихат, құрмет, құдірет, рақмет, мұғалім*) құрайды. Түбірге, түбір-негізге үдесімділікті сақтамай жалғанатын қосымшалардың кейбірі түркі тілдерінің төл қосшалары болса, негізгі бөлігі кірме қосымшалардан тұрады. Бұл құбылыс түркі тілдерінің көпшілігіне тән.

Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар қырғыз тілінде де аралас буынды сөздер мен сөз тұлғаларын жасайды: *арабакеч/арбакеч, айлакер, китепкана, илимпоз*, т.б. Аралас буынды кірме сөздер де ұшырасады, мысалы: *мугалим*. Кірме сөздерді өз табиғатына бейімдеу қазақ тіліне қарағанда қырғыз тілінде басымдау: *мәслихат, урмат, ырақмат, дарыкана* т.б. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі аралас буынды сөздердің көпшілігін сөздердің бірігуі арқылы жасалған жалқы есімдер құрайды: қаз. *Ақтөбе, Жезқазған, Шымкент, Манкент, Гүлжан, Ержан, Сәрсенбай, Батырбек* т.б.; қыр. *Айгүл, Айбек, Айчөрөк, Акмөөр, Баатырбек* т.б.

Түркі тілдеріндегі лабиалдық үндесім палатальды үндесімге қарағанда жүйесіздеу. Қазіргі түркі тілдерінде ерін үндестігі бірыңғай

¹⁶ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 84 б.

сипатта емес, кей тілдерде жақсы сақталса, кей тілдерде жартылай сақталған, енді бір бөлігінде лабиал гармониясы байқалмауы да мүмкін. Лабиалдық гармониясын жартылай сақтаған тілдерде түбір сөздің еріндік сипаты негізінен екінші буында сақталып, одан кейінгі буында үндесім сапасын өзгертеді. Дауыссыз дыбыстардың тілдің қатысына (тіл алды дауыссыздары, тіл арты дауыссыздары) қарай жуан, жіңішке айтылуына байланысты жүйелілікті сақтауы дауыстыларды палатальдық үйлесімділігіне қатысты жүзеге асады. Кейбір түркі тілдеріндегі әлсіз лабиалдық үндесімді қалыптасқан орфографиялық норма тіптен көмескілендіріп жібергенін байқауға болады.

Ерін үндестігі қырғыз тілінде өте жақсы сақталған (*өнер, көз+үм кү+рөш+тү, өз+үм+чүл+дүк* т.б.). Ерін үндестігінің екінші, үшінші, төртінші буындарды қамтуы қырғыз тілінің ерекше белгілері қатарына жатады. Қазақ тілінде лабиалды үндестік әлсіз, кейде екінші буында байқалатын ерін үндестігінің белгілері орфографиялық нормада ескерілмейді (*өнер, кү+рес, көз+ім* т.б.).

Морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне бейімделіп, өзара ықпалдасып айтылуы аккомодация деп аталады. Аккомодациялық құбылыстарда негізінен дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстарды өзіне бейімдеп тұрады. Морфема жігіндегі дауысты дыбыстың орналасу ретіне қарай (дауысты+дауыссыз, дауыссыз+дауысты) аккомодация прогрессивті (дауысты мен дауыссыздың үндесуі) және регрессивті (дауыссыз бен дауыстының үндесуі) болып бөлінеді.

Қазақ тілінде де, қырғыз тілінде де регрессивті аккомодация құбылысына сәйкес кейбір қатаң дауыссыздарға аяқталатын сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, негізгі сөз (түбір, туынды түбір) соңындағы, яғни интервалдық позициядағы қатаң фонема ұяңданады (*жақ→жағы≈жак→жагы; кітап →кітабым≈китеп→китебим; сап→сабы≈сап→сабы* т.б.).

Морфемалар жігінде немесе күрделі сөздердің, сөз тіркестерінің жігінде қатар келген дауыссыз дыбыстардың акустика-артикуляциялық жақтан бір-біріне ұқсап бейімделуі ассимиляция құбылысы деп аталады. Іргелес дауыссыздардың бір-біріне ықпал ету ерекшеліктеріне байланысты ассимиляция құбылысы үшке бөлінеді: прогрессивті ассимиляция (ілгерінді ықпал), регрессивті ассимиляция (кейінді ықпал), тоғыспалы ассимиляция (тоғыспалы ықпал).

Прогрессивті ассимиляция құбылысы бойынша алдыңғы морфеманың соңғы дауыссыз дыбысы кейінгі морфеманың басқы дауыссыз дыбысына акустикалық тұрғыдан ықпал етіп, өзіне бейімдеп тұрады. Регрессивті ассимиляция бойынша морфема немесе сөз жігіндегі кейінгі дауыссыз дыбыс алдыңғы дауыссыз дыбысқа ықпал етеді. Тоғыспалы ассимиляция құбылысында морфема немесе сөз жігіндегі қатар келген дауыссыздар бір-біріне әсер етіп, әрі прогрессивті, әрі регрессивті ассимиляцияға бірдей ұшырайды.

Ассимиляция құбылысы қазақ және қырғыз тілдеріне де тән заңдылық. Жалпы есімдердің ассимиляциялық үдеріс нәтижесіндегі дыбыстық өзгерістері қазақ және қырғыз тілдерінде орфографиялық емледе сақтала бермейді. Ал жалқы есімдердің жазылуында өзгерістердің сақталуы кездеседі.

13-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі үндестік заңы
Казак жана кыргыз тилдериндеги үндөштүк мыйзамы

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ – ҮНДӨШТҮК МЫЙЗАМЫ				
№	Қазақ тілінде Казак тилинде		Қырғыз тілінде Кыргыз тилинде	
	Ереже	Мысалдар	Эреже	Мисалдар
1	Түбірдің, негіздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан болады.	балалар ойыншық сыбырла- қалалар қыздар ұшқыштар тастар	Үңгу сөздүн же негизги сөздүн акыркы мууну жоон болсо, ага жалганган мүчөлөр да жоон болот.	балдар оюнчук шыбыра- шаарлар кыздар учкучтар таштар
2	Түбірдің, негіздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке болады.	бөлме күшті көкшіл көшпелі жүрекке інісі мектепке	Үңгу сөздүн же негиз сөздүн акыркы мууну ичке болсо, ага жалгашкан мүчөлөр да ичке болот.	бөлмө күчтүү көчмөн көкчүл жүрөккө иниси мектепке

3	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы дауысты болса, оған жалғанатын қосымшалар ұяң не үндіден басталады.	апама ағамның балаға бөлмеге үлгіге қозыны терезені түйеге	Уңғу сөздүн же негизги сөздүн акыркы тыбышы үндүү болсо, ага жалғанган мүчөлөр жумшак же уяң тыбыштан башталат.	апама ағамдын балаға бөлмегө үлгүгө козуну терезени төгөгө
4	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы ұяң болса, оған жалғанатын қосымшалар да ұяңнан басталады.	базарға гүлдер жазда көлге қызға қаңды тойға тұзда-	Уңғу сөздүн же негиз сөздүн акыркы тыбышы уяң болсо, ага жалғанган жалғанган мүчөлөр жумшак тыбыш менен башталат.	базарға гүлдөр жазда көлгө кызга қаңдуу тойго тузда-
5	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшалар да қатаңнан басталады.	қазақтар жібектей тасқа күректің мектепке кітаптың топырақтың ұшқыштың	Уңғу сөздүн же негиз сөздүн акыркы тыбышы каткалаң болсо, ага жалғанган мүчөлөр каткалаң тыбыш менен башталат.	казактар жибектей ташка күректүн мектепке китептин топурактын учкучтун
6	Қазақ тілінде кейбір бірінші буында <i>ө, ү, ұ</i> ерін дауыстылары қолданылатын сөздердің екінші буынында (қысаң <i>e, ы, i</i> қолданылатын) ерін үндестігі сақталады, бірақ бұл ерекшелік орфографияда ескерілмеген.	өнөр→өнер өрө→өре үлгү→үлгі көбө→көбе көгөн→көген көсө→көсе көрүк→көрік күшүк→күшік қоңуз→қоңыз сүйөк→сүйек төбө→төбе түймө→түйме	Уңғу сөздүн, негизги сөздүн курамында эрин үндүү болсо, ага жалғанган мүчөлөр эрин үндүү болот.	өнөрлүү өрөөлүү үлгүсү көбөөсү көгөндө көсөөдү көрүктүү күшүгү қоңуздуң сөөктүн түбөлүгү түймөсү

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі дауыстылар мен дауыссыздардың үндесуі

Казак-қырғыз тилдериндеги үндүү жана үнсүз тыбыштардын үндөштүктөрү

ДАУЫСТЫЛАР МЕН ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ ҮНДЕСУІ				
ҮНДҮҮ ЖАНА ҮНСҮЗ ТЫБЫШТАРДЫҢ ҮНДӨШТҮКТӨРҮ				
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Алдыңғы морфеманың соңындағы дауыстылармен қатар тұрып өзгеріссіз айтыла алатын дауыссыздар:			Алдыңқы морфеманың аяғындағы үндүүлөрдүн жанында өзгөрүүсүз айтылуучу үнсүздөр:	
№	Ереже	Мысалдар	Эреже	Мисалдар
1	Үнді л, м, н, ң, р, й, у дыбыстарынан басталатын қосымшалар дауысты дыбыстан кейін өзгеріссіз жалғана алады.	терезе+лер терезе+міз терезе+ні терезе+ңіз ала+й- ала+р қара+у жақсы+рақ күшті+рек	Жумшак л, м, н, ң, р, й тыбыштарынан башталған мүчөлөр үндүүдөн кийин өзгөрүүсүз жалғана алат.	терезе+лер терезе + биз терезе+ни терезе+ң ала+й- жақшы+раак жылуу+раак күчтүү+рек
2	Ұяң ғ, г, д дыбыстарынан басталатын қосымшалар дауысты дыбыстан кейін өзгеріссіз жалғана алады.	терезе+ге терезе+де жылқы+ға жылқы+да қозы+ға қозы+дан кісі+ге кісі+ден	Жумшак г, д тыбыштары менен башталған мүчөлөр үндүүдөн кийин өзгөрүүсүз жалғана алат.	терезе+ге терезе+де жылкы+га жылкы+да козу+га козу+дан киши+ге киши+ден
3	Қатаң с, ш, т дыбыстарынан басталатын қосымшалар дауысты дыбыстан кейін өзгеріссіз жалғана алады: -сы/-сі, -сыз/-сіз, -са/-се, -сын/-сін, -шы/-ші, -ша/-ше, -шық/-шік, -т, -тай	бала+сы бала+сың бала+сыз оқы+са биле+се бала+сын жылқы+шы бала+ша әнші+ше үй+шік ұя+шық ойна+т биле+т әже-тай	Каткалаң с, ш, ч, т тыбыштарынан башталған мүчөлөр үндүүдөн кийин өзгөрүүсүз жалғана алат -сы/-си, -сыз/-сиз, -са/-се, -сынт/-синт, -саак, -чы/-чу, -т, -тай	бала+сы бала+сың бала+сыз оқу+са бийле+се бала+сынт бала+саак жылкы+чы бала+чылык бозочу козучу ойно+т

Қазақ және қырғыз тіліндегі аккомодациялық үдерістер
 Казак жана кырғыз тилдеринде аккомодациялык процесстер

АККОМОДАЦИЯ				
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстар белгілі бір дәрежеде бір-біріне бейімделіп айтылады. Аккомодация дауысты дыбыстың орын тәртібіне байланысты екіге бөлінеді.		Морфемалар ортосунда қатарлаш колдонулған үндүү жана үнсүз тыбыштар белгилүү бир даражада бири-бирине ыңғайлашып айтылат. Аккомодация үндүү тыбыштын ордуна байланыштуу экиге бөлүнөт.		
Прогрессивті аккомодация / Прогрессивдүү аккомодация				
№	Ереже	Мысалдар	Эреже	Мисалдар
1	Дауыссыздардың түрлі реңкте (жуан-жіңішке) айтылуы негізінен алдыңғы дауыстыларға байланысты.	баба+лар бөле+лер бөлме+лер іні+лер кереге+лер қора+лар	Үнсүздөрдүн ар кандай (жоон-ичке) айтылышы негизинен алдыңқы үндүү тыбыштарға байланыштуу.	баба+лар бөлө+лөр бөлмө+лөр ини+лер кереге+лер короо+лор
2	Дауыстыға аяқталған сөзден кейін қатаң қ,к дыбыстары ұяңданады.	ала қарға→ ала ғарға қара қой→ қара ғой жаңа келді→ жаңа гелді ала кел→ ала гел көре кел→ көре гел	Үндүү тыбыш менен аяқтаған сөзден кийин к каткалаң тыбышы жумшартылып айтылат	ала карға→ ала гарға кара кой→ кара гой жаңы келди → жаңы гелди ала кел→ ала гел көрө кел→ көрө гел
Регрессивті аккомодация / Регрессивдүү аккомодация				
№	Ереже	Мысалдар	Эреже	Мисалдар
1	Түбір сөздің соңындағы қатаң қ, к, п дыбыстары дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса ұяңданады*.	қ → ғ ақ+ыс→ағыс бақ+ыс→бағыс- тарақ+ы→тарағы қасық+ы→ қасығы к → г күрек+і → күрегі көк+ер→көгер терек→терегім	Уңғу сөздүн аяғындағы қ, п каткалаң тыбыштары үндүү тыбыштан башталған мүчөлөр жалғанса жумшарат**.	к → г ақ+ыш→ағыш бак+ыш→багыш тарак+ы→тарагы кашық+ы→ кашыгы күрек+ү→күрегі көг+өр→ көгер терек+и→тереги

15-кестенің жалғасы

		<p>п→б доп+ы→добы жап+ық→жабық қап+ы→қабы сап+ы →сабы кітап+ы→ кітабы мектеп+і→ мектебі</p>		<p>п→б топ+у→тобу жап+ық→жабық қап+ы→қабы сап+ы→сабы китеп+и→китеби мектеп+и→ мектеби</p>
2	<p>Қатаң қ, к, п дыбыстарына аяқталатын сөзден кейін дауыстыдан басталатын сөз келсе, ұяңданады.</p>	<p>қ →ғ ақ ала→ағ ала ақ ешкі→ағ ешкі жоқ екен→ жоғ екен к→г көкала→көгала п→б көп адам→ көб адам көп ал→көб ал сатып ал→сатыб ал</p>	<p>Каткалаң к, қ, п тыбыштары менен аяқтаған сөздөн кийін үндүү тыбыштан башталған сөз келсе жумшартылат.</p>	<p>к→г ак ала→аг ала ак эчки→аг эчки жок экен→ жоғ экен п→б көп адам→ көб адам көп ал→көб ал сатып ал→ сатыб ал</p>
3	<p>Қатаң п дыбысына аяқталған түбір етістікке көсемшенің -ып/-іп жұрнағы жалғанған кезде у дыбысына өзгереді.</p>	<p>п→у жап+ып→жауып қап+ып→қауып кеп+іп→кеуіп тап+ып→тауып шап+ып→шауып</p>	<p>Каткалаң п тыбышы менен аяқтаған уңғу этишке чакчыл -ып/-ип мүчөсү жалғанғанда түшүрүлөт, созулма үндүү колдонулат.</p>	<p>п→ø→созулма жап+ып→жаап қап+ып→каап кеп+іп→кэап тап+ып→таап чап+ып→чаап</p>

* Қазақ тілінде **қ** дыбысы кейде дауысты қосымшаның алдында қатаңдығын сақтайды, мысалы: қазақ+ы→қазақы.

** Сондай-ақ бұл заңдылыққа қазақ тіліндегі де, қырғыз тіліндегі де еліктеуіштер бағынбайды: қаз. бұлк+іл→бүлкіл, дүңк+іл→дүңкіл, жарқ+ыл→жарқыл, зірк+іл→зіркіл, жарқ етті т.б; қырғ. бұлк+үл→бүлкүл, дүңк+үл→дүңкүл, жарк+ыл→жаркыл, зирк+ил→зиркил, жарк этти.

Қазақ және қырғыз тіліндегі ассимиляциялық үдерістердің нәтижесінде қалыптасқан дыбыстық өзгерістер
 Казак жана кыргыз тилдериндеги ассимиляциялык процесстердин натыйжасында пайда болгон тыбыштык өзгөрүүлөр

АССИМИЛЯЦИЯ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
<p>Морфемалар жігінде немесе күрделі сөздердің, сөз тіркестерінің жігінде қатар келген дауыссыз дыбыстардың акустика-артикуляциялық жақтан бір-біріне ұқсап бейімделуі.</p> <p>Ассимиляция құбылысы қазақ тілінде үшке бөлініп қарастырылады: прогрессивті ассимиляция (ілгерінді ықпал), регрессивті ассимиляция (кейінді ықпал), тоғыспалы ассимиляция (тоғыспалы ықпал).</p>			<p>Сөздүн курамындагы айкалыша, жанаша турган үнсүздөрдүн акустико-артикуляциялык жақтан бири экинчисине жақындашып, окшошуп айтылышы. Ассимиляция кубулушу үчкө бөлүнөт: прогрессивдүү, регрессивдүү, кайчылаш. Кыргыз тилинде окшошуунун дагы (үнсүздөрдүн жасалыш ордуна, ыгына, үндүн катышына карай) беш түрү бар: каткалаңдашуу, жумшаруу, эриндешүү, көмөкөйлөшүү жана мурундашуу.</p>		
Прогрессивті ассимиляция / Прогрессивдүү ассимиляция					
№	Ереже	Мысалдар	№	Эреже	Мисалдар
1	Тіркестің (бунақтың) бірінші сөзі үндіге аяқталып, екінші сөзі қатаң қ, к дыбыстарынан басталса, қатаңдар ұянданады*.	қ/к→ғ/г аз қалды→ аз ғалды айға қарады→ айға ғарады ел келді→ ел келди мал қора→ мал ғора бір көргенде→ бір ғөргенде Нұрқазы→ Нұрғазы	1	Сөз айкашынын биринчи сөзү жумшак үнсүз менен аяқталып, экинчи сөзү к тыбышы менен башталса, каткалаң тыбыш жумшарат*.	к→г аз қалды→ аз ғалды айға қарады→ айға ғарады эл келди→ эл ғелди мал коро→ мал гороо бир караганда→ бир ғараганда Нурказы→Нургазы
2	Сөз қатаң дыбыстарға аяқталып, келесі сөз ұяң б,ғ, г дыбыстарынан басталса, ұяң дыбыстар қатаңданып айтылады.	б→п ақ бота →ақ пота кеш болды → кеш полды көк бөрі→ көк пөрі ғ→қ бес ғасыр→ бес қасыр г→к ақ гүл→ақ күл көк гүл→көк күл	2	Сөз каткалаң тыбыштар менен аяқтап, кийинки сөз б, г тыбыштары менен башталса, алар каткалаң айтылат.	б→п ак баш →ак паш ач бала→ач пала кеч болду→ кеч полду көк бөрү→ көк пөрү үч бийчи → үч пийчи г→к ак гүл→ ак күл көк гүл→ көк күл

16-кестенің жалғасы

3	Сөз қатаң с, т, ш дыбыстарына аяқталып, келесі сөз ұяң д дыбысынан басталса, ол қатаңданып айтылады.	д→т атдорба→атторба жас дәурен→ жас тәурен жас достар→ жас тостар үш дәптер→ үш тәптер үш доп→үш топ	3	Ұңғу сөз ш тыбышы менен аяқтап, жалғануучу мүчө д менен башталса андай учурда д каткалаң болуп айтылат.	аш даярдагыла→ аш таярдагыла беш даана→ беш таана беш дарбаза→ беш тарбаза жаш достор → жаш тостор
4	Қатаң ш дыбысына аяқталған сөзге с дыбысынан басталатын қосымша жалғанса, с дауыссызы ш -ға өзгереді.	с→ш аш+са→ашша кеш+се→кешше қаш+са→қашша шеш+се→шешше үш+са→үшша	-	∅	∅
Регрессивті ассимиляция / Регрессивдүү ассимиляция					
№	Ереже	Мысалдар	№	Эреже	Мисалдар
1	Соңы н дыбысына аяқталған сөздерге г, ғ дыбыстарынан басталған қосымша жалғанса, тіл алды н тіл арты ң дыбысына алмасып айтылады.	н→ң бүгүн+гі→бүгүңгі жан+ға→жаңға күн+ге → күңгө күн+гей→күңгөй кейін+гі→кейіңгі келген+ге→ келгеңге қан+ға→қаңға сен+гісі→сеңгісі түн+гі→түңгі	1	Сөз уяң үнсүз д, н, м менен аяқтап, аға жалғануучу мүчө к, г менен башталса андай учурда д, н, м тыбыштары ң болуп айтылат.	н→ң бүгүн+кү→ бүгүңкү жан+ға→жаңға қан+ға →қаңға күн+гөй→күңгөй м→ң мүмкүн→ мүңкүн д→ң жалғыз→жаңғыз
2	Соңы н дыбысына аяқталған сөздерден кейін б, м дыбыстарынан басталған қосымша (сөз) келсе, н ұяңы м дыбысына алмасып айтылады.	н→м жан+мен→жаммен жан+байды→ жамбайды келген+мен→ келгеммен сен+бе→сембе қан мен тер→ қан мен тер Жан+болат→ Жамболат Сән+бала→ Сәмбала	2	Үнсүз н менен бүткөн сөзгө башы м, б тыбыштары менен башталған мүчөлөр уланса, н тыбышы м тыбышына өтүп айтылат.	н→м жан+ба→жамба ишен+бе→ишембе каран+ба→карамба көрүн+бө→ көрүмбе таарын+ба→ таарымба тун+ма→тумма Жан+болот→ Жамболот Жан+бала→ Жамбала

3	Алдыңғы морфема немесе сөз з дыбысына аяқталып, кейінгі морфема қатаң с дыбысынан басталса, онда з қатаң с дыбысына алмасады.	з→с аз+сын→ассын біз+сіз→біссіз жаз+са→жасса көз+сіз→көссүз қаз+са→қасса сіз+сіз→сиссіз сөз+сіз→сөссүз оз+са→осса түз+сыз→түссыз жүз сом→жүс сом	3	Алдыңқы морфема же сөз з менен бүтүп, андан кийинки морфема с, ч тыбышы менен башталса, з тыбышы с тыбышына өтүп айтылат.	з→с биз+че→бисче жаз+са→жасса көз+сүз→көссүз каз+са→касса сизсиз→сиссиз сөз+сүз→сөссүз туз+сыз→туссуз жез сырға→ жес сырға жүз сом→жүс сом
4	Алдыңғы морфема з дыбысына аяқталып, кейінгі морфема ж дыбысынан басталса, онда з дыбысы ж дыбысына өзгеріп айтылады.	з→ж аз жас→аж жас боз жорға→ бож жорға жүз жыл→ жүж жыл жүз жаса→ жүж жаса Қызжібек→ Қыжжібек	4	Алдыңқы морфема з менен бүтүп, кийинки морфема ж тыбышы менен башталса, з тыбышы ж тыбышына өзгөрүп айтылат.	з→ж боз жорго→ бож жорго жүз жыл→ жүж жыл боз жибек→ бож жибек Қызжибек→ Қыжжибек
5	Алдыңғы морфема з дыбысына аяқталып, кейінгі морфема ш дыбысынан басталса, онда з дыбысы ш дыбысына өзгеріп айтылады.	з→ш аз+шылық→ ашшылық біз+ше →бішше жаз+шы→жашшы жаз шықты→ жаш шықты жүз шақты→ жүш шақты сөз+шең→сөшшең	5	Алдыңқы морфема з менен бүтүп, кийинки морфема ч менен башталса, адабий тилде з тыбышы с-га, жергиликтүү диалектилерде ш-га өзгөрүп айтылат.	з→с аз+чылық→ асчылық биз+че→бисче з→ш аз+чылық→ ашчылық жаз+чи→жашчи каз+чи→кашчи
6	Алдыңғы морфема қ, к, п дыбыстарына бітіп, кейінгі морфема д, ж, з дыбыстарынан басталса, онда қ, к, п ұяңданып, ғ, г, б дыбыстарына өзгеріп айтылады.	к→г бекзада→бегзада бекзат→бегзат көк зәйтүн→ көг зәйтүн қ→ғ ақ жауын→ ағ жауын ақ дала→ағ дала тоқ заман→ тоғ заман п→б көп зат→ көб зат көп жер→көб жер шөп жоқ→шөб жоқ	6	Алдыңқы морфема к, п тыбыштары менен аяктаса, андан кийинки морфема д, ж, з тыбышы менен башталса, қ, п тыбыштары жумшак г, б тыбыштарына өтүп айтылат.	к→г бекзаада→бегзаада бекзат→бегзат көк зайтун → көг зайтун ак жамгыр → аг жамгыр ак жаан → аг жаан ток жылкы→ тог жылкы п→б көп зат→ көб зат көп жер→көб жер чөп жок →чөб жок

16-кестенің жалғасы

7	Алдыңғы морфема с дыбысына бітіп, кейінгі морфема ш дыбысынан басталса, онда с дауыссызы ш дауыссызына өзгеріп айтылады.	с → ш ас+шы→ашшы жұмыс+шы→жұмышшы қос+шы→қошшы ойлас+шы→ойлашшы бас шұлғыды→баш шұлғыды	7	Алдыңғы морфема ш менен бүтүп, кийинки морфема с менен башталса, онда ш тыбышы с тыбышына өзгеріп айтылат.	ш → с түш+сын → түссүн жаш+сың → жассың
-	Ø	ø	8	Аяғы ч менен бүткен сөзгө ч,т,с,ш менен башталған мүчөлөр, сөздер уланғанда ч тыбышы ш тыбышына өтүп айтылат.	ч → ш ач+са→ашса ач+чы→ашчы кач+са→кашса чеч+се→чешсе чеч+чи→чешчи чач+туу→чаштуу уч+са→ушша үч сом→үш сом үч шарт →үш шарт
Тоғыспалы ассимиляция / Кайчылаш ассимиляция					
№	Ереже	Мысалдар	№	Эреже	Мисалдар
1	Алдыңғы сөз үнді н дыбысына бітіп, кейінгі сөз к, қ қатаңдарынан басталса, н дыбысы ң дыбысына, қ,к дыбыстары ғ, г дыбыстарына ауысып айтылады.	аман келді→амаң гелді жанкешті→жаңкешті қан қызыл→қаң ғызыл ортаң қол→ортаң гол оң қап→оң ғап сан қабат→саң ғабат нан қайда→наң қайда	1	Алдыңғы сөз үяң н менен бүтүп, кийинки сөз каткалаң к менен башталса, н тыбышы ң тыбышына, к тыбышы г тыбышына өзгеріп айтылат.	аман келди→амаң гелди жанкешти→жаңкешти қан қызыл→қаң ғызыл ортаң қол→ортаң гол/ ортаңқу қол оң қап→оң ғап нан көп→наң гөп нан қайда→наң қайда

* Бұл заңдылыққа кейбір қосымша морфеманың, кірме сөздің, кірме қосымшаның басында кездесетін қатаң **қ, к** дыбыстары бағынбайды. Мысалы, қазақ, қырғыз тілдеріндегі есім сөз тудыратын **-кеш/-кеш** жұрнағы, қаз. *әзілкеш*, қырғ. *азилкеш*; кірме жұрнақ **-қор/-қор, -қой** қосымшасы, қаз. *жемқор, қамқор, еңбекқор, сәнқой, әзілқой*; қырғ. *жемқор, камқор*; **кент**, қаз. қырғ. *Шымкент, Жаркент* т.б.

2	Алдыңғы сөз с дыбысына бітіп, Кейінгі сөз ж дыбысынан басталса, онда бұлардың екеуі де ш дыбысымен алмасып айтылады.	бас жақта→ баш шақта ес жоқ→ еш жоқ қос жорға→ қош шорға онкүндік→оңгүндік тас жол→таш шол Есжан→Ешшан Досжан→Дошшан		ø	ø
---	--	--	--	---	---

Қырғыз тіліндегі ассимиляцияның түрлері
Кыргыз тилиндеги ассимиляциянын түрлөрү

№	АССИМИЛЯЦИЯ ТҮРЛЕРІ / АССИМИЛЯЦИЯ ТҮРЛӨРҮ	
1	Каткалаңдашуу (Қатаңдану)	Қатаң дауыссыздардың ықпалымен іргелес тұрған ұяң дауыссыздардың қатаң дыбыстарға айналуы. Қатаң к, т, п, ч, с дыбыстарының әсерімен ұяң г, з, д, б, ж дыбыстары қатаңданады: <i>бизче</i> → <i>бисче</i> , <i>тез кел</i> → <i>тес кел</i> .
2	Жумшаруу (Ұяңдану)	Қатаң дыбыстардың ұяңдануы. 1) Қатаң к, п дыбыстары сөз тіркесі компоненттерінің жігіндегі, сөз құрамындағы морфемалар жігіндегі интервокалдық позицияда ұяңданады: а) к дыбысының ұяңдауы: <i>сатып+ал</i> → <i>сатыбал</i> , <i>топ ойно</i> → <i>тоб ойно</i> , <i>арык+ы</i> → <i>арыгы</i> , <i>күчүк+ү</i> → <i>күчүгү түбөлүк+ү</i> → <i>түбөлүгү</i> ; ә) қатарласа келген екі сөздің біріншісі ұяң дауыссызбен аяқталып, екіншісі қатаң дауыссызбен басталса, қатаң дауыссыз ұяңданып айтылады: <i>ак нан</i> → <i>аг нан</i> , <i>ар кандай</i> → <i>ар гандай</i> , <i>тең келди</i> → <i>тең гелди</i> , <i>тил кат</i> → <i>тил гат</i> , <i>Айкерим</i> → <i>Айгерим</i> , <i>Байкубат</i> → <i>Байгубат</i> , <i>Тайкүрөң</i> → <i>Тайгүрөң</i> ; <i>Шерказы</i> → <i>Шергазы</i> . Ұяңдану үдерісі кірме сөздерді де қамтиды: <i>анекдот</i> → <i>анегдот</i> , <i>вокзал</i> → <i>вогзал</i> ; б) Қатаң п дыбысымен аяқталған шақ мәнді бір буынды түбір етістіктерге көсемшенің шақ мәнді -ып/-ип қосымшасы жалғанғанда түбір құрамындағы қатаң дыбыс түсіріліп, созылыңқы дауыстымен айтылады: <i>жап+ып</i> → <i>жаап</i> , <i>кап+ып</i> → <i>каап</i> , <i>сеп+ып</i> → <i>сээп тап+ып</i> → <i>таап</i> , <i>теп+ып</i> → <i>тээп</i> . Кей жағдайда қырғыз тіліндегі к, п дыбыстары өзгеріске түспей, қатаң табиғатын сақтайды. Мысалы, еліктеуіш түбірге етістік тудырушы ылда/-илде- қосымшалары жалғанса өзгермейді: <i>шак+ылда</i> → <i>шакылда</i> , <i>шиңқ+илде</i> → <i>шиңқилде</i> ; ұяң дауыссыздан кейін келген қатаң дауыссызға дауысты дыбыстан тұратын бірқұрамды қосымша жалғанғанда қатаңдығын сақтайды: <i>барк+ы</i> → <i>баркы</i> , <i>калп+ы</i> → <i>калпы</i> , <i>көрк+ы</i> → <i>көркү</i> , <i>нарк+ы</i> → <i>наркы</i> .

17-кестенің жалғасы

3	Эриндешүү (Ерін дыбыстарына өзгеру)	Қатарласа айтылған екі сөздің біріншісі дауыссыз н дыбысымен аяқталып, екіншісі ерін дауыссыздары м, п, б, в, ф дыбыстарымен басталса немесе екі, үш буынды сөздер құрамындағы бірінші не екінші буыны н дыбысымен аяқталып, кейінгі буыны ерін дауыссыздарымен басталса, н дыбысы м дыбысымен айтылады: <i>он беш</i> → <i>ом беш</i> , <i>карын май</i> → <i>карым май</i> , <i>айланна</i> → <i>айлампа</i> , <i>танба</i> → <i>тамба</i> , <i>көрүнбө</i> → <i>көрүмбө</i> .
4	Мурундашуу (Мұрын жолды дыбыстарға ауысу)	Сөз құрамындағы мұрын жолды ұяң м, н, ң дыбыстарының әсерінен б, п, л, г дыбыстары мұрын жолды м, н, ң дауыссыздарына ауысып айтылады: <i>мылтық</i> → <i>мынтық</i> , <i>курбан</i> → <i>курман</i> , <i>лагман</i> → <i>лаңман</i> , <i>сабын</i> → <i>самын</i> .
5	Көмөкөйлөшүү (Таңдай дыбыстарына ауысу)	Сөз құрамында қатар келген екі дауыссыздың біріншісі мұрын жолды, тіл алды л, н, м ұяң дыбыстарына аяталып, келесі буын тіл ортасы, тіл арты к, г /кь, гь/ дыбыстарынан басталса, л, н, м дауыссыздары ң дыбысымен айтылады: <i>жалғыз</i> → <i>жаңғыз</i> , <i>мүмкүн</i> → <i>мүңкүн</i> , <i>тунгуш</i> → <i>туңғуш</i> , <i>шумкар</i> → <i>шуңкар</i> . Бұл құбылыс кірме сөздерді де қамтиды: <i>жармаңке</i> ← <i>ярманке</i> , <i>банк</i> → <i>баңка</i> ¹⁷ .

7§ БУЫН

Буын теориясы – тіл білімінің фонетика-фонология саласындағы күрделі мәселелер қатарынан орын алады. Буын – сөзді айту барысында ауаның кілт үзілуінің немесе кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке дауысты не дауысты және дауыссыз дыбыстар тобы, яғни сөз құрамындағы дыбыстық тіркесімінің өзіндік сазы, ырғағы бар ең кіші фонологиялық бірлігі. Буын сөздің өзегі (ядрасы) іспеттес мағына айырғыштық сипаты бар буын құраушы фонемалардан және буын тасымалдаушы фонемалардан тұруы мүмкін.

Барлық тілдерге тән сөйлеу барысындағы ауа ағымының (демнің) жіктелісіне негізделетін буын – өзара іргелес бір немесе бірнеше фонеманың сөйлеу актісінде үзіліссіз айтылатын біртұтас бөлшегі. Буынның әмбебаптық табиғаты қазіргі тілдерге диахрониялық-реконструкциялық талдаулар жүргізілген кезде ғана айқын аңғарылуы

¹⁷ Қараңыз: Жапаров Ш., Сыдыкова Т. Азыркы қырғыз тилинин фонетикасы: оқуу китеби. – Бишкек: МТМИ, 2013. – 38–40 б. Кесте аталған оқу құралы бойынша әзірленді.

мүмкін. Буынды ажырату қолданыстағы сөздердің синхрониялық қалып-күйіне негізделеді, сондықтан кез келген тірі тілдің статикалық күйі бастапқы буындарды (архетиптерді) бірден ажыратуға кепіл бола алмайды.

Буынға тән белгілер: буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыстың болуы шарт, демек, сөз құрамында қанша дауысты болса, сонша буын болады; буында мағына болмайды, яғни кейбір буындар дербес лексикалық мағынасы бар түбір морфемалар мен грамматикалық мағынасы бар қосымша морфемалармен сәйкес келгенімен буын ретінде мағынасы маңызды емес; қазақ және қырғыз тілдеріндегі байырғы төл сөздер құрамындағы буындар бірыңғай жуан не жіңішке болып келеді; төл сөздер қос дауыссыздан басталмайды.

Буынды анықтап, оның шегарасын тану түркі тілдерінің тұтас табиғатын айқындауда аса маңызды. Буынның белгілі бір дәрежеде сөз ажыратушылық, мағына ажыратушылық қызметі бола тұра оның дербес мағынасының болу-болмауы маңызды емес, өкпеден шыққан фонациялық ауаның сөз құрамындағы дауыстыларға сәйкес бір не бірнеше дыбыс тобын қамти отырып қарқынмен кілт үзілуі – буынды ажыратудың негізі шарты.

Дауыссыздардың тіл алды, тіл арты жұптарының, дауыстылардың үндесім қатысына байланысты жұптарының қарсы қойылуы, дауыстылардың тіл алды үндесімі мен ерін үндестігінің қатарласуы тәрізді фонемалардың дистрибутивті қатынасы түркі тілдерінің буын жүйесінің ерекше типологиялық сипатын анықтайды. Бірінші буын кейінгі буындардың өзімен сингармониялық заңдылыққа сәйкес үндесім табатын фонетикалық варианттарын қабылдайды. Үндестік заңына бағынатын агглюнативті тілдерге жататын түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтауда буын құрылымы мен буын түрлері, олардың өзара тіркесу үйлесімділігі ерекше маңызды.

Түркі тілдеріндегі буын жүйесінің жалпы сипаты: буынның саны дауыстылардың санына сәйкес анықталады, яғни сөз құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады; буын жасаушы дауысты дыбыстар өзімен бір үйірлесе жүретін дауыссыздардың акустикалық көрсеткіші қызметін атқарады; буын бір немесе бірнеше дыбыстар тіркесінен тұрады; сөздер бір буынды да көп буынды да болып келеді; сөздегі дыбыс санына қарай буын құрылысы бір дыбысты, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты

болады; буынның түркі тілдеріне тән құрылымдық типтері V, CV, VC, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады; буындағы дауысты жіңішке болса, үйіріндегі дауыссыздар да жіңішке болады, жуан болса, дауыссыздар да жуан болады; буын соңындағы дауыссыздан гөрі буын басындағы дауыссыз күштірек айтылады; дауыссыздар тұйық буында әртүрлі экспирация басқыштарымен айтылады; буын құрауда, буынның тұтастығын сақтауда екпін мен үндестік заңының, дауыссыздар ассимиляциясының қызметі маңызды.

Қазақ тіліндегі буынның ерекшеліктері мен фонетика-фонологиялық табиғаты жайлы А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Ж. Аралбаев, А. Айғабылов, А. Қошқаров, С. Мырзабеков, Ә. Жүнісбек, М. Жүсіпұлы т.б. ғалымдардың зерттеу нәтижелері қазақ тіл біліміндегі буын теориясының ғылыми негіздерін қалыптастырды. Қырғыз тіл білімінде буын мәселесі Т. Ахматов, Т. Садыков, А. Жалилов, А. Орусбаев, К. Дыйканов, Ж. Мамытов, Ж. Сыдыков, М. Мураталиев, К. Токтоналиев т.б. лингвист ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген. Түркі тілдеріндегі буын мен түбір сөздің байланысы Ә. Қайдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды.

Сөзді тасымалдау буын жігіне негізделеді. Қырғыз тіліндегі созылыңқы дауыстылар бір дыбыстың варианты саналатындықтан бір буынға ғана қатысты болады, тасымал кезінде де олардың жігі ажыратылмайды.

18-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі буынның дыбыстық құрамы
 Казак жана кыргыз тилдериндеги муундун тыбыштык курамы

БУЫН ҚҰРАМЫ – МУУН ҚҰРАМЫ			
№	Буынның дыбыстық құрамы Муундун тыбыштык курамы	Қазақ тілінде – Казак тилинде	Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде
1	Бір дыбысты буын / Бир тыбышты муун V моделді буын	a+га ә+же e+не e+кі	a+га ә+же э+не э+ки

* Қырғыз тіліндегі созылыңқы дауыстылар біртұтас (бір) дауысты саналатындықтан бір буын құрайды.

2	Екі дыбысты буын / Эки тыбышты муун VC және CV модельді буындар	ақ ет ат+ты ет+ті ба+ла та+ры	ак эт ат+туу эт+туу ба+ла та+руу
3	Үш дыбысты буын / Үч тыбышты муун CVC және VCC модельді буындар	бас өрт арт+қы қол+тық кем+пір сыз+ғыш	баш өрт арт+кы кол+тук кем+пир сыз+гыч
4	Төрт дыбысты буын / Төрт тыбышты муун CVCC модельді буын	бырт-бырт қант құрт төрт сырт+қа	бырт-бырт кант курт төрт сырт+ка

Батыс қыпшақ тобындағы қазақ тілінде буын дыбыстық құрылымына қарай екі топқа (ашық буын және тұйық буын), шығыс қыпшақ тобындағы қырғыз тілінде үш топқа (ачық муун, жабық муун, туюк муун) бөлінеді. Қазақ тілінде де буынды үш топқа (ашық буын, бітеу буын, тұйық буын) бөліп қарастыру дәстүрі А. Байтұрсынұлынан басталды, көптеген оқу құралдары мен зерттеу еңбектерінде осы дәстүр сақталған. Соңғы кезде қазақ фонетистері бітеу буын мен тұйық буынның табиғатының жақындығына байланысты екеуін бір топта қарастыра бастады. Сондықтан қазіргі қазақ тілінің академиялық грамматикасында бітеу буын мен тұйық буын бір топқа жатқызылады¹⁸. Қазақ және қырғыз тілдерінде бірінші буыннан басқа буындар дауыстыдан басталмайды.

¹⁸ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – 94 б.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі буын түрлері
 Казак жана кыргыз тилдериндеги муундун түрлөрү

БУЫН ТҮРЛЕРІ – МУУН ТҮРЛӨРҮ							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Буын түрлері	Ереже	Мысал	№	Муун түрлөрү	Эреже	Мисал
1	Ашық буын (V, CV)	Жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып, дауыстыға бітетін буын түрі.	а+ға а+ла а+та қа+ла ба+ла ке+ме кі+ші кі+сі кү+бі қа+ра са+ры сү+ра	1	Ачык муун (V, CV)	Жалаң гана үндү тыбыштан турса же үнсүз тыбыш менен башталып, үндүлөр менен аяктаган муун түрү.	а+га а+ла а+та қа+лаа ба+ла ке+ме ки+чи ки+ши кү+бө қа+ра са+ры су+ра
2	Тұйық буын (CVC, CVCC, VC, VCC)	Дауыстыдан немесе дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын буын түрі.	бас көк қыз+дар тас+тар күм+без көй+лек сырт+қа шырт ал ат ер+кін іл+гіш арт+қа	2	Туюк муун (CVC, CVCC)	Үнсүздөр менен башталып, үнсүздөр менен аяктаган муун түрү.	баш көк қыз+дар таш+тар күм+бөз көй+нөк сырт+қа шырт
				3	Жабык муун (VC, VCC)	Үндүү менен башталып, үнсүздер менен бүткен муун түрү.	ал ат эр+кин ил+гич арт+қа

8§ ЕКПІН

Сөз құрамындағы бір буынның басқа буындарға қарағанда қарқынды айтылуы немесе басым айтылуы қазақ және қырғыз тілдеріне де тән фонетикалық заңдылықтар қатарынан орын алады.

Екпін (акцентуация) – сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың созылықтылығы, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуы¹⁹. Сөз құрамындағы белгілі бір буынның қарқынды, көтеріңкі, өзіндік ырғақпен айтылуына байланысты екпін сөйлеу үдерісінің толыққандылығын сипаттайды. Сөздің лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасын айқындау, сөздің тұтастығын қамтамасыз ету, тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыру екпіннің тілдегі мәнін сипаттайды. Түркі тілдеріне тән екпін мен әуезділік – олардың төл табиғатына сәйкес қалыптасқан құбылыс²⁰. Түркі тіл білімінде тілдің дыбыс жүйесіндегі суперсегментті бірлік – екпін мен оның фонологиялық қызметі жайлы әртүрлі көзқарастар бар.

Екпіннің негізгі түрлері – ой екпіні (логикалық екпіні) және инверсия; көңіл-күй екпіні (эмфазалық екпін); сөз екпіні.

Фонетикалық тұрғыдан сөз екпіні тегеурінді / лебізді екпін (динамикалық, экспираторлық, интенсивті, /экспирациялық), әуезді / үнді екпін (музыкалық, мелодиялық, тоникалық), мөлшерлі екпін (квантативті) болып бөлінеді. Фонациялық ауаның күшті қарқынмен айтылуы тегеурінді екпін (қырғыз тілінде – күчтүк же динамикалық басым); дауыстың әуенділігі мен дауыс ырғағына байланысты ажыратылуы әуезді екпін (қырғыз тілінде – музыкалық же тоникалық басым); буын құрамындағы дауыстының созылықтылық деңгейіне қатысты айқындалуы мөлшерлі екпін (қырғыз тілінде – сандық же квантативдик басым) деп аталады. Тегеурінді / лебізді екпін – күшті лебізді және бәсең лебізді, тиянақты лебіз, тиянақсыз лебіз, тұрақты лебіз болып келеді. Сондай-ақ екпін теориясында тіркес екпін (фразалық-түйдектік екпін) ұғымы қолданылады. Дауыстылар жүйесінде созылықты дыбыстары бар қырғыз тілінде квантативті (мөлшерлі) екпін маңызды орын алады. Қазақ тілінде мөлшерлі екпін тегеурінді екпінді толықтырушы үстеме екпін ретінде қарастырылады.

Фонетикалық табиғатына байланысты түркі тілдеріндегі тегеурінді (динамикалық) екпін мен әуезді (музыкалық) екпін айырықша маңызға ие. Э. Тенишев ежелгі алтайлық тектілде екпіннің екі түрінің болу мүмкіндігін көрсетеді: бірінші буында әуезді және динамикалық екпін; бірінші буында динамикалық, екінші-үшінші

¹⁹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – 99 б.

²⁰ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – 403–410 б.

буындарда әуезді екпін²¹. Түркі тілдері лексикасының бірінші буынына динамикалық шұғыл екпін, дисиллабтар мен полисиллабтардың соңғы буынына әуезді музыкалық екпін тән.

Түркі тілдеріндегі екпіннің кей жағдайда жылжымалы болып келуіне, бастапқы түркі түбірлерінің моносиллабтық құрылымға негізделуіне, кейбір қосымшалардың екпін қабылдау қабілетінің төмендігіне байланысты екпіннің соңғы буынға түсуі аглютинациялық құрылымның қалыптасуымен, сөздің күрделенуімен қатар орныққан кейінгі құбылыс ретінде қарастырылады. «Тілдің полисинтетикалық немесе аморфты құрылымы аглютинацияға ауысуымен бірге екпін бір буынды бірнеше түбірді бір грамматикалық топқа ұйыстырудың тәсіліне айналды. Ондай топтың құрамындағы түбірлердің біреуі (бірінші орындағы) ғана лексикалық мағына иесі болады да, қалғандары грамматикалық көрсеткіштер қызметін атқарады. Алғашқы түбір құрамына түскен екпін біртұтастықты белгілеу үшін кейінгі буынға жылжиды²². Түркі тілдеріндегі логикалық екпін барлық үш акустикалық элементтерден тұрады, бірақ олардың біреуі басым болып келеді, негізгі қызметі – фраза деңгейіндегі делимитативтік және кульминативтік, сол сияқты интонация құрамындағы модальдықты көрсету.

«Екпіннің фонетикалық типтерінен тыс оның сөздің қай буынына орналасу ыңғайына қарай бөлінетін құрылымдық (структуралық) типтері бар. Екпіннің құрылымы фонологиялық және морфологиялық болып екі түрге бөлінеді. Фонологиялық екпін тұрақты екпін, еркін екпін болып екіге бөлінеді. Тұрақты екпін деп сөздің нақтылы бір буынында ғана келетін екпінді айтады. Еркін екпін деп сөздің кез келген буынына түсе беретін екпінді айтады»²³.

Қыпшақ тобындағы қазақ және қырғыз тілдеріндегі екпін көбінесе тиянақты әрі тұрақты болып келеді, екі тілде де негізгі екпін сөз соңына түседі, сөзге қосымшалар жалғану барысында екпін келесі буынға жылжып отырады. Кейбір қосымшалар мен шылаулар екпін қабылдамайды, сондықтан екпін олардың алдындағы буынға түседі. Екпінді тұрақсыз сөздердегі екпін белгілі бір лексика-грамматикалық қызмет атқаруы мүмкін. Екпін түскен

²¹ Тенишев Э. В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – Москва, 1996. – С. 9.

²² Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 100 б.

²³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – 102 б.

буын дыбыстың күші мен қарқындылығы, созылыңқылық деңгейі, ырғағы жағынан ерекшеленеді. Сөз құрамындағы буынға екпіннің түсуіне байланысты екпінді буын (басымдуу муун), екпінсіз буын (басымсыз муун) деп ажыратылады. Қазақ және қырғыз тілдерінде сөздің айтылу мақсатына, экспрессиялық-эмоциялық реңкіне байланысты екпіннің сөз шеніндегі орны құбылып, эмфазалық сипат алуы да кездеседі.

20-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі екпін
Казак жана кыргыз тилдериндеги басым

ЕКПІН – БАСЫМ							
I. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі екпіннің негізгі сипаты/ Казак жана кыргыз тилдериндеги басымдын негизги сыпаты							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Екпін теориясы бойынша ереже	Мысалдар		№	Басым теориясы боюнча Эреже	Мисалдар	
1	Екпін негізінен соңғы буынға түседі.	ақылды балдыз балдырған кітап қайта		1	Басым негизинен сөздүн акыркы муунуна түшөт.	акылдуу балдыз балдыркан китеп кайта	
2	Сөзге қосымша жалғанған-да екпін келесі буынға жылжиды	бала балалар балаларым балаларымыз балаларымызды қызыл қызылырақ		2.	Сөзгө мүчө кошулганда басым кийинки муунга өтөт.	бала балдар балдарым балдарыбыз балдарыбызды кызыл кызылырак	
II. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі кейбір төл сөздерінде екпіннің бірінші буынға түсетін жағдайлары кездеседі / Казак жана кыргыз тилдериндеги кээ бир төл сөздөрдө биринчи муунга басым түшкөн учурлар бар.							
Қазақ тілінде / Казак тилинде				Қырғыз тілінде / Кыргыз тилинде			
№	Ереже	Сөз түрлері	Мысалдар	№	Эреже	Сөздүн түрлөрү	Мисалдар
3	Екпін әрдайым бірінші буынға түседі.	а) сұрау есімдік-тері	қайда? неше? қайсы? қанша	3	Басым ар дайым биринчи муунга туура түшөт.	а) сурама ат атоочтор	эмне? қайда? нече? қайсы? қанча?

20-кестенің жалғасы

		ә) күшейтпе мән­ге ие сын есімдер	ап­пақ боп­поз жап-жасыл қап-қара қып-қызыл пып-пысық			ә) кү­шөт­мө мааниге ээ сын атоочтор	ап­пақ боп­поз жап-жашыл-қапкара қыпқызыл көпкөк
		ø	есептік сан есімдердегі екпін реті ауысып отыруы мүмкін, негізгі ерекшелікке емес.			б) кээ бир эсептік сан атоочтор	сегиз
III. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі екпін қабылдамайтын қосымшалар Қазақ жана қырғыз тилдериндеги басымды қабыл албаган мүчөлөр							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Ереже	Қосымша	Мысалдар	№	Эреже	Мүчөлөр	Мисалдар
4	Екпін қабылдамайды, сондықтан екпін олардың алдындағы буынға түседі.	а) етістіктің болымсыз мәнінің жалғауы: -ма/-ме -ба/-бе -па/-пе	айтпа барма жазба жоқтама келме күтпе сөйлеме ұйықтама	4	Басым қабылдамайды, ошондуктан басым алардың алдындағы муунга түшөт.	а) терс этиштин мүчөлөрү: -ма/-мо -ба/-бө -па/-пө	айтпа барба жазба жоқтомо келбе күтпө сүйлөбө уқтаба
		ә) I, II жақ жіктік жалғауы: -мын/-мін -сын/-сің -быз/-біз -мыз/-міз т.б.	адаммын баламын бишімін оқушы-мын қонақ-пыз баласың бишісің қонақсыз жақсы-мын			ә) I, II жақ мүчөлөрү: -мын/мин -мун/-мүн -быз/-биз -пуз/-пүз -сын/-сиң -сыз/-сиз т.б.	адаммын баламын бийчимин оқуучумун конокпуз баласың бийчисиң коноксуз жакшымын
		б) келер шақ мағыналы жіктік жалғауы: -ды/-ді -сын/-сің	барады біледі істейді оқиды ойнайды көреді келесің			б) келер чактын II жақ мүчөлөрү: -сын/-сиң -сыз/-сиз -суз/-сүз	айтасың барасың билесің келесің көрөсүз ойнойсуз оқуйсуз
		в) бұйрық райдың II жағы, сыпайы түрі: -ңыз/-ңіз -ыңыз/-іңіз	алыңыз ойнаңыз жырлаңыз жеңіз келіңіз істеніз қараңыз ұстаңыз отырыңыз түсіңіз тұрыңыз			в) буйрук ыңгайдын мүчөлөрү: -гын/-гин -гыла/-гиле -ыңыз/-иңіз/-уңуз/-үңүз	ойногыла ырдагыла келгиле иштегиле иштегин караңыз кармаңыз отуруңуз келиңіз түшүңүз туруңуз

	г) қалау райдың I, II жағы: -айын/ -ейін -айық/ -ейік -алық/ -елік -чы/-чи т.б.	барайын келейін айтшы берші жазшы келші істеші оқышы тыңдайық жырлашы істейік баралық			г) I, II жак каало-о-тилек ыңғайдын мүчөлөрү: -айын/-ейін -чы/-чи -алы/ -алык т.б.	барайын келейін айтчы берчи жазчы окучу угалы көтөргүн окучу ырдагыла иштегин көтөргүн
	ғ) болжалды мән беретін қосымша: -ды/-ді, -дүр*	айтқанды алғанды келгенді көргенді барғанды бергенді кісінейдүр			ғ) болжолдуу мааниге ээ мүчөлөр: -дир/ -дер	айтқандыр келгендир

IV. Қазақ және қырғыз тілдерінде кейбір шылаулар екпін қабылдамайды / Казак жана кыргыз тилдеринде кээ бир мүчөлөр басымды кабыл албайт

Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Ереже	Шылау	Мысалдар	№	Эреже	Мүчөлөр	Мисалдар
5	Сұраулық шылаулар екпін қабылдамайды, сондықтан екпін алдыңғы буынға түседі.	Г) а) сұраулық шылаулар: ма, ме ба, бе па, пе	адам ба? бардың ба? бар ма? келдің бе? кеттің ба? көрдің ба? күлді ма? сөйледің ба? тоқтай ма? солай ма? ат па?	5	Суроону билдирүүчү мүчөлөр қабылдабайт, ошондуктан басым алдындагы муунга түшөт.	а) суроону билдирүүчү: -бы -бу -би -пы (қырғыз тілінде шылауға кірмейді)	адамбы? барасыңбы? бар бы? кеттиңби? көрдүңби? күлдүбү? сүйлөдүңбү? той бу? ушулбу? атпы?

V. Қазақ және қырғыз тілдерінде кейбір сөзжасам жұрнақтары екпін қабылдамайды / Казак жана кыргыз тилдеринде сөз жасоонун кээ бир мүчөлөрү басым кабыл албайт

Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Ереже	Жұрнақ	Мысалдар	№	Эреже	Мүчөлөр	Мисалдар
6	Екпін қабылдамайды, сондықтан екпін олардың алдындағы буынға түседі.	а) үстеу жасайтын жұрнақ: -тай/-тей -дай/-дей	жұлдыздай қыстай жаздай күздей нәрестедей сендей таудай	6	Басым қабылдамайт, ошондуктан басым алардың алдындагы муунга түшөт.	в) токтооч жасоочу мүчөлөр: -тай/-тей -дай/-дей -дөй	жылдыздай кыштай күздөй наристедей сендей тоодой
		ә) үстеу жасайтын жұрнақ: -ша/-ше	адамша байша еркекше құлша			в) токтооч жасоочу мүчөлөр: -ча/-че	адамча байча эркекче құлча

20-кестенің жалғасы

VI. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі кейбір орыс тілінен сөздер мен орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдерде екпін ережесі бұзылады / Казак жана кырғыз тилдеринде орус тили аркылуу киргизилген сөздөр менен эл аралык терминдер терминдерде басым эрежеси бузулат.							
Қазақ тілінде / Казак тилинде				Қырғыз тілінде / Кыргыз тилинде			
№	Ереже	Сөз түрі	Мысалдар	№	Эреже	Сөз түрі	Мисалдар
7	Екпін ережесі сақталмайды.	орыс тілі арқылы енген сөздер мен халық-аралық терминдер	автор алгебра биржа ботаника концерт химия фонетика физика филармония	7	Басым эрежесі сақталбайт.	орус тили аркылуу киргизилген сөздөр менен эл аралык терминдер	автор алгебра биржа ботаника концерт химия фонетика физика филармония.

* **ды/-ді, -дүр** тұлғалары ескі қазақ тіліне тән өнімсіз қосымшалар.

ЕКІНШІ
БӨЛІМ

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ
ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ

1§ СӨЗДІК ҚҰРАМ

Сөздік құрам (лексика) – белгілі бір халықтың тұрмыс жағдайын, күнкөріс-тіршілігін, кәсібін түгел қамтып көрсететін тілдердегі сөздер жиынтығы²⁴. Тіл білімінде лексика ұғымы – белгілі бір тілдің сөздік қоры ретінде де түсіндіріледі. Сөздік қор жалпы сөздік қор және негізгі сөздік қор деп бөлінеді, бұл тұрғыдан алғанда жалпы сөздік қор жалпы лексикаға балама бола алады. Ал негізгі сөздік қор жалпы лексиканың негізгі шығу арналарының ең маңызды бөлігін құрайтын байырғы сөздерден тұрады. Сондықтан негізгі сөздік қордың көлемі сөздік құрамға қарағанда аз болады.

Лексикология – сөздердің лексикалық жүйедегі орнын, шығу тегін, қолданылу ерекшеліктерін, стильдік мәні мен сипатын зерттейтін тіл білімінің саласы. Лексикология сөздік құрамды тұтас жүйе ретінде, тілдің қалыптасқан лексикалық жүйесі тұрғысынан қарастырады. Соған орай түркі лексикологиясы да түркі тілдеріндегі сөздердің құрамдық және мағыналық түрлерін, тарихи арналары мен қабаттарын, толығу, даму жолдарын, экспрессивті-стилистикалық мәнін, қолданыс аясын зерттейді. Яғни лексикологияның зерттеу нысаны – сөз және сөз байлығы. Сөз – белгілі бір ұғымның, заттың, құбылыстың, қимыл-әрекеттің, түр-түстің, сапалық қасиеттердің т.б. ұғымдық мән-мағыналардың тілдегі аталуы, лингвистикалық бірлікке айналуы. Белгілі бір этникалық топтың тілдік қарым-қатынас үдерісіндегі бәріне ортақ, бәріне түсінікті сөздер сол халықтың ана тіліне негіз болады. Реалды болмыстағы құбылыстар мен заттар туралы ұғымдар жеке сөздермен бірге қалыптасқан тұрақты тіркестермен, тұрақты оралымдармен де түсіндірілетіндіктен фразеология мен паремиология да лексикологияның зерттеу нысанына жатады.

Лексикология сөздің қазіргі қалып-күйіне және тарихи даму жолына, зерттеу нысанына байланысты синхрониялық

²⁴ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 355 б.

(сипаттамалы/сыпаттамалуу) лексикология, диахрониялық (тарихи/тарыхый) лексикология, салыстырмалы/салыштырмалуу лексикология, салыстырмалы-тарихи/салыштырмалуу-тарыхый лексикология, салғастырмалы лексикология болып бөлінеді. Тілдің лексикология саласында толассыз жүріп жататын өзгерістер тіл дамуының әрбір хронологиялық кезеңіндегі интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға сай жүзеге асады. Сондықтан лексикалық жүйенің қазіргі қалпын зерттейтін синхрониялық лексикология мен тарихи негізде зерттейтін диахрониялық лексикология өзара сабақтасып жатады. «Тарихи лексикологияның жалпы лексикологиядан басты айырмашылығы – ол тіл фактілерін зерттеуде тарихи принципке сүйене отырып, белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың тарихына байланысты, сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына т.б. экстралингвистикалық факторларына қатысты зерттейді²⁵. Әрбір тілдің лексикалық қоры, сол тілдің иесі халықтың тарихымен, дүниетанымымен тікелей байланысты дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, толығып, жаңарып отырады.

Лексика мазмұнына қарай: есім сөздер және шылау сөздер (алғашқысы атауыштық қасиетке ие келеді де белгілі бір ұғымды білдіріп, сөйлем мүшелері қызметін атқарса, екіншісі бұл қасиетке ие емес); абстракты сөздер (жалпылық мағынаға ие сөздер) және нақтылы сөздер (заттық мағынаға ие сөздер); синонимдер (тұлғасы басқа, мағынасы ұқсас, мәндес сөздер); антонимдер (мағыналары қарама-қарсы сөздер) болып бөлінеді. Сипаты мен көрінісі жағынан лексика былайша сараланады: 1) омонимдер (тұлғасы ұқсас, мағыналары әртүрлі сөздер); 2) омографтар – бір түрлі жазылып, әртүрлі оқылып, түсінілетін я айтылатын сөздер; 3) омофондар – жазылуы әртүрлі болғанмен айтылуы ұқсас сөздер; 4) омоформдар – омонимдес тұлғалар, түрлі тұлғада келгенімен дыбысталу жағынан сәйкес, ұқсас сөздер²⁶. Кез келген тілдегі лексикалық қор стильдік жағынан да сараланады: кірме сөздер, кәсіби лексика, диалектизмдер, тұтас ұғымды білдіретін лексикалық сөз тіркестері (фразеологизмдер, идиомалар).

²⁵ Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 50 б.

²⁶ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 254 б.

Тілдегі сөздің маңызы оның семантикасымен, мазмұндық-мағыналық аясымен өлшенеді. Сондықтан тіл білімінің лексикология саласы сөздің мағыналық құрылымын зерттейтін семасиология ғылымымен тығыз байланысты.

Тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі ұқсас, көршілес аумақты мекендеп келе жатқан қазақ және қырғыз халықтарының лексикалық қоры негізінен ортақ болып келеді. Қыпшақ тілдерінің батыс тобындағы қазақ тілі мен шығыс тобындағы қырғыз тілінің сөз құрамы мен сөздік қорының ортақтығына біріншіден, жалпытүркілік базалық лексика, екіншіден, жалпықыпшақтық ортақ лексика, үшіншіден, өзара тығыз қарым-қатынастағы даму үдерістері мен ортақ саяси-әлеуметтік жағдай негіз болды.

1-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі лексикалық параллельдер
Казак-кыргыз тилдериндеги лексикалык параллелдер

ЕСІМ СӨЗДЕР– АТООЧ СӨЗДӨР			
Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде	Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде
<i>Туыстыққа қатысты сөздер</i>			
аға	Аға	ана, ене	эне
апа	Апа	әкпе	эже
ата	Ата	іні	ини
бөле	Бөлө	жезде	жезде
келін	Келин	күйеу	күйөө
қарындас	Карындаш	нағашы	таяке
сіңлі	Сиңди	немере	небере
<i>Дене мүшелеріне қатысты сөздер (соматизмдер)</i>			
алақан	Алакан	ауыз	ооз
аяқ	бут, аяк	асқазан	ашказан
бас	Баш	білек	билек
бауыр	Боор	бүйрек	бөйрөк
ерін	Эрин	желке	желке
жүрек	Жүрөк	көз	көз
кірпік	Кирпик	қас	каш
маңдай	Маңдай	мойын	моюн
мурын	Мурун	тырнақ	тырмак
шаш	Чач	шеке	чеке
<i>Ру – тайпа, халық атаулары (этнонимдер)</i>			
арғын	арғын	әзірбайжан	азербайжа

башқұрт	башкыр	булғар	булгар
жалайыр	жалайыр	қазақ	казак
қаңлы	канлы	қарақалпақ	каракалпак
қарлұқ	карлук	қырғыз	кыргыз
құмық	кумык	қыпшақ	кыпчак
оғыз	огуз	өзбек	өзбек
өзбек	өзбек	ұйғыр	уйгур
татар	татар	түрік	түрк
үйсін	үйсин	түрікмен	түркмөн
<i>Жан-жануарларға, құстарға қатысты жалпы есімдер (зоонимдер)</i>			
арыстан	арстан	айғыр	айғыр
байтал	байтал	бие	бээ
бүркіт	бүркүт	бұзау	музоо
ешкі	эчки	жолбарыс	жолборс
жылқы	жылкы	жылан	жылан
көкек	күкүк	қарға	карга
қасқыр	карышкыр	қозы	козу
қой	кой	қоян	коён
торғай	торгой	түйе	төө
түлкі	түлкү	шегіртке	чегиртке
шыбын	чымын	шіркей	чиркей, сона
<i>Өсімдіктерге қатысты сөздер (фитонимдер)</i>			
арша	арча	арпа	арпа
бәйтерек	байтерек	бетеге	бетеге
бидай	буудай	ебелек	эбелек
жауқазын	жоогазын	жалбыз	жалбыз
жантақ	жантак	жүгері	жүгөрү
қайың	кайың	қарағай	карагай
қаңбақ	канбак	сарымсақ	сарымсак
тары	таруу	тобылғы	тобулгы
<i>Аспан денелеріне қатысты сөздер (космонимдер)</i>			
Ай	Ай	жұлдыз	жылдыз
Күн	Күн	Жеті қарақшы	Жети каракчы
Темірқазық	Темирказык	Сүмбіле	Сүмбүлө
Шолпан	Чолпон	Үркер	Үркөр

2§ СӨЗ МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ УӘЖДІЛІК

Зат, құбылыс, қасиет, іс-әрекет туралы түсініктің адамның ой-санасында бейнеленуі мен орнығуы нәтижесінде қалыптасатын сөз мағынасы, яғни лексикалық мағына таңба деңгейіндегі сөздің жалпы сапалық қасиеттері арқылы – сөздің семантикасы, прагматикасы, синтактикасы арқылы анықталатын күрделі құрылым. Семантикалық мәні тұрғысынан лексикалық мағынаның құрылымы сигнификативті және денотатты аспектілерге ажыратылады. Сөздердің мағыналық жағынан сараланып, жаңа ұғым атауы болып қалыптасуы жалпы тіл біліміндегі аталым (номинация) теориясының қағидалары негізінде іске асатын құбылыс.

Шынайы заттар мен құбылыстардың адам санасында бейнеленуі, олардың негізгі белгілерінің тілде бұрыннан бар сөздердің семантикалық белгілерімен аналогиялық сабақтастықта өрбуі жаңа ұғым атауын қалыптастырады. Соның нәтижесінде реалды өмірдегі жаңа танылған заттар мен құбылыстардың адам санасында бейнеленген таңбасы лингвистикалық сипат алды. Лингвистикалық таңбалар да кез келген коммуникативтік мақсатта шартты көрсеткіш ретінде қолданылатын барлық таңбалар (заттық, графикалық, акустикалық, жарық (от), қимыл, ым т.б.) сияқты семиологиялық жалпы қағидаларын басшылыққа алады, белгілі бір мазмұнға, мағынаға, ұғым атауына бағыттанып, коммуникативтік қызмет атқарады. Лингвистикалық таңба коммуникативтік қызметпен қатар танымдық әрі эмоционалдық-экспрессивтік қызмет те атқарады. Тілдік таңба басқа таңбалардан ең бірінші осы танымдық қызметі арқылы және кең ауқымды әмбебаптығымен, таңбалар жүйесінің күрделілігімен, түрлену мүмкіндігінің молдығымен, эмоционалды-экспрессивті сипатымен ерекшеленеді.

Тілдік таңбалар денотаттың қасиетін, сапасын, іс әрекеті мен қимылын, мөлшерін, көлемін т.б. сипаттайтын жалпы белгілердің бірін негізге алады. Ол белгі денотаттың ең маңызды сапалық қасиеті болуы шарт емес, таным иесінің қабылдауына байланысты денотаттың кез келген белгісі маңыздылыққа ие бола алады. Мұндай белгілер лингвистикада уәж (мотив) деп аталады. Лингвистикалық аталым – осы ерекше басымдық берілген белгілердің тілдегі көрінісі, осы белгілер арқылы жаңа атаудың қалыптасу себептері негізделеді, уәжделеді, сөз мағынасы қалыптасады.

Тілдік бірліктердің пайда болуының жалпы заңдылықтары мен ұғым, тілдік бірлік пен реалийдің өзара қарым-қатынасындағы сөйлеушінің рөлін, ұғымның лингвистикалық бірлікке айналу тетіктерін анықтауға бағытталған аталымның (номинация) негізгі қызметі уәжділікпен (мотивация) тікелей байланысты. Уәжділік құбылысы тіл білімінде түрліше аталып жүр: ішкі тұлға, мағына белгісі, мотивация, негіздеме т.б.

Санадағы шындық фактілерінің тілдік жүйенің бірлігіне айналуы лексиканың, лексикалық мағынаның онтологиялық сипатын, яғни адами болмыспен сабақтастығын айқындайды. Жалпы дүниетанымдағы тұлға мен мазмұнның бірлігі тілдік бірліктерден көрініс беретіндіктен қандай да болмасын заттың, құбылыстың, сапалық қасиеттің, іс-әрекеттің атауы оның ішкі мазмұнымен тығыз байланыста болып келеді. Жаңа атаудың дүниеге келуі сол тілде сөйлеуші халықтың тарихи даму жағдайына байланысты қалыптасатындықтан, сол зат туралы алғашқы ұғым олардың дүниетанымына, тіршілік көзі негізгі кәсібіне, салт-дәстүріне, қоршаған табиғи ортаға байланысты қалыптасатыны белгілі. Тілдің ішкі даму заңдылықтарына және қоғамның дамуымен қатар жүретін тілдік қажеттіліктерге орай алғашқы мағына кеңейіп, жалпылама сипат алуы немесе керісінше тарылып, нақтылана түсуі, сондай-ақ семаларға тарамдалып, әрқайсысы жаңа ұғым атауына негіз болып сараланып кетуі де мүмкін. Сондықтан тіл білімінде аталымның екі түрі көрсетіледі: бірінші дәрежелі немесе алғашқы аталым; екінші дәрежелі немесе кейінгі аталым. Кейінгі аталым сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде өзіне негіз болған түбірмен мағыналық байланысы үзіліп немесе әлсіреп, жаңа мазмұнға ие болады. Бұл құбылыс алғашқы атауға негіз болған уәждік белгілердің қоғамдық өзгерістерге байланысты көмескіленіп, күңгірттенуінің нәтижесінде болады. Лексикалық материалды атаудың негізгі құралы уәждеу үдерісінде уәждік көмескілену (демотивация), уәждік ауысу (ремотивация) құбылыстары қатар жүріп отырады. Алғашқы аталымдардың туындылығы жаңғырту (реконструкция) негізінде этимологиялық және тарихи талдау арқылы анықталады.

Тілдік аталымның уәжділігі ішкі мазмұнға ғана емес, белгілі бір дәрежеде сөз тұлғасына да қатысты. Осыған орай уәжділік тіл білімінің семасиология саласында негізінен – фонетикалық уәж,

морфологиялық уәж, семантикалық уәж болып үшке бөлінеді. Сондай-ақ семантика-морфологиялық, лексикалық, сөзжасамдық, синтаксистік т.б. уәждерді ұсынушы көзқарастар да бар.

Мағыналық жағынан ажыраған түбірлес сөздердің сыртқы тұлғасы мен ішкі мазмұнының байланысы сақталады. Бұл құбылысты түбірлес сөздерге негіз болған тарихи түбірдің архисемасының тұрақтылығымен әрі көпқырлылығымен түсіндіруге болады. Тілдік жүйенің ең көне қабаттарына жататын архитүбірдің мағынасы сол түбірден тараған негіздер мен туынды сөздерде дифференциалды түрде сақталып, түбірлес сөздердің жалпы семантикалық өрісіндегі өзара сабақтас жеке семаларды құрайды. Тілде бұрыннан қолданылып жүрген белгілі бір жалпы ұғымды білдіретін варианттар немесе жаңадан жасалған тұлғалар сол семалардың сыртқы қалыбын бейнелеп, дербес лексемаларға айналады²⁷.

Фонетикалық уәж тілдің ономотопикалық және одағай теорияларымен негіздес. Затты, ұғымды атау процесі барысында дыбысталу мен мағынаның тікелей байланысқа түсуіне негіз болатын фонетикалық уәж тілдік дамудың алғашқы кезеңдеріне тән. Сондықтан ол алғашқы уәждеу деп аталады. Уәждік белгі ретінде фонологиялық қызметте жұмсалатын дыбыстар алынады. Тілдік дамуға жүйелі сөздік қордың қалыптасуына байланысты фонетикалық уәждің көмескіленіп, секундарлық уәждің (морфологиялық, семантикалық) көлеңкесінде қалуына байланысты, бұл теорияны жоққа шығарушы көзқарастар да болды. Әйтсе де, сөз мағынасының, ұғым атауының терең қабаттарында жатқан дыбыс бейнелеуіштік негізді қолдаушы тіл мамандарының жинақтаған мол деректері әрі теориялық зерттеулері нәтижесінде фонетикалық уәж тіл білімінің жаңа саласы фоно-семантиканың негізгі объектілерінің біріне айналды²⁸. Қазақ-қырғыз тілдері бойынша сөз мағынасы мен морфологиялық құрылымының арасындағы байланысты білдіретін фоно-морфологиялық, морфологиялық уәжділіктердің маңыздылығы Б.М. Юнусалиев, А. Ысқақов, Ә. Қайдар, А. Қалыбаева, Б. Орузбаева, М. Оразов, Б. Сағындық, Е. Қажыбек, Ж. Манкеева т.б. ғалымдардың зерттеулерінде негізделді.

²⁷ Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2003. – 157 б.

²⁸ Қараңыз: Хусаинов К. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1988.

Номинация құбылысының бірінші дәрежесінде де, екінші дәрежесінде де семантикалық уәждің орны ерекше. Екінші дәрежелі номинация сол тілде сөйлеуші халықтың ой-санасының ассоциативті сипатына, сол зат (реалий) туралы біліміне қатысты семасиология ғылымының семантикалық жылжу, ауысу тенденцияларына сай жасалады. Өзара төркіндес сөздердің мағыналық саралануы олардың ілкі түбірі мен бастапқы мағыналық номинация қағидаларына орай ортақ уәждерімен негізделіп, қоғамдық, тілдік (семантикалық) дамуға байланысты, сөз тудырушы морфемаларды қабылдай отырып, 1) жалпыдан нақтыға; 2) нақтыдан жалпыға ауысу бағыты бойынша жүреді²⁹.

Сөз мағынасы сөздің тілдік жүйені қалыптастырушы тірек ретіндегі орны мен қарым-қатынас үдерісіндегі маңыздылығын айқындайды.

3§ СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ КӨП МАҒЫНАЛЫЛЫҚ

Тіл білімінде сөз мағыналары әртүрлі аспектіде қарастырылып, әртүрлі бағытта топтастырылады, негізгілері: лексикалық мағына және грамматикалық мағына, тура мағына және ауыспалы мағына; негізгі мағына және туынды мағына, деректі мағына және жалпылама мағына, фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксистік шартты мағына т.б.

Лексикалық мағына – санада бейнелініп тұрақталған зат пен құбылыс, түрлі қасиеттер мен іс-қимыл туралы ұғымның тілдегі мазмұны. Грамматикалық мағына – сөздің белгілі бір топқа, сөз табына тән екендігін, басқа сөз таптарымен тіркесу мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін, сондай-ақ оның түрлік өзгеріске түсу қабілетін (жіктелу, септелу т.б.), сөз тіркесі мен сөйлем ішінде басқа сөздерге қатынасын айқындайды³⁰.

Сөздің тура мағынасы – нақты ұғымның сөзде бейнеленуі, яғни мағына зат пен құбылысқа жанама түрде емес тура бағытталады. Сөздің ауыспалы мағынасы – сөздің негізгі мағынасын метафоралық,

²⁹ Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. –Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2003. –164-165 б.

³⁰ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 361 б.

метонимиялық қолданыспен, функционалдық ортақтастықпен, ұғымдық жақындықпен, аналогиялық сәйкестіктермен байланыстыратын лексикалық тура мағынадан ыдыраған туынды мағына. Сөздердің белгілі бір контексте өзінің тура мағынасынан тыс үстеме мән жүктеп қолданылуы синтаксистік шартты мағына деп аталады. Синтаксистік шартты мағына ауыспалы әрі тиянақсыз болып келеді.

Деректі мағына – сезім органдары арқылы (көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, иіскеп, дәмін татып т.б.) тануға болатын нақты заттар мен құбылыстарды, қимылды, қасиеттерді бейнелейтін сөздердің мағынасы: қаз. *адам, тау, су, қызыл, суық, ыстық, секіру* ~ қырғ. *адам, тоо, су, кызыл, суук, ысык, секирүү* т.б. Жалпылама (абстрактылы) мағына – адам сезім органдары арқылы біле алмайтын, санада ғана танылған ұғымдарды білдіретін сөздердің мағынасы: қаз. *ой, қиял, ниет, тілек, адамгершілік*~қырғ. *ой, кыял, ниет, тилек, адамкерчилик* т.б.

Фразеологиялық байлаулы мағына – қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінің біртұтас лексикалық мағынасы. Тура мағыналы сөз көптеген сөздермен тіркесіп, түрлі мағыналарды берсе, фразеологиялық байлаулы мағынада белгілі бір сөздермен ғана тіркеседі әрі біртұтас бір мағынаны ғана бере алады. Мысалы, қазақ және қырғыз тілдеріндегі *ит* «қасқыр тұқымдас үй жануары» лексемасы тура мағынасында айтпақ ойға байланысты әртүрлі сөзбен тіркесіп, әрқилы мәнде қолданыла алады: *қаңғыбас ит~жолбун ит, қара ит~қара ит, ит өлді~ит өлдү* т.б. Ал итті жеті қазынаның бірі санайтын қазақтар мен қырғыздардың дүниетанымындағы «жақсы ит өлігін көрсетпейді~жақшы ит өлүгүн көрсөтпөйт» ұғымына сәйкес *ит өлген жер ~ ит өлгөн жер* фразеологизмі «алыс, жырақ, қашық» мағынасына ие болып тұр. Фразеологиялық мағына синонимдік қатарлардың, антонимдік жұптардың жасалуына да негіз бола алады.

Көп мағыналылық / көп маанилүүлүк (полисемия) – бір сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болуы. Семантикалық даму нәтижесінде орныққан полисемиялық құбылыстар санада бұрыннан танылып лингвистикалық тұлға ретінде қалыптасқан ұғымдарды ұқсату, салыстыру, шендестіру т.б. сияқты амалдар арқылы жаңа ұғымды атау барысында жүзеге асады. Бұл орайда тіл иесі халықтың дүниетанымдық ерекшеліктері айырықша орын алады. Мысалы, қазақ және қырғыз халықтарының дүниетанымы бойынша ұрпақ

жалғастырушы ұл баланың орны ерекше. Сондай-ақ екі халықтың да тұрмыс-тіршілігіне байланысты мал басының кемімеуі де маңызды. Мұны қазақ және қырғыз тілдеріндегі *тұяқ/туяг* лексемасының семантикасынан аңғаруға болады: қаз. *тұяқ* – 1. Малдың аяғының басындағы жер басып жүретін мүйізді бөлігі: *Аттың тұяғына тас батты*; 2. Төрт түлік малдың жалпы атауы: *Бес-алты майда тұяғы бар*; 3. Ұл бала, ұрпақ: *Артында тұяқ қалған жоқ*~қырғ. *туяк* – 1. Малдын бутунун жерди басуучу мүйүздүү бөлүгү: *Аттын туягына таш тийди*; 2. Малдың өзү: *Беш-алты майда туягы бар*; 3. Бала, эркек бала: *Артында туяк калган жок*. Көп мағыналы сөздің мағыналары арасындағы семантикалық байланыс семалардың қызметі арқылы анықталады.

Лексикалық жүйенің семантикалық дамуы барысындағы омонимия, антонимия, синонимия құбылыстары нәтижесінде омонимдік, синонимдік, антонимдік мағыналар қалыптасады.

Омонимдік мағына – тұлғасы бірдей сөздердің өзара байланысы жоқ әртүрлі мағына беруі. Омонимия мен полисемияның негізгі айырмашылығы: көп мағыналы сөздерде семантикалық байланыс болады; омоним сөздерде семантикалық байланыс болмайды: қаз. жүз 1. сан есім: *Жүз қойым бар*; 2. зат есім. Өң, бет-әлпет: *Қыздың жүзі сұлу екен*; 3. етістік. Малту: *Суда жүз ~қырғ. жүз 1. сан атооч: Жүз койум бар*; 2. зат атооч. Бет, түс: *Кыздын жүзү сулуу экен*.

Синонимдік мағына – бір-біріне жақын, ұқсас мағыналар: қаз. *ел, халық, жұрт, халайық* ~ қырғ. *эл, калк, журт, калайык*. Синонимия құбылысы адам санасында танылған ұқсас ұғымдардың өзіндік семантикалық реңкі бар, бірақ мағыналары бір-біріне өте жақын екі немесе бірнеше тұлға арқылы тілдік бірліктерге айналуын сипаттайды. Синонимдік қатарлар тілдік қарым-қатынаста бір-бірін алмастыра алады.

Антонимдік мағына – бір-біріне қарама-қарсы мағыналар: қаз. *жарық↔қараңғы* ~ қырғ. *жарык↔караңгы*. Антонимия құбылысы адамның санадағы ұғымдарды салыстырып, бір-біріне қарсы қою арқылы тануынан туындайтын бинарлық-оппозициялық қатынастардың тілдегі көрінісін сипаттайды.

Батыс қыпшақ тобындағы қазақ және шығыс қыпшақ тобындағы қырғыз тілдеріндегі синонимдік қатарлар мен антонимдік жұптар негізінен бірдей лексемалардан тұрады, сөздердің полисемиялық қабілеттері де ұқсас болып келеді.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі синонимдер
Қазақ жана қырғыз тилдериндеги синонимдер

СИНОНИМДІК ҚАТАР – СИНОНИМДИК КАТАР			
Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде	Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде
Зат есім – Зат атооч			
адам, кісі, жан	адам, киси	ақыл, ес	акыл, ес
аспап, құрал, сайман, жарақ	аспап, курал, жарақ, шайман	ел, халық, жұрт, халайық	эл, калк, журт, калайык
ат, есім, ныспы	ат, ысым, наам	айла, шарғы, амал	айла, арга, амал
әлем, жер жүзі, дүниежүзі, жаһан	алаам, жер жүзүү, дүйнө жүзү, жаан	атақ, даңқ, дәреже, мәртебе,	атак, даңк, даңаза, мар-таба, даража,
бет, жүз, рең, дидар, өң, түр	бет, жүз, ирең, өң, ажар, дидар	ер, батыр	эр, баатыр
жаңбыр, жауын	жамгыр, жаан	кәрі, қария, қарт	кары, карыя, карт
қызмет, іс, жұмыс	кызмат, иш, жумуш	көгершін, кептер	көгүшкөн, кептер
қант, шекер	кант, шекер	қала, сахар	шаар, кала
Сын есім – Сын атооч			
алыс, ұзақ, жырақ	алыс, узак, ырак	арық, жіңішке	арык, ичке
жақсы, керемет, тамаша	жакшы, керемет, тамаша	жалған, өтірік	жалган, калп, өтүрүк
күшті, қайратты, мықты, қуатты, қарулы, әлді	күчтүү, кайраттуу, каруулуу, кубаттуу, мыкты, алдуу	сұлу, ару, көркем, көрікті, әдемі, шырайлы, өңді, реңді, келбетті	кооз, сулуу, көркөм, өндүү, көрүктүү, чы-райлуу, түстүү
басқа, бөлек	башка, бөлөк	мақтаншақ, даңғой, желөкпе	мактанчак, көйрөң, желөкпө
Етістік – Этиш			
адас-, жаңыл-, қателес-	адаш-, жаңылыш-	айт-, сөйле-, де-	айт-, де-, сүйлө-
қуан-, шаттан-, сүйін-	кубан-, сүйүн-	жығыл-, құла-	жыгыл-, кула-
Үстеу –Тактооч			
алға, алдыға, ілгері	алга, алдыга, ил-гери	артқа, кейін	артка, кийин

айрықша, басқаша, ерекше	айрықча, башка- ча, бөтөнчө, өз- гөчө, бөлөкчө	тез, дереу, жылдам, шашпаң, әп-сәтте	бат, тез, дароо, ылдам, чапчаң, заматта
Септеулік шылау –Жаңдооч			
сияқты, секілді	сыяктуу, шекил- дүү	туралы, жөнінде, хақында	тууралуу, жөнүндө
Жалғаулық шылау – Байламта			
бірақ, әйтсе де	бирок, антсе да	себебі, өйткені	себеби, анткени

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі антонимдер
Казак жана кыргыз тилдериндеги антонимдер

АНТОНИМДІК ЖҰПТАР– АНТОНИМДИК ЖУПТАР			
Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде	Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде
Зат есім – Зат атооч			
әйел↔еркек	аял ↔эркек	батыс↔шығыс	батыш↔чыгыш
бейбітшілік↔ соғыс	тынчтык ↔согуш	дос↔дұшпан	дос↔душман
жаз↔қыс	жай↔кыш	жақсылық↔ жамандық	жакшылык↔ жамандык
жастық↔кәрілік	жаштык↔карылык	жер ↔көк (аспан)	жер ↔көк (асман)
көл↔шөл	көл↔чөл	күн↔түн	күн↔түн
қуаныш↔өкініш	кубаныч↔өкүнүч	өмір↔өлім	өмүр↔өлүм
пейіш↔тозақ	бейиш↔тозок	солтүстік↔ оңтүстік	түндүк↔түштүк
Сын есім – Сын атооч			
ақ↔қара	ак↔кара	ақылды↔ақмақ	акылдуу↔акмак
арық↔семіз	арык↔семиз	арзан↔қымбат	арзан↔кымбат
аш↔тоқ	ач↔ток	аз↔көп	аз↔көп
ашты↔тәтті	ачуу↔татуу	ауыр↔жеңіл	оор↔жеңил
бай↔жарлы	бай↔жарлы	бүтін↔сынық	бүтүн↔сынык
бай↔кедей	бай↔кедей	бүтін↔жыртық	бүтүн↔жыртык
биік ↔аласа	бийик ↔жапыз	доғал↔сүйір	тоголок↔сүйрү
жақсы↔жаман	жакшы↔жаман	жарық↔қараңғы	жарык↔караңгы
жалқы↔егіз	жалкы↔егиз	жуан↔жіңішке	жоон↔ичке
жалқы↔жүп	жалқы↔жүп		
кең↔тар	кең↔кууш,тар	қатты↔ жұмсақ	катуу ↔жумшак
оң↔теріс	оң↔терс	ұзын↔қысқа	узун↔кыска
үлкен↔кіші	чоң↔кичине	ыстық↔суық	ысык↔суук

Етістік – Этиш			
ал↔бер	ал↔бер	аш↔жап	ач↔жап
бірігу↔ажырау	биригүү↔ажыроо	кел↔кет	кел↔кет
жат↔түр	жат↔тур	көбею↔азаю	көбөйүү↔азаюу
ки↔шеш	кий↔чеч	кір↔шық	кир↔чык
отур↔тур	отур↔тур	шаш↔жый	чач↔жый
Үстеу – Тактооч			
ары↔бері	ары↔бери	асты↔үсті	асты↔үстү
жазда↔қыста	жайында↔ кышында	ерте↔кеш	эрте↔кеч
жоғары↔төмен	жогору↔төмөн	ілгері↔кейін	илгери↔кийин

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі омонимдер
Казак жана кыргыз тилдериндеги омонимдер

ОМОНИМДЕР– ОМОНИМДЕР			
Қазақ тілінде		Қырғыз тилинде	
Ақ	I. сын. Сүттің, қардың өңіндеі аппақ түс. II. етістік. Судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы.	Ак	I. сын. Өңү сүттөй, кардай аппақ түс. II. этиш. Суунун жылмакай кыймылы.
Ат	I. зат. Жылқы, мініске, шаруаға қолданылатын жылқы малы. II. зат. Есім, нам. III. етістік. 1. Қару-жарақпен оқ шығару. 2. Лақтыру. IV. Иіскеу, шегу	Ат	I. зат. Жылкы. II. зат. Есим, наам. III. этиш. 1. Курал менен ок чыгаруу. 2. Ыргыгуу, лактыруу. IV. Жыттоо, чегүү
Жар	I. зат. 1. Жұбай, зайып, ерлі-зайыптылардың сыңары; 2. сүйікті, ер адамның немесе әйел адамның гашығы. II. етістік. Мойынсүнбау, істегісі келмеу, қаламау: Мойны жар бермеу. III. зат. Өзеннің тік құлама жағасы, бір жағын су жеп топырағы кертiлiп құлаған жер. IV. 1. зат. Хабар, хабарлама, жария; 2. етістік. Құлақтандыру, хабарландыру, жариялау. V. етістік. 1. Ағашты, отынды балтамен қақ айыру немесе басқа бір бүтін затты әдейі бөліп бөлшектеу.	Жар	же күйөөсү. II. Мойну жар бербөө. III. Бир жағын суу жеп же урап калган тья жер, кемер, суунун кемерленген бийик жэи, тоонун бир жагы урап калган бети. IV. Жарчы аркылуу жарыялан-ган, айтылган кулактандыруу, оозеки жарыя кылынган кабар. V. этиш. 1. Жыгачты, кандайдыр бир башка нерселерди бөлө чаап ажыратуу, жаракалоо, чаап, уруп, бөлүктөргө бөлүү. 2. Айыра чабуу, айрылган, тилинген абалга келтирүү.

	2. Бір заттың өздігінен сызат түсіп, жартылай ажырап тұруы; 3. Дәл ортасынан кіру, өту.		I. зат. Жубайлардың бири, аялы 3. Талкалоо, жарылуучу заттарды колдонуу менен бузуу, кыйратуу. 4. Дал ортосунан бөлүп кирүү, аралап өтүү*.
От	I. зат. Қызуы күшті, алаулаған жалын. 2. Күш-қуат, қажыр-қайрат. II. зат. Өсіп тұрған шөп, малға азық боларлық шөп.	От	I. зат. 1.Тутанып күйүп турган газ, жалын. 2. Жарык берүүчү приборлордун нуру, жылтылдаган жарык. II. 1. Жашаң чөп. 2. Жылкының айрым үйүрү. III. Алакандын оту, беттин оту*
Сан	I. зат. 1.Адам аяғының шаптан тізеге дейінгі бөлігі. 2. Малдың, аңның артқы аяғының тірсегіне дейінгі бөлігі. 3. Арнайы сойылған малдың жамбасынан тірсегіне дейінгі тұтас бөлігі, жеуге дайындалған мал етінің бөлшегі. II. 1. Белгілі бір заттың, құбылыстың есеп мөлшері. 2. Есеп мөлшерінің таңбалау, жазу белгісі. 3. Газет, журналдардың нөмірі, шығарылымның кезекті реті. 4. Көп, өте көп. 5. Бөліну, ажырау	Сан	I. зат. Буттун жамбаштан тизеге чейинки бөлүгү. II. зат. Эсеп ишин жүргүзүүгө, бир нерснгин эсебин, канша экенин көрсөтүүгө колдонулган түшүнүк. 2. Газета, журналдын улам чыгып турган белгилүү кезеги, номерлери. 3. грамм. Көптүктүү же жекеликти билдирүүчү морфологиялык каражаттар менен берилген рамматикалык категория. 4. Өтө көп, эсеп жеткис. III. Сан-сан болуу. (бөліну, ажырау). IV. зат. Барк, атақ-данк*

* Ж. Мамытовтың еңбегінен алынды (Мамытов Ж. Азыркы кыргыз тили. Фонетика жана лексикология. – Бишкек: «ЖЭКА», 1999. –122-123 б.).

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сөздің тура және ауыспалы мағынасы
 Казак-кыргыз тилдериндеги сөздүн түз жана өтмө мааниси

СӨЗДІҢ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫ					
СӨЗДҮН ТҮЗ ЖАНА ӨТМӨ МААНИСИ					
Қазақ тілінде			Қырғыз тилинде		
<i>Сөз</i>	<i>Тура мағынасы</i>	<i>Ауыспалы мағынасы</i>	<i>Сөз</i>	<i>Түз мааниси</i>	<i>Өтмө мааниси</i>
Аз	Мөлшері, көлемі, саны көп емес, шағын, азғантай, жеткіліксіз.	Арықтау, жүдеу, салмақ тастау, ет тастау; Теріс жолға түсу, адами қасиеттерден ажырау, бұзылу, азғындау.	Аз	Көлөм, сан ж.б. жағынан кичине, көп эмес, кемчил жағы бар, жетише бербеген.	Арыктоо, жүдөө тартып, өнүнөн, этинен түшүү, жабыгу; Тентүү, қаңгуу, бозуп кетүү; Жакырдануу, түү жок кедей болуу, жардылануу.
Аяқ	Адам мен жан-жануарлардың жүріп-тұру қызметін атқаратын дене мүшесі.	Бір нәрсенің, заттың, іс-әрекеттің соңғы жағы.	Аяк	Бут, дененин төмөнгү бөлүгү	Бир нерсенин, аракеттин акыры, акыркы бөлүгү.
Бас	Адам мен жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, және ми орналасқан жоғарғы дене мүшесі.	Адам, кісі; Мал саны, тұяқ; Заттың жоғарғы жағы, бастапқы бөлігі; Өзеннің, бұлақтың басталған жері; Бастық, басшы, жетекші.	Баш	Адам менен жаныбарлардын ооз, көз, кулак, мурун жана мээ жайгашкан үстүнкү дене бөлүгү.	Киши, адам; Малдын саны, туяк; Белгилүү бир заттын, нерсенин жогорку, алгачкы бөлүгү; Дарыянын, булактын башталган жери.

Бел	Адам денесінің арқадан төмен, мықыннан жоғары жіңішке тұсы; мал арқасының орта тұсы.	Таудың қырқасы, асып өтуге ыңғайлы аласа тұсы; Арқа тұтар тірек, сүйеніш; Адам өміріндегі белгілі бір кезең.	Бел	Дененин жамбаска жақын ичкерээк тартып кеткен арка жак бөлүтүү, арканын жамбаска жақын бөлүтүү	Бир нерсенин орто чени, орто бөлүтүү; Жөлөк, таяныч, тирек; Тоо кыркаларынын ашып өтүүгө ылайык келген жону, кайқырак жер.
Етек	Киімнің (көйлектің, шапанның, жейденің т.б.) төменгі жағы.	Тау т.б. заттың төменгі жағы.	Этек	Кийимдин (көйнөктүн, чапанын ж.б.) төменкү жағы.	Тоо ж.б. нерсенин төменкү жағы.

4§ КІРМЕ СӨЗДЕР

Әрбір мәдениет томаға тұйық жағдайда дамып, жетіле алмайды, басқа мәдениеттермен тығыз қарым-қатынаста болады. Сондықтан өзге тілдерден сөз қабылдау да тіл дамуын қамтамасыз ететін лексикалық қорды байыту арналарының бірі: «Әрбір тіл өз табиғатында өзіндік даму үлгілерін даму үлгілерін жасаумен бірге өзге тілдік элементтерді де қолдану арқылы өрісін кеңейтеді. Оны ғылым тілінде кірме сөз деп атайды. Сөздік құрамы өзге тілдің элементтерінен таза сақталған тіл кем де кем»³¹. Батыс қыпшақ тобындағы қазақ, шығыс қыпшақ тобындағы қырғыз тілдерінің де лексикалық қорында кірме сөздер көптеп кездеседі. Әрбір тілдегі кірме сөздердің тарихи-әлеуметтік және мәдени факторларды қамтитын өзіндік қалыптасу жолы бар. Қазақ және қырғыз халықтарының да мәдени қарым-қатынастар мен тарихи жағдайларға байланысты қалыптасқан кірме лексика аталған тілдердің жалпы сөздік қорларының бір бөлігін құрайды. Жалпы басқа тілден сөз қабылдаудың табиғи үдерісі қабылдаушы

³¹ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты. «IDK-TIPO» баспа орталығы, 1998. – 189 б.

тілдің фонетикалық жүйесінің ерекшеліктеріне бейімделіп жүзеге асады. Алайда өзге мәдениеттің ықпалындағы халықтар тілдерінің кірме сөздерді қабылдауы жасанды орфографиялық, орфоэпиялық ережелер бойынша жүргізілуі де кездеседі. Кеңес үкіметі тұсындағы қазақ және қырғыз тілдеріне кірме сөздерді қабылдау да үдерістері де осы бағытта болды.

Туыс екі тілдің лексикалық жүйесіндегі кірме сөздердің табиғаты ұқсас, кірме лексиканы өзіне бейімдеу қабілеті де, кірме сөздердің сандық мөлшері де шамалас. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі кірме сөздер негізінен араб-парсы, моңғол элементтерінен, орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа батыс тілдерінен енген лексемаларды қамтиды, бірен-саран қытай-тибет элементтері кездеседі. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде де, қырғыз тіл білімінде де тіл тазалығы, жаңа ұғымдарды атауда мемлекеттік тілдің әлеуетін пайдалану, кірме сөздерді ұлт тілінің табиғатына бейімдеп қабылдау мәселелеріне басымдық беріліп отыр.

6-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі кірме өздер
Казак жана кыргыз тилдериндеги сырттан кирген сөздөр

КІРМЕ СӨЗДЕР – КИРГЕН СӨЗДӨР			
Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде	Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде
<i>Араб-парсы тілінен енген сөздер / Араб-фарсы тилинен кирген сөздөр</i>			
дәптер	дептер	азап	азап
кітап	китеп	аманат	аманат
қалам	калем	әдет	адат
мектеп	мектеп	әлек	алек
дін	дин	әкім	аким
имам	имам	қызмет	кызмат
ислам/мұсылман	ислам	қоғам	коом
құран	курап	құлқын	кулкун
садақа/садаға	садага	өкімет/үкімет	өкмөт
Ақырет	акырет	саясат	саясат
<i>Парсы(иран) тілінен енген сөздер / Фарсы(иран) тилинен кирген сөздөр</i>			
анар	анар	баға	баа
інжір	анжыр	базар	базар
мейіз	мейиз	арзан	арзан
дәнек	данек	пул	пул

6-кестенің жалғасы

алша	алча	сауда	соода
алмұрт	алмурут	нарық	нарк
<i>Монгол тілінен енген сөздер /Монгол тилинен кирген сөздөр</i>			
аймақ	аймак	қылжыр	кылжыр
баран	бараан	қырғауыл	кыргоол
қанжыға	канжыга	топшы	топчу*
<i>Орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа батыс тілдерінен енген сөздер/ Орус тилинен же орус тили аркылуу башка батыш тилдеринен келген сөздөр</i>			
бекет	бекет	абақты	абак/набакты
бөлке	бөлкө	жандарал	жандарал
бөтелке	бөтөлкө	жәрмеңке	жармаңке
болыс	болуш	мәшине	мәшине
зауыт	зоот/завод	облыс	облус
кеңсе	кеңселер	ояз/үйез	оез//үйөз
көлөш	көлөч/келеш	панар	панар
кәртөшке	картөшкө	самаурын/самауыр	самоор
көпес	көпөс/көпөш	сот	сот **

7-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі термин сөздер
Казак жана кыргыз тилдериндеги терминдик сөздөр

ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІ – ТИЛ БИЛИМИ ТЕРМИНДЕРИ			
Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде	Қазақ тілінде	Қырғыз тилинде
сөз	сөз	әріп	тамга
тыбыс	тыбыш	буын	Муун
тұйық буын	туяк муун	ашық буын	ачык муун
дауысты дыбыс	үндүү тыбыш	жоон үндүү	жуан дауысты
дауыссыз дыбыс	үнсүз тыбыш	ичке үндүү	жіңішке дауысты
созылыңқы үнді	созулма үндүү	қысқа үндүү	кыска үндүү
қатаң дауыссыз	каткалаң үнсүз	ұяң дауыссыз	уяң үнсүз

*Қазақ - қырғыз тілдері мен монғол тіліне ортақ сөздер өте көп, бірақ олардың басым бөлігі алтай тілдер жүйесіндегі ортақ лексика қатарында қарастырылады.

**Жоғарыда келтірілген қазақ және қырғыз тілдеріндегі орыс тілінен енген сөздер негізінен XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында енген лексемалар. XX ғасырдың қырқыншы жылдарынан кейін қазақ-қырғыз халықтарының жазу жүйесі кирилл графикасына ауыстырылып, орыс сөздері мен орыс тілі арқылы енген басқа батыс сөздері негізінен орыс тіліндегідей айтылып, жазылу ережелері енгізіле бастады.

7-кестенің жалғасы

екпін	басым	қосымша	Мүчө
түбір	уңғу	сөзжасам	сөз жасоо
сөз өзгертуші қосымша	сөз өзгертүүчү мүчө	сөзжасам жұрнағы	сөз жасоочу мүчө
атооч	есім	етістік	этиш
зат есім	зат атооч	сан есім	сан атооч
сын есім	сын атооч		
дара сөз	жөнөкөй сөз	күрделі сөз	татаал сөз
қос сөз	кош сөз	біріккен сөз	бириккен сөз
қайталама қос сөз	қайталама кош сөз	қысқарған сөз	қысқартылған сөз
сөз таптары	сөз төркүмдөрү	үстеу	тактооч
есімдік	ат атооч	септеулік шылаулар	жандоочтар
одағай	сырдык сөз	жалғаулық шылаулар	байламталар
еліктеуіш	тууранды сөз	демеулік шылаулар	бөлүкчөлөр
септіктер	жөндөмөлөр	атау септігі	аточ жөндөмө
сапалық сын есім	сапаттық сын	ілік септігі	илик жөндөмө
қатыстық сын есім	катыштық сын	барыс септігі	барыш жөндөмө
сын есімнің шырайлары	сын атоочтын даражалары	табыс септігі	табыш жөндөмө
жай шырай	жай даража	жатыс септігі	жатыш жөндөмө
салыстырмалы шырай	салыштырма даража	шығыс септігі	чыгыш жөндөмө
күшейтпелі шырай	күчөтмө даража	есептік сан есім	эсептик сан атооч
жіктеу есімдігі	жактама ат атооч	реттік сан есім	иреттик сан атооч
сілтеу есімдігі	шилтеме ат атооч	жинақтау сан есім	жамдама сан атооч
сұрау есімдігі	сурама ат атооч	болжалдық сан есім	чамалама сан атооч
болымсыздық есімдігі	тангыч ат атооч	топтау сан есім	топ сан
жалпылау есімдігі	аныктама ат атооч	бөлшектік сан есім	бөлчөк сан
белгісіздік есімдігі	белгисиз (күдүк) ат атооч	бұйрық рай	буйрук ыңғай
шартты рай	шаттуу ыңғай	қалау рай	каалоо-тилек ыңғай

5§ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕР

Фразеологизмдер – екі немесе бірнеше сөздердің тіркесуі арқылы тұтас бір лексикалық мағына беретін тұрақты сөз тіркестері. Фразеологизмдер – лексикалық құрамның ең құнарлы, этномәдени мазмұны бай бөлігі. Фразеологизмдердің жалпы сипаты: құрылымы тұрақты; тіркес құрамындағы сөздердің мағыналарына сәйкес келе бермейді, біртұтас мағына береді; жеке сөз тәрізді нақты мағына беріп, сөйлемде бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқарады; фразеологизмдер бір мағыналы да, көп мағыналы да болуы мүмкін; фразеологизмдердің де синонимдік қатарлары, антонимдік жұптары болады.

Тұрақты сөз тіркестері құрамындағы сөздің белгілі бір сөздермен ғана тіркесу арқылы беретін біртұтас мағынасы фразеологиялық байлаулы мағына деп аталады. Тіркес құрамындағы дербес сөздер өздерінің еркін тіркесу қабілеттерінен ажырап, өзара тіркесу нәтижесінде бір-бірімен тығыз лексика-грамматикалық байланысқа түсіп, өздерінің тура мағыналарынан тыс біртұтас байлаулы мағынаға ие болады. Фразеологиялық байлаулы мағына кейде тіркестің тура мағынасынан тікелей өрбуі мүмкін, немесе тіл иесі халықтың дүниетанымына байланысты тікелей мағынаның аналогиялық мазмұнына сәйкес қалыптасуы мүмкін.

Тіл білімі ғылымында фразеология ұғымын кең, мағынасында (күрделі сөздерді, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді бірге қамту) және тар мағынасында (мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қамтымай) қолдану дәстүрі бар. Қазіргі таңда мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің ортақ тұстарымен қатар өзіндік ерекшеліктерінің де болуына байланысты олардың жігі ажыратылып қарастырылып жүр.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі фразеологиялық параллельдер
 Казак-қырғыз тилдериндеги фразеологиялык параллелдер

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
<i>Фразеологизмдер</i>	<i>мағынасы</i>	<i>Фразеологизмдер</i>	<i>мааниси</i>
Алдынан қия баспау	сыйлау, құрметтеу	Алдынан кыя өтпөө	сыйлоо, урматтоо
Бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығу	сөз ұқпау	Бир кулагынан кирип, бир кулагынан чыгуу	сөз укпоо
Бір қызарып, бір бо- зару	қатты ұялу, ыңғайсыздану	Бир кызарып, бир бо- зоруу	аябай уялуу
Битін сығып, қанын жалаған	өте кедей	Битин сыгып канын жа- лаган	абдан кедей
Жағы тынбаған	көп сөйлейтін	Жаагы тынбаган	көп сүйлөгөн
Жегені – желім, іш- кені – ірің	уайым, қайғысы көп	Жегени желим, ичкени ирим болуу	кабатыры, кайгысы көп
Желкеге міну	масыл болу, басынып пайдалану	Желкеге минүү	пайдалануу (эксплуатация)
Желкемнің шұқыры көрсін	қатты ренжу, қайта көргісі келмеу	Желкемдин чуңкуру көрсүн	аябай капа болуу, кайра көргүсү келбеу
Жерге кіріп кете жаз- дау	қатты ұялу	Жерге кирип кете жаз- доо	абдан уялуу
Жеті атасын таныту	әбден сөгу, қатты ұрсу	Жети атасын таанытуу	аябай сөгүү, урушуу
Жонынан таспа тілу	қатты ұрсу, жазалау	Жонунан кайыш алуу	аябай урушуу, жазалоо
Жүрген жеріне шөп шықпау	ешбір ісінде береке жоқ	Жүргөн жерине чөп чыкпоо	эч бир иштеринде береке жоқ
Жүрегі аузына тығылу	қатты қорқу	Жүрөгү оозуна тығылуу	абдан коркуу
Жүрегі алып ұшу	қатты қуану, қатты толқу	Жүрөгү алып учуу	абдан кубануу, толкундануу
Жүрегі суу ете түсу/ Жүрегі зырқ ете түсу	қатты қорқу, шошу	Жүрөгү зыр дей түшүү	абдан коркуу, чочуу
Ішіне шынашақ ай- ланбаған	қызғаншақ, іші тар	Ичине кара тааруу ай- ланбаган	ичи тар, кызганчаак
Қабырғасымен кеңесу	ақылдасу	Кабырғага кеңешүү	кеңешүү

Қабырғасы қайысу/ Қабырғасы сөгілу	қатты қайғыру, қатты уайымдау	Қабырғасы қайышуу/ Қабырғасы сөгүлүү	абдан қайғылуу болуу, абдан кабатыр болуу
Кірерге тесік таппау	өте қатты ұялу	Кирээрге жер таппоо	аябай уялуу
Курай басын сынды- рмау	ештеңе істемеу, жалқау болу	Куурай башын сынды- рбоо	эч нерсе кылбоо, жалкоо болуу

6§ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ МАҒЫНА

Халық тәжірибесінен қорытылған мақал-мәтелдер барлық тілдерге тән әмбебап құбылыс ретінде күрделі тілдік таңбалар қатарынан орын алады. Тегі бір, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігі ұқсас қазақ, қырғыз халықтары тіліндегі мақал-мәтелдер де тұтас этностың тарихи және мәдени дамуының көрінісі, өмірлік тәжірибенің тұжырымдамалық қорытындылары.

Қазақ және қырғыз мақал-мәтелдері құрылымдық, антропоевектік тұрғыдан жан-жақты зерттеліп келеді. Қазақ мақал-мәтелдерін зерттеумен Б. Шалабаев, М. Ғабдуллин, С. Нұрышев, Б. Адамбаев, Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Ғ. Тұрабаева, А. Донбаева, С. Сәтенова т.б.; қырғыз мақалдары бойынша Ш. Ашубаев, Н. Чекменов, Б. Керимжанов, Ш. Усупбеков, К. Рысалиев, Х. Карасаев, Т. Жолдашов, Б. Молдокожаев, М. Бекмухамедова т.б. зерттеушілер айналысты. Қазақ мақал-мәтелдерінің ішкі құрылымындағы семантикалық компоненттерді анықтауға мол мүмкіндік беретін маңызды еңбектердің бірі – академик Ә.Т. Қайдардың зерттеуі³².

Тілдік жүйедегі күрделі бірлік мақал-мәтелдердің тұжырымдамалық біртұтас мағынасының қалыптасуы, дамуы, жағдаяттық қолданыс аясының кеңеюі оның семиологиялық табиғатымен тікелей байланысты. «Халық даналығының қазына-байлығы саналатын мақал-мәтелдердің және сол сияқты басқа да тұрақты тіркестердің пайда болуы, тіл өнерінің дамуына, сол тіл арқылы адамзат қауымының асыл арманын, ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін, дүниета-

³² Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 560 б.

нымын ұрпағына ғибрат етіп ұсыну әрекеті нәтижесінде туындап, қалыптасқан рухани құбылыс болып есептеледі»³³. Зерттеушілер мақал-мәтелдердің логикалық құрылымын логика-семиотикалық құбылыс ретінде қарастырады³⁴. Қазақ-қырғыз мақал-мәтелдерінің мазмұны да олардың ішкі құрылымының заттар мен құбылыстардың олардың түрлі қасиеттерінің өзара қарым-қатынасы негізінде қалыптасатынын көрсетеді.

Мақал-мәтелдердің мағыналық құрылымына жүйелік-деңгейлік ұйымдасу тән болғандықтан жалпы паремиологиялық семантиканың барлық деңгейінен паремиологиялық таңба мен оны қолданушының қарым-қатынасын сипаттайтын прагматикалық компонент көрініс береді. Мақал-мәтелдің мазмұндық аясының ауқымдылығына орай қолданушы жағдаятты ескере отырып, өз ойының дәйектемелік-дәлелдік сапасын арттыруға ұмылады. Мысалы, қыпшақ тобына жататын қазақ, қырғыз тілдеріндегі – қаз. *Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ* ≈ қырғ. *Баш кесмек бар, тил кесмек жок* паремиологиялық параллелінің өзек семасында еркін ойлы, қандай жағдай болса да ойын ашық айтуды құптайтын дала демократиясы таңбаланып тұр. Мақалдың ішкі құрылысы заттың, құбылыстың, әрекеттің «бар» немесе «жоқ» қасиеттерінің қатынасына құрылған: «...логикалық конструкциялар болу, болмау бергілерінің қарама-қарсылығынан тұруы мүмкін»³⁵. Мақал құрамындағы сөйлемнің бірінші сыңары қазақ қоғамында бас алу, яғни өлім жазасының барын, екінші сыңары тіл кесу жазасының жоғын таңбалайды: «қазақ салт-дәстүрінде қылмыскерді жазалаудың түрі көп болса да, біреуге шындықты айтып, не жалған сөйлеп тіл тигізген, абыройын төккен адамның басын кесіп алу болса да, тілін кесіп тастап жазалау болмаған»³⁶. Бұл дәстүр қазаққа етене жақын қырғыздарда да болғанын паремиялардың өзгеріссіз қайталанатыны айғақтайды. Қандай жағдай болса да шындық айтылуы қажеттігін үндейтін мақалдың негізгі мазмұны қолданушының мүддесіне байланысты құбылуы мүмкін. Қолданушы қандай мақсатта айтады, өз мүддесін шындық жолымен қорғай ма әлде қалай да өзін немесе

³³ Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 8 б.

³⁴ Пермяков Г.Л. От поговорки до сказки (заметки по общей теории клише). – Москва: Наука, 1970. – С.19.

³⁵ Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. – Москва: Наука, 1988. – С.30.

³⁶ Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 240 б.

жақынын ақтап алу үшін өтірікке, жалаға, қиянатқа жол бере ме? Сондай-ақ мақал даулы мәселе барысында сөз сұрау мақсатында, бір-біріне ауыр сөз айтып өзара ренжісіп қалған адамдарды татуластыру мақсатында, біреуге шындықты айтамын деп басы бәлеге қалған адамға қатысты т.б. жағдаяттарда қолданылады. Бұл жағдаятқа байланысты прагматикалық компоненттің басымдыққа ие болатынын көрсетумен қатар, мақалдың ішкі құрылымының көп функциялығын да сипаттайды. Мақалдың жағдаяттық қолданыстағы мағыналары жалпы паремиялық мазмұн аясындағы шеткері семантикалық компоненттерді құрайды³⁷.

Бір немесе екі-үш сөйлемнен тұратын мақал мәтіні шағын болғанымен семантикалық мазмұны көлденең бағытта да терең, тік бағытта да аса кең. Мақал мазмұнындағы тұжырымдамалық ақпарат негізінен екі түрлі жолмен беріледі: 1) ойды тайға таңба басқандай ашық әрі айқын жеткізу, паремиологиялық мағынаның эксплицитті болуы; 2) ойды астарлап, бейнелеп жеткізу, яғни паремиологиялық мағынаның имплицитті болуы. Бұл тұжырымдамалық ойды тиянақтап, көркем де бейнелі әрі жинақы тілмен түйіндеп беретін мақалдың семиологиялық табиғатынан айқын аңғарылады. Ойды ашық жеткізетін мақалдар синтаксистік немесе мәтіндік тура мағынасы кейде паремиологиялық мағынаның өзек семасымен сәйкес келеді, шеткері паремиосемалар тікелей өзек семадан тарайды. Мысалы, эксплицитті сипаттағы – қаз. *Балаға тиме, балесі жұғады. Қатынға тиме, қарасы жұғады* ≈ қырғ. *Балаға тийбе балэси жугат, катынга тийбе карасы жугат* паремиясының тура «мағынасы бала мен әйелге қол көтерме, қатты сөз айтпа» ішкі құрылымда таңбаланған өзек паремиосемаға толық сәйкес келеді. Шеткері-жанама паремиосемаларды құрайтын «балаға (жалпы бала) тиме» (дифференциал семалары: «өзге балалар», «өз балаларың»); «қатынға (жалпы әйел қауымы) тиме» (дифференциал семалары: «бөтен әйелдер: қыз, келіншек, орта жастағы әйел, кемпір, кейуана т.б.», «өз жақындарың: ана, қыз, келін, әпке, жеңге т.б.») ұғымдарының таңбалары өзек семадан тарай отырып, эксплицитті де, имплицитті компоненттерді таңбалауы мүмкін. Бұл жерде *тиме, жақындама* етістіктерінің семантикалық өрісіндегі

³⁷ Ескеева М., Қосыбаев Қ. Қазақ-қырғыз-қарақалпақ мақал-мәтелдерінің семиологиялық табиғаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. 2022. – №4(141)/2022. – 24–34 б.

«ұрма», «сөкпе», «ұрыспа», «зорлық жасама», «күш көрсетпе» т.б. ұғымдар да жаңа паремиосемалар тудыруға ықпал етіп, мақалдың жағдаяттық қолданыстағы семантикалық шеңберін кеңейте түседі. Сол сияқты, *бале*, *қара* лексемаларының мазмұнындағы семалар да паремиологиялық мағына аясын дамытуға қызмет етеді. Өмірде мінезі, әдебі әртүрлі әйел (қыз) болады. Кейде жігіттер әдепті қыздардың сөзге қалуына себеп болып жатады, кейде әдепсіз, сөзі ащы әйелдерге жақындаймын деп өздері ұятқа қалып жатады. Көпшілік алдында әйелмен бет жыртысу, сөзге келу – ер адамға абырой әпермейтін қылық. Мұндай жағдаяттар да мақалдың ішкі құрылымында таңбаланады. Барлық паремиосемалар жинақтала келе ер азаматтың қоғамдағы орнын, әйел мен балаға деген қамқорлығын таңбалайды. Мақалдың түпкі идеясы – ер-азаматтың әлеуметтік қоғамдағы мәртебесіне сай этикалық нормаларды насихаттау, әдептілікке үндеу.

Мақал-мәтелдер мазмұнынан анықталатын бірнеше паремиосемалық компоненттердің әрқайсысының түрлі негіздемелік сипаттамасы болады және олардың күрделілік деңгейі де әртүрлі болып келеді. Коммуникативті үдерістегі жағдаятқа байланысты паремиосемалардың біріне басымдық беріледі, сөйлеуші мен адресат арасындағы қатынас әрекетінде сол мән қабылданады. Сондай-ақ астарлы оймен берілген мақал мәтініндегі тура мағына паремиологиялық мағынаның өзек семасын құрағанмен біртұтас паремиологиялық мағынаны айқындай алмауы да мүмкін. Мысалы: қаз. «*Жығылсаң нардан жығыл / Құласаң нардан құла ≈ қырғ. Жығылсаң нардан жығыл*» мақалының этимологиясы үстінен құлаған адамға түйе шудасын төсейді, ат жалын төсейді деген халықтың мифологиялық дүниетанымынан туындайды. Мақалдың тура мағынасы жалпы паремиологиялық мазмұнды анықтауда аса маңызды емес, яғни *нардан жығылу* тіркесі астарлы ойды сипаттайды. Паремияның имплицитті мағынасы «жеңілсе де, жеңілген адамның мәртебесі биік, атақ-лауазымды адам болсын, сәтсіздікке ұшыраса да, қолға алған ісі мәнді-маңызды, күрделі болсын, елдің батылы бармайтын мәрттікке барып, одан жеңілсе де айыбы жоқ, өйткені мұның бәрі осалдықты емес, мықтылықты, өжеттікті, бірбеткей алғырлықты көрсетеді»³⁸ деген омонимиялық, синонимиялық қатынастармен қатар антиномиялық қатынасты да қамтитын көп деңгейлі, көп функционалды күр-

³⁸ Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай, 2004. – 36 б.

делі тұжырымдамалық ойды таңбалайды. Мақал мақсаткерлікке, батылдыққа, қиындықтан қорықпауға үндейді. Кей жағдайда қазақ тіліндегі «Атың шықпаса – жер өрте» мақалымен синонимдік қатар құрып, әзіл-қалжыңдық сипатта да қолданылады.

Мақал-мәтелдердің астарлы, жасырын семантикалық құрылымы этностың дүниетанымдық ерекшеліктері арқылы ғана танылады. Мысалы:

«Малым – жанымның садағасы, Жаным – арымның садағасы».

Мақалдың жалпы паремиологиялық мағынасы «кісіліктің негізі – ар, әрдайым арыңды сақта» деген халықтық ұғым-түсінікті таңбалайды. Ішкі құрылымның өзек семасы «әркімге жаны қымбат, денсаулығыңды, өміріңді сақта, жиған малыңды (дүниеңді) өміріңді, денсаулығыңды сақтау үшін жұмса» түрінде таңбаланады. Ішкі логикалық конструкциясы зат пен заттың, нақтырақ айтсақ, бір зеттың келесі бір заттан артықшылық қатынасын таңбалайды. Шеткері-жанама паремиосемалық компоненттері «денсаулығың, өмірің үшін малыңды (дүние-байлығыңды) аяма», «өмірден де ар-ұят, намыс қымбат, намысыңды сақта», «ар-намысың үшін жаныңды, өміріңді қи», «ұятқа қалғанша өлгенің жақсы» т.б. түрінде таңбаланады. Мақал құрамындағы лексемалық компоненттердің семантикалық өрісі паремиологиялық мағынаның кеңеюіне ықпал ете алады: *мал* «мал», «байлық», «ақша», «дүние-мүлік» т.б.; *жан* «жан», «өмір», «денсаулық», «адам», «отбасы мүшелері», «бала», «бауыр» т.б.; *ар* «ар», «ождан», «ұят», «намыс»; *садақа* «садақа», «құрбан», «шығын», «өтем» т.б. Эксплицитті сипатта берілген паремиологиялық мағынаның кейбір компоненттері логикалық негізде анықталатын имплицитті құрылымға негізделеді. Қазақ халқының негізгі өмірлік ұстанымын, аршыл, намысшыл рухын сипаттайтын мақалдың ішкі құрылымындағы паремиосемалар жағдаяттық қолданысқа, оқиғаның прагматикалық сипатына байланысты түрленіп отырады: 1) жалпы ғибраттық мәнде, жастарды тәрбиелеу мақсатында; 2) өзінің, жақындарының денсаулығын күтуге, ауруын емдеуге малын аяп жүрген адамға; 3) немесе керісінше, өзінің, туғандарының денсаулығы үшін бар қаражатын жұмсап жүрген адамға қатысты; 3) намыссыздық, арсыздық танытып ұятқа қалған адамға; 4) намысы тапталып, қорланып жүрген адамдарға; 5) намысқа шыдай алмай өз басын немесе жақындарын өлімге қиған адамға қатысты т.б. қолданылады.

«Сырын білмес аттың сыртынан жүрме ≈ қырғ. Сырын билбеген аттың сыртын сылаба» мақалының этимологиялық тура мағынасы, өзек компоненті «өзің күнде пайдаланып жүрмеген, мінезі, әрекет-дағдысы беймәлім жылқыдан абай бол, артқы аяқтарынан аулақтау тұр, теуіп мерткітіруі мүмкін» деген сақтық шараларын таңбаласа, жалпы паремиологиялық мағынасы «өзің жете танымайтын, жақын араласпаған адамға сенім білдіре берме, сырыңды ашпа, оң шешілуіне өзің мүдделі шаруаға тартпа» деген халық тәжірибесінен туындаған халықтық ұстанымды таңбалайды. Ішкі логикалық конструкциясы зат пен оның қасиетінің қатынасына құрылған, имплицитті көмponentтің таңбалануы аналогиялық трансформацияға негізделеді (жылқы → адам). Имплицитті семантикалық көмponentтің қалыптасуына жылқымен етене жақын қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарының тұрмыс-тіршілігі арқауға алынып тұр. Шеткері-жанама мағыналары жағдаятқа байланысты «мінез-құлқын білмейтін адаммен жақын араласпа» (бірнеше даралаушы семемалары болуы мүмкін: әділетсіз адаммен, қатыгез адаммен, сараң адаммен, өтірікші адаммен, ұрлықшы адаммен, т.б.), «білімі мен қабілетін немесе жұмыс істеу дағдысын жете білмейтін адамға ортақ жұмысты сеніп тапсырма» (даралаушы семемалары - жалқау адамға, кәсіби білімі мен білігі жетпетін адамға, қабілеті төмен адамға т.б.) түрінде таңбаланады. Мақал семиотикасындағы көп деңгейлі, көп функционалды құрылым паремияның семантикалық, синтактикалық, прагматикалық қырлары арқылы кеңі түседі. Таңба мен оны пайдаланушылар арасындағы қарым-қатынасты білдіретін прагматикалық аспектісі жағдаятқа байланысты түрленіп отырады. Мақал қазақ-қырғыз тілдеріндегі зат пен оның қасиеті арасындағы қатынас арқылы таңбаланатын «Сырын білмей дос болма≈Сырын билбей дос болбо» паремиясымен мәндес.

Қазақ, қырғыз мақал-мәтелдерінің мазмұнындағы семантикалық көмponentтерге жалпылама сипаттама беру әр көмponentтің жалпы паремиологиялық мазмұн шеңберінде орналасқан паремиясемемалық құрылымдағы мәнін, орны мен қызметін нақтылауға ықпал етеді. Паремиологиялық мағынаның өзек көмponentі мен шеткері-жанама көмponentтерінің шегін ажырату, әрқайсысының паремиясемемалық ерекшеліктерін, олардың дифференциал семемаларын анықтау ішкі құрылымдағы таңба мен таңбаланушы ұғымдардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдердің семанти-

калық құрылымындағы өзек компоненттің де, шеткері-жанама компоненттердің де мағынасы эксплицитті немесе имплицитті болуы да мүмкін. Бұл мақал-мақал мәтелдердің ішкі құрылымының көп қабатты иерархиялық сипатымен; мақал құрылымындағы жекелеген заттар мен құбылыстардың, олардың қасиеттерінің, іс-әрекеттің, олардың белгілерінің өзара қатынасымен; халықтың қоршаған орта, әлем туралы нақтылы немесе абстракциялы қабылдауларының тура немесе ассоциациялық мәнімен; аналогиялық трансформацияның уәждік негіздерімен байланысты.

Түркі тілдеріндегі паремиялардың ішкі құрылымы мақал семантикасы арқылы айқындалатын заттар мен құбылыстардың олардың түрлі қасиеттерінің өзара қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Мысалы, бұл өмір өлім-жітімсіз болмайтынын, ешкімнің де бауырлары әрдайым жанында жүрмейді деген ұғымды беретін – қаз. *«Бауыры бүтін пенде жоқ ≈ қырғ. Боору бүтүн адам болбойт»* мақалдың ішкі құрылымы зат пен оған тәуелді/меншікті келесі заттың және оның қасиетінің қатынасы арқылы өлімнің ақиқаттығын таңбалайды, логикалық конструкция «бар» ↔ «жоқ» оппозициясының «жоқ» нүктесін негізге алады. Паремия жақынын жоғалтқан адамға жұбату мақсатында қолданылады. Арқасүйері мықты, сүйеніші бар жан қолдау арқылы мақсатына жетеді немесе жағдаятқа байланысты қандай іс болса да көзін тапса, қиын болса да жүзеге асыруға болады деген тұжырымдамалық ұғымды сипаттайтын – қаз. *«Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кірер≈қырғ. Токмогы күчтүү болсо, кийиз казык жерге кирет»* мақалдың ішкі құрылымы бір заттың келесі бір затқа тәуелді қатысы және олардың қасиеттерінің бір-біріне тәуелді қатысы арқылы біртұтас паремиологиялық мағынаны таңбалайды. Қолда бар мүмкіндікті мүмкіндігінше қолдану қажеттігін, әр нәрсенің пайдалы-пайдасыз жағын ажыратып, парқын білу қажеттігін меңзейтін – қаз. *«Көзің барда көріп қал, қолың бар да ұстап қал ≈ қырғ. Көзүң менен көрүп бақ, қолуң менен қармап бақ≈ ққал. Көзің барда көр, қолың бар да ұсла»* паремиясының ішкі құрылымы әртүрлі заттардың әрқайсысының жеке қасиеттеріне қатысы негізінде қалыптасқанын көрсетеді.

Мақал-мәтелдер құрамындағы лексемалық компоненттердің семантикалық өрісі паремиялық мағынаның денотациялық, коннотациялық компоненттерін ажыратуға мүмкіндік береді, бұл паремиологиялық мағынаның диффузиялық дамуын шамалауға ықпал

етеді. «Сөйлеуде қолданылатын есім сөздердің болмыс объектілеріне (референттер мен денотаттарға) қатысты, синтаксистік, логика-семантикалық және прагматикалық факторлар арқылы анықталатын»³⁹ ішкі референция дифференциалды паремиосемалар жиынтығын біртұтастандыруға, көп қабатты тұжырымдамалық ойдың қалыптасуына негіз болады, мысалы: қаз. «*Емен ағаштың иілгені – сынғаны, Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені*» мақалының құрамындағы *емен, ер жігіт, екі* лексемаларының ұғымдық мазмұны шындық болмыстың санада белгіленген элементтері ретінде мақал мазмұнын біртұтастандыруға қызмет етеді.

Мақал-мәтелдердің о бастағы толық құрамын қамтитын этимологиялық мағынасы уақыт өте көмескіленуі нәтижесінде паремиологиялық мағына дисперсияға ұшырауы мүмкін немесе жалпылама мағынаны қалыптастырушы құрамдас бөліктерінің бірінің тура мағынасы маңызын жоғалтуы да ықтимал. Бұл жағдайда мақалдың келесі құрамдас бөлігінің мәні басымдыққа ие болады да, мәні көмескіленген құрамдас сыңары паремиологиялық мағынаның экспрессивті қуатын арттыруға, конститутивті қасиетін күшейтуге қызмет етеді: қаз. «*Қалыңға құсың түспесін, жаманға ісің түспесін*» мақалының бірінші сыңарының тура мағынасы қолданыста маңызды емес, ол екінші сыңардың мазмұнын тереңдетіп, тұжырымдамалық мәнін пысықтап, біртұтас паремиологиялық мағынаны дәйектеп тұр. Мақал басқа іс түскенде жаман адамнан көмек сұрамауды, ондай адамдар қолынан келіп тұрса да әуреге салып, меселді қайтаратынын сипаттайды. Жағдаяттық қолданысқа байланысты бірнеше мән-де қолданылатын паремияның ішкі құрылымындағы семантикалық компоненттер де көп деңгейлі болып келеді.

Паремиялардың дәйектілікті, негізділікті, өзектілікті қамтитын конститутивті қасиеті жағдаят пен мәнмәтіндік қолданысқа қарай инварианттылықты қалыптастырады: қаз. «*Екі аяқтыда бажа тату, төрт аяқтыда бота тату*» /*Екі аяқтыда бөле тату, төрт аяқтыда бота тату* / *Екі аяқтыда құрдас тату, төрт аяқтыда бота тату* ≈ қырғ. *Эки аяктуудан бажа татуу, төрт аяктудан бото татуу* / *Эки аяктуудан бөле татуу, төрт аяктудан бото татуу* / *Эки аяктуудан курбу-курдаш татуу, төрт аяктудан бото татуу*» паремиясының бірнеше вариантты болып келуі, мақал құрамындағы *бажа, бөле* /

³⁹ Қалиев Ғ. Тіл білімі теминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 264 б.

бөлө, құрдас / курдаш ұғымдарының жарыспалылығы тікелей жағдаяттық қолданысқа, паремияны қолданушының мақсатына байланысты тілдік жүйеде таңбаланады.

Халық дүниетанымының, тарихы мен мәдениетінің, тұрмыс-тіршілігінің куәсіндей тілдік жүйеде таңбаланған мақал-мәтелдердің мазмұны тым терең әрі көп қатпарлы. Уақыт өткен сайын қоғамның жаңаруына, құндылықтардың өгеруіне, халықтың саяси-әлеуметтік жағдайы мен тілдік ахуалға байланысты паремиологиялық мағынаның ішкі құрылымында жаңа қабаттардың қалыптасуы мүмкін. Бұл жағдайда паремиялардың варианттылығын қалыптастыратын окказианалды қолданыс факторлары мақал-мәтелдердің сыртқы құрылымымен қатар ішкі құрылымдағы семантикалық компоненттер құрамының дамуына да ықпал етеді. Паремиялардың ішкі құрылымындағы өзгерістер мақал-мәтелдер семантикасындағы өзек компонентке көп әсер ете алмайды, олар негізінен шеткері-жанама компоненттер қатарынан орын алып, паремиосемалардың құрамын, мақалдың жағдаяттық қолданыс аясын арттырады. Мақал-мәтелдердің варианттылық құбылысы – паремиялардың тілдік жүйеде өмір сүру жолы. Олардың таңбалық сипатындағы ортақтықтар паремияның жалпы мазмұны аясында анықталады.

Паремиялар – көпфункционалды таңба ретінде тілдің, таным мен мәдениеттің құрамдас бөлігі; ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің ақпараттық-кумулятивтік қызметін жүзеге асыратын қабілетке ие; әрі әлеуметтік қоғамның үйлесімді дамуына ықпал ететін өмірлік ұстанымдардың кешенін құрайды. Паремиологиялық мағынаның ерекшеліктері ішкі құрылым мен сыртқы құрылымның сабақтастығы нәтижесінде ғана анықталады. Бұл жалпы эволюциялық үдерістегі тұлға мен мазмұн үйлесімділігіне негізделеді. Мақал-мәтелдердің ішкі құрылымындағы паремиосемалар деңгейлік семантикалық компоненттердің жиынтығын құрайды. Паремиологиялық мағынаның семантикалық аясы мақал-мәтелдердің ішкі құрылымындағы паремиосемалардың көп деңгейлі, көп функционалды компоненттерінің шоғырын таңбалаушы және таңбаланушы белгілері арқылы қалыптасады.

Батыс қыпшақ тобындағы қазақ және шығыс қыпшақ тобындағы қырғыз тілдеріндегі мақал-мәтелдердің тұлғасы да мағынасы негізінен сәйкес келуі олардың тілінде ортақ паремиологиялық жүйе қалыптасқанын сипаттайды.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі паремиологиялық параллельдер
 Казак-кыргыз тилдериндеги паремиологиялык параллелдер

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРІ			
КАЗАК-КЫРГЫЗ МАКАЛ, ЛАКАП, УЧКУЛ СӨЗДӨРҮ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
<i>Мақалдар</i>	<i>Мағынасы мен қолданысы</i>	<i>Мақалдар</i>	<i>Мааниси жана колдонуу</i>
Ағайын – ағайынның айнасы	Мақал адамның жақсылығы мен жамандығын оның туыстарына қарап тануға болатынын сипаттайды. Ағайынды адамдарға қатысты қолданылады.	Ағайын – ағайынды күзгүсү	Адамдын жақшылығын да, жамандығын да анын ағайынынан танууга болот деген маанисин билдирет. Ағайындарға қатыштуу колдонулат.
Ағайын ала болса ауыздағысынан айрылар	Жақын туыстар тату, ұйымшыл болса, сол әулеттің абыройы асқақ болатынын, ал бірлігі жараспаған туыстардың берекесі қашатынын сипаттайды. Ағайынды бірлік пен татулыққа шақыру мақсатында қолданылады.	Ағайын ала болсо, оозундағысынан айрылат	Ағайын-тууганда ынтымак болбосо, ырыстары кетет, оозундағын алдырат маанисин билдирет. Ағайынды бирдикке жана ынтымакка чакырган насыйкат түрүндө колдонулат.
Ағаш бір жерде ғана өседі, бір жерде ғана көктейді	Бір орында тұрақты өмір сүріп, бір жерде ғана еңбек еткен адамның тірлігі берекелі болады деген мағына береді. Жиі қоныс аударатын, жұмыс ауыстыратын адамдарға қатысты қолданылады.	Дарак бир жерден гана көгөрөт	Дарак бир жерде өсүп-өнгөндөй эле, адам да туруктуу бир жерде иштесе, жашаса, ошол жерде жетилет, өнүгүп-өсөт деген мааниде колдонулат.
Ағаш кессең, ұзын кес – қысқартуға оңай, темір кессең, қысқа кес – ұзартуға оңай	Пайдаланатын әрбір заттың қасиетін танып білу керек, бір істі бастамас бұрын әбден ойланып барып кірісу керек деген мағынаны білдіреді.	Жыгач кессең, узун кес – кыскарууга оңой, темир кессең, кыска кес – узартууга оңой	Пайдалуу жумушту ойлонуп, акыл калчап жасоо, аткаруу керектигин туюндурат. Бир иш баштасан, алдын ала баардығын ойлонуп жасаган туура

Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек	Ағаш жайқалған жапырағымен, адам әдемі киімімен көрікті деген мағына береді. Өз бойына қонымды киім киген адамдарға қатысты қолданылады. Ұқыпты, жарасымды киінуді насихаттайды.	Жыгач көркү – жалбырақ, адам көркү чүпүрөк	Дарактын көркү жалбырағы менен кооз көрүнгөндөй эле, адамдын көркү кийимине, анын жара-шыгына жараша маанисінде колдонулат.
Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында	Көп жағдайда адамға сырт келбетіне қарап баға береді, ал оның шын мәнінде қандай адам екені бірден белгілі бола бермейді. Мақал жақсы деп ойлаған адамның жаман қасиеттері белгілі болған жағдайларда қолданылады.	Адам аласы ичинде, мал аласы сыртында	Көп инсандын ичинде қандай адам экендиги белгилүү емес. Көп учурда адамдын тышкы келбетине қарап, мамиле қылуу туура емес деген маанини билдирет, анткени кээ бир учурда жақшы көрүнгөн адамдын жаман инсан экендиги белгилүү.
Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше	Мақалда тез тіл табысып кететін жандар жылқылардың үйірсектігімен салыстырыла сипатталады. Жаңа танысқан адамдардың өзара тез түсініскен жағдайында қолданылады.	Адам сүйлөшкөнчө, жылқы кишенешкенче	Бейтаынш адамдар менен тез тил табышқан адамдарға байланыш-туу. Адамдардағы бул сапат жылқы менен салыштырылған. Адамдар менен бат тил табышқан адамдарға карата колдонулат
Ажалды қарға бүркітпен ойнайды	Кей жағдайда адамдар өздерінің басын қауіп-қатерге тігетін әрекеттерге барады. Өзіне қауіп туатынын біле тұра орынсыз әрекетке барғандарға қарата қолданылады.	Ажалдуу қарға бүркіт менен ойнайт	Кээ бир учурда адам ақыл қалчабай, иш қылғанда анын жашоосуна қорқунуч келип, өлүмгө чейин алып келери белгилүү. Андай адамдар жөнүндө айтылат.
Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарайды	Мақал тыңдырған ісі айтарлықтай болмаса да, үлкен жұмыс бітіргендей даурығып жүретіндерге қатысты қолданылады.	Айдағаны бес эчки, ышқырығы таш жарат	Бир ишти жасоодо қолунан эч нерсе келбетени менен, дымагы күч, сөзү көп, ызы-чуу адамдарға карата айтылат.

9-кестенің жалғасы

<p>Айран ішкен құтылар, шелек жалаған тұтылар</p>	<p>Негізгі қылмыскер қулықпен құтылып, ал соған аз ғана қатысы барлар ұсталып, жазаланатын жағдайлар болады. Қылмысты жасаған адам дүние-мансабының арқасында құтылып, қатысы аз қарапайым жандар кінәлі болып танылатын жағдайға қатысты қолданылады.</p>	<p>Айран ичкен кутулуптур, челек жалаған тутулуптур</p>	<p>Қылмыш болгондо чыныгы қылмышкер амалкөйлүк менен кутулуп кетип, ага аз да болсо тиешеси барлар кармалып, жазаланган учурлар болот. Мақал кыл-мышты жасаган адам кутулуп кетип, ага катышы бар адамдардын кармалып калган учурларда колдонулат.</p>
<p>Ата даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер</p>	<p>Атағы жоғары, билігі үстем адамдардың қызына құда түсуге деген қызығушылық ертеден бар. Мақал текті жерден қыз алуға шақырады</p>	<p>Ата даңқы менен кыз өтөт, мата даңқы менен бөз өтөт</p>	<p>Эзелтеден эле жогорку даражалуу, күчтүү адамдардын кызына үйлөнүүгө кызыгуу бар. Асыл жерден кыз алам деген мақал</p>
<p>Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер</p>	<p>Мақал мазмұны отбасындағы бала тәрбиесін сипаттайды. Ұлдың тәрбиесі әкеге, қыздың тәрбиесі анаға байланысты екенін көрсетеді. Тәрбиелі, қолынан іс келетін ұл-қыздарға қатысы қолданылады.</p>	<p>Ата көргөн ок жонор, эне көргөн тон бычар</p>	<p>Мақалдын мазмуну балдардын үй-бүледегу тарбиясын сүрөттөйт. Анда әркек баланын тарбия-сы атага, кыздын тарбиясы энеге байланыштуу экенин көрсөтүп турат. Ал билимдуу, эмгекке жарамдуу улан-кыздарға карата колдонулат.</p>
<p>Бай – бір жұттық, батыр – бір оқтық</p>	<p>Байдың малы бір жұтта-ақ жоқ болып, барынан айрылады, ал батыр болса бір оқпен-ақ жер жастанып, өледі, байлық баянды болмайды деген мағынаны білдіреді.</p>	<p>Бай – бир жуттук, баатыр- бир октук</p>	<p>Байдын мал-мүлкү бир жутта кырылып калышы мүмкүн, баатыр мактанса, бир ок менен о дүйнөгө сапар алуусу мүмкүн дегенди билдирет.</p>
<p>Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ</p>	<p>Халқымыздың салтында шындықты айтқан адамның тілін кесетін жазалау болмағанын сипаттайды. Қандай жағдай болса шындық айтылады деген мағынада қолданылады.</p>	<p>Баш кесмек бар, тил кесмек жок</p>	<p>Қырғыз эли адилеттикти жакшы көргөн эл бол-гондуктан, ар дайым маселелерди тил менен айтып, чечкен. Қандай болгон күндө да чындықты айтуу деген мааниде колдонулат.</p>

ҮШІНШІ
БӨЛІМ

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ
МОРФОЛОГИЯСЫ

1§ MORFOЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Морфология – тіл білімінде екі мағынада қолданылады: сөздер мен сөз тұлғалардың құрылымын, қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің дербес саласы; сөз құрылымына байланысты грамматиканың бір бөлімі. Морфологияның ішкі морфемдік құрылым мен сыртқы құрылымды сабақтастыра қарастыруы түбір мен тұтас сөздердің мағынасын зерттейтін лексикологиядан айырмашылығын сипаттайды. Сөздің мән-мағынасы, грамматикалық, стильдік, функционалдық қызметі сөйлем ішінде анықталатындықтан, морфология сөзді синтаксиспен байланыста қарастырып, оның лексика-грамматикалық сипатын айқындайды. Морфологияда сөз формаларының зерттелуі нәтижесінде сөздердің қандай грамматикалық категорияларға жататыны, оларға тән тұлғалық модельдер анықталады. Бұл сөздерді сөз таптарына қарай жіктеу мәселесімен ұштасып, морфологияның негізгі міндеттерінің бірі – сөз таптарының тұлғалық-мазмұндық және грамматикалық-категориялық ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы грамматикалық↔семантикалық белгілері бойынша сәйкес, жекелеген грамматикалық белгілері бойынша өзара ерекшеленетін сөздер тобынан⁴⁰ сөз құрылымын анықтау оларды жалпы және жекелеген белгілері бойынша жүйелеудің негізгі тетіктерінің бірі қызметін атқарады.

Морфологияның негізгі ұғымы – морфема. Морфема – ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірлігі. Морфема нақты морфтардың инварианты түрінде көріне отырып, мағыналық дербестік деңгейіне, формасына, қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: түбір морфема, лексикалық морфема, аффикстік морфема, нөлдік морфема, бірінші деңгейлі морфема, екінші, үшінші деңгейлі морфема, сегментті морфема, жалғастырушы морфема т.б.

⁴⁰ Суник О.П. Общая теория частей речи. – Москва-Ленинград, 1966. – С. 26-27.

Сөз тұтас алғанда морфемалардың жүйелі қарым-қатынасынан тұрады. Тілдің морфологиялық құрылысы мен сөз құрамында жіктелетін морфемалардың жиынтығын; тілдегі морфемалардың түрлері мен құрылысын, олардың бір-біріне және тұтас сөзге қатынасын қарастыратын морфемиканың негізгі зерттеу нысанын морфемалар, морфемалардың формальды өзгерген түрлері – морфтар (алломорфтар, морфема вариаттары) және олардың өзара қатарласып тіркесу ерекшеліктері құрайды. Грамматикалық морфемалар немесе қосымша морфемалар грамматиканың объектісі болғандықтан, морфемика – грамматиканың морфология, сөзжасам салаларына қатысты бөлігі. Морфемика өз ішінде морфемалардың сөздегі орны мен қызметіне, білдіретін мағыналарының түрлеріне, морфемалық деңгейдегі синтагматикалық, парадигматикалық тіл бірліктеріне, морфемалар құрамында болатын морфологиялық өзгерістерге байланысты бірнеше шағын салаларға ажыратылады.

Түркі тілдері морфологиялық құрылымының негізгі ерекшеліктері: сөз құрылымындағы морфемааралық жіктің айқындығы; негіз сөздің тұрпаттық-мазмұндық жағынан біршама тұрақтылығы; зат есім мен сын есімдердің негізгі тұлғасын ажырататын арнайы морфологиялық көрсеткіштің болмауы; тек категориясының ажыратылмауы. Түркі тілдеріндегі сөздің морфологиялық құрылымы түбір морфемадан (уңғу морфема) және қосымша морфемалардан тұрады. Қазақ тілінде қосымша морфема – жұрнақ (сөз тудырушы), жалғау (сөз түрлендіруші) болып, қырғыз тілінде – куранды (сөз жасоочу мүчөлөр), уланды (сөз өзгөртүүчү мүчөлөр) болып бөлінеді⁴¹.

Түркі тіл білімінде түбір морфемалар мен қосымша морфемаларды «толық мағыналы» және «көмекші морфемалар» деп атау дәстүрі де қалыптасқан⁴². Бұл жіктеу бойынша морфемалардың дердестік/ дербессіздік қасиеттері негізге алына отырып, дербес қолданылмайтын көмекші морфемаларға қосымшалармен бірге барлық көмекші сөздер, шылаулар мен одағайлар да шартты түрде енгізіледі.

Жалғамалы тілдік жүйенің заңдылықтары бойынша жұрнақтар мен жалғаулардан тұратын қосымшалар түбір сөзге бірінен кейін бірі

⁴¹ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. Окуу китеп. – Бишкек, 2008. – 284 б.

⁴² Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 5.

қосарланып жалғана береді. Сондықтан сөздер де морфологиялық құрылымына қарай негізгі үш типке бөлінеді: түбір сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Соңғы тип іштей екіге бөлінеді: түбір және бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Сондай-ақ түркі тілдерінде негізгі үш типтің құрама элементтерінің кейбірінің орын ауыстыруы арқылы және қосымшалардың аралас түрлерінің қатысуымен жасалатын аралас типті сөздер де қолданылады.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі сөздердің негізгі морфологиялық құрылымдары: 1) түбір/уңғу; 2) түбір/уңғу + түбір/уңғу; 3) түбір/уңғу + жұрнақ/қуранды; 4) түбір/уңғу + жалғау/уланды; 5) түбір/уңғу + жұрнақ/қуранды + жалғау/уланды т.б. Бұл жерде, есте ұстайтын мәселе, синхронды тұрғыдан түбір немесе түбір морфема аталып жүрген тұлғалардың бәрі диахронды тұрғыдан тарихи түбір (архитүбір) бола алмауы мүмкін. Сондықтан түркі тіл білімінде түбір-негіз термині де қолданылады.

Сөздер морфологиялық құрылымның ерекшеліктеріне, сөзжасамның морфологиялық немесе синтаксистік тәсілдеріне байланысты бірнеше топқа бөлінеді. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған сөздер екіге бөлінеді: түбір сөздер (уңғу сөздер), негіз (негиз) немесе туынды сөздер (туунду сөздер). Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған сөздер күрделі сөздер (татаал сөздер) төрт топқа бөлінеді: біріккен сөздер (кошмок сөздер), қос сөздер (кош сөздер), тіркесті сөз (сөздердүн айкашынан турган татаал сөздер), қысқарған сөздер (кыскартылган сөздер).

2§ ТҮБІР МОРФЕМА

Синхрониялық тұрғыдан қарастырғанда сөздің негізгі лексикалық мағынасын беретін, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші бөлшегі саналатын түбір морфема императив етістік пен есім сөздердің дербес мағыналы бір, екі буынды тұлғаларына сай келеді. Ал диахрониялық тұрғыдан қарастырғанда түбір морфемалардың дербес лексемалық сапада қолданылуы міндетті емес. Аглютина-

тивті түркі тілдерінде морфемалық жігі айқын ажыратылмайтын сөздер құрамында ғана сақталған, дербес лексемалық қабілеті жоқ өлі түбірлер көп.

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар жүйесінің құрылымдық типтері V, VC, CV, SVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады. Бір ғана дауысты дыбыстан жасалған v моделі көне түркі жазба ескерткіштері тілінде бес-алты сөзді ғана қамтиды. Түркі тілдері дамуының бастапқы кезеңінің көрінісі бір құрамды түбір морфемалар қазіргі түркі тілдерінде дербес лексикалық қабілетінен ажыраған, өте сирек кездеседі. Қазақ↔башқұрт тілдеріндегі III жақ жіктеу есімдігінің септік категориясымен түрлену барысындағы түбір тұлғасы дауысты дыбыстан тұратын бір құрамды типке сәйкес келеді: о+ның – у+ның, о+ған –у+ға, о+ны – у+ны т.б. Қазақ тілінде: е → едім → ем, е → едің → ең; е → еді → ет және е → екен көмекші етістігі қолданылады.

Қыпшақ тобына жататын қазіргі қазақ және қырғыз тілдеріндегі түбір морфемалар (дербес мағыналы түркілік түбірлер) негізінен VC, CV, SVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады, V моделі кейбір одағайларға сәйкес келеді. Қазіргі түркі тілдері лексикалық жүйесінде синхронды тұрғыдан бөлшектеуге келмейтін CVCVC, CVCV, VCV модельді сөздер жиі қолданылады: *ғасыр – қылым, қара – кара, бала – бала, ара – ара, өте – өтө* т.б. Тілдің қазіргі қалып-күйі бойынша түбір ретінде танылатын мұндай сөздер – тілдік даму үдерісінде қалыптасқан тарихи негіздер.

1-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі түбір морфемалар құрылымы
 Казак жана кырғыз тилдериндеги уңгу морфемалардын түзүлүшү

ТҮБІР МОРФЕМА – УҢГУ МОРФЕМА			
№	Түбір морфемалардың құрылымдық модельдері Уңгу морфемалардын түзүмдүк моделдери	Қазақ тілінде/ Казак тилинде	Қырғыз тілінде/ Кыргыз тилинде
1	CV моделі (дауыссыз+дауысты) (үнсүз+үндүү)	не? *ма(ған) же- де-	*ма(ға) же- де-

1-кестенің жалғасы

2	VC моделі (дауысты+дауыссыз) (үндүү+үнсүз)	ақ ел от іш үй	ак эл от иш үй
3	CVC моделі (дауыссыз+дауысты+дауыссыз) (үнсүз+үндүү+үнсүз)	бат- біл- күш қол тас	бат- бил- күч кол таш
4	VCC моделі (дауысты+ дауыссыз+дауыссыз) (үндүү+үнсүз+үнсүз)	ант арт- өрт ерт	ант арт- өрт
5	CVCC моделі (дауыссыз+дауысты+дауыссыз+дауыс- сыз) (үнсүз+үндүү+үнсүз+үнсүз)	жұрт тарт- төрт қарт жалт (жалт ету)	журт тарт- төрт карт жалт (жалт эт-)

3§ ҚОСЫМША МОРФЕМА

Морфологиялық құрылымның негізі – аффиксация. Мәні мен қызметі әртүрлі аффикстер бір-біріне қабаттасып, қосарланып жалғана береді. Қосымша морфемалардың эволюциялық түрленулері олардың семантикалық және грамматикалық жағынан өзгерістерге ұшырауымен, жаңаруымен, вариациялануымен тығыз байланысты. Сөз тұлғалары шеңберінің кеңеюі негізінде пайда болатын қосымшалардың құбылуы олардың көпфункционалдық және көпваленттілік сипатымен түсіндіріледі. Өздері жалғанатын сөздердің семантикалық ауқымы кеңіп, мағыналық топтар санының өсуіне сәйкес қосымшалардың дерексіз /тиянақсыз/ грамматикалық мағыналары да ұлғая береді. «Бұл грамматикалық көрсеткіштердің бір ғана түрінің әртүрлі семантикалық топқа жататын сөздерге ғана емес, әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерге де жалғануына мүмкіндік береді»⁴³. Сөз немесе сөз тұлғасы құрамындағы қосымша морфемалардың семантикалық және грамматикалық жағынан

⁴³ Тектігүл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 4 б.

жаңаруы – олардың тұлғалық-құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап, фонетикалық варианттылық түзуімен қатар жүретін құбылыс. Қосымшалардың вариациялануы, корреляциялануы өздері жалғанатын түбірлер мен түбір-негіздердің фоно-морфологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, қалыптасқан жаңа сөздің немесе түрленім, өзгерім категорияларының уәждік негіздеріне сәйкес те өзгерістерге ұшырап отырады.

Қосымшалардың тұлғалық-құрылымдық варианттарын үндестік заңының ықпалымен орныққан фонетикалық нұсқалар, өзгерген морфемалардың арасына қыстырма дыбыстардың қолданылуы арқылы қалыптасқан фонетикалық варианттар, құранды↔күрделі қосымшалар компоненттерінің кірігуінен пайда болған жаңа формалардың басқа формалармен тұлғалық сәйкестік түзуінен тұратын кездейсоқ варианттар құрайды. Түркі тілдерінің агглютинативті сапасына сай бірнеше вариациялы жалаң қосымшалар күрделі қосымшалар құрамында түрлі өзгерістерге ұшырай отырып қолданылады, үндестік заңына және өзі жалғанатын түбірдің, түбір-негіздің қасиеттеріне байланысты жаңа форманың да бірнеше тұлғалық варианттары қалыптасады.

Грамматикада негізінен сөздің морфологиялық ерекшеліктерін қамтитын сөзжасам, тұлғажасам және сөзтүрленім/сөзөзгерім ұғымдары қолданылады. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында қосымша морфемалар сөз тудырушы қосымшалар және форма тудырушы қосымшалар деп екі үлкен топқа бөлініп қарастырылады⁴⁴

Сөзжасам мәселесі – дербес ұғымның лексикализациялануына тікелей қатысты болғандықтан ономонологиялық, семасиологиялық үдерістерге сай жүретін құбылыс. Сондықтан сөзжасам мәселесі фонология мен морфологияға, лексикологияға мен семантикаға бірдей қатысты дербес сала ретінде қарастырылып келеді. Сөзжасам үдерісі дербес лексема мәртебесіндегі жаңа атауларды тудыру, олардың құрылымын модельдеу, лексемалық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін (сөздердің әртүрлілігін) қамтамасыз ету үшін қызмет етсе; тұлғажасам үдерісі тілдегі барлық сөздерді, оның ішінде сөйлеуде, сөйлемде, мәтінде нақты тілдік

⁴⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – 183 б.

грамматикалық категорияларға сәйкес келетін туынды сөздердің ретімен қолданылуын қамтамасыз етеді⁴⁵.

Түркітанушы-лингвистер түркі тілдеріндегі тұлғажасам аффикстерінің басты ерекшеліктерін мынадай белгілері бойынша сипаттайды: тұлғажасам аффикстері негізінен сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің алдында қолданылады; тұлғажасам аффикстерімен келген есімдер өзіне сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерін қабылдайды; тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің мағынасына қарағанда кеңірек; есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады; тұлғажасам аффикстеріне аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады; кейбір тұлғажасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды; кей жағдайда тұлғажасам аффикстері негізгі сөздің (түбір, түбір-негіз, туынды сөз) құрамына кіреді; тұлғажасам аффикстері бірінен кейін бірі қабатталып қолданыла береді; тұлғажасам аффикстерінен кейін сөздің грамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды⁴⁶. Негізінен сөз бен сөзді байланыстыру қызметін атқаратын жалғаулардың нөлдік формада қолданылуы да жиі кездеседі.

⁴⁵ Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. – Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 518.

⁴⁶ Қараңыз: Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979.; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. – Ленинград: Наука, 1986.; Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976.; Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – С. 71-72.; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. – С.33.; Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. – С. 7-8.; Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. – 72-73 б.; Давлетов С., Кудайбергенов С. Азыркы қырғыз тили. Морфология. – Фрунзе: Мектеп, 1980.; Абдувалиев И. Кыргыз тили. – Бишкек, 2003.; Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. Оқу китеп. – Бишкек, 2008. – 284 б. т.б.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі қосымша морфемалар
Қазақ-қырғыз тілдеріндегі қурандылар жана уландылар

ҚОСЫМША МОРФЕМА ТҮРЛЕРІ – ҚОШУМЧА МОРФЕМА ТҮРЛӨРҮ			
№	Қазақ тілінде – Қазақ тилинде	№	Қырғыз тілінде – Қырғыз тилинде
I.	Сөзжасам қосымшалары (жұрнақтар) Зат есімнің сөзжасам жұрнақтары	Мысал оқытушы жұмысшы байланыс жолдас құрдас бөлме орындық ақылды білімді тұзды балықты(көл) жылаулық ақылы ғылыми	Сөз жасо мүчелерү (қурандылар) Зат атоочтун мүчелерү
	Сын есімнің сөзжасам жұрнақтары	ақылды білімді тұзды балықты(көл) жылаулық ақылы ғылыми	Сын атоочтун мүчелерү ақылауу билимауу тузауу балықтауу ыйлак ақылауу илимауу
	Егістіктің сөзжасам жұрнақтары	баста құттықта ойла бірлес достас сана байы	Этиштин сөз жасоочу мүчелерү башта куттукта ойло бирлеш достош сана байы

2-кестенің жалғасы

II. Тұлғажасам қосымшалары (модификациялық және категориялық қосымшалар)	Мысал	II. Форма жасоочу мүшелер (модификациялық және категориялық мүшелер)	Мисал
Зат есімнің реңктік мәнді жұрнақтары (құрметтеу, еркелету мәнді)	ағай апағай көкежан інішек балақай боғақан	Зат атооч мүшелерү (урмагтоо, эркелетүү)	ағатай апаке атаке иничек балакай
Сын есім шырайларының жұрнақтары	күштірек дәмдірек жасылдау қызғылт	Сын атоочтун даражаларынын мүшелерү	күчтүүрөөк кызғылт огтой сезгич айлуу малсыз
Реттік сан есімнің жұрнақтары	бірінші екінші үшінші төртінші бесінші алтыншы	Иреттик сан атоочтун мүшелерү	биринчи экинчи үчүнчү төртүнчү бешинчи алтынчы
Етіс категориясының жалғаулары	жуын киін жамыл жасалды оңалды жабысты өшір өткіз қорқыт	Этиштин мамлелеринин мүшелерү	жуун киийин жамын жасалды оңолду жабышты өчур өткөз коркут

2-кестінің жалғасы

Рай категориясының жалғаулары	алса келсе барғым келеді бармақ болды т.б.	Этиштин ыңғайларының мүчелеру	алса келсе барғым келег бармак болду
Болымсыз етістік жалғаулары	қарамаймын аттамаймын істемеймін билемеймін	Этиштин терс формасы мүчелеру	қарабайм уқпайм иштебейм көрбөйім
Есімшенің қосымшалары	білген сұрақ аққан су ағып тұрған су оқыған кітап мен өткен жол келер күн айтатын хабар	Атоочтуқтардың мүчелеру	билген суроо аққан суу ағып тұрған суу оқулан кітап мен өткөн жол келер күн учқан күш
Көсемшенің қосымшалары	істеп беру асынып жазу жырлай-жырлай барды күле-күле сөйледі айтпай кетті шаршағанша күлу үйреткенше істе барғалы отыр	Цакчылдардың мүчелеру	иштеп берүү берилип жазуу каалгый басуу күлө кароо айтпай кетти сүйлегөнче отур
Етістіктердің жақ бойынша түрленуі	тұрамын тұрасың тұрады тұрамыз тұрасыңдар тұрасыздар тұрады	Этиштин жақ мүчелеру	турам/ турамын турасың тураг турабыз турасыңар турушат

2-кестенің жалғасы

Шақ категориясы	келе жатыр жазамын жаздым жазғанмын жазармын т.б.	Цақ категориясы	келатаг, келе жағат келем келдим келгенмін келермін
Көптік жалғауы	балалар кісілер қыздар таулар көздер ормандар көлдер тастар жидектер	Көптік сан	балалар кишилер қыздар тоолар көздер токойлар көлдөр таштар эликтер
Жіктік жалғауы	жыршымын жыршысың жыршысыз жыршымыз жыршысыңдар жыршысыздар	Жақ мүчелерү (заг агоочтун жакталышы)	ырчымын ырчысың ырчысыз ырчыбыз ырчысыңар ырчысыздар
Тәуелдік жалғауы	балам балаң баласы баламыз балаларың балаларыңыз қолым қолың қолы қолымыз	Таандық мүчелер	балам балаң баласы балабыз балаңыз балаларыңыз колум колұң колубуз колунуз колу

2-кестінің жалғасы

Септік жалғауы	бөлме бөлменің бөлмеге бөлмені бөлмеден бөлмемен	Жөндөмө мүшелер	бөлме бөлменүн бөлмеге бөлменү бөлмеде бөлмедөн
----------------	---	-----------------	--

3-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі түлғажасам қосымшалары

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі форма жасоочу мүшелер(уландылылар)

СӨЗ ӨЗГЕРТУШІ ҚОСЫМШАЛАР ЖИЙНТҒЫ СӨЗ ӨЗГЕРТУУЧУ МҮЧӨЛӨРДҮН ТОПТОМУ			
Қазақ тілінде – Қазақ тилинде	Қырғыз тілінде – Қырғыз тилинде	Қырғыз тилинде	
Қосымша	Мысалдар	Мүчөлөр	Мысалдар
Көптік жалғауы -лар/-лер -дар/-дер -тар/-тер	балалар гүлдер кітаптар хаттар таулар үйлер	Көптік мүчөлөр -лар/-лер -дор/-лөр -дар/-дер -дор/-дөр -тар/-тер -тор/-төр	балдар гүлдөр китептер каттар тоолор үйлер
Тәуелдік жалғауы: І жақ, жекеше -м/-ым/-ім	балам қызым кітабым көзім орным	Таандық мүчө: І жақ, жекелик сан -м/-ым/-им -ум/-үм	балам қызым китебим көзүм ордум

3-кестенің жалғасы

Тәуелдік жалғауы: II жақ, жекеше -ң, -ың/-ің -ңыз/-ңіз -ыңыз/-іңіз	балаң/ балаңыз үстелің/ үстеліңіз көзің/көзіңіз	Таандық мүчө: II жақ, жекелик сан -ң/-ың/-ің -уң/-үң	балаң китебиң қызың көзүң
Тәуелдік жалғауы: III жақ, жекеше -ы/-і, -сы/-сі	баласы үстелі қызы көзі орны	Таандық мүчө: III жақ, жекелик сан -ы/-и/-у/-ү -сы/-си	баласы китеби қызы көзү орду
Тәуелдік жалғауы: I жақ, көпше -мыз/-міз, -ымыз/-іміз	баламыз үстеліміз кітабымыз үйіміз қойымыз орнымыз	Таандық мүчө: I жақ, көптік сан -быз/-биз -буз/-бүз -ыбыз/-ибиз -убуз/-үбүз	балабыз китебибіз үйбүз қызыбыз қойбуз ордубуз
Тәуелдік жалғауы: II жақ, көпше (-лар/лер, -дар /-дер -тар/-тер)+ -ың/-ің -ңыз/-ңіз -ыңыз/-іңіз	балаларың балаларыңыз кітаптарың кітаптарыңыз қойларың қойларыңыз үйлерің үйлеріңіз	Таандық мүчө: II жақ, көптік сан (-лар/-лер/ -лор/-лөр -лар/-лер/ -лор/-лөр -тар/-тер)+ -ңыз/-ңіз -нуз/-нүз	балдарың балдарыңыз китептерің китептеріңіз үй- лерүң үйлерүңіз қойлоруң қойлоруңыз
Жіктік жалғауы: I жақ, жекеше -мын/-мін -бын/-бін -пын/-пін	студентпін жазушымын бишімін Болатпын	Жақ мүчө: I жақ, жекелик -мын/-мін -мун/-мүн	студентмін жазуучу- мун бийчимін Болатмун

3-кестенің жалғасы

Жіктік жалғауы: II жак, жекеше -сын/-сің -сыз/-сіз	студентсің жұмысшысың биісің биісіз	Жак мүче: II жак, жекелик -сын/-сиң -суң/-сүң	студентсиң жазуучу- суң бийчисиң бийчисиз
Жіктік жалғауы: I жак, көпше -мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз	студентпіз жазушымыз биіміз	Жак мүче: I жак, көптік -быз/-биз, -буз/-бүз, -мыз/-миз	студентбиз жазуучу- буз бийчимиз
Жіктік жалғауы: II жак, көпше -сыңдар/-сіңдер, -сыздар/-сіздер	студентсіңдер жазушысыңдар биісіңдер	Жак мүче: II жак, көптік -сыңар/-сиңер, -суңар/-сүңер	студентсиңер жазуучусуңар бийчисиңер
Атау септігі ø	бала кітап қыз	Атооч жөндөмөсү ø	бала китөп қыз
Ілік септігі жалғауы -нын/-нің -дың/-дің -тын/-тің	баланың біздің қойдың көлдiң құстың есiктiң	Илік жөндөмөсүнүн мүчөсү -нын/-нің -нун/-нүн -дын/-дин -дун/-дүн -тын/-тин -тун/-түн	баланың биздин қойдун көлдүн қуштун эшиктин
Барыс септігі жалғауы -ға/-ге -қа/-ке	балаға қойға көлеге отқа	Барыш жөндөмөсүнүн мүчөсү -ға/-ге/-го/-гө -қа/-ке/-ко/-кө	балаға қойго көлге отко

3-кестенің жалғасы

Табыс септігі жалғауы -ны/-ні -ды/-ді -ты/-ті	баланы қойды көлді отты есікті құсты	Табыш жөндөмесүнүн мүчөсү -ны/-ни/-ну/ -нү -ды/-ди/-ду/-дү -ты/-ти/-ту/ -тү	баланы қойду көлдү отту эшикти қушту
Жатыс септігі жалғауы -да/-де, -та/-те	балада көлде үйде елде есікте	Жатыш жөндөмесүнүн мүчөсү -да/-де/-до/-дө -та/-те/-то/-тө	балада көлдө үйдө элде эшикте
Шығыс септігі жалғауы -нан/-нен -дан/-ден -тан/-тен	баладан көлден елден шеттен	Цыгыш жөндөмесүнүн мүчөсү -дан/-ден -дон/-дөн -тан/-тен/ -тон/-төн	баладан элден четтен
Көмектес септігі жалғауы -мен/-бен/-пен	ұшақпен кел баламен ойна көзімен көрді	ø менен*	учак менен бала менен көзү менен
ø Сұраулық демеулік (қазақ тілінде қосымша емес, бөлек жазылады) ма/ме ба/бе па/пе**	келді ме? ашық па? көп пе? осы ма? керек пе?	Суруонун маанисин билдирген мүчөлөр -бы/-би -бу/-бү -пы/-пи/ -пу/-пү	келдиби? ачыкпы? көпшү? ушубу? керекши?

3-кестіненің жалғасы

Болжалдық демеулік -мыс/-міс -ау -дүр***	айтады-ау айтыпты-мыс болыптыдүр маңырайдыдүр кісінейдідүр	Болжолду билдирген мүчелер -дыр/-дир -дур/-дур -тыр/-тир -тур/-тур	айтқандыр келгендир жүргөндүр
Өтініш мәнді қосымша -шы/-ші ****	айтшы берші келші	Өтүнүч билдирген мүчелер -чы/-чи/-чу/-чу	айтчы берчи келчи
Етістік: жедел өткен шақ -ды/-ді/-ты/-ті	алды көрді жұтты өшті	Этиш: айқын өткен чак -ды/-ди/-ду/-ду -ты/-ти/-ту/-ту	алды көрдү жұтту өчтү
Етістік: бұрынғы өткен шақ -ған/-ген -қан/-кен	көрген алғанбыз	Этиш: жалпы өткен чак -ған/-ген/-гон/-ген -қан/-кен/-кон/-көн	көрген конгон тапқан өчкөн
Етістік: болжалды келер шақ -р. -ар/-ер	түзер барармын	Этиш: арсар келер чак -ар/-ер	келер барар
Бұйрық рай: III жак, жекеше/ көпше -сын/-сін	жазсын айтсын барсын келсін күлсін	Буйрук ыңғай -тын/-тыла -сын/-син -ышсын/ -ыңыз	барғын барғыла барсын барышсын барыңыз
Шартты рай жалғауы -са/-се	алса келсе барса	Шарттуу ыңғай -са/-се	алса келсе барса

3-кестенің жалғасы

Қалау рай жалғауы -ғы/-гі, -қы/-кі -ғай/-гей, -қай/-кей +жіктік жалғаулары+ көмекші етістіктер	барғым келді жегісі келді келгісі келді көргісі келді барғайсың жегейсің келгейсің көргейсің	Тилек ыңғай -айын -алық -ғай/-гей +эле+ жак мүчөсү -са+жак мүчөсү+ экен	барайын барғай эле барсам экен барғым бар баралық көргөй элем келелик
Тілек мәнді рай қосымшасы -Р, -ар/-ер+ көмекші етістік	көрер еді көрген болар еді барар еді	Ниет ыңғай мүчөсү -мак/-макчы+ көмөкчү сөздер	бармак бармакчы окумак келмек эле
Болымсыз етістік жалғауы -ма/-ме -ба/-бе -па/-пе	қарама сөйлеме келме айтпа	Этиштин терс маанинин мүчөсү -ба/-бе -па/-пе	қараба сүйлөбө келбе айтма
Өздік етіс жалғауы -н/-ын/-ін	жуынамын бойнамын киінемін	Өздүк мамиле мүчөсү -н/-ын/-ин	жуунам жасанамын кийин
Ырықсыз етіс жалғауы -л/-ыл/-іл	айтылды басталды жазылды	Туоқ мамиле мүчөсү -л/-ыл/-ил	айтылды жазылды башталды
Ортақ етіс жалғауы -с/-ыс/-іс	істес қарас көмектес ойлас	Қош мамиле мүчөсү -ш/-ыш/еш, -ош/-өш	иштеш қараш көмектес, қарайлас`

3-кестенің жалғасы

Өзгелік етіс жалғауы -дыр/-дір -тыр/-тір -қыз/-кіз -ғыз/-гіз, -г	жаздыр алдыр ойландыр жуғыз ағыз ойнат қызарт	Арқылуу мамиле мүчөсү -дыр/-дир -қыр/-кир -кыз/-киз, -ыз/-из -тыр/-тир/-гор/-гөр -т/-ыт/ит -р/-ар/-ер	жаздыр алдыр жеткір өткөр ағыз ойнот отуруз
Қимыл есімі (ортақ етістік) қосымшасы -у- (-ұу/үу, -ьу/-іу) -мақ/-ме -бақ/-бек, -пақ/-пек -ыс/-іс	жымико шығу бармақ келмек көрмек ойнамақ барыс келіс өзгеріс	Қыймыл атооч мүчөсү -уу/-үү -оо/-өө -мақ/-мек -моқ/-мөк -ш/-ыш/-иш -ош/-өш	жазуу чабыш көрмек келмек бармақ ойномок жазыш беріш сөйлөш
Көсемше жалғаулары -п, -ып/-іп -а/-е, -й -ғанша/-генше -қанша/-кенше -ғалы/-гелі -қалы/-келі майынша /-мейінше	істеп асығып күле кірді ала кел шаршағанша үйреткенше айтқанша кеткенше бергенше барғалы келгелі бармайынша көрмейінше білмейінше	Цакчылдар мүчөлөрү -п, -ып/-ип -уп/-үп -а/-е, -й -ғаны/-гени -ғанча/-ғынча/ -гыча/-генче ғалы/-гели -майынча мейінше	барып кызарып күлө сүйледу ала кел барғанча бергенче келгенче барғаны келгени кеткени баштағалы келмейінше билмейінше тойгончо

3-кестенің жалғасы

Есімше жалғаулары -ған/-ген -қан/-кен, -р/-ар/-ер -с -ағын/-егін -йтын/-йтін -ушы/-уші	білген жаратқан жазған барар көрер келер сөйлер таусылмас кетпес сағынбас білмес өтпес баратын сөйлейтін келетін жейтін барушы келуші көрүші	Атоочтун мүчөлөрү ған/-ген -қан/-кен, -р/-ар/-ер -ор/-өр -бас/-бес -бос/-бөс -гыдай/-гидей -уучу/-үүчү/-үчү -чу/-чү -оочу/-өөчү	билген жараткан жазган барар көрөр келер сүйлөөр түгөнбөс кетпес сағынбас билбес өтпөс алгыдай бергидей баручу/барчу келүүчү кетүүчү жиберүүчү жиберчү
---	--	--	--

*Қырғыз тілінде көмектес септігі жоқ, көмектес септігінің мәні **менен** тұлғасындағы жалғаулық шылау (қырғыз тілінде – байланыстырғыш байламта) арқылы жасалады, бөлек жазылады.

Сұрау мәнді **ма/ме, ба/бе, па/пе тұлғалары қазақ тілінде сұраулық демеуліктер деп аталады, қосымшаға жаппайды, сондықтан бөлек жазылады.

*** Ескі қазақ тіліне тән **-дур** қосымшасы қазіргі қазақ тілінде сирек қолданылады, негізінен ауыз әдебиеті үлгілері тілінде, эпостар тілінде ұшырасады.

****Қазақ тілінде өгінші мәнді демеулік жеке қарастырылмайды.

4§ СӨЗ ТАПТАРЫ

Лексикалық қордағы сөздер заттар мен құбылыстырға, қимыл-әрекетке, басқа да ұғымдар мен қасиеттерге қатысты мағыналары жағынан, сөйлемдегі, сөйлеу үдерісіндегі қызметі жағынан әртүрлі болып келгенімен, жалпылама ортақ белгілері бойынша бір-біріне ұқсас сөз топтары болады. Тіл білімінде мұндай топтар сөз таптары деп аталатыны белгілі.

Сөз таптары – сөзді жалпы грамматикалық мағыналарының, лексика-семантикалық сипатының, түрлену жүйесінің, синтаксистік қызметінің ортақтығына қарай жүйелеп, жіктейтін лингвистикалық категория. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық түр (тип) жағынан басқа жүйедегі тілдердің сондай типтеріне негізінен сәйкес келгенімен, морфологиялық тұрғыдан сөз элементтерінің (бірліктердің) тіркесімділігі, қолданылу ыңғайы жағынан ажыратылады.

Сөздерді сөз таптарына бөліп топтастыру әр сөзге байланысты әртүрлі белгілер арқылы ғана айқындалмайды, сөз таптарына тікелей қатысты және оның мәнін айқындай алатын тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынады. Осы принциптер сөздердің ортақ грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс. Тілдік жүйедегі әрбір сөз сөйлеу үдерісінде өзіндік лексикалық мағынасын сақтай отырып, жалпыланып, абстракцияланып, жалпы грамматикалық мағынаға ие болады. Жалпы грамматикалық мағыналар негізінде лексикалық мағынасы әртүрлі сөздер ортақ сипатқа ие болады. Сөздердің сөз таптарына топтастырылуы грамматикалық сипаттағы осы ортақ белгілерге негізделеді. Сөздерді сөз таптарына жіктеудің негізгі ұстанымдары: семантикалық принцип (сөздің лексикалық мағыналарының жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына); морфологиялық принцип (белгілі грамматикалық топқа тән түрлену жүйесі, парадигмалық тұлғалану арқылы берілетін категориялық-грамматикалық мағына); синтаксистік принцип (сөйлемдегі сөздердің белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқара алуы мен сөздің байланысқа түсіп тіркесуі арқылы пайда болатын қатыстық грамматикалық мағына)⁴⁷. Түркі

⁴⁷ Исаев С. Сөз таптары // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 363 б.

тілдеріндегі әрбір сөз табының өзіне тән сөз тудыру жұрнақтары мен түрленім жүйесін қамтамасыз ететін жалғаулары бар.

Қазақ тілінде 10 сөз табы бар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, еліктеуіш сөздер, шылаулар, одағай, модаль сөздер.

Қырғыз тілінде 12 сөз табы мағыналық сипаты мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлінеді: 1. Мағына білдіруші сөз таптары (Маани берүүчү сөз түркүмдөр) – зат есім (зат атооч), сын есім (сын атооч), сан есім (сан атооч), есімдік (ат атооч), етістік (этиш), үстеу (тактооч); 2. Өзгеше сөз таптары (Өзгөчө сөз түркүмдөр) – еліктеуіштер (тууранды сөздөр), одағай сөздер (сырдык сөздөр); 3. Көмекші сөз таптары (кызматчы сөз түркүмдөр) – жалғаулық шылаулар (байламталар), демеулік шылаулар (бөлүкчөлөр), септеулік шылаулар (жандоочтор), модаль сөздер (кыялий мамиле).

4-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі сөз таптары
Казак жана кыргыз тилдериндеги сөз түркүмдөрү

СӨЗ ТАПТАРЫ – СӨЗ ТҮРКҮМДӨРҮ							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Сөз табы	Білдіретін мәні мен сұрақтары	Мысал	№	Сөз түр-күмү	Мааниси жана суроолору	Мисал
1	Зат есім	Заттық ұғымды білдіреді. кім? не? кімдер? нелер?	Бала қыздар құс қала су ауа	1	Зат атооч	Заттын атын билдирет. ким? кимдер? эмне?	бала қыздар куш калаа суу аба
2	Сын есім	Заттың белгілерін білдіреді. қандай?	ақ дәмді жақсы сұлу	2	Сын атооч	Затты сын белгилерин билдирет. қандай?	ак демдүү жакшы сулуу
3	Сан есім	Заттың санын, ретін білдіреді. қанша? неше? қаншасыншы? нешінші? қаншадан? нешеден?	бір екі үш төрт бес алты екінші бестен алтау жүз жеті жүз	3	Сан атооч	Заттын санын, иретин билдирет. қанча? нече? қанчадан? нешеден?	бир эки уч төрт беш алты экинчи бештен алтоо жүз жети жүз

4	Есімдік	Есім сөздер орнына жұмсалып, жалпылама мән береді. Қандай сөз табы орнына жұмсалса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.	өзі мен сен/сіз ол біз бұл осы кім? не? біреу ешкім ешқашан әлдекім әлдене	4	Ат атооч	Затты, анын сынын, белгилерін жалпылап атайт. Кайсы сөз түркүмүнүн ордуна колдонулса, ошонун суроосуна жооп берет	мен сен/сиз ал биз бул ошол ким? кимге? эмне? бирөө эчким эч качан ар ким ар нарсе
5	Үстеу	Іс-әрекет белгілерін білдіреді. қашан? қай уақытта? қашаннан? қанша? қаншалық? қаншама? қалай? қалайша? қайтіп? не үшін? неліктен?	тез жай ерте жылдам кеше ертең жорта қасақана әдейі әрең жаздай күздей жазында қысында	5	Так-тооч	Қыймыл-аракеттин ар түрдүү белгилери билдирет. канча? нечелеп? кайсы? кайда? эмне үчүн? кантип?	тез жай эрте ылдам ар качан көп жаздата жайдай күздөй жайында кышында алга артка кечке
6	Етістік	Қимыл, іс-әрекетті білдіреді. не істеді?	істейді келген кетпе ойнады	6	Этиш	Қыймыл-аракетти билдирет. эмне кыл?	иштейт иштеген иштебес ойноду
7	Елік-теуіш	Дыбыстар мен қимыл-қозғалысты бейнелейді қалай?	жалт-жұлт тық-тық тарс-түрс балп-балп былқ-сылқ шарт-шұрт	7	Туу-ранды сөздөр	Заттын үнүн, элесин, кыймылын окшоштурат. қандай?	жалт-жұлт тық-тық тарс-түрс кылт-кылт шылдыр мөө

4-кестенің жалғасы

8	Одағай	Адамның көңіл-күй, сезімін білдіру, малды, үй хайуан дарын шақыру, айдау мақсатында айтылады.	алақай! пай-пай! пәлі! қап! тәйт! тек, бәрекелді! моһ-моһ көс-көс шөре- шөре кә- кә міш-міш айтақ-ай- тақ т.б.	8	Сырдык сөздөр	Адамдын ички сезимдерин ар түрдүү абалын билдирүүчү жана айбанатка карата айтылуучу сөздөр.	пай-пай! ай-ий! ах! өш! бах! бали! кап! апей! барекел- ди!кокуй! чиркин! атаганат! пыш! чөк-чөк! кош! т.б.
9	Шылау	Қазақ тілінде шылау үш топқа бөлінеді.		-	Кызматчы сөздөр	Қырғыз тілінде шылаудың түрлері жеке сөз табы ретінде қарастырылады.	
	Жалғаулық	Сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді, салалас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырады.	мен/бен және біресе бірде немесе болмаса әйтсе де әйткенмен дегенмен себебі бірақ егер де т.б.	9	Байламталар	Сүйлөмдөгү сөздөрдү, кошмок сүйлөмдүн тутумундагы жөнөкөй сүйлөмдөрдү бири бири менен байланыштырат.	жана да эми демек анткени аның үчүн бирок болбосо ошончолук себептүү ошон үчүн эгер эгерде ж.б.
	Септеулік	Нысандар арасындағы немесе объекті мен қимыл-қозғалыс арасындағы қатынасты білдіреді.	арқылы бойынша сайын сияқты тәрізді секілді, сықылды туралы, жөнінде үшін т.б.	11	Жандочтор	Сүйлөмдө атооч сөздөрдү жандап, аларға ар кыл грамматикалык маани берет.	аркылуу боюнча сайын дейре жөнүндө карата сыяктуу тууралуу шекилдүү үчүн ж.б.

	Демеулік	Сөздер мен сөйлемдерге қосымша мән жүктеу үшін қолданылады.	ма/ме -ау, -ақ ғой/қой ғана тек түгіл тұрсын тұрмақ т.б.	11	Бөлүкчөлөр	Сүйлөмге же сөзге қосымша грамматикалық маани берет.	го, да дегеле гой/кой ғана тек түгүл турсун турмақ ж.б.
10	Модаль сөздер	Сөйлеушінің алынған ақпаратқа, хабарға жеке қатынасын, көзқарасын білдіреді.	әлбетте әрине бәлкім мүмкін сөзсіз сияқты тиіс (-са) керек т.б.	12	Модалдық сөздер	Айтылуучу ойдун ақыйкатка катышы жөнүндө сүйлө-өчүнүн көз карашын билдирет.	албетте арийне балким мүмкүн сөзсүз сыягы тийиш шекил- дүү ж.б.

5§ ЗАТ ЕСІМ

Түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық өрісі аса кең сөз таптарының бірі – зат есімдер. Лексикалық жүйедегі «айналамызды қоршаған дүниедегі зат пен жануар атаулыға, барлық құбылыс пен оқиға, болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есімдер. Лексикалық тұрғыдан алғанда зат есімдер өз алдына мағыналық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер»⁴⁸; морфологиялық тұрғыдан алғанда өзіне тән құрылымдық жүйесі бар, түбір морфема мен қосымша морфемадан тұратын, заттар мен құбылыстардың номинациялық ерекше белгісін танытатын тілдік бірлік. Қырғыз тілінде «заттардың, буюмдардың, жан-жаныбарлардың, абстракттуу тушүнүктөрдүн, ар кандай көрүнүштөрдүн, кубулуштардың аттарын билдирип, ким? жана эмне? деген суроолорго жооп берген сөздөр зат атоочтор деп аталат»⁴⁹.

Зат есімдер мағынасына қарай екіге бөлінеді: 1) жалқы есім (энчилүү ат) – біртектес заттардың, құбылыстардың, қимыл-

⁴⁸ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 442 б.

⁴⁹ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. Оқуу китеп. – Бишкек, 2008. – 35 б.

әрекеттердің, адамдардың атауларын жеке-дара бөліп айту үшін қызмет атқаратын зат есімнің түрі: *Қазақстан – Казакстан, Қырғызстан – Кыргызстан, Астана – Астана, Бішкек – Бишкек, «Абай жолы» – «Абай жолу», Ғалия – Алия, Айгүл – Айгүл* т.б. 2) жалпы есім (жалпы ат) – біртектес заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің, қалыптың жалпы атауы; *қала – калаа, қыз – кыз, ауыл – айыл, есім – ысым* т.б.

Түркі тілдерінің табиғатына сәйкес қазақ, қырғыз тілдерінде адамнан басқа жанды зат атауларына не?/ни? сұрақтары қойылады, сондай-ақ тек категориясының арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ, лексикалық негізде ажыратылады: *шал (баба) – чал (баба), кемпір (кейуана) – кемпир (кайнене), ата – ата, әже – әже, бала – бала, қыз – кыз* т.б.

Зат есімдер құрылымына, жасалуына қарай – түбір (үңгу/тубаса): *ас – аш, бел – бел, іс – иш*; туынды (туунду): *білім–билим, жұмысшы – жумушчу, байланыс – байланыш, құрдас – курдаш, бөлме – бөлмө* т.б.; күрделі (кушма): *аққу – ақ куу, дос-жаран – дос-тууган, Қазақстан Республикасы (ҚР) – Казакстан Республикасы, Қырғыз Республикасы – Кыргыз Республикасы (КР)* т.б. болып үш топқа бөлінеді. Қазақ тілі грамматикасы бойынша күрделі зат есімдер іштей бірнеше топқа жіктеледі: біріккен/кіріккен күрделі зат есімдер, қосарлы күрделі зат есімдер, тіркесті күрделі зат есімдер, қысқарған күрделі зат есімдер. Туынды зат есімдер ретінде негізінен сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалған сөздер қарастырылады. Зат есімдердің құрамындағы сөз санына байланысты дара және күрделі деп бөлу дәстүрі де бар.

Зат есімдер көптік(көптүк), жіктік(жак), тәуелдік(таандык), септік (жөндөмө) жалғауларымен түрленеді. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі жіктік жалғауы негізінен етістікке (этишке) тән категория болғанымен, сөйлемде баяндауыш (баяндооч) қызметін атқаратын зат есімдер жіктеледі: *Мен жақсы оқушымын – Мен жакшы окуучумун.*

Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Қазақ және қырғыз тілдерінде көптік мән лексикалық негізде де айқындалады, мысалы: *бала-шаға – бала-чака`балалар`.*

Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі,

туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының жалғануы – бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым↔қатынасқа түсінің негізгі амалы⁵⁰. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетіледі⁵¹.

Септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді. Зат есімдердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшелерімен грамматикалық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік т.б. Грамматикалық мағыналары көптік, жіктік, тәуелдік және септік категориялары арқылы жүзеге асады.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі зат есімдердің сөйлем құрамындағы қолданысы – бастауыш қызметінде жұмсалады: қаз. *Апам тамақ пісіріп жатыр* ~ қырғ. *Апам тамақ жасап жатат*; баяндауыш қызметін атқарады: қаз. *Кітап – білім бұлағы* ~ қырғ. *Китеп – билим булағы*; толықтауыш болады: қаз. *Мен бұл әңгімені өте жақсы көремін* ~ қырғ. *Мен бул аңгемени абдан жақшы көрөм*; анықтауыш қызметін атқарады: қаз. *Баланың кітабы ашық тұр* ~ қырғ. *Баланын китеби ачык турат*; пысықтауыш қызметінде қолданылады: қаз. *Үйде ешкім жоқ* ~ қырғ. *Үйдө эч ким жоқ*.

5-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі зат есімдер
Казак-кыргыз тилдериндеги зат атоочтор

ЗАТ ЕСІМ – ЗАТ АТООЧ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Жалпы есім	Жалқы есім	Жалпы аттар	Энчилуу аттар
Біртекті заттардың, жан-жануарлардың, құбылыстардың, басқа да ұғым-түсініктердің жалпылама атауы:	Жеке бір адамға, жан-жануарға, жер-суға, аспан денелеріне, кітап, газет, журнал т.б. заттарға қатысты бөліп көрсетілетін жекелеген атаулар:	Бир тектеги заттарды, жан-жаныбарларды, башка түшүнүктөрдү жалпы жонунан бириктире атайт:	Қандайдыр бир тектеги заттардың, жан-жаныбардың ичинен бирөөн бөлүп көрсөтүп, ошонун өзүнө гана тиешелүү ат:

⁵⁰ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 458 б.

⁵¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – 150 б.

5-кестенің жалғасы

адам, қала, тау, өзен, су, кісі, теңіз, ат, ит, жұлдыз, қыз, кітап, көл, теңіз, тау, ауыл, кітап, мемлекет.	Астана, Бішкек, Алатау, Ы-стықкөл, Алпамыс, Жібек, Тайбуырыл, Ақтөс, Сақұлақ, Құлагер, Бөрі-басар, Шолпан, Сұлусары.	эл, қалаа, тоо, суу, киши, жыл-га, тоо, ат, ит, жылдыз, көл, қыз, китеп, га-зета, журнал, айыл, жаныбар, мамлекет.	Астана, Бишкек, Алатао, Ысык-Көл, Манас, Айчөрөк, Ақтөш, Бөрүбасар, Тайбуурул, Чолпон, Жетиген
Зат есімнің құрылымдық түрлері – Зат атоочтун структуралық түрлеру			
Түбір (түбір-негіз) Әрі қарай морфемаларға ажырамайтын түбір, түбір-негіз сөздер*	ай, ақыл, ат, аяқ, бала, бас, ел, ес, ет, ешкі, жұрт, жыл, көз, көл, күміс, кісі қас, қой, қол, қыз, лақ, ой, от, өрт, су, тас, тау, тіл, тіс, тай, темір, шаш, іс.	Тубаса (унғу) Андан ары морфемаларға ажыратууга мүмкүн болбогон зат атооч сөздөр	ай, ақыл, ат, бала, баш, бут, эл, эс, эт, эчки, журт, жыл, киси, иш, көз, көл, каш, кой, кол, қыз, ой, от, өрт, суу, таш, тил, тиш, тоо, улак, чач.
Туынды Сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады**.	-шы/-ші: оқытушы, биші; -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/тік: орындық, игілік, жастық; -с, -ыс/-іс: байланыс, жеңіс, табыс, күрес, кіріс; -тас/-тес, -дас/-дес: сыныптас, әріптес, құрдас, жолдас; -ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе: бөлме, жазба, сүзбе; -қыш/-кіш, -ғыш/-гіш: алжапқыш, сүзгіш, үшқыш, ашқыш т.б.	Туунду Сөз жасоочу курандылар аркылуу же уңғу бирикме лери менен жасалган зат атооч сөздөр	-чы/-чи, -чу/-чү: окутуучу, бийчи; -лық/-лик, -лук/-лүк: орундук, ийгилик, балалык; -ш, -ыш/-еш, -уш/ -үш: байланыш, айтыш; күрөш; -таш/-теш, -даш/-деш: классташ, курдаш; жолдош; -ма/-ме: бөлме, колдонмо, сүзмө; -кыч/-кич, -гыч/-гич: алжапкыч отургуч `орындық`, кескич `кескіш`, сүз- гүч, аскыч т.б.
Дара	су, тас, көз, тіл, айран, қымыз, қанат, бала	Жөнөкөй	суу, таш, көз, тил, ай- ран, кымыз, канат

<p>Күрделі зат есім Бір сөздің қайталануы және екі не одан да көп сөздердің бірігуі, тіркесуі арқылы жасалатын зат есімдер. Бірнеше түрге бөлінеді.</p>	<p>аққу, әнұран, жора-жолдас, аға ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті</p>	<p>Татаал зат атооч Курамы жағынан эки же андан көп сөздөрдөн түзүлүп, лексикалык жактан бир гана маанини билдирет Бир нече түргө бөлүнөт.</p>	<p>ашказан, жорожолдош, аккуу, илимий кызматкер, Ош мамлекеттик университети, Бириккен улуттар уюму, БУУ</p>
<p>Кіріккен зат есімдер Сөздердің бірігуі арқылы түзіледі, сыңарлары тұлғасын өзгертп, кірігіп кетеді.</p>	<p>білезік→ білек+жүзік белбеу→ бел+бау ышқыр→ іш+құр қолғап→ қол+қап</p>	<p>Бириккен сөздөр Тыбыштық жактан бузулуп, биригип кеткен татаал сөздер***</p>	<p>агайын → ага+ини кулач→кол+ач билерик</p>
<p>Біріккен сөздер Сөздердің бірігуі арқылы жасалады, сыңарлары тұлғасын сақтайды.</p>	<p>айбалта, аққу, ауызекі, асқазан, әнұран, баспасөз, елтаңба, көкқұтан, тасбақа, құрбақа, теміржол, тасжол, шашбау</p>	<p>Кошмоқ сөздер Эки же андан ашык сөздөн түзүлүп, бир гана аталышты билдирген сөздер.</p>	<p>айбалта, ашказан, ачкүсөн, аткулак, балчелек, эчкемер, көккытан, тайэне, тайэже, ташбака, оозеки, каржилик, өнөржай, чоңата</p>
<p>Тіркесті күрделі зат есімдер Сөздердің тіркесуі арқылы жасалады.</p>	<p>бас маман көркем әдебиет күйеу бала қайын аға бел омыртқа күретамыр</p>	<p>Жалаң атоочтордун айкашынан турган татаал сөздер****</p>	<p>бала бакча, темир жол, таш көмүр, башкы командачы, кенже лейтенант, илимий кызматкер</p>
<p>Қос сөздер Сөздердің қосарлануы арқылы жасалып, біртұтас мағына береді.</p>	<p>бала-шаға, қызқырқын, келінкешік, қатынқалаш, ыдыс-аяк, қазан-табак, қозылақ, шал-шауқан, құрт-құмырсқа</p>	<p>Кош сөздер Маанилик жагынан жупташып келип бир гана лексикалык мааниге ээ болгот.</p>	<p>бала-бакыра, кызкыркын, келин-кесеk, идиш-аяк, казан-аяк, кой-козу, кулун-гай, курт-кумурска, чымын-чиркей</p>
<p>Қысқарған сөздер Құрамындағы сөздердің қысқартылуынан жасалған күрделі сөздер.</p>	<p>ҚР (Қазақстан Республикасы), БҰҰ (Біріккен ұлттар ұйымы), ҚазҰУ (Қазақ ұлттық университеті)</p>	<p>Қысқартылған сөздер Сөздердүн қысқартылып биригишинен жасалган татаал сөздер.</p>	<p>ҚР (Қырғыз Республикасы), БУУ (Бириккен улуттар уюму), КУУ (Қырғыз улуттук университети)</p>

5-кестенің жалғасы

Зат есімдердің сандық сапасына қатысты ажыратылуы			
Зат атоочтордун жекелик жана көптүк саны			
Жекеше	Көпше	Жекелик	Көптүк
қала бөлме топ бұйрық қыз	қалалар бөлмелер топтар бұйрықтар қыздар	буйрук кыз	қалаалар бөлмелер топтор буйруктар кыздар
Септік тұлғалы зат есімдер			
Зат атоочтордун жөндөме категориясы боюнча өзгеруші			
Атау	<u>Бала</u> ұйықтап жатыр	Атооч	<u>Бала</u> уктап атат
Ілік	<u>Баланың</u> кітабы	Илік	<u>Баланың</u> китеби
Барыс	<u>Балаға</u> қара	Барыш	<u>Балаға</u> қара
Табыс	<u>Баланы</u> жақсы көремін	Табыш	<u>Баланы</u> жақшы көрөм
Жатыс	<u>Балада</u> ойыншық бар	Жатыш	<u>Балада</u> оюнчук бар
Шығыс	<u>Баладан</u> алдым	Чыгыш	<u>Баладан</u> алдым
Көмектес	<u>Баламен</u> келдім	ø	ø
Тәуелдік тұлғалы зат есімдер			
Зат атоочтордун таандық категориясы боюнча өзгеруші			
Жақ	Жекеше – Көптік	Жак	Жекеликк – Көптүк
I жақ менің біздің	балам – баламыз үстелім – үстөлүм	I жак менин биздин	бала – балабыз үстөл – үстөлүбүз
II жақ сенің/сіздің сендердің/ сіздердің	балаң/балаңыз – балаларың/ балаларыңыз үстелің/үстеліңіз– үстелдерің/ үстелдеріңіз	II жак сенин/сиздин	балаң/балаңыз – балаңыз/балаңыздар үстөлүн/үстөлүнүз – үстөлүнөр/ үстөлүнүздөр
III жақ оның олардың	баласы – балалары қызы – қыздары үстелі – үстелдері	III жак анын алардын	баласы – баладары қызы – қыздары үстөлү – үстөлдөрү
Жіктік тұлғалы зат есімдер			
Зат атоочтордун жак категориясы боюнча өзгеруші			
Жекеше – Көпше		Жекелик – Көптүк	
I жақ	Мен оқушымын Біз оқушымыз	I жак	Мен оқуучумун Биз оқуучубуз

II жақ	Сен оқушысың/ Сіз оқушысыз Сендер оқушысыңдар/ Сіздер оқушысыздар	II жақ	Сен оқуучусуң/ Сіз оқуучусуз Силер оқуучусунар/ Сиздер оқуучусуздар.
III жақ	Ол оқушы Олар оқушы	III жақ	Ал оқуучу Алар оқуучу
Зат есімнің сөйлемдегі қызметі – Зат атоочтун сүйлөмдөгү кызматы			
Бастауыш	Бала ұйықтап жатыр	Эә	Бала уқтап атат
Баяндауыш	Біз – студентпіз	Баяндооч	Биз – студентпиз
Анықтауыш	Кітаптың беті ашық түр	Аныктооч	Китептин бети ачық түр
Толықтауыш	Анам сорпа(ны) пісіріп жатыр	Толуктооч	Апам тамак(ты) бышырууда
Пысықтауыш	Оны көшеден жолықтырды	Бышыктооч	Аны көчөдөн жолуктурдук

*Түбір зат есімдер (тубаса зат атточтар) тілдің қазіргі қалып-күйі бойынша біртұтас түбір морфема саналғанымен, дихрониялық бағыттағы зерттеулер бойынша тарихи морфемаларға ажырайды.

**Туынды зат есімдер ұғымы жалпы синтаксистік жолмен жасалған күрделі зат есімдерге қатысты да қолданылады.

***Қырғыз тіліндегі біріккен сөздер (бириккен сөздер) термині қазақ тіл біліміндегі кіріккен сөздер терминіне сәйкес келеді¹.

****Қазақ тіліндегі біріккен сөздер мен тіркесті күрделі сөздер қырғыз тілінде кошмок сөздер деп аталады.

¹ Қараңыз: Үсәналиев С. Кыргыз тилинин справочниги. –Бишкек: Турар, 2010. – 45 б.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі зат есімнің сөзжасам жұрнақтары
Казак-қырғыз тилдериндеги зат атооч жасоочу курандылар

ЗАТ ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҰРНАҚТАРЫ ЗАТ АТООЧТУН СӨЗ ЖАСООЧУ МҮЧӨЛӨРҮ(КУРАНДЫЛАР)			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Қосымшалар	Мысалдар	Мүчөлөр	Мисалдар
Есім сөздерден зат есім тудыратын жұрнақтар Атооч сөздөрдөн зат атооч жасоочу курандылар			
-кер	айлакер айыпкер жауапкер саудагер талапкер үміткер іскер	-кер -көр	айлакер айыпкер жоопкер соодагер талапкер үмүткөр ишкер
-кеш -кес	арбакеш зиянкес	-кеч -кес	арабакеш зиянкеч
-қор	дүниеқор жемқор шайқор	-кор	жемкор дүнүйөкор чайкор
-лас/-лес -тас/-тес -дас/-дес	ауылдас жерлес жолдас құрдас пікірлес сыныптас сырлас	-таш/-теш, -даш/-деш -лаш/-леш	айылдаш жердеш жолдош қурдаш пикирлеш классташ сырдаш
-лық/-лік -дық/-дік -тық/тік	ауыздық балалық бірлік жастық көптік күздік тұздық	-лық/-лик -дук/-лүк -дык/-дик -дук/-дүк -тык/ -тик -тук/-түк	ооздук балалык бирдик жаштык көптүк күздүк түздүк
-шы/-ші	аңшы балықшы бүркітші жұмысшы тілші оқушы етікші	-чы/-чи -чу/-чү	өтүкчү

-шын/-шін -сын/-сін	құлақшын	-чын	Чылапчын
Етістіктерден зат есім тудыратын жұрнақтар			
Этиш сөздерден зат атооч жасоочу қурандылар			
-қ/-к ақ/-ек -ық/-ік	елек кетік күрек қатық қонақ орақ тұзақ төсек	-к -ақ/-ык -оқ/-өк	эле́к кетик күрөк катык конок орок тузақ төшөк
-қа/-ке қы/-кі- -ғы/-гі	ашытқы іріткі сүзгі сүргі сыпырғы/сыпыртқы тұтқа тепкі шалғы	қы/-ки- -ғы/ги	ачытқы иритки сузгу сүргү сапырғы/шыпырғы тутқа тепки чалғы
-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш	ашқыш жыртқыш өшіргіш сүзгіш тұтқыш ұшқыш ілгіш	-кыч/-кич -гыч/-гич -гуч/-гүч	ачкыч жырткыч өчүргүч сүзгүч туткуч учкуч илгич
-ғын/-гін -қын/кін	қашқын қырғын сүргін тасқын тұрғын тұтқын ұшқын	-гын/-гин -кын/кин	качкын кыргын сүргүн, ташкын тургун туткун учкун
-м -ым/-ім	ағым алым білім бөлім кесім киім өлім шыдам	-м -ым/-им -ум/-үм -ом/-өм	агым алым, билим бөлүм кесим кийим өлүм чыдам

6-кестенің жалғасы

-ма/-ме -па/-пе -ба/-бе	бөлме бүрме жазба кеспе мінездеме сүзбе түйме тартпа	-ма/-ме -мо/-мө	бөлмө бүрмө жазма кеспе мүнөздөмө сүзбө түймө колдонмо
- ма қ / - м е к , - ба қ / - б е к , -пақ/-пек	қаймақ құймақ оймақ өрмек үймек шөлмек шақпақ ілмек	-мақ/-мек -моқ/-мөк	қаймақ құймақ оймоқ өрмөк үймөк чөлмөк чакмақ илмек
-мал	ашымал жорамал тасымал	-мал	ачымал жоромол ташымал
-ман/-мен	аларман береман көрермен оқырман өлермен шабарман	-ман/-мен	аларман берерман көрөрман окурман өлөрман чабарман
-н -ын/-ін	буын егін жиын келін толқын түйін тығын	-н -ын/-ин -ун/-үн -он/-өн	муун эгин жыйын келин толқун түйүн тығын
-с -ыс/-іс	байланыс көзқарас құрылыс күрес түзліс сөгіс тұрмыс	-ш -ыш/-иш -уш/-үш	байланыш караш курулуш күрөш сөгүш түзүлүш турмуш
-у -ау/-еу	астау жайлау бұрау көсеу отау сабау тарту	-уу/-үү -оо/-өө	аштоо жайлоо көсөө отоо сабоо суроо тартуу

-уыл	жасауыл қарауыл тосқауыл	-оол	жасоол кароол такоол
-ш -ыш/-іш	аяныш жиіркеніш қорқыныш қуаныш күйініш өкініш сағыныш таяныш	-ч -ыч/-ич	аяныч жийиркенич коркунуч кубаныч/кубанч күйүнүч өкүнүч/өкүнч сағыныч таяныч
Кірме жұрнақтар			
-стан	Қазақстан Қырғызстан Өзбекстан Түркіменстан	-стан	Казакстан Кыргызстан Өзбекстан Түркмөнстан
-хана	асхана аурухана баспахана дәрісхана жатақхана кітапхана мейманхана шайхана	-кана	ашкана оорукана басмакана дарскана жатакана китепкана мейманкана чайкана
-паз	аспаз ілімпаз құмарпаз ойынпаз өнерпаз	-поз	ашпоз илимпоз құмарпоз оюнпоз өнерпоз

6§ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ КӨПТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Зат есімдер сандық сапасына байланысты екі түрлі тұлғада қолданылады: жекеше (берлек) және көпше (күплек). Зат есімнің жекеше түрі негізгі атау тұлғаға сәйкес келеді, арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ: *ағаш ~ жығаш, бала ~ бала, қала~калаа*. Зат есімнің көпше түрі көптік жалғаулары жалғану арқылы жасалады: *ағаштар~жығаштар, балалар~балдар, қалалар~калаалар*.

Түркі тілдерінде көптік жалғауларын жалғамай-ақ көптік мағына білдіретін зат есімдер кездеседі, мысалы, қазақ және қырғыз тілдеріндегі қосарлы зат есімдердің көптікі мән бар: *дос-жаран*

~жоро-жлодош, тамыр-таныс ~ тааныш-билиш, ата-ана ~ ата-эне, бала-шаға ~ бала-чака, ыдыс-аяқ ~ идиш-аяк, қатын-қалаш~катын-калач, қыз-қырқын~кыз-кыркын, азық-түлік ~ азык-түлүк т.б. Сондай-ақ қазақ-қырғыз тілдеріндегі басқа да дара зат есімдердің лексикалық мағынасы көптік, жинақтық мән береді: мал ~ мал, сүт ~ сүт, тұз ~ туз, қаймақ ~ каймак, махаббат ~ махаббат, достық ~ достук, шаш~чач т.б. Сондықтан лексикалық мағынасында көптік, жинақтық мән бар зат есімдер көптік жалғауын қабылдамайды.

Қазақ және қырғыз тілдерінде сан есімдерден кейінгі зат есімдер тек жекеше түрде қолданылады, көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: (алма/алмалар) бір жасыл алма ~ бир жашыл алма; он жасыл алма ~ он жашыл алма; (кітап/кітаптар ~ китеп/китептер) екі кітап ~ еки китеп; сегіз кітап ~ сегиз китеп.

Көпшілдік ұғымының мә-маңызының адам санасында қорытылуына байланысты қалыптасқан көптік жалғаулары объектінің сандық белгілерін және олардың субъектілерге қатысының ортақтық немесе жекелік сипатын танытып, көптік, топтық, жинақтық, ортақтық белгілерінің көрсеткіші қызметтерін атқарады. Түркі тілдері бойынша көптік категориясының негізгі грамматикалық көрсеткішін $\sqrt{\text{}}\text{-лар/-лер}$ форманты және оның фонетикалық варианттары құрайды. Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілінде көптік жалғауларының -лар/-лер , -дар/-дер , -тар/-тер көрсеткіштері, шығыс қыпшақ тобындағы қырғыз тілінде -лар/-лер , -лор/-лөр , -тар/-тер , -тор/-төр , -дар/-дер , -дор/-дөр нұсқалары қолданылады. Қазақ тіліне қарағанда қырғыз тіліндегі көптік жалғауларының фонетикалық варианттарының көп болуы тілдегі ерін үндестігінің жақсы сақталуына байланысты.

7-кесте

Зат есімдердің көптік жалғауларымен түрленуі Зат атоочтун сан категориясы

КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – КӨПТҮК САН МҮЧӨЛӨР							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Көптік жалғауы	Қолданылу ережесі	Мысалдар	№	Көптүк мүчөсү	Колдонуу эрежеси	Мисалдар

1	-лар -лер	Дауысты а, ә, ы, і, үнді й, у дыбыс- тарынан кейін	балалар қойлар таулар бөрілер кісілер інілер	1	-лар -лер	Эринсиз үн- дүү а, ә, ы, и, я тыбыш- тарынан кийин	балалар кишилер жылқылар инилер ағалар аталар
	ø	ø	ø		-лор -лөр	Эрин үн- дүүлөрү бар мууннан кийин	тоолор койлор бөрүлөр төөлөр дөңсөөлөр
2	-дар -дер	Үнді л,м,н, ң, з, ж дыбыста- рынан кейін	ауылдар гүлдер елдер көздер қыздар ормандар	2	-дар -дер	Үнсүз л,м,н, ң, з, ж тыбыш- тарынан кийин	айылдар айымдар аялдар элдер қыздар каздар
	ø	ø	ø		-дор -дөр	Эрин үн- дүүлөрү бар мууннан кийин	гүлдөр көлдөр қойондор көлдөр
3	-тар -тер	Қатаң және ұяң б, в, г, д дыбыста- рынан кейін	кітаптар тастар жидектер жігіттер	3	-тар -тер	Каткалаң тыбыш- тардан кийин	китептер таштар жемиштер жигиттер
	ø	ø	ø		-тор -төр	Эрин үн- дүүлөрү (о,ө) бар мууннан кийин	тооктор оттор чөптөр көчөттөр күрөктер

7§ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТӘУЕЛДІК КАТЕГОРИЯСЫ

Тәуелдік жалғауы – заттың үш жақтың біріне меншікті, тәуелді екенін білдіретін грамматикалық категория. Түркі тілдеріндегі (жалпы алтай тілдерінде) жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі, әр форманттың жалпытүркілік (жалпыалтайлық) архетипі жіктеу есімдіктерінің жақтық тұрғыдан жіктелісімен сабақтастықта қарастырылады.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі заттар арасындағы иелік, меншіктік қатынастар, белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншік

екені тәуелділік жалғаулары арқылы беріледі. Тәуелдік жалғауының үш жағы ілік септігі тұлғасындағы жіктеу есімдіктеріне (*менің ~ менин, сенің/сіздің ~ сенин/сиздин, оның ~ анын; біздің ~ биздин, сендердің/сіздердің ~ силердин/сиздердин, олардың ~ алардын*) сәйкес жасалады: *менің анам – менин апам, сенің анаң ~ сенин апаң, оның анасы ~ анын апасы.*

Қазақ және қырғыз тілдерінде тәуелдік тұлғасындағы сөздердің алдында жіктеу есімдіктерінің тұруы міндетті емес: *қаламым жоқ – калемим жок, үйлерің кең – үйлөрүң кең.* Қазақ және тілінде тәуелдік жалғауы әрдайым қолданылады. Болымсыз формасы қазақ тілінде емес, қырғыз тілінде түгел сөздері арқылы жасалады.

Қазақ-қырғыз тілдерінде тәуелдік мағына *-ныкі/-нікі,-тыкі/-тікі, -дікі/-дыкі* (қазақ тілінде), *-ныкы/-ники, -нуку/-нүкү, -тыкы/-тики, -туку/-түкү, -дыкы/-дики, -дуку/-дүкү* (қырғыз тілінде) аффикстері арқылы да жасалады: *кітап менікі ~ китеп меники, кітап әкемдікі ~ китеп атамдыкы, кітап анамдікі ~ китеп энемдики.*

Тәуелдік категориясымен субстантивтенген сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, қимыл есімі, есімшелер, кейбір модаль сөздер де түрленеді: *бұл менің кітабым емес ~ бул менин китебим эмес; бұл кітап менікі емес ~ бул китап меники эмес.*

Түркі тілдерінде бірінші көптік жалғауы, одан кейін тәуелдік категориясының көрсеткіші жалғанады, мысалы: *менің достар+ым ~ менин дос+тор+ум.* Иеленуші екі не одан көп, иеленетін зат біреу болған жағдайда тәуелдік категориясының көпше түрі қосымшасы бірден жалғанады: *біздің дос+ымыз ~ биздин дос+убуз.* Иеленуші де, иеленетін зат та екі не одан көп болған жағдайда бірінші көптік жалғауы, содан кейін тәуелдік категориясының көрсеткіші жалғанады, мысалы: *біздің қонақтар+ымыз ~ биздин конокторубуз.*

8-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тәуелдік жалғаулары

Казак жана кыргыз тилдериндеги таандык мүчөлөрү

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЛАРЫ - ТААНДЫК МҮЧӨЛӨР				
Жақ Жақ	Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
	Жекеше	Көпше	Жекелик сан	Көптук сан
	Дауысты дыбыстарға аяқталатын сөздерден кейін Үндүү менен аяқтаган сөздөрдөн кийин			

8-кестенің жалғасы

I	-м	-мыз/-міз	-м	-быз/-биз -буз/-бүз
II	-ң -ңыз/-ңіз	-ң -ңыз/-ңіз	-ң	-ңыз/-ңиз -нуз/-нүз
III	-сы/-сі	-сы/-сі	сы/-си -су/-сү	-сы/-си -су/-сү
Жақ Жақ	Дауыссыз дыбыстарға аяқталатын сөздерден кейін Үнсуз тыбыш менен аяқтаған сөздерден кийін			
I	-ым/-ім	-ымыз/-іміз	-ым/-им -ум/-үм	-ыбыз/-ибиз -убуз/-үбүз
II	-ың/-ің -ыңыз/-іңіз	-ың/-ің -ыңыз/-іңіз	-ың/-иң -уң/-үң	-ыңыз/-иңиз -уңыз/-үңүз
III	-ы/-і	-ы/-і	-ы/-и -у/-ү	-ы/-и -у/-ү

9-кесте

Тәуелдік жалғаулары және зат есімдердің жақ бойынша түрленуі
Таандық мүчелер жана зат атоочтун жақ боюнча өзгөрүшү(жакталышы)

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЛАРЫ - ТААНДЫК МҮЧӨЛӨР					
<i>Дауысты дыбысқа аяқталатын сөздерден (түбірлер мен негіздер) кейін Үндүү менен аяқтаған сөздерден (уңғу/тубаса жана негіздер/туунду) кийін</i>					
Жекеше- Жекелик Көпше- Көптүк	Жақ/ Жақ	Қазақ тілінде-Казак тилинде		Қырғыз тілінде-Кыргыз тилинде	
		Тәуелдік жалғауы	Мысал	Таандық мүчө	Мисал
Жекеше Жекелик	I	-м	балам алмам көршім кесем	-м	балам алмам ишим кесем
	II	-ң -ңыз -ңіз	балаң/балаңыз алмаң/алмаңыз көршің/көр- шіңіз кесең/кесеңіз тауың/тауыңыз	-ң -ңыз -ңиз -ңуз -ңүз	балаң/балаңыз алмаң/алмаңыз ишин/ишиниз кесең/кесеңиз тооң/тооңуз
	III	-сы	баласы алмасы кесесі үлгісі	-сы -си -су -сү	баласы энеси тоосу төөсү

9-кестенің жалғасы

Көпше Көптүк	I	-мыз	баламыз алмамыз кесеміз үлгіміз	-быз -биз -буз -бүз	балабыз энебиз тообуз төөбүз
	II	-ң -ңыз -ңіз	балаң/балаңыз алмаң/алмаңыз кесең/кесеңіз үлгің	-ңыз -ңыз -нуз -нүз	балаңыз энеңіз тоонуз төөнүз
	III	-сы	баласы алмасы кесесі үлгісі	-сы -си -су -сү	баласы энеси тоосу төөсү
<i>Дауыссыз дыбысқа аяқталатын сөздерден (түбірлер мен негіздер) кейін Үнсүз менен аяқтаған сөздерден (уңғу/тубаса жана негіздер/туунду) кийін</i>					
Жекеше Жекелик	Жақ	Қазақ тілінде -Казак тилинде		Қырғыз тілінде -Кыргыз тилинде	
Көпше Көптүк	Жақ	Тәуелдік жалғауы	Мысал	Таандык мүчө	Мисал
Жекеше Жекелик	I	-ым -ім	қолым көзім тұрмысым күнім	-ым -им -ум -үм	айым тилим колум күнүм
	II	-ың -ің -ыңыз -іңіз	қолың/қолыңыз көзің/көзіңіз қолың/қолыңыз күнің/күніңіз	-ың -иң -уң -үң	айың/айыңыз тилиң/тилиңіз колуң/колунуз күнүң/күнүңүз
	III	-ы -і	қолы көзі тұрмысы күні	-ы -и -у -ү	айы тили колу күнү
Көпше Көптүк	I	-ымыз -іміз	қолымыз көзіміз тұрмысымыз күніміз	-ыбыз -ибиз -убуз -үбүз	айыбыз тилибиз колубуз күнүбүз
	II	-ың -ің -ыңыз -іңіз	қолың/қолыңыз көзің/көзіңіз қолың/қолыңыз күнің/күніңіз	-ыңыз -иңиз -уңуз -үңүз	айыңыз тилиңиз колунуз күнүңүз
	III	-ы -і	қолы үйі тұрмысы күні	-ы/-и -е -о/-ө -у/-ү	айы тили колу күнү

Көптік тұлғалы зат есімдердің тәуелденуі
Зат атоочтун көптүк сандағы таандық мүчөсү

Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Жақ Жак	Жеке (иеленуші біреу, иеле- нетін зат көп)	Көпше (иеленуші де, иеленетін зат та көп)	Жақ Жак	Жекелик сан (бир ээлик кылуу- чу, ээлик кыла турган нерселер көп)	Көптүк сан (ээлик кылуучу да, ээлик кыла турган нерселер де көп)
I	(менің) қо- нақтарым	(біздің) қо- нақтарымыз	I	(менин) конокторум	(биздин) конокторубуз
II	(сенің) қо- нақтарың (сіздің) қо- нақтарыңыз	(сендердің) қо- нақтарың (сіздердің) қо- нақтарыңыз	II	(сенин/сиздин) конокторун/ конокторунуз	(силердин/ сиздердин) конокторуңар/ конокторуңузда
III	(оның) қо- нақтары	(олардың) қо- нақтары	III	(анын) коноктору	(уларзың) коноктору

8§ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Септелу – сөйлемдегі сөздердің септік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, дәнекерлесуі⁵². Септік жалғаулары – сөздерді бір-бірімен байланыстыратын түрі көп, мағыналары мен грамматикалық қызметі әралуан морфологиялық тұлға. «Жөндөмө категориясы атооч сөздөрдү бири-бири менен же башка сөздөр менен байланыштырып, айтайын деген ойду түшүндүрүү үчүн сүйлөмдүн туура уюшулушун шарттап турат»⁵³.

Қазақ тілінде 7 септік, қырғыз тілінде 6 септік бар. Қазақ тіліндегі көмектес септігі қырғыз тілінде қолданылмайды. Қырғыз тіліндегі көмектес септігінің мәні менен шылауы арқылы берілетіндіктен бөлек жазылады, қосымшаға жатпайды. Әр тілдің фонетика-фонологиялық табиғатына, үндестік заңының сақталу деңгейіне, сөздің соңғы дыбысының артикуляциялық-акустикалық сапасына байла-

⁵² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 456-бет.

⁵³ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы: окуу китеп. – Бишкек, 2008. – 56 б.

нысты септік жалғаулары бірнеше вариантты болып келеді. Атау септігінің арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ.

11-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі септіктер
Казак жана кыргыз тилиндеги жөндөмөлөр

СЕПТІК КАТЕГОРИЯСЫ – ЖӨНДӨМӨ КАТЕГОРИЯСЫ				
<i>Септік Жөндөмө</i>	<i>Септік мағыналары Жөндөмөлөрдүн маанилери</i>		<i>Септік сұрақтары Жөндөмөлөрдүн суроолору</i>	<i>Мысалдар Мисалдар</i>
Атау Атооч	Затты (жаңды, жансыз), құбылысты, үдерісті білдіреді. Заттарды (жандуу, жансыз), кубулушту, процессти билдирет.		кім? ~ ким? адамға қатысты ғана қолданылады; не? ~ эмне? барлық жаңды тіршілік иелеріне (адамнан басқа) заттар мен құбылыстарға қатысты қолданылады.	кісі ~ киши ат ~ ат жаңбыр ~ жамгыр нан ~ нан жымиыс ~ жылмаюу
Ілік Илик	Иелік, меншіктеу мәнін білдіреді. Заттардын кимге жана эмнеге тиешелүү экендигин билдирет *	белгілі мән/ белгилүү маани	кімнің? ~ кимдин? ненің? ~ эмненин?	таудың басы ~ тоонун башы
		белгісіздік мәні/ белгисиз маани	не? – эмне?	тау басы~ тоо башы
Барыс Барыш	Қимылдың, іс-әрекеттің бағытын, мақсатын білдіреді. Сүйлөмдөгү кыймыл-аракеттин, айтыла турган ойдун жана сөздүн бағытын, аткарылар ордун билдирет.		кімге? ~кимге? неге? - эмнеге? кайда? - кайда?	әкеме айтуға ~ атама айтууга; тауға шығуға ~ тоого чыгууга
Табыс Табыш	Нысанды білдіреді. Объектини көрсөтөт **	айқын мән/ айқын маани	кімді? ~ кимди? нені? ~ эмнени?	кітапты оқыдым ~китепти оқудум
		белгісіз мән/ белгисиз маани	не? ~ эмне?	кітап оқыдым ~ китеп оқудум

11-кестенің жалғасы

Жатыс Жатыш	Заттың орнын, құбылыстың, іс-әрекеттің орындалған жерін, мекенін білдіреді. Қыймыл-аракеттің атқарылыш ордун, мезгилин же қайсы бир заттын қаякта, қайда әкенин билдирет.	кімде? ~ кимде? қайда? ~ қайда? неде? ~ әмнеде? қашан? - қачан?	қалада тұрады ~ шаарда жашайт; елге ұнады ~ әлге жакты; кітапта жазылған ~ китепте жазылған
Шығыс Чыгыш	Адамның,заттың, құбылыстың шыққан жерін, шығу нүктесін білдіреді. Қыймыл-аракеттің башталған жерин, учурун жана заттын же анын қаңдайдыр қасиетинин пайда болуш булагын билгизет.	кімнен? ~кимден? неден? ~әмнеден? қайдан? ~қайдан?	апамнан үйренгем ~апамдан үйрөнгөм; менен алды ~менден алды; жұмыстан келді ~жумуштан келдү
Көмек- тес (қырғыз тілінде жоқ) ***	Іс-әрекеттің жүзеге асу құралын, жолын білдіреді.	кіммен? немен? ø	атпен машинамен жолмен ø

*Ілік септігінің жасырын туруы иелік мағынаға біршама белгісіздік реңк береді.

**Табыс септігінің жасырын тұруы нысандық мағынаға біршама белгісіздік реңк береді.

***Қырғыз тілінде көмектес септігінің мәні *менен* шылауы арқылы жасалады, бөлек жазылады: *ат менен, жол менен*.

Зат есімдердің септік жалғаулары нұсқаларының қолданысы
Зат атоочтун жөндөмө мүчөлөрү варианттарынын колдонулушу

Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
Септік	I топ	II топ	III топ	Жөн- дөмө	I топ	II топ	III топ
	а, ә, ы, і, е, м, н ды- быста рынан кейін	з*, л, р, у, й ды-бы- ста рынан кейін	б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ц, ч, ш ды-бы- ста- рынан кейін			а, и, ы, е, у, ү, о, ө, ю, я тыбыштар- дан кийин	з, ж, л, м, н, н, р, й ты- быштар- дан кийин
Атау	-	-	-	Атооч	-	-	-
Ілік	-ның/ -нің	-дың/ -дің	-тың/ -тің	Илик	-нын/ -нин -нун/ -нүн	-дын/ -дин -дун/ -дүн	-тын/ -тин -тун/ -түн
Барыс	-ға/ -ге	-ға/ -ге	-қа/ -ке	Барыш	-га/-ге/ -го/ -гө	-га/-ге/ -го/-гө	-ка/-ке/ -ко/-кө
Табыс	-ны/ -ні	-ды/ -ді	-ты/ -ті	Табыш	-ны/ -ни -ну/ -нү	-ды/-ди -ду/-дү	-ты/-ти -ту/-тү
Жатыс	-да/ -де	-да/ -де	-та/ -те	Жатыш	-да/-де/ -до/-дө	-да/-де/ -до/-дө	-та/-те/ -то/-тө
Шығыс	-нан/ -нен	-дан/ -ден	-тан/ -тән	Чыгыш	-дан/ -ден/ -дон/ -дөн	-дан/ -ден/ -дон/ -дөн	-тан/ -тен -тон/ -төн
Көмек- тес	-мен	-мен (з-дан кейін) -бен	-пен	ø	ø	Ø	ø

*Қазақ тілінде з дыбысымен аяқталған сөздерге көмектес септігінің -бен қосымшасы жалғанады.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі септік категориясына мысалдар
Қазақ-қырғыз тілдеріндегі жөндөме категориясына мисалдар

Септік	Қазақ тілінде – Қазақ тілінде			Жөн-дөме	Қырғыз тілінде – Қырғыз тілінде		
	I топ	II топ	III топ		I топ	II топ	III топ
	а, ә, ы, і, е, м, н дыбыс-тарынан кейін	з*, л, р, у, й дыбыс-тарынан кейін	б, в, л, д, ж, қ, п, с, т, ц, ч, ш дыбыс-тарынан кейін	а, и, ы, е, у, ү, о, ө, ю, я тыбыш-тардан кийін	з, ж, л, м, н, н, р, й тыбыш-тардан кийін	б, в, г, д, л, қ, д, с, т, д, х, ц, ч, ш, щ кийін	
Атау	бала бөлме Үлгі пішен күн қалам	гүл қыз қой тау қар қару	аяқ доп өрік сүт тас шаш	Атооч	гүл қыз қой қар күн қалам	бүт топ өрүк сүт таш чач	
Ілік	баланың бөлменің Үлгінің пішеннің күннің әкемнің	гүлдің қыздың қойдың таудың қардың қарудың	аяқтың доптың өріктің сүттің тастың шаштың	Илік	баланың бөлменің Үлгінің сұлуның тоонун әненин	бүтүн топтун өрүктүн сүттүн таштын чачтын	
Барыс	балаға бөлмеге Үлгіге пішенге күнге қаламға	гүлге қызға қойға тауға қарға қаруға	аяққа допқа өрікке сүтке тасқа шашқа	Барыш	балаға бөлмеге сұлуға сууга тоого әнеге	бүтқа топқа өрүкке сүтке ташқа чачқа	

13-кестенің жалғасы

Табыс	баланы бөлмені үлгіні пішенді күнді қаламды	гүлді қызды қойды тауды қарды қаруды	аяқты допты күректі сүтті тасты пашты	Табыш	баланы бөлменү сулууну сууну тоону энени	гүлді қызды қойду күндү калемди қарды	бутту топу күректү сүтту ташты чачты
Жатыс	балада бөлмеде үлде пішенде күнде қаламда	гүлде қызда қойда тауда қарда қаруда	аяқта допта өрікте сүтте таста пашта	Ж а - тыш	балада бөлмеө сулууда сууда тоодо энеде	гүлдө қызда қойдо күндө калемде қарда	бутто топо өрүктө сүтө ташта чачта
Шығыс	баладан бөлмеден үлден пішеннен күннен қаламнан	гүлден қыздан қойдан таудан қардан қарудан	аяқтан доптан күректен сүттен тастан паштан	Цығыш	баладан б ө л м ө д ө н сулуудан судан тоодон энеден	гүлден қыздан қойдон күндөн калемден қардан	буттон топон өрүктөн сүттөн таштан чачтан
Көмек- тес	баламен бөлмемен үлгімен пішенмен күнмен қаламмен	гүлмен қызбен қоймен таумен қармен қарумен	аяқпен доппен ескіпен сүтпен таспен пашпен	ө	ө	ө	ө

*Қазақ тілінде 3 дыбысымен аяқталған сөздерге көмектес сегтіінің -бен қосымшасы жалғанады.

Көптік тұлғалы зат есімнің септелуі
Көптүк сандағы зат атоочтун жөңделуші

СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – ЖӨҢДӨМӨ МҮЧӨЛӨР					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Септік	Жалғау	Мысал	Жөңдөмө	Мүчө	Мисал
Атау	—	қалалар бөлмелер топтар күректер қыздар	Атооч	—	калаалар бөлмөлөр топтор күректөр қыздар
Ілік	-дың -дің	қалалардың бөлмелердің топтардың бұйрықтардың қыздардың	Илик	-дын -дин -дун -дүн	калаалардың бөлмөлөрдүн топтордун күректөрдүн қыздардың
Барыс	-ға -ге	қалаларға бөлмелерге топтарға күректерге қыздарға	Барыш	-га -ге -го -гө	калааларға бөлмөлөргө топторго күректөргө қыздарға
Табыс	-ды -ді	қалаларға бөлмелерге топтарға күректерді қыздарды	Табыш	-ды -ди -ду -дү	калааларды бөлмөлөрдү топторду күректөрдү қыздарды
Жатыс	-да -де	қалаларда бөлмелерде топтарда бұйрықтарда қыздарда	Жатыш	-да -де -до -дө	калааларда бөлмөлөрдө топтордо көректөрдө қыздарда
Шығыс	-дан/ -ден	қалалардан бөлмелерден топтардан бұйрықтардан қыздардан	Чыгыш	-дан -ден -дон -дөн	калаалардан бөлмөлөрдөн топтордон күректөрдөн қыздардан
Көмектес	-мен	қалалармен бөлмелермен топтармен күректермен қыздармен	∅	∅	∅

Тәуелдік жалғаулы зат есімдердің септелуі
Зат атоочтун таандық формасынын жөндөлүшү

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЛЫ (ЖЕКЕШЕ) ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТЕЛУІ ТААҢДЫҚ МҮЧӨЛӨРГӨ (ЖЕКЕЛИК САН) ЖӨҢДӨМӨ МҮЧӨЛӨРДҮН УЛАНЫШЫ							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
Септік	Тәуелдік жалғаулары			Жөндөмө	Таандық мүчөлөр		
	I жақ:	II жақ:	III жақ:		I жақ:	II жақ:	III жақ:
	-м -ым/ -ім	-ң -ың/ -ің	-ы/-і -сы/ -сі		-м -ым/-им -ум/-үм	-ң -ың/-иң -уң/-үң	-ы/-и -у/-ү -сы/-си -су/-сү
	Септік жалғаулары				Жөндөмө мүчөлөрү		
Атау	-	-	-	Атооч	-	-	-
Ілік	-ның/ -нің	-ның/ -нің	-ның/ -нің	Илик	-дын/-дин -дун/-дүн	-дын/-дин -дун/-дүн	-нын/-нин -нун/-нүн
Барыс	-а/-е	-а/-е	-на/-не	Барыш	-а/-е	-а/-е	-на/-не
Табыс	-ды/-ді	-ды/-ді	-н	Табыш	-ды/-ди -ду/-дү	-ды/-ди -ду/-дү	-н
Жатыс	-да/-де	-да/-де	-нда/ -нде	Жатыш	-да/-де -до/-дө	-да/-де -до/-дө	-да/-де -до/-дө
Шығыс	-нан/ -нен	-нан/ -нен	-нан/ -нен	Чыгыш	-дан/-ден -дон/-дөн	-дан/-ден -дон/-дөн	-нан/-нен
Көмек-тес	-мен	-мен	-мен	ø	ø	ø	ø

Тәуелдік жалғауының I жағындағы зат есімдердің септелуі
Зат атоочтун таандық формасынын жөндөлүшү I жақ

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ I ЖАҒЫ – ТААҢДЫКТЫН I ЖАҒЫ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Тәуелдік формасының I жағының жалғаулары -м, -ым/-ім. Атау септік осы тұлғада болады.			Таандық формасынын I жағының мүчөлөрү -м, -ым/-им, -ум/-үм. Атооч жөндөмө ушул формада болот.		
Септік	Жекеше	Көпше	Жөндөмө	Жекелик	Көптүк
Атау	балам қолым үйім	балаларым қолдарым үйлерім	Атооч	балам колум үйүм	балдарым колдарум үйлөрүм
Ілік	балам+ның қолым+ның үйім+нің	балаларым+ ның қолдарым+ның үйлерім+нің	Илик	балам+дын колум+дун үйүм+дүн	балдарым+ дын колдарым+ дун үйлөрүм+дүн

Барыс	балам+а қолым+а үйім+е	балаларым+а қолдарым+а үйлерім+е	Барыш	балам+а колум+а үйүм+ө	балдарым+а колдарум+а үйлөрүм+ө
Табыс	балам+ды қолым+ды үйім+ді	балаларым+ды қолдарым+ды үйлерім+ді	Табыш	балам+ды колум+ду үйүм+дү	балдарым+ды колдарум+ду үйлөрүм+дү
Жатыс	балам+да қолым+да үйім+де	балаларым+да қолдарым+да үйлерім+де	Жатыш	балам+да колум+да үйүм+дө	балдарым+да колдарум+да үйлөрүм+дө
Шығыс	балам+нан қолым+нан үйім+нен	балаларым+нан қолдарым+нан үйлерім+нен	Чыгыш	балам+дан колум+дан үйүм+дөн	балдарым+дан колдарум+дан үйлөрүм+дөн
Көмек-тес	балам+мен қолым+мен үйім+мен	балала- рым+мен қолдарым+мен үйлерім+мен	ø	Ø	ø

Иеленуші де, иеленетін зат та екі не одан көп болған жағдайда бірінші көптік жалғауы, содан кейін тәуелдік категориясының, көрсеткіші, одан соң септік жалғаулары жалғанады, мысалы: *біздің қонақ+тар+ымыз+ды ұнатты – биздин конок+тор+убуз+ду жактырды.*

Тәуелдік жалғауының II жағындағы зат есімдердің септелуі
Зат атоочтун таандык формасынын жөндөлүшү II жак

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ II ЖАҒЫ - ТААНДЫК МҮЧӨЛӨР II ЖАК					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Тәуелдік формасының II жағының жалғаулары: -ң, -ың/-ің, -ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз. Атау септік осы тұлғада болады.			Таандык формасынын II жагынын мүчөлөрү: -ң,-ың/-иң,-уң/-үң. Атооч жөндөмө ушул формада болот.		
Септік	Жекеше	Көпше	Жөндөмө	Жекелик	Көптүк
Атау	балаң қолың үйің балаңыз қолыңыз үйіңіз	балаларың қолдарың үйлерің балаларыңыз қолдарыңыз үйлеріңіз	Атооч	балаң колуң үйүң	балдарың колдоруң үйлөрүң

17-кестенің жалғасы

Ілік	балаң+ның қолың+ның үйің+нің үйіңіз+дің	балаларың+ның қолдарың+ның үйлерің+нің үйлеріңіз+дің	Илік	балаң+дын қолуң+дун үйуң+дун	балдарың+ дын қолдоруң+дун үйлөрүң+дун
Барыс	балаң+а қолың+а үйің+е балаңыз+ға қолыңыз+ға үйіңіз+ге	балаларың+а қолдарың+а үйлерің+е балаларыңыз+ға қолдарыңыз+ға үйлеріңіз+ге	Барыш	балаң+а қолуң+а үйуң+ө	балдарың+а қолдоруң+а үйлөрүң+ө
Табыс	балаң+ды қолың+ды үйің+ді қолыңыз+ды үйіңіз+ді	балаларың+ды қолдарың+ды үйлерің+ді қолдарыңыз+ды үйлеріңіз+ді	Табыш	балаң+ды қолуң+ду үйуң+дү	балдарың+ды қолдоруң+ду үйлөрүң+дү
Жатыс	балаң+да қолың+да үйің+де балаңыз+да қолыңыз+да үйіңіз+де	балаларың+да қолдарың+да үйлерің+де балаларыңыз+да қолдарыңыз+да үйлеріңіз+де	Жатыш	балаң+да қолуң+да үйуң+дө	балдарың+да қолдоруң+да үйлөрүң+дө
Шығыс	балаң+нан қолың+нан үйің+нен қолыңыз+дан үйіңіз+ден	балаларың+нан қолдарың+нан үйлерің+нен қолдарыңыз+дан үйлеріңіз+ден	Чыгыш	балаң+дан қолуң+дан үйуң+дөн	балдарың+ дан қолдоруң+дан үйлөрүң+дөн
Көмек- тес	балаң+мен қолың+мен үйің+мен қолыңыз+бен үйіңіз+бен	балаларың+мен қолдарың+мен үйлерің+мен қолдарыңыз+бен үйлеріңіз+бен	ø	Ø	ø

18-кесте

Тәуелдік жалғауының III жағындағы зат есімдердің септелуі
Зат атоочтун таандық формасынын жөндөлүшү III жак

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ III ЖАҒЫ - ТААНДЫК МҮЧӨЛӨР III ЖАК					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Тәуелдік формасының III жағының жалғаулары: -ы/-і, -сы/-сі Атау септік осы тұлғада болады.			Таандық формасынын III жағының мүчөлөрү: -ы/-е, -у/-ү, -сы/-си, -су/-сү . Атооч жөндөмө ушул формада болот.		
Септік	Жекеше	Көпше	Жөндөмө	Жекелик	Көптүк

Атау	баласы қолы үйі	балалары қолдары үйлері	Атооч	баласы колу үйү	балдары колдору үйлөрү
Ілік	баласы+ның қолы+ның үйі+нің	балалары+ ның қолдары+ ның үйлері+нің	Илік	баласы+нын колу+нун үйү+нүн	балдары+нын колдору+нун үйлөрү+нүн
Барыс	баласы+на қолы+на үйі+не	балалары+ на қолдары+на үйлері+не	Барыш	баласы+на колу+на үйү+нө	балдары+на колдору+на үйлөрү+нө
Табыс	баласы+н қолы+н үйі+н	балалары+н қолдары+н үйлері+н	Табыш	баласы+н колу+н үйү+н	балдары+н колдору+н үйлөрү+н
Жатыс	баласы+нда қолы+нда үйі+нде	балала- ры+нда қолдары+н- да үйлері+нде	Жатыш	баласы+нда колу+нда үйү+ндө	балдары+нда колдору+нда үйлөрү+ндө
Шығыс	баласы+нан қолы+нан үйі+нен	балала- ры+нан қолда- ры+нан үйлері+нен	Чыгыш	баласы+нан колу+нан үйү+нөн	балдары+нан колдору+нан үйлөрү+нөн
Көмектес	баласы+мен қолы+мен үйі+мен	балала- ры+мен қолда- ры+мен үйлері+мен	ø	ø	ø

**Иеленуші және иеленетін нысан көп болған жағдайдағы
тәуелдік жалғаулы зат есімдердің септелуі**

Ээлик кылуучулар жана ээлик объектилери көп болгон
учурдагы зат атоочтун таандык мүчөлөрүнүн жөндөлүшү

Иеленуші біреу, иеленетін зат көп болған жағдайда/ Бир ээлик кылуучу, көп ээлик объектиси болгон учурда				
Қазақ тілі Қырғыз тілі	Септік Жөндөмө	Тәуелдік жалғаулы зат есімдер Зат атоочтун таандык мүчөлөрү		
		I жақ I жак	II жақ II жак	III жақ III жак
Қаз.т. Қырғ.т.	Атау Атооч	менің балаларым менин балдарым	сенің балаларың сенин балдарың	оның балары анын балдары
Қаз.т. Қырғ.т.	Ілік Илик	балаларым+ның балдарым +дын	балаларың+ның балдарың +дын	балалары+ның балдары +нын
Қаз. Қырғ.т.	Барыс Барыш	балаларым+а балдарым +а	балаларың+а балдарың +а	балалары+на балдары +на
Қаз.т. Қырғ.т.	Табыс Табыш	балаларым+ды балдарым +ды	балаларың+ды балдарың +ды	балалары+н балдары +н
Қаз.т. Қырғ.т.	Жатыс Жатыш	балаларым+да балдарым +да	балаларың+да балдарың +да	балалары+нда балдары +нда
Қаз.т. Қырғ.т.	Шығыс Чыгыш	балаларым+нан балдарым +дан	балаларың+нан балдарың +дан	балалары+нан балдары +нан
Қаз.т. Қырғ.т.	Көмектес ø	балаларым+мен ø	балаларыңмен ø	балалары+мен ø
Иеленуші де, иеленетін зат та көп болған жағдайда/ Ээлик кылуучу да, ээлик кыла турган объект да көп болгон учурда				
Қаз.т. Қырғ.т.	Септік Жөндөмө	I жақ I жак	II жақ II жак	III жақ III жак
Қаз.т. Қырғ.т.	Атау Атооч	біздің балаларымыз биздин балдарыбыз	сендердің балаларың силердин/ сиздердин балдарыңыз балдарыңар	олардың балалары алардын балдары
Қаз.т. Қырғ.т.	Ілік Илик	балаларымыз+- дың балдарыбыз +дын	балалар+ың балдарыңыз +дын балдарыңар+дын	балалары+ның балдары+нын
Қаз.т. Қырғ.т.	Барыс Барыш	балаларымыз+ға балдарыбыз +ға	балаларыңа балаларыңызға+ға балдарыңыз +ға балдарыңар+ға	балалары+на балдары +на

Қаз.т. Қырғ.т.	Табыс Табыш	балаларымыз+ды балдарыбыз +ды	балаларыңыз+ды балдарыңыз+ды балдарыңар+ды	балалары+н балдары +н
Қаз.т. Қырғ.т.	Жатыс Жатыш	балаларымыз+да балдарыбыз +да	балаларың+да балаларыңызда балдарыңыз+да балдарыңар+да	балалары+нда балдары +нда
Қаз.т. Қырғ.т.	Шығыс Чыгыш	балаларымыз+дан балдарыбыз +дан	балаларың+нан балаларыңыздан балдарыңыз+дан балдарыңар+дан	балалары+нан балдары +нан
Қаз.т. Қырғ.т.	Көмектес	балаларымыз+бен ø	балаларың+мен ø	балалары+мен ø

Түркі тілдеріне тән аглютинативті жүйенің заңдылықтарына сәйкес зат есімге бірінші көптік жалғауы, екінші тәуелдік категориясының көрсеткіші, одан кейін септік жалғауы жалғанады.

9§ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ЖІКТІК ЖАЛҒАУЫ

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктік категориясы бойынша түрленуі. Сөздің жіктелуі оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауы арқылы объектінің субъектіге қатысын айқындайды және сөйлем мүшелерінің синтаксистік қарам-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді⁵⁴.

Қазақ және қырғыз тілдерінде де зат есімдердің жіктік мағынасы жіктік жалғаулары арқылы беріледі. Жаққа қатысты үш түрлі модификациямен берілетін жіктік категориясымен зат есімдер, субстантивтенген басқа да сөз таптары және етістіктер түрленеді.

Қыпшақ тобындағы қазақ-қырғыз тілдерінде зат есімдер баяндауыш қызметін де атқарады. Зат есімдердің баяндауыш сапасында жұмсалуды синтетикалық жолмен де, аналитикалық жолмен де беріледі. Бұл жағдайда жіктеу есімдіктерінің қатысуы (айтылуы) да, жасырын (айтылмауы) қалуы да мүмкін: қаз. *оқытушымын* = *меноқытыушымын*, *меноқытушы* ~ қырғ. *окутуучумун* = *мен окутуучумун* = *мен окутуучу*. Жіктік категориясының III

⁵⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 448 б.

жағының арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ: *ол оқытушы~ ал окутуучу.*

Жіктік тұлғадағы зат есімдер жекеше және көпше мәнді де айқындайды: қаз. *мен жұмысшымын=жұмысшымын~қырғ. мен жумушчумун=жумушчумун;* қаз. *біз жұмысшымыз=жұмысшылармыз~қырғ. биз жумушчубуз=жумушчуларбыз.*

Жіктік категориясының болымсыз түрі қазақ тілінде де емес сөзі арқылы, қырғыз тілінде де емес сөзі негізінде жасалады. Жіктік жалғаулары зат есімдерге емес, болымсыздық, терістеу мәнін беретін емес сөзіне жалғанады: қаз. *мен оқытушы емесмін ~ қырғ. мен окутуучу эмесмин.* Сонымен қатар емес сөзі жіктік жалғауын жалғамай да қолданылады: *мен оқытушы емес ~ мен окутуучу эмес.*

Қазақ, қырғыз тілдерінде II жақтың *сен, сендер* есімдігімен тіркесетін қарапайым және *сіз, сіздер* есімдігіне сәйкес сыпайы формалары қолданылады: қаз. *сен дәрігерсің/сіз дәрігерсіз ~қырғ. сен дарыгерсиң/сиз дарыгерсиз.*

20-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі зат есімдердің жіктік категориясы бойынша түрленуі (болымды түрі)

Казак-кыргыз тилдериндеги зат атоочтордун жак категориясы боюнча өзгөрүшү (оң форма)

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – ЖАК МҮЧӨЛӨР					
Болымды түрі – Оң формасы					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Ж е к е ш е – Ж е к е л и к с а н					
Жақ	Жалғау	Мысалдар	Жак	Мүчөлөр	Мисалдар
I	-мын/-мін -бын/-бін -пын/-пін	(мен)ұстазбын (мен)маманмын (мен)жыршымын (мен)әншімін (мен)ұшқышпын	I	-мын / -мин -мун / -мүн	(мен) мугалиммин (мен) тилчимин (мен) ырчымын (мен) гүлчүмүн (мен) учкучмун
II	-сың/-сің -сыз/-сіз	(сен) ұстазсың (сен) мамансың (сен) жыршысың (сен) әншісің (сіз) мамансыз (сіз) әншісіз	II	-сың /-сің -суң / -сүң -сыз/-сиз -суз/ -сүз	(сен) директорсуң (сен) тилчисиң (сен) ырчысың (сен) гүлчүсүң (сиз) тилчисиз (сиз) ырчысыз

Ш	ø	(ол) ұстаз (ол) маман (ол) жыршы	Ш	ø	(ал) директор (ал) тилчи (ал) ырчы
К ө п ш е - К ө п т ү к с а н					
Жақ	Жалғау	Мысалдар	Жақ	Мүчөлөр	Мисалдар
I	-мыз/-міз -быз/біз -пыз/-піз	(біз) ұстаз быз (біз) маман мыз (біз) жыршы мыз (біз) әнші міз (біз) ұшқыш пыз (біз) туысқан быз	I	-быз / -биз -буз / -бүз -пыз/ -пиз	(биз) директор буз (биз) тилчи биз (биз) ырчы быз (биз) гүлчү бүз (биз) учкуч пуз (биз)гууган быз
II	-сыңдар/ -сіңдер -сыздар/ -сіздер	(сендер) ұстаз- сыңдар (сендер) маман сыңдар (сіздер) маман сы- здар (сендер)әнші сің- дер (сіздер) әнші сіздер	II	-сыңар/ -сиңер -суңар / -сүңөр -сыздар/ -сиздер -суздар/ -сүздөр	(силер/сиздер) директор суңар (силер/сиздер) тилчи сиңер (силер/сиздер) ырчы сыңар (силер/сиздер) гүлчү сүңөр
III	ø	(олар) директор (олар) маман (олар) жыршы (олар) әнші	III	ø	(алар) директор (алар) тилчи (алар) ырчы

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі зат есімдердің жіктік категориясы бойынша түрленуі (болымсыз түрі)

Қазақ-қырғыз тилдеріндегі зат атоочтордун жак категориясы боюнча өзгөрүшү (терс форма)

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – ЖАК МҮЧӨЛӨР					
Болымсыз түрі / Терс форма					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Ж е к е ш е — Ж е к е л и к с а н					
Жақ	Жалғау	Мысалдар	Жақ	Мүчөлөр	Мисалдар
I	-пін	(мен) ұстаз емес пін (мен) маман емес пін (мен) әнші емес пін	I	-мин	(мен) бала эмес мин (мен) тилчи эмес мин (мен) ырчы эмес мин
II	-сің -сіз	(сен) ұстаз емес сің (сіз) ұстаз емес сіз (сен) маман емес сің (сен) жыршы емес сің (сіз) жыршы емес сіз	II	-сиң -сиз	(сен) бала эмес сиң (сиз) бала эмес сиз (сен) тилчи эмес сиң (сиз) тилчи эмес сиз (сен) ырчы эмес сиң (сиз) ырчы эмес сиз

21-кестенің жалғасы

III	-	(ол) ұстаз емес (ол) маман емес (ол) әнші емес	III	-	(ал) бала эмес (ал) тилчи эмес (ал) ырчы эмес
К ө п ш е — К ө п т ү к с а н					
Жақ	Жалғау	Мысалдар	Жақ	Мүчөлөр	Мисалдар
I	-піз	(біз) ұстаз емеспіз (біз) маман емеспіз (біз) жыршы емеспіз	I	-пиз	(биз) бала эмеспиз (биз) тилчи эмеспиз (биз) ырчы эмеспиз
II	-сіңдер -сіздер	(сендер) ұстаз емессіңдер (сендер) маман емес-сіңдер (сендер) жыршы емессіңдер (сіздер) жыршы емессіздер	II	-сиңер -сиздер	(силер) бала эмессіңер (сиздер) бала эмессіздер (силер) тилчи эмессіңер (сиздер) тилчи эмессіздер
III	-	(олар) ұстаз емес (олар) маман емес (олар) жыршы емес	III	-	(алар) бала эмес (алар) тилчи эмес (алар) ырчы эмес

10§ ЕСІМДІК

Есімдіктерді дербес сөз табы ретінде тануда негізінен лексика-семантикалық принцип негізге алынады. Себебі есімдіктердің мағыналары басқа сөз таптарының мағыналарынан өзгешеленіп, оқшауланып тұрады. Есімдік сөздер сөйлемнен тыс жеке-дара тұрғанда да, сөйлем ішінде қолданылғанда да мағыналары нақтылы емес жалпылама қалыпта болып отырады. «Есімдіктердің жалпы мағынада қолданылуын олардың реальды нақтылықтан қаншалық алшақтап, қаншалық абстракциялану дәрежесіне жету шегінің көрінісі деп ұғынған жөн»⁵⁵. Түркі тілдеріндегі айрықша грамматикалық топ ретінде танылатын есімдіктердің негізгі ерекшеліктері: өзіне тән сөзжасам жүйесі жоқ; есімдіктер тек грамматикалық өзгерістерге ғана ұшырайды, септік, көптік, тәуелдік жалғаулары арқылы түрленеді; тек есімдіктерге ғана тән грамматикалық, категориялар жүйесі жоқ; дербес сұрақтары жоқ, сөйлемде қай сөз табы қызметінде болса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.

⁵⁵ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 480 б.

Қырғыз тіліндегі есімдіктердің (ат атооч) сипаттамасы: «Ат атооч сөздер башка сөз түркүмдөрүнүн ордуна колдонулат. Булар заттарды, түшүнүктөрдү же заттардын кайсы бир белгилерин атабай туруп, аларды жалпылап көрсөтөт. Ат атооч сөздөрдүн маанилери абстракттуу болот. Алар сүйлөм тизмегинде гана конкреттүү маанилерди билдирет»⁵⁶. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі есімдіктердің жалпы сипаты бірдей болғанымен оларды мағынасы бойынша топтастыруда аздаған ерекшелік бар.

Қазақ тілінде есімдіктер жеті топқа бөлінеді:

1) **жіктеу есімдіктері** белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер тобы, жіктеу есімдіктері үнемі адаммен, яғни сөйлеуші, тыңдаушы және бейтарап бөгде кісіге қатысты қолданылады. II жақ жіктеу есімдігі сілтеу есімдігінің қызметінде де жиі қолданылады;

2) **сілтеу есімдіктері** – сөйлеушіге не сөйлемдегі субъектіге субстанциялар мен құбылыстардың әралуан жақын немесе алыстық тәрізді аралық қатынастырын білдіретін есімдіктер. Сілтеу есімдіктерінің саны аз, олар септік тұлғаларын қабылдауы арқылы мағыналық аясын кеңейтіп отырады;

3) **өздік есімдігі** – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан ажыратып, даралап көрсетуші сөздер. Өздік есімдіктер септік, жіктік, тәуелдік және көптік жалғауларымен түрленеді;

4) **сұрау есімдіктері** – заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін т.б. білу мақсатында қолданылатын сұрау мәнді сөздер тобы. Сұрау есімдіктерінің субстантивтік (кім? не?) және атрибутивтік (қай? қайсы?) болып бөлінуі заттың атын білу үшін қойылатын сұрақтарға және заттың белгісін білу мақсатында қойылатын сұрақтарға қатысты қалыптасқан;

5) **белгісіздік есімдігі** – заттар мен құбылыстарды, олардың сан, сапа белгілерін, мекенін тұспалдап көрсететін, мағыналары нақтылы емес, белгісіз мәнде айтылатын сөздер тобы;

6) **болымсыздық есімдігі** – болымды мағыналарға қарама-қарсы болымсыз мәнде қолданылатын сөздер;

7) **жалпылау есімдігі** – белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына немесе толық қамтылуына қатысты айтылатын жинақтық және жалпылау мәнді сөздер.

⁵⁶ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. Оқуу китеп. – Бишкек, 2008. – 139 б.

Қырғыз тілінде есімдіктер алты топқа бөлінеді, өздік есімдік жеке қарастырылмайды:

1) **жақтама ат атоочтор** қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктеріне сәйкес келеді: *мен* `мен`, *сен/сиз* `сен`, *ал* ``, *биз* `біз`, *сиздер/силер* `сендер/сіздер`, *алар* `олар`;

2) **шилтеме ат атоочтор** қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктері: *бул* `бұл`, *ошол* `осы`, *ушул* `сол`, *тигил* `ана/анау`, *ал* `ол`, *мынабу* `мынау`; *мындай* `мұнадай/ мұндай/бұндай`, *ушундай* `ондай`, *тигиндей* `анадай (анау сияқты)`, *ошондой* `осылай`;

3) **сурама ат атоочтор** қазақ тіліндегі сұрау есімдігі: *ким* `кім`, *не, неме, эмне* `не, немене`, *кандай* `қандай, нендей`, *канча/нече* `қанша, неше`, *кайсы* `қай, қайсы`, *качан* `қашан`, *кайда* `қайда`;

4) **анықтама ат атоочтор** қазақ тіліндегі нақтылы бір есімдік түрімен сәйкес келмейді, өздік есімдігі мен кейбір белгісіздік, жалпылау есімдіктерін, сондай-ақ қазақ тіліндегі есімдіктер құрамында қарастырылмайтын кейбір сөздерді қамтиды: *ар, ар ким, ар бир* `әр, әркім, әрбірі, әрбір`; *бүтүн, бүткүл, бардык, бардыгы, барча, баары*, өз, өзү `бәрі, бүткіл, бүткілі, барлығы, барша, баршасы, өз, өзі`;

5) **белгисіз ат атоочтор** қазақ тіліндегі белгісіздік есімдіктеріне сәйкес келеді: *кимдир* `біреу, әлдекім`, *кандайдыр* `қайдағы бір`, *качандыр* `қашан (көп бұрын өтіп кеткен), әлдеқашан`, *негедир* `бір нәрсе, бірдеңке/бірдеме`, *кайдадыр* `бір жерде, бір жерге`; *алда ким* `әлдекім, әлдекімдер`, *алда кайдан* `әлдеқайда`, *алда неме* `әлдене`, *алда канча* `әлденеше (қанша екені белгісіз)`, *алда качан* `әлдеқашан`, *кайсы бир* `қайсыбір` т.б.

6) **таңгыч ат атоочтор** қазақ тіліндегі болымсыздық есімдіктері: *эч ким* `ешкім`, *эч нерсе/эч теме* `ешнәрсе, ештеңе`, *эч кандай* `ешқандай`, *эч бири* `ешбір, ешқандай`, *эч качан* `ешқашан`, *эч кайда* `еш жерде, ешқайда`.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің (жақтама ат атоочтор) бірінші, екінші жақтары тек адамға қатысты ғана қолданылады, ал үшінші жағы адамға да басқа заттарға да қатысты қолданыла береді. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі жіктеу (жақтама) және сілтеу (шилтеме) есімдіктерінің кейбіріне тәуелдік, септік категорияларының қосымшалары жалғанғанда тұлғалық өзгерістерге түседі: қаз. *мен*–*маган сен*–*саган, ол*–*оган, сол*–*соган, бұл*–*бұган*~қырғ. *мен*–*мага(маа), сен*–*сага(саа), ал*–*ага(аа), ал*–*аны, бул*–*буга* т.б.

Жіктеу (жактама) есімдіктері атау тұлғада тұрып негізінен бастауыш қызметін атқарады: қаз. *Мен ертең сапарға шығамын* ~ қырғ. *Мен эртең сапарға чыгам*. Кейде атау тұлғада тұрып баяндауыш қызметінде жұмсалуды да кездеседі: қаз. *Жақсы адам – ол* ~ қырғ. *Жакшы киши – ал*. Тәуелдік тұлғасындағы жіктеу есімдіктері де сөйлемде – анықтауыш: қаз. Оның добы жарылып қалды ~ қырғ. Анын тобу жарылып кетти; бастауыш: қаз. *Біздің үй үлкен, оныкі үлкенірек* ~ қырғ. *Биздин үй чоң, аныкы чоңураак*; баяндауыш болады: қаз. *Бұл кітап – сенікі* ~ қырғ. *Бул китеп – сеники* қызметін атқарады

Сұрау (сурама) есімдіктері сөйлемде – бастауыш: *кім келді?* ~ *ким келди?*; анықтауыш: *бүгін қандай күн?* ~ *бүгүн кандай күн?*, толықтауыш – *бүгін кімді кездестірдің?* ~ *бүгүн кимди көрдүң?* сапасында қолданылады. Күрделі баяндауыштар құрамында қолданылады: *ол кім болып кеткен?* – *ал ким болуп калды?* т.б. Сұрау есімдіктері *кім?/ким? не?/эмне?* зат есімдері сияқты септеледі, *қандай?/кандай?* есімдіктері зат есімдердің алдында анықтауыштық сапада тұрғанда түрленбейді, *қанша?/канча, неше?/нече?* есімдіктері де зат есімдердің алдында тұрғанда септелмейді: *Қанша кітап?* - *Канча китеп?*; *Неше кітаптың беті жоқ* ~ *Канча китепдин бети жок?*

Қазақ тіліндегі жалпылау, қырғыз тіліндегі анықтама есімдіктері сөйлемде – бастауыш: *Бәрі үйге келді* ~ *Баары үйгө келишти*; толықтауыш: *бұл хабар бәрімізді риза қылды* ~ *Бул кабар баарыбызды сүйүнттү*; анықтауыш: *Бүкіл ел жиналды* ~ *Бүткүл эл чогулду* сапасында жұмсалады. Зат есімдердің алдында анықтауыш қызметіндегі есімдіктер септік категориясының көрсеткіштерімен түрленбейді. Зат есімдерсіз дербес қолданылған жағдайда тәуелдік, септік жалғауларымен түрленеді: *бәрімізге* ~ *баарыбызга* т.б.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі белгісіздік (белгисиз) есімдіктері сөйлемде бастауыш, толықтауыш, баяндауыш, анықтауыш сапасында қолданылады: *біреу келді* ~ *бирөө килди*, *біреулерді көрдім* ~ *бирөөлөрдү көрдүм* т.б. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі *ешкім* ~ *эч ким*, *ештеңе* ~ *эч нерсе*, *ешқандай* ~ *эч кандай* тәрізді болымсыздық (тангыч) есімдіктері де тәуелдік жалғауларымен түрленеді: *менің ешкімім жоқ* ~ *менин эч кимим жок*.

**Қазақ және қырғыз тілдеріндегі есімдіктердің
лексика-семантикалық топтары**

Қазақ жана қырғыз тилдериндеги ат атоочтордун
лексика-семантикалык топтору

ЕСІМДІК – АТ АТООЧ					
Қазақ тілінде – Қазақ тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
№	Есімдіктің түрлері	Мысалдар	№	Ат атоочтун түрлерү	Мисалдар
1	Жіктеу есімдіктері	мен, сен, сіз, ол, біз сендер, сіздер, олар	1	Жактама ат атоочтор	мен, сен, ал, биз, силер,сиздер, алар
2	Сілтеу есімдіктері	бұл, сол, ол, осы, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне	2	Шилтеме ат атоочтор	бул, бу, ушул ушу, ошол, ошо, тигил, тиги, тетигил, тетиги, мынабу
3	Сұрау есімдіктері	кім? не? қай? қайсы? қандай? неше? қанша? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан?	3	Сурама ат атоочтор	ким? эмне? кайдан? қандай? қайсы? қачан? қана? қанча? қанчанчы? қайда?
4	Өздік есімдігі	өз (өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздерің, өздеріңіз, өздері)	ø	ø	ø
ø	ø	ø	4	Анықтама ат атоочтор*	Үшке бөлінеді:
				1.Жалпылагыч анықтама ат атоочтор	баары, бардыгы, бардык, бүт, бүткүл, бүтүн, бүт баары
				2.Жиктегич анықтама ат атоочтор	ар ким, ар кайсы, ар бир, ар қандай, ар нерсе, ар қачан
				3.Өздүк анықтама ат атоочтор	өз (өзүм, өзүң, өзүңүз, өзү, өзүңдүкү, өзүбүз, өзүңөрдүкү ж.б.)

5	Белгісіздік есімдігі	біреу, кейбір, қайбір, әрбір, бірнеше, біраз, бір, әр, әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әлдекім, әлдене, әлдеқайда, әлденеше, әлдеқалай, кімде-кім	5	Белгисиз ат атоочтор	алда кайда, алда качан, алда не, алда неме, бирдеме, бир нерсе, бир нече, кай бир, кайсы бир, кимдир бирөө, негедир, эмнегедир, кандайдыр, качандыр
6	Болымсыздық есімдігі	еш, ешкім, ештеме, ешбір, ешқашан, дәнеңе, ешқайда, ештеңе, ешқандай, ешнәрсе, ешқайсы	6	Таңгыч ат атоочтор	эч ким, эч нерсе, эч бир, эч кайда, эч кайдан, эч кайсы, эч кандай, эч качан, эч нерсе, эчтеме т.б.
7	Жалпылау есімдігі	бәрі, барлық, бар, барша, күллі, бүкіл, бүтін, түгел, тегіс	ø	ø	ø

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі есімдіктердің сөйлемдегі қолданысы
 Казак-кыргыз тилдериндеги ат атоочтордун сүйлөмдө колдонулушу

ЕСІМДІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ – АТ АТООЧТОРДУН КОЛДОНУЛУШУ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Есімдік	Сөйлемдегі қызметі	Ат атооч	Сүйлөмдегү қызматы
Жіктеу есімдігі	бастауыш баяндауыш анықтауыш толықтауыш пысықтауыш Мен ертең ерте тұрамын. Ол – жақсы кісі. Оның добы кішкентай. Ел оны сыйлайды. Саған келе жатырмын.	Жактама ат атооч	ээ баяндооч аныктооч толуктооч бышыктооч Мен эртең эрте турам. Жакшы киши – ал . Анын тобу кичинекей. Эл аны сыйлайт. Мен сага келе жатам.

*Қазақ тіліндегі өздік есімдігі мен жалпылау есімдігі қырғыз тілінде анықтама ат атооч құрамында қарастырылады.

23-кестенің жалғасы

<p>Сілтеу есімдігі</p>	<p>бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш Бұл - жақсы зат. Ол мұны ұнатады. Бұл зат – сол. Бұл жырды мен білемін.</p>	<p>Шилтеме ат атооч</p>	<p>ээ толуктооч баяндооч аныктооч Бул жакшы нерсе. Муну жактырды. Ушул болчу. Бул ырды миен билем.</p>	
<p>Сұрау есімдігі</p>	<p>бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш Кім келді? Кімді кездестірдің? Ол кім болып кеткен? Бүгін қандай күн?</p>	<p>Сурама ат атооч</p>	<p>ээ толуктооч баяндооч аныктооч Ким келди? Кимди көрдүң? Ал ким болуп кеткен? Бүгүн кандай күн?</p>	
<p>Өздік есімдігі</p>	<p>бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш Өзім келдім. Мен өзіңді көрдім. Бәрін ұйымдастырған – өзі Өзіңнің балаңа айт.</p>	<p>ø</p>	<p>ø</p>	<p>ø</p>
<p>Белгісіздік есімдігі</p>	<p>бастауыш толықтауыш баяндауыш анықтауыш Әлдекімдер келді. Біреуге келді. Келген кісі – әлдебіреу.</p>	<p>Белгисіз ат атооч</p>	<p>ээ толуктооч баяндооч аныктооч Кимдер бирөө келди. Кайдадыр кетти. Кандайдыр бир нерсе.</p>	
<p>Болымсыздық есімдігі</p>	<p>бастауыш толықтауыш пысықтауыш Ешкім білмейді. Ешкімді білмеймін. Ешқайда бармайды.</p>	<p>Тангыч ат атооч</p>	<p>ээ толуктооч бышыктооч Эч ким билбейт. Эч нерсени билбейм. Эч кайда барбайт.</p>	
<p>Жалпылау есімдігі</p>	<p>анықтауыш бастауыш толықтауыш пысықтауыш Бүкіл халық жиналды. Баршамыз естідік. Мен бәрін аламын. Кітапты бәрінен жинадым.</p>	<p>ø</p>	<p>ø</p>	<p>ø</p>

ø	ø	ø	Анықтама ат атооч	ээ аныктооч толуктооч Бизге ар күн майрам. Бул кабар баарыбызды кубантты. Өзүм келдим.
---	---	---	------------------------------	---

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің септелуі
Казак-кыргыз тилдериндегі жактама ат атоочтордун жөндөлүшү

ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ СЕПТЕЛУІ							
ЖАКТАМА АТООЧТУҢ ЖӨНДӨМӨ МЕНЕН ӨЗГӨРҮШҮ							
Қазақ тілінде – Казак тилинде				Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
Ж е к е ш е – Ж е к е л и к с а н							
Септік	Есімдіктер			Жөндөмө	Атоочтор		
Атау	мен	сен сіз	ол	Атооч	мен	сен	ал
Ілік	менің	сенің сіздің	оның	Илик	менин	сенин	анын
Барыс	маған	саған сізге	оған	Барыш	мага	сага	ага
Табыс	мені	сені сізді	оны	Табыш	мени	сени	аны
Жатыс	менде	сенде сізде	ода/ онда	Жатыш	менде	сенде	анда
Шығыс	менен	сенен сізден	одан	Чыгыш	Менден	сенден	андан
Көмек- тес	мені- мен	сенімен сізбен	онымен	ø	ø	ø	ø
К ө п ш е – К ө п т ү к с а н							
Атау	біз	сендер сіздер	олар	Атооч	биз	силер	алар
Ілік	біздің	сендердің сіздердің	олар- дың	Илик	биздин	силердин	алардын
Барыс	бізге	сендерге сіздерге	оларға	Барыш	Бизге	силерге	аларға
Табыс	бізді	сендерді сіздерді	оларды	Табыш	Бизди	силерди	аларды
Жатыс	бізде	сендерде сіздерде	оларда	Жатыш	бизде	силерде	аларда

24-кестенің жалғасы

Шығыс	бізден	сендерден сіздерден	олардан	Чыгыш	бизден	силерден	алардан
Көмек-тес	бізбен	сендермен сіздермен	олармен	ø	Ø	ø	ø

25-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сілтеу есімдіктерінің септелуі
Казак-кыргыз тилдериндегі шилтеме ат атоочтордун жөндөлүшү

СІЛТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ СЕПТЕЛУІ			
ШИЛТЕМЕ АТ АТООЧТУН ЖӨНДӨМӨ МЕНЕН ӨЗГӨРҮШҮ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Ж е к е ш е – Ж е к е л и к с а н			
Септіктер	Есімдіктер	Жөндөмө	Атоочтор
Атау септік	бұл/мына/мынау осы сол ана/анау	Атооч жөндөмө	бұл ошо ушу тиги
Ілік септік	бұның/мұның осының соның ананың	Илік жөндөмө	мунун ошонун ушунун тигинин
Барыс септік	бұған/мынаған осыған соған анаған	Барыш жөндөмө	буга ошого ушуга тигиге
Табыс септік	бұны/мұны/мына- ны осыны соны ананы	Табыш жөндөмө	муну ошону ушуну тигини
Жатыс септік	бұнда/мұнда/мы- нада осында сонда анда	Жатыш жөндөмө	мында ошондо ушунда тигинде
Шығыс септік	бұдан/мұнан осыдан содан анадан	Чыгыш жөндөмө	мындан ошодон ушудан тигиден

Көмектес септік	бұнымен/мү- нымен мынамен осымен сонымен анамен	ø	ø
К ө п ш е – К ө п т ү к с а н			
Атау септік	бұлар/мыналар осылар солар аналар	Атооч жөндөмө	булар ошолор ушулар тигилер
Ілік септік	бұлардың осылардың солардың аналардың	Илик жөндөмө	булардың ошолордун ушулардың тигилердин
Барыс септік	бұларға осыларға соларға аналарға	Барыш жөндөмө	буларға ошолорго ушуларға тигилерге
Табыс септік	бұларды мыналарды осыларды соларды аналарды	Табыш жөндөмө	буларды ошолорду ушуларды тигилерди
Жатыс септік	бұларда/мына- ларда осыларда соларда аналарда	Жатыш жөндөмө	буларда ошолордо ушуларда тигилерде
Шығыс септік	бұлардан/ мыналардан осылардан солардан аналардан	Чыгыш жөндөмө	булардан ошолордон ушулардан тигилерден
Көмектес септік	бұлармен мыналармен осылармен солармен аналармен	ø	Ø

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі белгісіздік есімдіктерінің септелуі
 Казак-қырғыз тилдериндегі белгисиз ат атоочтордун жөндөлүшү

БЕЛГІСІЗДІК ЕСІМДІГІНІҢ СЕПТЕЛУІ					
БЕЛГИСИЗ АТ АТООЧТУН ЖӨНДӨМӨ МЕНЕН ӨЗГӨРҮШҮ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Ж е к е ш е – Ж е к е л и к с а н					
Септіктер	Есімдіктер		Жөндөмө	Атоочтор	
Атау септік	біреу әлдекім	бірдеңе бірнәрсе	Атооч жөндөмө	кимдир бирөө	бир нерсе
Ілік септік	біреудің әлдекімнің	бірдеңенің бірнәрсенің	Илік жөндөмө	кимдир бирөөнүн	бир нерсенин
Барыс септік	біреуге әлдекімге	бірдеңеге бірнәрсеге	Барыш жөндөмө	кимдир бирөөгө	бир нерсеге
Табыс септік	біреуді әлдекімді	бірдеңені бірнәрсені	Табыш жөндөмө	кимдир бирөөнү	бир нерсени
Жатыс септік	біреуде әлдекімде	бірдеңеде бірнәрседе	Жатыш жөндөмө	кимдир бирөөдө	бир нерседе
Шығыс септік	біреуден әлдекімнен	бірдеңеден бірнәрседен	Чыгыш жөндөмө	кимдир бирөөдөн	бир нерседен
Көмектес септік	біреумен әлдекіммен	бірдеңе бірнәрсе	ø	Ø	ø
К ө п ш е – К ө п т ү к с а н					
Атау септік	біреулер әлдекімдер бірдеңелер бірнәрселер		Атооч жөндөмө	кимдир бирөөлөр бир нерселер бирдемелер	
Ілік септік	біреулердің әлдекімдердің бірдеңелердің бірнәрселердің		Илік жөндөмө	кимдир бирөөлөрдүн бир нерселердин бирдемелердин	
Барыс септік	біреулерге әлдекімдерге бірдеңелерге бірнәрселерге		Барыш жөндөмө	кимдир бирөөлөргө бир нерселерге бирдемелерге	
Табыс септік	біреулерді әлдекімдерді бірдеңелерді бірнәрселерді		Табыш жөндөмө	кимдир бирөөлердү бир нерселерди бирдемелерди	

Жатыс септік	біреулерде әлдекімдерде бірденелерде бірнәрселерде	Жатыш жөндөмө	кимдир бирөөлөрдө бир нерселерде бирдемелерде
Шығыс септік	біреулерден әлдекімдерден бірдеңе бірнәрсе	Чыгыш жөндөмө	кимдир бирөөлөрдөн бир нерселерден бирдемелерден
Көмектес септік	біреулермен әлдекімдермен бірдеңелермен бірнәрселермен	ø	ø

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі есімдіктердің тәуелденуі
Казак-кыргыз тилдериндегі ат атоочтордун таандык
категориясы боюнча өзгөрүшү

ЕСІМДІКТЕРДІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ					
АТ АТООЧТОРДУН ТААНДЫК МЕНЕН ӨЗГӨРҮШҮ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Ж е к е ш е – Ж е к е л и к с а н					
Жақ	Есімдіктер		Жақ	Атоочтор	
I жақ	ешкімім ешнәрсем өзім	бірдеңем бірнәрсем осым	I жақ	эч кимим эч нерсем өзүм	бирдемем бир нерсем ошонум
II жақ	ешкімің ешнәрсең өзің	бірдеңең бірнәрсең осың	II жақ	эч кимиң эч нерсең өзүң	бирдемең бир нерсең ошонуң
III жақ	ешкімі ешнәрсесі өзі	бірдеңесі бірнәрсесі осысы	III жақ	эч кими эч нерсесі өзү	бирдемеси бир нерсесі ошонусу
К ө п ш е – К ө п т ү к с а н					
I жақ	ешкіміміз ешнәрсе- леріміз өзіміз	бірдеңелеріміз бірнәрсе- леріміз	I жақ	эч кимиміз эч нерсеміз өзүбүз	бирдемеміз бир нерсеміз ошонубуз
II жақ	ешкімдерің ешнәрселерің өздерің	бірдеңелерің бірнәрселерің	II жақ	эч кимиң эч нерселерің өзүңөр	бирдемелерің бир нерселерің ошонуңар
III жақ	ешкімдері ешнәрселері өздері	бірдеңелері бірнәрселері	III жақ	эч кими эч нерселері өздөрү	бирдемелері бир нерселері ошолору

11§ СЫН ЕСІМ

Сын есім – мазмұндық-семантикалық жағынан да, сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесімділігі тұрғысынан да өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Сөз таптары жүйесіндегі сын есімдер семантикалық сипаты бойынша белгілі бір заттың әртүрлі сапалық белгісін, сыр-сипатын, қасиетін, көлемін, ауқымын, түр-түсін және белгілі бір басқа затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатыстығын білдіріп, көбіне зат атауын анықтап тұрады. Сын есімдердің маңызды белгілері: заттың түр-түсін білдіреді; заттың көлемдік-ауқымдық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді; заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді; заттың дәмі, исі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді⁵⁷. Морфологиялық табиғаты жағынан басқа есім сөздерге қарағанда сын есімдердің түрлену парадигмасы тым шағын. Шырай категориясы сын есімдердерді толық қамтитын түрлену жүйесі емес, сын есімдердің бір ғана тобына – сапалық сын есімдерге ғана тән, қатыстық сын есімдер шырай формасымен түрленбейді. Көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары сын есімдердің субстантивтеніп, зат есімнің орнына жұмсалған тұлғаларына ғана жалғанады. Сөйлем құрамындағы сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының бірі жалғанатын болса, ол лексема сын есімдік сапасынан ажырайды.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер жүйесі мән-мағынасы жағынан, субстантивтенуге бейімділігі жағынан зат есімдермен сабақтастықта болса, қызметі жағынан есімше категориясымен, кейде үстеу категорияларымен ұштасып жатады. Сын есімдердің кейбір түрлерінің есімшелермен немесе үстеулермен сабақтастығы сын-сапаны білдіретін лексемалық топтардың әрі сын есім, әрі зат есім, кейде есімше, кейде үстеу ретінде қалыптасуы тілдің интралингвистикалық даму үдерістеріне сай танымдық-логикалық негізде жүзеге асатын құбылыс. Мысалы, *ақ* – түр-түсті білдіретін сын есім, *ақ* – сүт тағамдарының жалпы атауын білдіретін зат есім; *көк* – түр-түсті білдіретін сын есім, *көк* – аспан әлемінің атауын білдіретін зат есім.

Түркі тілдері құрамындағы сын есімдер негізгі үш түрлі жолмен қалыптасады: есімдердің (зат есімдер де, қимыл есімдері де)

⁵⁷ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 460 б.

контексте қолданылу барысында трансформацияланып, сын есімге айналады; дербес сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы күрделі сын есімдер туындайды; сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады.

Қыпшақ тобындағы қазақ және қырғыз тілдеріндегі сын есімдер/сын атоочтор морфологиялық құрамы жағынан негізгі түбір/уңғу, туынды/туунду, күрделі/татаал болып бөлінеді.

1) Синхронды тұрғыдан бөлшектеуге келмейтін бір сөзден тұратын негізгі түбірлер: *сұлу ~ сулуу, ақ ~ ак, сары~сары, қара ~ кара, биік ~ бийик, ауыр ~ оор* т.б.

2) Туынды сын есімдер сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады: *ақылды ~ ақылдуу, тұзды ~ туздуу, белгісіз~белгисіз, сүтсіз ~сүтсүз, ұйқышыл~уйкучул* т.б.

3) Күрделі сын есімдер ең кемі екі не одан көп сөздерден жасалып, біртұтас сындық мағына білдіреді. «Эки же андан көп уңғу биригип, заттагы бир белгини, бир эле сапатты же бир гана касиетти билдирсе, синтаксистик жол менен жасалган сын атоочтор болушат. Буларды, адатта, татаал сын атоочтор дейбиз»⁵⁸. Синтаксистік жолмен жасалған күрделі сын есімдер қазақ тілінде үш түрлі жолмен жасалады: а) сөздердің бірігуі арқылы жасалған біріккен күрделі сын есімдер – *аққұба, қараторы, етжеңді, біртоға, көнетоз, қонақжай* т.б.; ә) сөздердің қосарлануы арқылы жасалған қос сөзді күрделі сын есімдер – *ақты-қаралы, қызылды-жасылды, ұзынды-қысқалы, ағал-жағал, кедір-бұдыр, биік-биік, ұсақ-түйек* т.б.; б) сөздердің тіркесуі арқылы жасалған тіркесті сын есімдер – *қоңыр салқын, көк долы, теңбіл көк, томаға тұйық* т.б. Қырғыз тіліндегі күрделі сын есімдер екі түрлі жолмен жасалады, сөздердің бірігуі мен тіркесуі арқылы жасалған сын есімдер бір топта қарастырылады: а) сөздердің қосарлануы арқылы – *кара-кочкул, улуу-кичүү, жылуу-жумшак, жакшы-жаман, кызыл-тазыл, оңой-олтоң, майда-чүйдө, таттуу-маттуу, жаман-жуман*; ә) сөздердің тіркесуі арқылы– *кара кер, кара кашка, кара тору, кара көк, кара күрөң, жээрде кашка, жашыл ала, ак сары, узун бойлуу, кең далылуу* т.б.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сын есімдер семантикалық жағынан екі топқа бөлінеді: сапалық/сапаттық және қатыстық/катыштық болып бөлінеді. Сапалық сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді:

⁵⁸ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы: окуу китеп. – Бишкек, 2008. – 117 б.

үлкен бөлме ~ чоң бөлме, жас кісі~жаш киши, ақ гүл ~ ак гүл, көк шөп ~ көк чөп т.б. Сапалық сын есімдер шырай тұлғаларымен түрленеді. Қатыстық сын есімдер бір заттың белгісін басқа бір заттың, қимыл, іс-әрекеттің, сынның қатысы арқылы білдіреді:

Шырай категориясымен сын есімнің бәрі түрлене бермейді, яғни сын есімнің бір түрі – сапалық сын есімдер ғана шырай түрлерін жасай алады. Шырай категориясы затқа, құбылысқа байланысты біртектес, бірыңғайлас сынның, сапалық белгінің, түр-түстің т.б. сапалық сипаттың артық-кемін немесе тым артық, я тым кем екенін білдіретін белгілі бір қосымшалар үстелу немесе басқа тәсілдердің жүйелі жолдары арқылы жасалатын сапалық сын есімнің парадигмалық түрі⁵⁹. Қазақ тілінің академиялық грамматикасы бойынша қазіргі қазақ тілінде екі түрлі шырай формасы бар: салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай. Сапалық етістіктердің негізгі тұлғасына сәйкес келетін жай шырай және күшейтпелі шыраймен мәндес асырмалы шырай дербес шырай формасы ретінде қарастырылмайды. Қырғыз тілінде шырай категориясының төрт түрі көрсетіледі:

1) жай шырай/жай даража: ақ ~ ак , қара ~ кара, жасыл ~ жашыл, қатты ~ катуу т.б.;

2) салыстырмалы/салыштырма даража: қысқарақ -қысқараак, ұзыны-рақ ~ узунураак; жылырақ ~ жылуураак т.б.;

3) күшейтпелі /күчөтмө даража: қып-қызыл ~ кып кызыл, құп-құрғақ ~ кун-куркак, ең ұзын - эң узун, өте сұлу ~ өтө сулуу, т.б.;

4) азайту шырайы/басаңдатма даража: қызғылт ~ кызғылт қоңырқай ~сарғыл, көкшілтім ~ көгүш, көгүлтүр т.б.

Сындық белгіні білдіретін сөздердің сөйлеу үдерісінің қажеттілігіне байланысты заттық ұғымда қолданылуы, яғни субстантивтенуі жиі кездеседі. Бұл сын есімдердің көптік, септік, тәуелдік категорияларымен түрленуіне, бастауыш қызметінде жұмсалыуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ зат есімдердің сын есімдерге ауысып адъективтенуі де түркі тілдеріне тән құбылыс, мысалы: кірпіш үй ~ кирпич үй, алтын сағат ~ алтын саат, спорт киімі ~ спорт кийим т.б.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сын есімдердің сөйлемдегі негізгі қызметі анықтауыш/аныктоочтук: біз жаңа үйге көштік ~ биз жаңы үйгө көчтүк.

⁵⁹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 464 б.

Сын есімдер сөйлемде басқа сөйлем мүшелерінің қызметін де атқара алады: баяндауыш/баяндооч – жаңа келген оқытушы өте жақсы ~ жаңы келген оқуғуучу абдан жақшы; біздің үй жаңа ~ биздин үй жаңы; бастауыш/ээ – білімділер келді ~ билимдүүлөр келди; толықтауыш/толуктооч – ол білімдіні жақсы көреді ~ ал билимдүүнү жақшы көрөт; пысықтауыш/бышыктооч – мен жақсы білемін ~ мен жақшы билем.

28-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сын есімдер
Казак-кыргыз тилдериндеги сын атоочтор

СЫН ЕСІМ – СЫН АТООЧ			
С ы н е с і м д е р д і н қ ұ р ы л ы м д ы қ т ү р л е р і			
Сын атоочтун түзүлүшү боюнча түрлөрү			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Сын есім түрі	Мысалдар	Сын атооч түрү	Мисалдар
Түбір (түбір-негіз) сын есімдер	ақ сұлу үлкен сары қатты	Уңғу сын атоочтор	ак сулуу чоң сары кагуу
Туынды сын есімдер	ақыл+ды білім+ді түз+ды балық+ты(көл) ғылым+и сын+тық	Туунду сын атоочтор	акыл+дуу билим+дүү туз+дуу балык+туу илим+и сын+тык
Күрделі сын есімдер	3 топқа бөлінеді	Татаал сын атоочтор	2 топко бөлүнөт
Тіркесті күрделі сын есімдер	қою сары күрең қызыл қою қара қою жасыл	Кошмок сын атооч	ак саргыл жашыл ала жээрде кашка мала кызыл кара ала кара кашка кара күрөң кара тору
Біріккен күрделі сын есімдер	біртоға қонақжай балажан етжеңді		
Қос сөзді күрделі сын есім	ақты-қаралы дәмді-гәтті келген-кеткен ата-аналы әдемі-әдемі күшті-күшті майда-шүйдө	Кош сын атооч	ак-кара алдуу-күчтүү бийик-жапыс улуу-кичүү жылуу-жумшак жақшы-жаман майда-чүйдө

28-кестенің жалғасы

Сын есімдердің мағыналық топтары			
Сын атоочтун түрлері			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Сын есім түрі	Мысалдар	Сын атоочтун түрлері	Мисалдар
Сапалық сын есімдер	ақ гүл қызыл жаулық әдемі көше күшті жігіт ыстық су	Сапаттық сын атооч	ак гүл кызыл жоолук жакшы киши күчтүү жигит ысык суу
Қатыстық сын есімдер	жазғы киім қысқы күн үйдегі кісілер	Қатыштық сын атооч	жазгы кийим кышкы күн үйдөгү кишилер
Сын есімнің шырайлары			
Сын атоочтун даражалары			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Шырай түрлері	Мысалдар	Сын атоочтун даражалары	Мисалдар
Жай шырай	ақ боз жаңа жақсы сұлу ұзын	Жай даража	ак боз жаңы жакшы сулуу узун
Салыстырмалы шырай	күштірек дәмдірек жылырақ қызғылт сарғыш қоңырқай	Салыстырма даража	күчтүүрөөк демдүүрөөк жылуураак коозураак чөптүүрөөк эттүүрөөк
Күшейтпелі шырай	аппақ жеп-жеңіл қып-қызыл қап-қара өте таныс ең ұзын	Күчөтмө даража	аппак жеп-жеңил кып-кызыл кап-кара өтө күчтүү эң узун
ø	ø	Басандатма даража	кызгылт саргылт көгүлжүн саргыл агыш саргыч

Сөйлемдегі қолданысы			
Сүйлөмдөгү қолдануы			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Сөйлем мүшесі	Мысалдар	Сүйлөм мүчөсү	Мисалдар
Анықтауыш	Жақсы адамдар көп.	Аныктооч	Жакшы адамдар көп.
Баяндауыш	Балалар бәрінен жақсы.	Баяндооч	Балдар барынан жакшы.
Пысықтауыш	Мен жақсы білемін.	Бышыктооч	Мен жакшы билем.
Бастауыш	Сабырлы шыдар, сабырсыз жылар.	Ээ	Билимдүүгө дүйнө жарык.
Толықтауыш	Мен жасылын аламын.	Толуктооч	Мен кызылынан алам.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сын есімнің шырай формалары
Казак-кыргыз тилдериндеги сын атоочтун даражалары

СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ – СЫН АТООЧТУҢ ДАРАЖАЛАРЫ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Жасалуы	Мағынасы	Мысалдар	Жасалышы	Мааниси	Мисалдар
Ж а й ш ы р а й Жай даража					
Сапалық сын есімнің негізгі тұлғасы	Заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді.	аласа биік жасыл жақсы күшті қара сары	Сапалық сын есімнің негізгі тұлғасы	Заттын абалын, сынын, сапаттық белгілерин билдирет.	бийик жашыл жакшы күчтүү кара сары узун
С а л ы с т ы р м а л ы ш ы р а й Салыстырмалы шырай					
-рақ/-рек, -ырық/-ірек; -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу; -ғыл/-гіл,	Біртекес заттардың түрлі белгілерін, сынын, сипатын	қысқарақ ұзынырақ жылырақ күштірек дәмдірек жал пақтау	-раак/-реек -ыраак/-иреек мүчөлөрү кошулуу аркылуу түзүлөт	Бир тектүү заттын сын-сыпат белгисин башка белгиге,	жакшырак жылуураак кыскараак узунураак жылуураак күчтүүрөөк ичкерээк

29-кестенің жалғасы

-ғыл- т/-қылт, -ғылым/ -қылым; -шыл/-шіл, -шылтым/ -шілтім; -ғыш, -іл- дір; -аң,-қай; -ша/-ше	салыстырып, бір-бірінен артық-кемін білдіреді.	кішілеу бозғылт көкшіл- тім ақшыл көгілдір сарғыш қоңырқай сүйірше сопақша		же башка заттын сын-сыпат белгисине салышты- рып билги- зет	көбүрөөк көгүрөөк ағыраак таттуураак чонураак эттүүрөөк таттуураак ысықыраак
К ү ш е й т п е л і ш ы р а й Күчөтмө даража					
1. Негізгі сын есімнің бірінші буынына <i>и</i> дыбысы қо- сылу арқылы жасалған күшейтпелі буынның сол сын есімнің алдынан қосарлануы арқылы жа- салады.	Заттың баста- пқы сынын, белгісін кү- шейтіп, асыра немесе төмен- дете көрсет- теді.	құп- құрғақ қап-қара жап-жа- сыл тап-тақыр аппақ жеп- жеңіл сап-сары қып-қы- зыл қоп- қоңыр жап-жақ- сы жап-жа- ман кіп-кіш- кене	1.Сын атооч сөздөрдүн биринчи муу- нунуна <i>и</i> тыбышы косулуп, өзгөрүп кайталанып айтылышы аркылуу түзүлөт.	Бир тектүү заттын сын-сыпат белги- синин демей- дегиден арбын, жогору, күчтүү деңгээлде экенин билдирет.	купкургак капкара жапжашыл таптакыр упузун жепжеңил түптүз кыпкызыл кыпкыска жапжашыл таптаттуу супсулуу сапсары жапжакшы
2.Күшейт- пелі үстеу- лер: өте, аса, тым, ең, тіпті арқылы жасалады.		өте әдемі аса үлкен ең ұзын тым алыс өте қа- раңғы тіпті жат (жер) өте ыстық ең күшті	2.эң, аябай, өтө, абдан, ашқан, мүл- дө, чым, чым- кый, чылк, эпсиз сыяк- туу күчөткүч сөздөр ар- кылуу уюшулат		абдан чоң эң кызык өтө бийик өтө узун аябай ысык эбегейсиз бийик ашқан айлакер чым кара

Басаңдатма даража					
ø	ø	ø	3. -ғылт/- ғылтым,-ыш, -ғыл,-үлтүр, -гыч, -омук, -ылжым, -ылтыр, -ымтыл мүчөлөрү ар- кылуу уюшулат.	Заттын белги- синин демейде- гиден төмен- дүгүн көрсетет.	кызғылт саргыч көгүлтүр жашкылт көгүлжүн саргыл киргил кочкул бозомук

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сын есімнің сөзжасам жұрнақтары
Казак–кыргыз тилдериндеги сын атоочту жасоочу курандылар

СЫН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҰРНАҚТАРЫ СЫН АТООЧТУҢ МҮЧӨЛӨРҮ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Жұрнақтар	Мысалдар	Курандылар	Мисалдар
Есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтар Атооч сөздерден сын атооч жасоочу курандылар			
-дай/-дей -тай/-тей	алтындай таудай бармақтай темірдей	-тай/-тәй -дай/-дей	алтындай тоодой бармақтай темирдей
-ды/-ді -ты/-ті	күшті қанатты тұзды таулы	-дуу/-лүү -дуу/-дүү -туу/-түү	күчтүү қанаттуу туздуу тоолуу
-сыз/-сіз	тұзсыз сусыз көңіلسіз үйсіз	-сыз/-сиз -суз/-сүз	тузсуз суусуз көңүлсүз үйсүз
-лык/-лік -дық/-дік -тық/-тік	ауылдық жаздық (киім) жылдық (жоспар) күздік қыстық	-лык/-лик -лук/-лүк	айылдық айлык (маяна) жылдық күздүк кыштык (отун)
-дас/-лес -дас/-дес -тас/-тес	ауылдас аталас жерлес сырлас тілектес өңдес (адамдар)	-лаш/-леш -даш/-деш -таш/-теш	айылдаш аталаш жердеш сырдаш тилектеш өңдөш

30-кестенің жалғасы

-қы/-кі -ғы/-гі	кешкі қысқы күзгі шеткі ішкі	-кы/-ки -гу/-гү	кечки кышкы күзгү четки ички
-қай/-кей -ақай/-екей -ғай/гей	оңқай солақай	-гай/-гой -кай	жалақай (мүнөз) сологой ыңғай
-шаң/-шең	сөзшең байшаң көйлекшең кіршең	--чан/-чен -чон/-чөн	кийимчен көйнөкчөн тончон калканчан (жоокер)
-шыл/-шіл	кекшіл ойшыл ұйқышыл шыншыл	-чыл/-чил -чул/чүл	эмгекчил кекчил ойчул уйқучул
-кер	айыпкер әдіскер қылмыскер іскер	-кер	айыпкер боорукер кылмышкер ишкер
-қор	бәлеқор дүниеқор қамқор мансапқор нашақор	-кор	дүйнөкор камкор мансапкор канкор
паз-	әсемпаз білімпаз өнерпаз	-поз	илимпоз өнерпоз кумарпоз
қой/-көй	намысқой қаскөй сәнқой	-көй	намыскөй тамашакөй амалкөй
-дар	жарадар қарыздар хабардар	-дар	жарадар қарыздар кабардар
-и	ғылыми діни рухани саяси табиғи тарихи	-ий	илимий диний рухий/руханий саясий табиғый тарыхый
-дақ/-дек -тақ/-тек	мұздақ(су) құмдақ тастақ	-дақ/-так	таштақ құмдақ саздақ муздақ

-мер	ісмер	-мер/-мөр	ишмер сөзмөр
-аң	ашаң (өңді) жасаң қартаң	-аң	жашаң түзөң қыраң
-сақ/-сек	малсақ үйірсек	-сөөк	баласаак үйүрсөөк
-тал	өсімтал сезімтал	-тал	сезимтал
-ем	көркем	-өм	көркөм
-қыл/-кіл*	қошқыл қышқыл үшкіл (ағаш)	-ғыл/-гил -кыл/-кил	киргил кочкул кычкыл
∅	∅	-караак	оюнкараак (бала)
∅	∅	-кел	эткел (жигит)
∅	∅	-дач	қырдач (мурун)
Етістіктерден сын есім тудыратын жұрнақтар Этиш сөздерден сын атооч жасоочу курандылар			
-ған/-ген -қан/-кен	көреген қабаған қашаған сүзеген тебеген	-анак /-анаак -енек/-өнөк	сүзөнөк кабанак тебенек качанаак
-ғыш/-гіш -қыш/-кіш -геш	жыртқыш (аң) күлегеш сорғыш айтқыш білгіш	-гыч/-гич -гуч/-гүч -гөч -куч/-күч	жырткыч күлөөгөч соргуч сезгич көрөгөч
-ғаш	қыйғаш	-гач	кыйгач
-ғыр/-гір -қыр/-кір	алғыр өткір тапқыр үшкір	-гыр	алгыр өткүр
-келек/ -қалақ	күйгелек сасқалақ	-калак/ -көлөк	күйкөлөк шашкалак
-к/-қ -ық/-ік -ақ/-ек	ашық (есік) бұзық қорқақ жалақ сынық үркек үзік (жіп)	-к/-ык/-ек -ок/-өк -ак/-ек	ачык бузук ыйлаак коркок сынык үркөк үзүк

30-кестенің жалғасы

-қақ/-кек -ғақ/-тек	ұрысқақ сергек тайғақ тырысқақ жабысқақ	-как/-так/-гок -каак/-кээк	урушкак тайгак илешкээк соргок жабышкаак
-ма/-ме -ба/-бе -па/-пе	аспа (шам) еспе (құм) қайырма (жаға) қызба (мінез) өрме (қамшы) торлама(терезе)	-ма/-ме	асынма(сумка) ачылма (эшик) эшилме (кум) өрмө тордомо бүкмө (бычак)
-м/-ым/-ім	асым(ет) пісірім салым(шай) тұтам	-м/-ым/-им	ажырым бышырым салым
-ңқы/-ңкі -ыңқы/-іңкі	жылаңқы көтеріңкі қияңқы қысыңқы салыңқы (жүз)	-ыңқы -уңку	бозорунку салыңқы жүдөңкү көтөрүңкү кубарыңқы
-с/-ыс/-іс	таныс (адам) ұқсас бұрыс	-ш/-ыш/-иш	тааныш окшош бураш (жыгач)
-шақ/шек	мақтаншақ еріншек қорғаншақ қызғаншақ сұраншақ ұрыншақ	-чаак/-чээк	мактанчаак эринчээк кызганчаак тарынчаак урушчаак
-ын/-ін	ағын (су) жасырын сауын (сиыр)	-н/-ын/-ин	ағын жашырын саан
-ыңды/-інді	асыранды тастанды туынды	-ыңды	асыранды таштанды туунду
-ыл	батыл жасыл жеңіл қызыл	-ыл	батыл жашыл жеңил қызыл
сық-	жеңсік(ас) қисық қырсық таңсық	-шык -сык	кыйшык қырсык
-ар/-ер	жанар (тау)	-ар	жанар (тоо) кекээр (сөз)

-мас/-мес -пас/-пес	көрмес (адам) қайтпас(мінез) қайнамас (қазан) піспес (ас) ұмытылмас (күн)	ø	ø
ø	ø	-кыс	таңкыс (буюм)
-уық/-уік	жылауық тырнауық	ø	ø
ø -шік+ті**	үйрен(шік)ті	-чүк	ү й р ө н ч ү к сүймөнчүк
ø	ø	-гыс -гус -кис***	унутулгус (күндөр) ажырагыс(жолдош) кеткис (так) (кол) жеткис жай

Заттанған сын есімдердің көптік жалғауларымен түрленуі
Заттық мааниде колдонулған сын атоочтордун көптік категориясы боюнча өзгөрүшү

КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – КӨПТҮК САН МҮЧӨЛӨРҮ						
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде			
№	Көптік жалғауы	Мысалдар		№	Көптік мүчөсү	Мисалдар
1	-лар -лер	ақылдылар жақсылар білімділер		1	-лар -лер	ақылдуулар жақшылар кичинекейлер
	ø	ø	ø		-лор -лөр	билимдүүлөр күчтүүлөр
2	-дар -дер	жамандар семіздер		2	-дар -дер	жамандар семіздер
	ø	ø	ø		-дор -дөр	чоңдор үлкөндөр

* Салыстырмалы шырайдың *-гыл/-гіл, -гылт/-қылт, -гылтым/ -қылым* қосымшаларымен төркіндес жұрнақ.

**Қырғыз тіліндегі сын тудыратын *-чүк* қосымшалы тұлғаларға қазақ тіліндегі *-шық/-шік* тұлғалы сөздерге сын есім тудыратын *-ты/-ті* қосымшалары жалғану арқылы жасалған сөздер сәйкес келеді.

*** Қазақ тіліндегі етістіктің болымсыздық қосымшасы мен *-с* тұлғасының бірігуінен жасалған *-мас/-мес, -пас/-пес* құранды жұрнағының мәнін береді.

31-кестенің жалғасы

3	-тар	ақымақтар		3	-тар	акмақтар
	-тер	үркектер			-тер	бийиктер
	ø	ø	ø		-тор	коркоктор
					-төр	

32-кесте

Заттанған сын есімдердің жіктік категориясымен түрленуі
Заттық мааниде қолдонулған сын атоочтордун
жак категориясы боюнча өзгөрүшү

СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ – СЫН АТООЧТОРДУН ЖАКТАЛЫШЫ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Же к е ш е – Же к е л и к с а н					
Жак	Жалғау	Мысалдар	Жак	Мүчөлөр	Мисалдар
I	-мын/-мін -бын/-бін -пын/-пін	жақсымын күштімін қорқақпын	I	-мын /-мин -мун /-мүн	жакшымын күчтүүмүн коркокмүн
II	-сың/-сің -сыз/-сіз	жақсысың күштісің қорқақсың	II	-сың /-сиң -суң /-сүң -сыз/-сиз -суз/ -сүз	жакшысың күчтүүсүң коркоксуң
III	ø	жақсы күшті қорқақ	III	ø	жакшы күчтүү коркок
К ө п ш е - К ө п т ү к с а н					
Жак	Жалғау	Мысалдар	Жак	Мүчөлөр	Мисалдар
I	-мыз/-міз -быз/біз -пыз/-піз	жақсымыз күштіміз қорқақпыз	I	-быз /-биз -буз /-бүз -пыз/-пиз	жакшыбыз күчтүүбүз коркокбуз
II	-сыңдар/ -сіңдер -сыздар/ -сіздер	жақсысыңдар күштісіңдер қорқақсыңдар жақсысыздар	II	-сыңар/-синер -суңар /-сүнөр -сыздар/-сиздер -суздар/- сүздөр	жакшысыңар күчтүүсүнөр коркоксуңар
III	ø	жақсылар күштілер қорқақтар	III	ø	жакшылар күчтүүлөр коркоктор

Заттанған сын есімдердің тәуелдік категориясымен түрленуі
 Заттық мааниде колдонулған сын атоочтордун таандық
 категориясы боюнча өзгөрүшү

СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ					
СЫН АТООЧТОРДУН ТААНДЫК МЕНЕН ӨЗГӨРҮШҮ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Ж е к е ш е – Ж е к е л и к с а н					
Жақ	Жалғау	Мысалдар	Жақ	Мүчөлөр	Мисалдар
I	-м, -ым/-ім	ақылдым жақсым қорқағым	I	-м, -ым/-ім -ум/-үм	акылдуум жакшым коркогум
II	-ң,-ың/-ің -ңыз/-іңіз -ыңыз/-іңіз	ақылдың жақсың қорқағың ақылдыңыз	II	-ң,-ың/-иң -уң/-үң -ңыз/-ңиз -ңуз/-ңүз	акылдууң жакшың коркогуң
III	-сы/-сі -ы/-і	ақылдысы жақсысы қорқағы	III	-сы/-си -су/-сү -ы/-и, -у/-ү	акылдуусы жакшысы коркогу
К ө п ш е - К ө п т ү к с а н					
Жақ	Жалғау	Мысалдар	Жақ	Мүчөлөр	Мисалдар
I	-мыз/-міз -ымыз/-іміз	ақылдымыз жақсымыз қорқағымыз	I	-быз/-биз -буз/-бүз -ыбыз/-ибиз -убуз/-үбүз	акылдуулары- быз жакшыларыбыз коркокторубуз
II	көптік жалғауы+ -ың/-ің -ыңыз/-іңіз	ақылдыларың жақсыларың қорқақтарың	II	көптүк мүчө+ -ың/-ің -уң/-үң -ыңыз/-іңіз	акылдууларың жакшыларың коркокторуң
III	көптік жалғауы+ -ы/-і	ақылдылары жақсылары қорқақтары	III	көптүк мүчө+ -ы/-и -у/-ү	акылдуулары жакшылары коркоктору

Заттанған сын есімдердің септелуі
Заттық мааниде колдонулған сын атоочтордун жөндөлүшү

СЫН ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ			
СЫН АТООЧТУН ЖӨНДӨЛҮШҮ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Же к е ш е – Же к е л и к с а н			
Септіктер	Есімдіктер	Жөндөмө	Атоочтор
Атау септік	жақсы күшті қорқақ	Атооч жөндөмө	жақшы күчтүү коркок
Ілік септік	жақсының күштінің қорқақтың	Илик жөндөмө	жақшының күчтүүнүн коркоктуң
Барыс септік	жақсыға күштіге қорқаққа	Барыш жөндөмө	жақшыға күчтүүгө коркокко
Табыс септік	жақсыны күштіні қорқақты	Табыш жөндөмө	жақшыны күчтүүнү коркокту
Жатыс септік	жақсыда күштіде қорқақта	Жатыш жөндөмө	жақшыда күчтүүдө коркокто
Шығыс септік	жақсыдан күштіден қорқақтан	Чыгыш жөндөмө	жақшыдан күчтүүдөн коркоктон
Көмектес септік	жақсымен күштімен қорқақпен	ø	ø
Кө п ш е – Кө п т ү к с а н			
Атау септік	жақсылар күштілер қорқақтар	Атооч жөндөмө	жақшылар күчтүүлөр коркоктор
Ілік септік	жақсылардың күштілердің қорқақтардың	Илик жөндөмө	жақшылардың күчтүүлөрдүн коркоктордун
Барыс септік	жақсыларға күштілерге қорқақтарға	Барыш жөндөмө	жақшыларға күчтүүлөргө коркокторго
Табыс септік	жақсыларды күштілерді қорқақтарды	Табыш жөндөмө	жақшыларды күчтүүлөрдү коркокторду

Жатыс септік	жақсыларда күштілерде қорқақтарда	Жатыш жөндөме	жақшыларда күчтүүлөрдө коркоктордо
Шығыс септік	жақсылардан күштілерден қорқақтардан	Чыгыш жөндөме	жақшылардан күчтүүлөрдөн коркоктордон
Көмектес септік	жақсылармен күштілермен қорқақтармен	ø	ø

12§ САН ЕСІМ

Заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сан есімдер өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар дербес сөз табын құрайды. Сан есімнің басқа сөз табынан айырмашылығы – зат есіммен тіркесіп, заттық ұғымның сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып, сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды; күрделі сан есімдер жасайтын дара сан есімдердің көлемі (саны) айқын болады. Сандық мағынаны білдіретін сөздер – қай тілдің болмасын тұрақты қоры, біртұтас құбылыс ретінде танылатын бір белгі – есептік сан есімдер. Бұл жүйенің басқа тілдерден ауысу жолымен қалыптасуы – тілдер тарихында аса сирек ұшырайтын құбылыс, сондықтан есептік сандарды білдіретін сөздердің төркіндес болып келуі тілдердің өзара жақындығының, генетикалық туыстығының дәлелі.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан, мыңдаған жылдық тарихы бар ауыз әдебиеті үлгілерінде – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, ертегілер мен аңыз-афсаналарда, тұрмыстық жырлар мен дастандарда сандық ұғымды білдіретін лексемалардың жиі қолданылуы, олардың әрқайсысына тән сакралды мән жүктелуі түркі халықтарының сандық жүйені терең меңгергенін, соған сәйкес сан, санақ жайлы ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің де тым ерте кезден қалыптасқанын көрсетеді. Мұның басты дәлелі ретінде мың, түмен сынды көп санды білдіретін лексемалар түркілердің төл сөздерінің құрамында болуын айтуға болады. Әдетте, әлем халықтары

тіліндегі бірлік, ондық, жүздіктерден кейінгі дөңгелек сандардың көпшілігі кірме элементтер негізінде қалыптасады. Түркі тілдері сандық жүйесі тарихында күрделі сан есімдерге байланысты екі түрлі санау дәстүрі бар: санақ жеткен ондыққа бірлікті қосып қолдану (қірқ екі `42`) және санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану (екі елік `42`). Қазақ және қырғыз тілдерінде бірінші жүйе қолданылады.

Қазақ және қырғыз тілдерінде сандық ұғымды білдіретін тақ, үшем, жұп~жуп, қос~кош, егіз~эгіз, сыңар~сыңар, жалқы~жалкы, жарым~жарым, жарты~жарты, ширек~чейрек лексемалары қолданылады. Бұл сөздердің бір тобы нақты есептік сандарға балама бола алады: үшем – 3 жұп~жуп – 2, қос~кош – 2 егіз~эгіз – 2, сыңар~сыңар – 1, жалқы~жалкы – 1; екінші тобы бөлшектік санды білдіреді: жарым~жарым – 2/1, жарты~жарты – 2/1, ширек~чейрек – 4/1, бұлардың нақты санды білдіруі сөйлемге, мәнмәтінге байланысты айқындалады.

Сан есімдер құрылымына қарай дара және күрделі болып келеді, семантикалық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше мағыналық топтардан тұрады. Сын есімдердің біразы жіктік, тәуелдік, септік категориясының көрсеткіштерімен түрленеді. Қыпшақ тобындағы қазақ және қырғыз тілдерінде сан есімдер алты мағыналық топқа жіктеледі.

1) **Есептік сан есімдер/эсептик сан:** 1 – бір~бир, 2 – екі~эки, 3 – үш~үч, 1 000 – мың~миң, 1 000 000 – миллион~ миллион.

2) **Реттік сан есімдер/ирээттик сан:** 1-ші – бірінші~биринчи, 2-ші – екінші~ экинчи, 100-ші – жүзінші~жүзүнчү.

3) **Жинақтық сан есімдері/жамдама сан:** біреу~бирөө, екеу~экөө, үшеу~үчөө, төртеу~төртөө, бесеу~бешөө, алтау~алтоо, жетеу~жетөө. Қазақ тілінде жинақтық сан есімдері бір мен жеті аралығындағы сандарды қамтиды, қырғыз тілінде бір мен жеті аралығындағы сандармен қатар он санының да жинақтау тұлғасы бар: «Жамдама сан атоочтор қырғыз тилинде жетөө гана. Кээ бир аймактарда (Ысыккөлдүн түштүк тарабы менен Нарын өрөөнүндө) сегиз, тогуз, он сан атоочторуна да жамдама сан атоочтун мүчөсү жалғанып айтыла берет: оноо, сегизөө, тогузоо»⁶⁰. Жинақтық сан есімдер негізінен етістіктермен, сын есімдермен тіркеседі: *бесеуіміз бардық ~ бешөөбүз бардық; бесеуі жақсы ~ бешөө жақшы*.

⁶⁰ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы: окуу китеп. – Бишкек, 2008. – 131 б.

4) **Топтық сан есімдері/топ сан:** бірден~бирден, екіден~экиден, бесден~бештен, алтыдан~алтыдан, оннан~ондон, он бірден~он бірден, отыздан~отыздан, қырқтан~қырқтан, елуден~элүүден, жүзден~жүздөн, мыңнан~миңден. Топтық сан есімдерінің қайталануы арқылы да күрделі топтық сандар жасалады: екіден-екіден(екі-екіден) ~экиден-экиден (эки-экиден); үш-үштен (үштен-үштен) ~ үч-үчтөн (үчтөн-үчтөн), он-оннан (оннан-оннан) ~ он-ондон (ондон-ондон) т.б.

5) **Болжалдық сан есім дері/чамалама сан:** ондаған~ондогон, онға жуық~ онго жуук, он шамасы, он бестей~он бештей.

6) **Бөлшектік сан есімдері/бөлчөк сан:** екіден бір~экиден бир; оннан бес~ондон беш; екі бүтін жетіден екі~эки бүтүн жетиден эки; он бүтін бесден бір~он бүтүн бештен бир т.б. Бөлшектік сан есімдер жарты~жарты, жартысы~жартысы, жарым~жарым, ширек~чейрек сөздері арқылы да жасалады: жарты жыл~жарты жыл; жарты метр~жарты метр; нанның жартысын ал~нандын жартысын ал; екі жарым метр ~эки жарым метр; бір жарым~бир жарым; ширек ғасыр~чейрек кылым.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі **дара/жөнөкөй** сандарға бір сөзден тұратын 1-ден 10-ға дейінгі бірлік сандар: бір ~ бир, екі ~ эки, үш ~ үч, төрт ~төрт, бес ~ беш, алты ~алты, жеті/жети, сегіз/сегиз, тоғыз/тоғуз, он~он; ондық сандар - 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100, 1000: он~он, жиырма~жыйырма, отыз~отуз, қырқ~қырк, елу~элүү, алпыс~алтымыш, жетпіс~жетимиш, сексен~сексен, тоқсан~токсон; жүз~жүз, мың~миң жатады. Қазақ-қырғыз тілдерінде мыңнан жоғары дара сандарды атауда халықаралық математикалық терминдер қолданылады: миллион, миллиард т.б. Сондай-ақ ауыз әдебиеті үлгілерінде көнетүркілік түмен~түмөн лексемасы (10000) сақталған.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі **күрделі/татаал** сандар екі не одан да көп дара сан есімдерден жасалады: он бір~он бир, он екі~ он эки, жиырма бір~жыйырма бир, жетпіс бір~жетимиш бир, төрт жүз он~төрт жүз он, бір мың тоғыз жүз қырқ алты~бир миң тоғуз жүз қырк алты, үш мың бір жүз жиырма бес~үч миң бир жүз жыйырма беш, қырқ бес мың алты жүз отыз жеті~ қырк беш миң алты жүз отуз жети т.б.

Сан есімдер заттың құбылыстың сандық белгілерін білдіретіндіктен сөйлемде **анықтауыш/аныктооч** қызметінде жиі қолданылады, сан есімдермен тіркескен зат есімдер көптік категориясының көрсеткіштерін қабылдамайды: бес кісі~беш киши;

жиырма екі оқушы~жыйырма эки окуучу; он төртінші трамвай~он төртүнчү трамвай; Бүгін аптаның бірінші күні~Бүгүн аптанын биринчи күнү.

Сан есімдер сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш қызметінде де қолданылады. **Бастауыш/ээ:** *Кітаптарды орнына қой~Китептерди ордуна кой; Екеуі (кітаптардың) еденде жатыр~Экөө жеринде жатат; Ең бірінші болып бізді екеуі құттықтады~Эң биринчи болуп бизди экөө куттуктады; Ең біріншісі – менің әкем~Эң биринсичи – менин атам.* **Баяндауыш/баяндооч:** *Екі жердегі екі – төрт~Эки жерде эки төрт.* **Толықтауыш/толуқтооч:** *Онды екіге бөл~Онду экиге бөл.*

Қазақ-қырғыз тілдерінде уақытты көрсету барысында (сағат тіліне қатысты) қолданылатын сөйлемдердің өзіндік ерекшеліктері бар: *сағат бірден он бес минут кетті (бір он бес болды) ~ саат бирденон беи мүнөт өттү; сағат бір жарым ~ саат бир жарым; сағат бес минутсыз екі болды ~ саат экиге беи мүнөт калды.*

35-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан есімдер Казак-кыргыз тилдериндеги сан атоочтор

САН ЕСІМДЕР – САН АТООЧТОР					
Сан есімдердің құрылымы – Сан атоочтордун түзүлүшү					
Дара сан – Жөнөкөй сан			Күрделі сан –Татаал сан		
Сан	Қазақ тілінде	Қырғыз тілінде	Сан	Қазақ тілінде	Қырғыз тілінде
1	бір	бир	11	он бір	он бир
2	екі	эки	12	он екі	он эки
3	үш	үч	13	он үш	он үч
4	төрт	төрт	14	он төрт	он төрт
5	бес	беш	15	он бес	он беш
6	алты	алты	16	он алты	он алты
7	жеті	жети	17	он жеті	он жети
8	сегіз	сегиз	18	он сегіз	он сегиз
9	тоғыз	тогуз	19	он тоғыз	он тогуз
10	он	он	21	жиырма бір	жыйырма бир
20	жиырма	жыйырма	22	жиырма екі	жыйырма эки
30	отыз	отуз	23	жиырма үш	жыйырма үч
40	қырық	кырк	24	жиырма төрт	жыйырма төрт
50	елу	элүү	25	жиырма бес	жыйырма беш

60	алпыс	алтымыш	26	жиырма алты	жыйырма алты		
70	жетпіс	жетимиш	27	жиырма жеті	жыйырма жети		
80	сексен	сексен	28	жиырма сегіз	жыйырма сегиз		
90	тоқсан	токсон	29	жиырма тоғыз	жыйырма тогуз		
100	жүз	жүз	112	жүз он екі	жүз он эки		
1000	мың	миң	2017	екі мың он жеті	эки миң он жети		
10000	он мың/ түмен	он миң/ түмөн	3125	үш мың бір жүз жиырма бес	үч миң жүз жыйырма беш		
Сан есімнің мағыналық топтары – Сан атоочтун түркүмдөрү							
Қазақ тілінде			Қырғыз тілінде				
I. Есептік сандар – Эсептик сан							
1	Бір		1	Бир			
2	екі...		2	эки...			
18	он сегіз		18	он сегиз			
19	он тоғыз...		19	он тогуз...			
25	жиырма бес		25	жыйырма беш			
26	жиырма алты...		26	жыйырма алты...			
30	отыз		30	отуз			
31	отыз бір...		31	отуз бир...			
3725	үш мың жеті жүз жиырма бес...		3725	үч миң жети жүз жыйырма беш...			
II. Реттік сандар – Иреттик сан							
Қазақ тілінде		Қырғыз тілінде		Қазақ тілінде		Қырғыз тілінде	
бірінші	биринчи		жиыртасыншы	жыйырманчы			
екінші	экинчи		отызыншы	отузунчу			
үшінші	үчүнчү		қырқыншы	қыркынчы			
төртінші	төртүнчү		елуінші	элүүнчү			
бесінші	бишенсе		алпысыншы	алтмышынчы			
алтыншы	алтынчы		жетпісінші	жетимишинчи			
жетінші	жетинчи		сексенінші	сексенинчи			
сегізінші	сегизинчи		тоқсаныншы	токсонунчу			
тоғызыншы	тогузунчу		жүзінші	жүзүнчү			
оныншы	онунчу		мыңыншы	миңинчи			
III. Топтық сандар – Топ сан							
Қазақ тілінде		Қырғыз тілінде		Қазақ тілінде		Қырғыз тілінде	
бірден	бирден		төрттен	төрттөн			
екіден	экиден		бестен	бештен			
үштен	үчтөн		алтыдан	алтыдан			
IV. Жинақтық сандар – Жамдама сан							
Қазақ тілінде		Қырғыз тілінде		Қазақ тілінде		Қырғыз тілінде	
біреу	бирөө		бесеу	бешөө			
екеу	экөө		алтау	алтоо			
үшеу	үчөө		жетеу	жетөө			
төртеу	төртөө		–	оноо*			

35-кестенің жалғасы

V. Болжалдық сандар – Чамалама сан			
Қазақ тілінде	Қырғыз тілінде	Қазақ тілінде	Қырғыз тілінде
ондаған ондап онға жуық он бестей он бес шақты он бес шамасында	ондогон ондоп онго жуук он бештей он бек чакты он беш чамасында	алпыстаған алпыстай алпыстан аса алпысқа жуық алпыс шамалы алпыс шақты	алтымыштай алтымыштан ашуун алтымышка жакын алтымышка жуук алтымыш чакты
VI. Бөлшектік сандар – Бөлчөк сан			
Қазақ тілінде		Қырғыз тілінде	
оннан бес екі бүтін жетіден екі		ондон беш эки бүтүн ондон үч	
Қолданысы - Колдонулушу			
Қазақ тілінде		Қырғыз тілінде	
Сөйлем мүшесі	Мысал	Сүйлөм мүчөсү	Мисал
Бастауыш	Он бес екіге теңдей бөлінбейді.	Ээ	Он беш экиге тең бөлүнбөйт.
Баяндауыш	Екі жердегі екі – төрт.	Баяндооч	Эки жерде төрт.
Толықтауыш	Онды екіге бөл.	Толуктооч	Онду экиге бөл.
Анықтауыш	Бүгін аптаның бірінші күні.	Аныклаусы	Бүгүн жуманын биринчи күнү.

36-кесте

**Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сан есімнің
мағыналық топтарының жасалуы**
Казак-кыргыз тилдеринде сан атоочтун семантикалык
топторунун жасалышы

САН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ САН АТООЧТУҢ МААНИЛИК ТҮРЛӨРҮ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
I. Есептік сан есімдер – Эсептик сан атоочтор			
Ережесі, сұрақтары, жасалуы	Мысал	Эрежеси, суроолору, жасалышы	Мисал
Заттар мен құбылыстардың нақты санын білдіреді. Сұрақтары: қанша? неше?	бір үш жеті он жүз бір екі жүз қырк	Заттардын менен кубулуштардын конкреттүү санын билдирет. Суроолору: канча? нече?	бир үч жети он жүз бир эки жүз кырк

* Қырғыз әдеби тілінде де жинақтық сан жетіге дейін, *сегизөө, тогузоо, оноо* жергілікті ерекшеліктерде қолданылады.

II. Реттік сан есімдер – Иреттик сан атоочтор			
Зат пен құбылыс, әрекеттің ретін білдіреді. Сұрақтары: қаншасыншы? нешесінші? нешінші? Қосымшалары: -ншы/-нші -ыншы/-інші	алтыншы екінші үшінші тоғызыншы тоқсан екінші жүз екінші бес жүзінші мыңыншы	Заттың, қыймылдың қатарын, иретін билдирет. Суроолору: қанчанчы? неченчи? Мүчөлөрү: -ынчы/-инчи -унчу/-үнчу	алтынчы экинчи үчүнчү тогузунчу токсон экинчи жүз экинчи беш жүзүнчү миңинчи
III. Жинақтық сан есімдер – Жамдама сан атоочтор			
Заттың, құбылыстың, қимылдың сандық мөлшерін жинақтап білдіреді (1-7 сандарын қамтиды). Сұрақтары: қанша? неше? нешеу? Қосымшалары: -ау/-еу	екеу үшеу бесеу алтау жетеу ø ø ø	Заттардың сандық қасиеттерін жамдап, бириктире жалпылаштырып көрсөтөт (1-10 сандарына жалғанат). Суроолору: қанча? нече? қанчоо? Мүчөлөрү: -оо/-өө	экөө үчөө бешөө алтоо жетөө сегізөө тогузоо оноо
IV. Топтық сан есімдер – Топ сан атоочтор			
Бірдей заттардың санын топтап көрсетеді. Сұрақтары: қаншадан? нешеден? Қосымшалары: -нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен	бестен алтыдан жүзден оннан үш-үштен үштен-төрттен жүзден мыңнан	Бір өңчөй заттың санын топтап көрсөтөт. Суроолору: қаншадан? нечеден? Мүчөлөрү: -дан/-ден -ап/-әп	атыдан жетиден бештеп ондоп үч-үчтөн үчтөн- төрттөн жөздөп миңдеп
V. Болжалдық сан есімдер – Чамалама сан атоочтор			
I	T(H)E+ma/-ba/- pa+c+пыз T(H)E+me/-be/- pe+c+піз	айтпаспыз бармасыз болмасыз оқымапыз келмеспіз көрмеспіз	I	У(Н)Э+ба/-бе- бо/-бө+c+пыз/- пиз/-пуз/-пүз У(Н)Э+ба/- бе-бо/-бө+c+ с+тыр/-тир/-тур/- түр+быз/-биз/- буз/-бүз	барбаспыз барбастырбыз келбеспіз келбестирбиз болбоспуз болбостурбуз көрбөспіз көрбөстүрбүз
II	T(H)E+ma/ba/ pa+c+сың+дар T(H)E+me/be/ pe+c+сің+дер	айтпасыңдар айтпасыздар бармасыңдар бармассыздар келмессіңдер келмессіздер көрмессіңдер көрмессіздер	II	У(Н)Э+ба/-бе+c +сыңар/сиңер/- суңар/-сүңер У(Н)Э+ба/-бе+c +тыр/-тир/-тур/- түр+ сыңар/ синер/-суңар/- сүңер	барбасыңар барбастырсыңар келбессіңер келбестирсиңер болбоссуңар болбостурсуңар көрбөссүңер көрбөстүрсүңер

56-кестенің жалғасы

III	T(H)E+ма/-ба/- па+с T(H)E+ме/-бе/- пе+с	айтпас бармас жазбас жүрмес келмес көрмес оқымас	III	У(H)Э+ыш/-иш/- уш/-үш+ па/-пе/- пө+с У(H)Э+ыш/-иш/- уш/-үш+ па/-пе/- пө+с+ тыр/-тир/- тур/-түр	барышпас барышпастыр келишпес келишпестир болушпас болушпастыр көрүшпес көрүшпестүр
-----	--	--	-----	--	--

57-кесте

Қазақ тіліндегі мақсатты келер шақ
Казак тилиндеги максат келер чак

МАҚСАТТЫ КЕЛЕР ШАҚ		
Қазақ тілінде – Казак тилинде		
<i>Болымды түрі – Оң формасы</i>		
а) Мақсатты келер шақ етістікке (түбір/негіз) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек қосымшалары жалғанып, одан кейін жіктік жалғауларының үстелуі арқылы жасалады.		
Жекеше түрі – Жекелик сан		Көпше түрі – Көптүк сан
Жақ		
I	бар+мақ+пын кел+мек+пін сат+пақ+пын кет+пек+пін жаз+бақ+пын жүз+бек+пін	бар+мақ+пыз кел+мек+піз сат+пақ+пыз кет+пек+піз жаз+бақ+пыз жүз+бек+піз
II	бар+мақ+сың/бар+мақ+сыз кел+мек+сің/кел+мек+сіз сат+пақ+сың/сат+пақ+сыз кет+пек+сің/кет+пек+сіз жаз+бақ+сың/жаз+бақ+сыз жүз+бек+сің/жүз+бек+сіз	бар+мақ+сың+дар/бар+мақ+сыз+дар кел+мек+сің+дер/кел+мек+сіз+дер сат+пақ+сың+дар/сат+пақ+сыз+дар кет+пек+сің+дер/кет+пек+сіз+дер жаз+бақ+сың+дар/жаз+бақ+сыз+дар жүз+бек+сің+дер/жүз+бек+сіз+дер
III	бар+мақ кел+мек сат+пақ кет+пек жаз+бақ жүз+бек	бар+мақ кел+мек сат+пақ кет+пек жаз+бақ жүз+бек

* T(H)E – түбір (негіз) етістік

** У(H)Э – уңғу (негіз) этиш

б) Мақсатты келер шақ етістікке (түбір/негіз) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек қосымшалары, одан соң -шы/-ші қосымшасы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауларының үстелуі арқылы да жасалады.		
I	бар+мақ+шы+мын кел+мек+ші+мін сат+пақ+шы+мын кет+пек+ші+мін жаз+бақ+шы+мын жүз+бек+ші+мін	бар+мақ+шы+мыз кел+мек+ші+міз сат+пақ+шы+мыз кет+пек+ші+міз жаз+бақ+шы+мыз жүз+бек+ші+міз
II	бар+мақ+шы+сың кел+мек+ші+сің сат+пақ+шы+сың кет+пек+ші+сің жаз+бақ+шы+сың жүз+бек+ші+сің	бар+мақ+шы+сың+дар кел+мек+ші+сің+дер сат+пақ+шы+сың+дар кет+пек+ші+сің+дер жаз+бақ+шы+сың+дар жүз+бек+ші+сің+дер
III	бар+мақ+шы кел+мек+ші сат+пақ+шы кет+пек+ші жаз+бақ+шы жүз+бек+ші	бар+мақ+шы кел+мек+ші сат+пақ+шы кет+пек+ші жаз+бақ+шы жүз+бек+ші
<i>Болымсыз түрі – Терс формасы</i>		
а) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек қосымшалы етістіктерге емес көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады, көмекші етістік жіктеледі.		
I	бар+мақ емес+пін кел+мек емес+пін сат+пақ емес+пін кет+пек емес+пін жаз+бақ емес+пін жүз+бек емес+пін	бар+мақ емес+піз кел+мек емес+піз сат+пақ емес+піз кет+пек емес+піз жаз+бақ емес+піз жүз+бек емес+піз
II	бар+мақ емес+сің кел+мек емес+сің сат+пақ емес+сің кет+пек емес+сің жаз+бақ емес+сің жүз+бек емес+сің	бар+мақ емес+сің+дер кел+мек емес+сің+дер сат+пақ емес+сің+дер кет+пек емес+сің+дер жаз+бақ емес+сің+дер жүз+бек емес+сің+дер
III	бар+мақ емес кел+мек емес сат+пақ емес кет+пек емес жаз+бақ емес жүз+бек емес	бар+мақ емес кел+мек емес сат+пақ емес кет+пек емес жаз+бақ емес жүз+бек емес
б) -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек қосымшалары, одан соң -шы/-ші қосымшасы жалғанған етістікке емес көмекші сөзі тіркесіп, оған жіктік жалғауларының үстелуі арқылы жасалады.		

57-кестенің жалғасы

бар+мақ+шы емес+пін кел+мек+ші емес+пін сат+пақ+шы емес+пін кет+пек+ші емес+пін жаз+бақ+шы емес+пін жүз+бек+ші емес+пін	бар+мақ+шы емес+піз кел+мек+ші емес+піз сат+пақ+шы емес+піз кет+пек+ші емес+піз жаз+бақ+шы емес+піз жүз+бек+ші емес+піз
бар+мақ+шы емес+сің кел+мек+ші емес+сің сат+пақ+шы емес+сің кет+пек+ші емес+сің жаз+бақ+шы емес+сің жүз+бек+ші емес+сің	бар+мақ+шы емес+сің+дер кел+мек+ші емес+сің+дер сат+пақ+шы емес+сің+дер кет+пек+ші емес+сің+дер жаз+бақ+шы емес+сің+дер жүз+бек+ші емес+сің+дер
бар+мақ+шы емес кел+мек+ші емес сат+пақ+шы емес кет+пек+ші емес жаз+бақ+шы емес жүз+бек+ші емес	бар+мақ+шы емес кел+мек+ші емес сат+пақ+шы емес кет+пек+ші емес жаз+бақ+шы емес жүз+бек+ші емес

16§ КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР

Түркі тілдерінде етістік қызметі көмекші етістіктермен тығыз байланысты. Түркі тілдерінің етістіктер жүйесінде екі-үш компоненттен тұратын күрделі етістіктердің орны ерекше, әсіресе қимыл-әрекеттің іске асатын немесе асырылған уақытын, мерзімін дәл беру, яғни шақ категориясының мәнін көрсету күрделі етістіктер құрамындағы негізгі етістік пен көмекші етістіктердің тіркесімі негізінде қалыптасқан грамматикалық мағына арқылы ажыратылады.

Күрделі етістіктердің екінші сыңарын құрайтын көмекші етістіктер грамматикалық дамудың нәтижесінде бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке өткен, яғни грамматикалану үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырылғанымен, олардың басым бөлігі дербес етістіктер ретінде де кеңінен қолданылады. Көмекші етістіктер қимылдың қалай жасалғанын нақтылы сипаттап, дәл көрсетуде ерекше қызмет атқаратындықтан

* Т(Н)Е – түбір (негіз) етістік

** У(Н)Ә –уңғу (негиз) этиш

көмекші етістіктердің қатысынсыз қимыл, іс-әрекеттің ерекшеліктері толық айқындалмайды. «Жардамчы (көмөкчү) этиштер негизги этиштердин маанисине тактык, кандайдыр толуктоо алып келет да, ар кандай грамматикалык маанилерди туюндурууга жардам берет»⁸⁹. Қазақ-қырғыз тілдерінде де бірнеше көмекші етістіктер қолданылады.

58-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі көмекші етістіктер
Казак-кыргыз тилдериндеги жардамчы этиштер

КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖҰМСАЛАТЫН ЕТІСТІКТЕР			
ЖАРДАМЧЫ ЭТИШТЕР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
<i>Көмекші етістіктер</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Жардамчы этиштер</i>	<i>Мисалдар</i>
ал-	жүре алу айта алу оқып алып кету істеп алып кету	ал-	жүрө ал- айта ал- билип ал- ичип ал-
баста-	билей бастау айғайлай бастау үре бастау сөйлей бастау	башта-	бийлей башта- кыйкыра башта- үрө башта- сүйлөй башта-
бар-	кетіп барады жүріп барады	бар-	кетип бар- жүрүп бар-
бер-	арта беру азая беру/кеми беру үлкея беру нашарлай беру жақсара беру	бер-	айта бер- азая бер- кемий бер- өсө бер-
бер-	сала беру сөйлей беру ойнай беру оқи беру	бер-	сала бер- сүйлөй бер- ойной бер- окуй бер-
бол-	оқып болу жинап болу ішіп болу	бол-	жасап бол- айтып бол-
біт-	ішіп біту жинап біту	бүт-	ичип бүт- жазып бүт-

⁸⁹ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 153 б.

58-кестенің жалғасы

ж а т - / ж а - тыр-	бара жатыр кетіп бара жатыр	жат-	бара жат- келе жат- бугуп жат-
жібер-	жағып жіберу суытып жіберу жырлап жіберу/ән салып жіберу	жибер-	салып жибер- коюп жибер- ыйлап жибер- ырдап жибер-
кел-	шешек атып келеді іс бітіп келеді жасарып келеді	кел-	алып кел- салып кел- барып кел-
кет-	аттап кету жүгіріп кету мініп кету алып кету	кет-	бара кет- сала кет- бере кет-
қал-	келіп қалу кетіп қалу ұйықтап қалу	кал-	келип кал- уктап кал-
қой-	күліп қою қарап қою күрсініп қою айғайлап қою	кой-	күлүп кой- карап кой- жаап кой- ачып кой-
отыр-	оқып отыр келіп отыр жаып отыр	отур-	сүйлөп отур- ырдап отур- ыйлап отур-
сал-	айта салу асай салу кете салу қоя салу	сал-	айта сал- жаба сал- уруп сал- чаап сал-
таста-	айтып тастау лақтырып тастау жинап тастау	ташта-	айтып ташта- ыргытып ташта- коюп ташта-
түс-	билей түсу келіп түсу	түш-	кызара түш- ала түш-
түр-	келіп түр беріп түр сұрап түр	тур-	келип тур- берип тур- карап тур-
шық-	оқып шығу қарап шығу санап шығу	чык-	окуп чык- карап чык- санап чык- кирип чык-
бақ-	айтып бақты әрекеттеніп бақты	-	-

17§ ҚИМЫЛ ЕСІМДЕР

Қимыл есімі/қыймыл атооч/ – етістіктің мағыналық жағынан да, түрленуі жағынан да ерекшеленетін функциялық формаларының бірі. «Етістікке тән шақтық қасиеттен де, жіктелу, райлық қасиеттерден де тысқары тұратын, есімдерше түрленетін етістіктің ерекше түрі. Етістіктің райлары шаққа қарай түрленіп, жіктеліп, сол арқылы қимылдың иесімен жақ жағынан байланысқа түсетін болса, қимыл есімде ондай қасиет жоқ. Ол есімдерше септеледі, тәуелденеді, бірақ етістіктерше жіктелмейді, шақ пен жаққа қатысы болмайды, мағыналық жағынан қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді»⁹⁰. Қазақ тіл білімінде қимыл есімдеріне қатысты тұйық етістік, қимыл атауы терминдері де қолданылады. Қимыл есімдерінің салт және сабақты мағынасы толық сақталады, яғни қимыл атауын білдіргенімен етістіктің ауқымынан шығып кете алмайды. «Қыймыл атооч сөздөрдүн тутумундағы этиштик грамматикалык каражаттар ошол этиштик лексика-грамматикалык маанилердин сакталып жүрүп олтурушун шарттайт. Мындай атооч-этиш маанилик байланыштарын тилибиздеги аглютинация кубулушунун көрүнүштөрү катары кароого болот»⁹¹.

Қыпшақ тобындағы қазақ және қырғыз тілдеріндегі қимыл есімдерінің жасалу жолдары бірдей. Қазақ тіліндегі қимыл есімі түбір және туынды етістіктерге **-у, -ыс/-іс, -мақ/-мек/-бақ/-бек/-пақ/-пек** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *бару, жүру, жуыну, сөйлесу, жазбақ, күлмек, айтыс, барыс* т.б. Қырғыз тіліндегі қимыл есімдері **уу/-үү/-оо/-өө, -ыш/-иш/-уш/-үш, мақ/-мек/-мок/-мөк/-май/-мей, -мой/-мөй** жұрнақтары арқылы жасалады: *суроо, иштөө, айтыш, барыш, кириш, алмак, окумак, бермек, көрмөй* т.б. Қимыл есімдері конверсияланып, заттық мағынада, зат есім мәнінде жиі қолданылады.

⁹⁰ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: «ІДК-ТІРО» Редакциялық баспа орталығы, 1998. – 237 б.

⁹¹ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 310 б.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі қимыл есімдері
Казак-кыргыз тилдериндеги кыймыл атоочтор

ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІ – ҚЫЙМЫЛ АТООЧ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Қимыл есімдердің жасалуы– Қыймыл атоочтордун жасалышы					
Етістік	Жасалуы	Мысалдар	Этиштик	Жасалышы	Мисалдар
Қимыл есімі (инфинитив/ тұйық етістік)	а)-у/-у (-үү/-үү) қосымшасы арқылы жасалады.	сөйлеу жымыю келу қорғау шығу істеу	Қыймыл атооч	-уу/-үү, -оо/-өө мүчөлөрүнүн жалғанышы аркылуу жасалат.	сүйлөө келүү коргоо суроо ойлоо иштөө
	б)-мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек қосымшалары арқылы жасалады.	бармақ оқымақ бермек келмек жазбақ жүзбек айтпақ кетпек		-мақ/-мек, -моқ/-мөк, -май/-мей, -мой/-мөй мүчөлөрүнүн жалғанышы аркылуу жасалат.	алмақ окумақ бермек келмек көрмек жазмақ окумай көрмей
	в)-ыс/-іс қосымшалары арқылы жасалады.	айтыс барыс келіс өзгеріс тұрыс соғыс		-ыш/-иш -уш, -үш мүчөлөрүнүн жалғанышы аркылуу жасалат.	айтыш барыш кириш чығыш батыш соғуш
Қимыл есімдердің зат есімге тән белгілері – Қыймыл атоочтордун атоочко окшош белгілері					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
1)	Қимыл-әрекеттің атын білдіріп, не? деген зат есімнің сұрағына жауап береді.		1)	Қыймыл-аракеттин атын билдирип, эмне? деген зат суроона жооп берет.	
2)	Зат есім категорияларымен түрленуге бейім, көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдайды.		2)	Зат атоочтун категориялары менен өзгөрүүгө да жөндөмдүү, көптүк, жақ,таандык, жөндөмө мүчөлөрү улана берет.	
3)	Сөйлемде бастауыш, толықтауыш қызметін атқара береді.		3)	Сүйлөмдө ээлик, толуктоочтук милдеттерди атқарат.	
Тәуелдік категориясымен түрленуі –Таандық категориясы боюнча өзгөрүшу					

Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Жекеше –Жекелик сан			
1 жақ	жазуым күресім	1 жак	жазуум күрөшүм
2 жақ	жазуың/жазуыңыз күресің/күресіңіз	2 жак	жазууң/жазууңар күрөшүң/ күрөшүңүз/ күрөшүңөр
3 жақ	жазуы күресі	3 жак	жазуусу күрөшү
Көпше–Көптүк сан			
1 жақ	жазуымыз/жазуларымыз күресіміз/күрестеріміз	1 жак	жазуубуз күрөшүбүз
2 жақ	жазуларың/жазуларыңыз күрестерің/күрестеріңіз	2 жак	жазууңузда күрөшүңүздөр
3 жақ	жазуы/жазулары күресі/күрестері	3 жак	жазуусу күрөшү
Көптік категориясымен түрленуі –Көптүк категориясы боюнча өзгөрүшү			
-лар/лер-	сұраулар берулер өзгөрүлөр	-лор/лөр	берүүлөр суроолор өзгөрүүлөр
-тар/-тер	айтыстар кірістер шығыстар	-тар/-тер	айтыштар кириштер чыгыштар
Септік категориясымен түрленуі – Жөндөмө категориясы боюнча өзгөрүшү			
Атау	сұрау жазу шығыс шертпек	Атооч	суроо жазуу чыгыш чертпек
Ілік	сұраудың жазудың шығыстың шертпектің	Илик	суроонун жазуунун чыгыштын чертпектин
Барыс	сұрауға жазуға шығысқа шертпекке	Барыш	суроого жазууга чыгышка чертпекке
Табыс	сұрауды жазуды шығысты шертпекті	Табыш	суроону жазууну чыгышты чертпекти
Жатыс	сұрауда жазуда шығыста шертпекте	Жатыш	суроодо жазууда чыгышта чертпекте

59-кестенің жалғасы

Шығыс	сұраудан жазудан шығыстан шертпектен	Чыгыш	суроодон жазуудан чыгыштан чертмектен
Көмек-тес	сұраумен жазумен шығыспен шертпекпен	ø	ø

18§ ЕТІСТІКТІҢ ЕСІМШЕ ЖӘНЕ КӨСЕМШЕ ТҰЛҒАЛАРЫ

Есімше/атоочтук/ – етістіктердің функциялық формаларының бірі. Есімшелер әрі етістік, әрі есім орнына қолданыла береді, соған орай сөйлемде атрибуттық және предикаттық мағынаға ие болады. Есімдіктердің бұл ерекшелігі олардың етістіктер сияқты болымды және болымсыз, салт және сабақты болып бөлініп, жақтық, шақтық мағыналарды беруімен қатар, есімдер сияқты көптік, септік, тәуелдік категорияларымен түрленуінен туындайды. Яғни, етістікке де, есімдерге де тән қасиеттері бар: бірде жіктеліп, белгілі бір шақтағы іс-әрекетті, қимылды білдіреді де, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады; енді бірде заттың сындық, қатыстық белгілерін анықтап, заттық мәнде жұмсалады, септеліп, көптеліп, немесе тәуелденіп, сөйлемде бастауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметтерін атқара береді. Бірақ заттанған есімшелер өзінің етістікке тән табиғатынан ажырамайды.

Түркі тілдеріндегі есімшелер етістіктің модификациялық түрі болғанымен, басқа есім сөз таптарымен тарихи байланыста. Сондықтан көне түркі жазба тілдерінде, тіпті қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын кейбір есімше тұлғалары зат есімдер мен сын есімдер, үстеулер құрамынан ұшырасады. «Азыркы қырғыз тилинде алгачкы мааниси боюнча атоочтук болуп, тилдин бара-барып өнүгүшүнүн негизинде заттык маанилерге биротоло өтүп кеткен сөздөр да бар»⁹². Бұл тілдің даму барысында есімше тұлғаларының кейбір топтары аталған сөз топтары құрамына трансформацияланғанын көрсетеді. Мұндай құбылыстар көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімше формасына да тән. Қазіргі қазақ-қырғыз тілдеріндегі

⁹² Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 302 б.

жазушы≈жазуучу, оқушы≈оқуучу, сатушы≈сатуучу, тергеуші≈тергөөчү т.б. зат есімдер «есімшелердің конверциялануы арқылы жасалған»⁹³.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі есімшелердің ортақ белгілерімен қатар әр тілге тән өзіндік ерекшеліктері де бар. Қазақ тіліндегі есімшелер *-ған/-ген/-қан/-кен, -атын/-етін/-йтін/-йтін, -ар/-ер/-р, -с, -мақ/-мек, -бақ/-бек/-пақ/-пек, -мақшы/-мекші/-бақшы/-бекші, -ушы/-уші* қосымшалары арқылы, қырғыз тіліндегі есімшелер *-ған/-ген/-гон/-гөн /-қан/-кен/-кон/-көн, -р/-ар/-ер/-ыр/-өр/-өр,-с, -максан/-мексен/-мөксөн, -оочу/-өөчү/-уучу/-үүчү/-чу/-чү, -гыдай/-гудай/ -гүдөй, -мыш, -гыс/-гис/-гус, -аған/-еген/-өгөн* қосымшалары арқылы жасалады. Есімше тудырушы қосымшалардың қолданылу аясына, өзі жалғанған етістікке үстейтін грамматикалық мағынасына байланысты есімшелер өз ішінде бірнеше түрге бөлінеді.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі есімше/атоочтук жасайтын қосымшалардың грамматикалық мағыналарына сәйкес есімшелер шақ түрлеріне ажыратылады.

60-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі есімшелер Казак-кыргыз тилдериндеги атоочтуктар

ЕСІМШЕ – АТООЧТУК			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Етістіктің ерекше функциялық формаларының бірі – есімше. Есімшелер мағынасы жағынан етістіктер сияқты болымды-болымсыз, салт-сабақты болып бөлінеді, жақтық, шақтық мағынаны білдіреді. Есімдер сияқты көптеледі, тәуелденеді, септеледі.		Этиштин өзгөчө формаларынын бири – атоочтук. Атоочтуктар кыймыл-аракетти же ал-абалды заттын белгиси катары көрсөтүп, дайыма атооч сөздөр менен айкашып, аларды аныктап келет ⁹⁴ .	
Есімшелердің жасалуы – Атоочтуктардын жасалышы			
Қосымшалар	Мысалдар	Мүчөлөр	Мисалдар
Осы шақ мәнді есімше		Учур чактык атоочтуктар	
-п (ып/-іп) тұлғалы көсемше мен -ған/-ген, -қан/-кен тұлғалы жат-, тұр-, отыр-, жүр- көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады.	айтып отырған жазып жатқан келіп тұрған ойнап отырған оқып жүрген ойлап жүрген ұйықтап жатқан	Чакчылдын -п (ып/-ип,-уп/-үп) формасына жат-, тұр-, отыр-, жүр- деген жардамчы этиштердин -ған мүчөсү аркылуу айкалышып келүүсү аркылуу уюшулат.	айтып отурган жазып жаткан келип турган ойноп отурган окуп жүргөн ойлоп жүргөн уктап жаткан

⁹³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 534 б.

⁹⁴ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 299 б.

60-кестенің жалғасы

Бұрынғы өткен шақ есімше		Өткөн чактык маанидеги атоочтук	
-ған/-ген -қан/-кен қосымшалары жалғану арқылы жасалады.	аққан бітірген етілген көнген оқыған өскен	-ған/-ген -гон/-гөн -қан/-кен -кон/-көн мүчөлөрү аркылуу жасалат.	аккан бүтүргөн этилген көнгөн окуган өскөн
-(а)ған/-(е)ген*	алаған береген көреген	-аған/-еген -өгөн мүчөсү аркылуу жасалат.	алаган береген көрөгөн
Дағдылы өткен шақ есімше		Ø	ø
-а+тын/-е+тін -й+тын/-й+тін қосымшалары арқылы жасалады.	айтатын беретін жейтін тоқитын	ø	ø
Болжалды келер шақ есімше		Келер чактык маанидеги атоочтуктар	
-ар/-ер, -р қосымшасы болымды етістікке жалғану арқылы жасалады.	алар берер болар келер көрер созар	-р, -ар/-ер/-ыр/-ор/-өр мүчөлөрү аркылуу жасалат.	алар берер болор кетер көрөр созор
-с қосымшасы болымсыз етістікке жалғану арқылы жасалады.	айтпас білмес болмас кетпес қарамас өтпес сағынбас таусылмас	-ба+с/-бе+с -бо+с/-бө+с -па+с/-пе+с -по+с/-пө+с мүчөлөрү аркылуу терс форма- сы жасалат.	айтпас билбес болбос кетпес карабас өтпес сағынбас түгөн- бөс
Мақсат мәнді келер шақ есімше		-мақсан/-мек- сен/-мөксөн мүчөлөрү аркылуу жасалат.	билмексен көрмөксөн
-мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек -мақшы/-мекші -бақшы/-бекші арқылы жасалады.	қарамақ келмек жүзбек айтпақ жүзбекші айтпақшы		
Осы шақ есімше		-оочу/-өөчү -уучу/-үүчү -чу/-чү мүчөлөрү аркылуу жасалат.	айдоочу байкоочу жазуучу жиберчү кетүүчү окуучу сатуучу тергөөчү
-ушы/-уші** қосымшалары болымды және болымсыз етістіктерге де жалғану арқылы жасалады.	айдаушы байқаушы жазушы жіберуші оқушы сатушы тергеуші		

∅	∅	-а (-е/-ө,-й) +элек	айтыла элек иштей элек түшүнө элек
∅	∅	-тыдай/-гудай/ -гүдөй мүчөсү ар- кылуу жасалат.	атқарғыдай жүргүдөй турғудай
∅	∅	-мыш мүчөсү арқылуу жасалат.	жазмыш
∅	∅	-ғыс/-гис/-гус арқылуу жасалат.	бергис көтөргүс

Көсемше/чакчыл/ – өзіне тән синтаксистік қызметі, морфологиялық бірліктері бар дербес категория. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі көсемшелер етістіктердің бір-біріне байланысы мен қатынасын көрсетеді. «Қыймыл-аракеттік жана ал-абалдық қасиет маанисин сақтап, грамматикалық сан, жақ, чак категориялары менен өзгөрбөгөн этиштин өзгөчө формаларын чакчылдар дейбиз»⁹⁵. Қазақ тіліндегі көсемшелер *-н, -ын/-ін, -а/-е, -й, -ғанша/-генше/-қанша/-кенше, -ғалы/-гелі/-қалы/-келі, -майынша/-мейінше* қосымшалары арқылы, қырғыз тіліндегі көсемшелер *-н/-ын/-ин, -а/-е, -й, -ғанча/-генче/-гончо/-гөнчө/-канча/-кенч/-кончо/-көнчө, -гыча/-гиче/-гуча, -кыча/-киче, -ғаны/-гени, -гону/ -гөнү/-каны/-кени/-кону/-көнү, -ғалы/-гели, -майынча/-мейинче, -гычакты/ -гичекти /-гүчөктү/ -гучакты* қосымшалары арқылы жасалады. Екі тілге ортақ көсемше тудыратын қосымшалардың қырғыз тіліндегі нұсқаларының қазақ тіліндегі нұсқаларына қарағанда ауқымды болуы қырғыз тіліндегі ерінүндестігінің жақсы сақталуына байланысты.

Көсемшелер мағыналық-тұлғалық жағынан тиянақсыз болғандықтан, әрдайым өзінен кейін тиянақты мән беретін етістікті қажет етіп тұрады. Көсемшелердің бұл қасиеті күрделі етістіктер жасауға негіз болады. «Қазіргі қазақ тілінде көсемшелердің сан алуан

95 Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 282 б.

* Қазақ тіліндегі *-(а)ған/-(е)ген* тұлғалары арқылы жасалған сөздер есімше формасынан сын есім қатарына біржола ауысқан, конверцияланған тұлғалар ретінде қарастырылады: *сүзеген, жатаған* т.б.

***-ушы/-уші* жұрнағы арқылы жасалған есімшелерді есімдерден ажырату үшін салт және сабақты, болымды және болымсыз формаларының бар-жоғына мән беру керек.

қызметтері бар, сөйлемде етістік арқылы айтылған іс-әрекеттің сынын-тәсілін, мекенін, мезгілін білдіреді. Есімдердің түрлену жүйесіне түспейтін (көптелу, тәуелдену, септелу) көсемшелердің етістіктің басқа да туынды тұлғаларынан негізгі айырмасы да осы қызметтен көрінеді»⁹⁶. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі көсемшелер қызметі жағынан үстеулерге ұқсас болып келгенімен, мағыналық ауқымы да, функционалдық ауқымы да үстеулерге қарағанда кең. Сөйлемде пысықтауыш, баяндауыш қызметін атқарады.

61-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі көсемшелер
Казак-кыргыз тилдериндеги чакчылдар

КӨСЕМШЕ – ЧАКЧЫЛДАР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Көсемшелердің жасалуы – Чакчылдардың уюшулушу			
Қосымшалары	Мысалдар	Мүчөлөр	Мисалдар
-п, -ып/-іп қосымшалары жалғану арқылы жасалады.	істеп беру беріліп жазу күліп шықты қызығып жүр ойнап отыр шошып оянды	-п, -ып/-ип мүчөлөрү ар- кылуу жасалат.)	иштеп берүү берилип жазуу күлүп чыкты кызыгып жатат ойноп отуруу чочуп ойгонду
-а/-е, -й қосымшалары жалғану арқылы жасалады.	айтпай кетті бара-бара оңал- ды жырлай-жырлай барды келе жатыр	-а/-е, -й мүчөлөрү аркылуу жасалат.	бара-бара оңолду ырдай-ырдай барды айтпай кетти келе жатат
-ғанша/- генше -қанша/- кенше қосымшалары жалғану арқылы жасалады.	айтқанша істе барғанша кел жегенше отыр қайтқанша бітір тойғанша же ішкенше отыр кеткенше жаз	-ғанча/-генче -гончо/-гөнчө -канча/-кенче -кончо/-көнчө мүчөлөрү ар- кылуу жасалат.	айтканча кыл барғанча кел жегенче отур тойгончо же кеткенче жаз көргөнчө отур ичкенче отур
∅	∅	-гыча/-гиче/ -гуча/-кыча/-киче мүчөлөрү ар- кылуу жасалат*	кеткиче бирге бол келгиче оку отургуча кеч кирди

⁹⁶ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 529 б.

-ғалы/-гелі -қалы/-келі қосымшалары жалғану арқылы жасалады.	келгелі бери барғалы отыр қонғалы жатыр ішкелі жатыр кеткелі жатыр жауап алғалы оқығалы жатыр	-ғаны/-гени -ғону/ -гөнү -қаны/-кени -қону/-көнү -ғалы/-гели** мүчөлөрү ар- кылуу жасалат.	келгени бери болгону конгону жатат ичкени жатат кеткени жатат жооп алғаны башталғалы жатат
-май+ынша/ -мей+інше қосымшалары жалғану арқылы жасалады.	айтпайынша басылмайынша жұмылмайынша келмейінше шықпайынша жыламайынша	-майынча -мейинче -майын/-мейін мүчөлөрү аркылуу жасалат.	айтмайынча басылмайынча жумулмайынча келмейинче чықмайынча ыйламайын
	ө	-гычакты/-гичекти -гүчөктү/ -гучакты мүчөлөрү аркылуу	калгычакты кеткичекти

19§ ҮСТЕУ

Түркі тілдеріндегі қимыл-әрекеттің жай-күйін, әртүрлі белгілерін, жүзеге асу амалдарын, мекенін, себебін, мезгілін білдіретін сөз табы – үстеулердің/тактоочтордун/ табиғаты тым күрделі, сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметі де нақтылы сөйлем мүшелеріне байлаулы емес, негізінен етістікпен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарса, кейде заттанып, бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады. «Қыймыл-аракеттин ар түрдүү кырдаалдарын (орундук, мезгилдик, себеп, максат, сан-өлчөм, сын-сыпат кырдаалдарын) көрсөтүп, сүйлөмдө көбүнчө этиш сөздөр менен айкашып келип бышыктоочтук милдет аткарган сөздөр тактоочтор деп аталат. Алар качан? кайсы? кайда? канча? кантип? кандай? деген сыяктуу суроолорго жооп берет»⁹⁷. Үстеулердің табиғаты сын есімдерге өте жақын болғанымен өзіндік ерекшелігі бар. Сын есімдер заттың

⁹⁷ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 326 б.

*Қырғыз тіліндегі *-гыча/-гиче/-гуча-кыча/-киче* қосымшалары *-ғаны/-гени, -ғону/-гөнү -қаны, -кени, -қону, -көнү, -ғалы/-гели* қосымшаларының варианты қатарында қарастырылады.

**Қырғыз тіліндегі *-ғалы/-гели* қосымшалары негізінен жергілікті еркшеліктерде қолданылады.

белгілерін білдірсе, үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің белгілерін білдіреді.

Үстеулер морфологиялық тұлғасын өзгертуге де бейім келеді, яғни есім сөздерге тән қосымшаларды қабылдап түрленеді. Сондықтан түркі тілдеріндегі үстеулерді кей жағдайда зат есім, сын есімдерден, есімдіктерден ажыратып алу қиындықтар тудырып жатады. «Кейбір сөздерді белгілі бір сөз табына енгізу мүмкін емес, олар екі немесе үш категория арасындағы ауыспалы бірліктер: 1) зат есім – етістік; 2) етістік – зат есім; 3) зат есім – сын есім; 4) сын есім–зат есім; 5) сын есім – үстеу; 6) зат есім – сын есім – үстеу; 7) үстеу – сын есім – зат есім. Барлық жағдайдағы бастапқы нүктесін лексеманың семантикасы айқындайды, ол сөздің грамматикалық дамуы сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметіне байланысты»⁹⁸. Жалпы сөз таптарын тұрақтандырғыш тетіктер қызметін морфологиялық көрсеткіштер (аффикстер) атқарады, тұрақтанған сөз таптары үш өлшемге – семантикаға, синтаксиске, морфологияға бағынады. Ал үстеу тудыратын қосымша морфемалар кей жағдайда басқа сөз таптарын жасайтын қосымшалармен, септік категорияларымен, көсемшенің, есімшенің жұрнақтарымен сәйкес келіп жатады. «Үстеудің көпшілігі басқа сөз таптарынан әртүрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан сөздер. Елеусіз ғана мағыналық және морфологиялық өзгеріс арқылы сөз табының әрқайсысы үстеуге айналады»⁹⁹.

Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы қазақ және қырғыз тілдеріндегі үстеулердің құрылымы, сөйлемдегі қызметі бірдей болғанымен, оларды лексика-семантикалық тұрғыдан топтау мәселесінде біраз өзгешеліктер бар. Сондай-ақ қазақ тілінде сын есімдер құрамында қарастырылатын кейбір лексемалар қырғыз тілінде үстеулерге жатқызылады. Қырғыз тіліндегі үстеулерді жеке сөз табы ретінде қарастыру С. Құдайбергеновтың еңбектерінен бастау алады, ал жан-жақты зерттелуі С. Давлетовтың еңбегімен байланысты.

Қазақ-қырғыз тілдерінде үстеулер морфологиялық құрылымы жағынан түбір (уңғу/тубаса), туынды (туунду) үстеулер болып бөлінеді. Туынды үстеулер аналитикалық немесе синтетикалық жасалу

⁹⁸ Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – С. 27.

⁹⁹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 181-182 б.

жолына, яғни құрылымына байланысты дара (жөнөкөй) және күрделі (татаал) үстеулерге ажырайды.

Түбір үстеу морфемалық құрамы жағынан бөлшектеуге келмейтін (синхронды тіл білімі бойынша) сөздерден жасалады. Қазақ тіліндегі негізгі үстеулерге *әрең, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, жылдам, ақырын, жаңа, ылғи, тым, аса, өте, әрі, бері, төмен, дереу, кері, нақ, нағыз, дәл, түгел, мүлде* т.б.; қырғыз тіліндегі тубасы үстеулеріне *тез, бат, ылдам, аз, көп, әрте, кеч, кечээ, азыр, ары, бери, дал, дароо, жогору, илгери, төмөн, ылдый, кийин, эми, дайыма, анан, анда, зорго, бекер, кайра, кайта, бачым, акырын, улам, саал, чапчаң* т.б. жатадады.

Туынды үстеу басқа сөз таптарынан арнайы қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Қазақ-қырғыз тілдеріндегі туынды үстеулер кейбір септік жалғауларын қабылдаған сөздердің адвербиалдануы арқылы да жасалады. Қазақ тіліндегі туынды үстеулер: *қатарлай, қазақша, босқа, түнде, баяғыда, қапыда, лезде, шетінен, шалқасынан, қырынан* т.б.; қырғыз тіліндегі туынды үстеулер: *адамча, балача, кишиче, немисче, каптап, чакалап, менчилеп, ылдамдай, утурлай, кечкурун* т.б.

Күрделі үстеу – екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы қалыптасқан үстеулер. Қазақ тіліндегі күрделі үстеулер үш түрлі жолмен қалыптасады:

1) Басқа сөз таптарының бірігуі, кірігуі нәтижесінде пайда болған үстеулер, қазақ тілінде: *бүгін, биыл, жаздыгүні, қыстыгүні, ендігәрі* т.б.; қырғыз тілінде: *бүгүн, былтыр, быйыл* т.б.

2) Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған үстеулер, қазақ тілінде: *бірте-бірте, бет-бетімен, бостан-босқа, қолма-қол, оқта-текте, анда-санда, жата-жастана, жапа-тармағай, аз-аздап, күні-түні* т.б.; қырғыз тілінде: *бетме-бет, жазды-жаздай, жайды-жайлай, әртели-кеч; сүйлөй-сүйлөй, кезек-кезек, каптап-каптап* т.б.

3) сөздердің тіркесуі мен идиомаланған тіркестер, қазақ тілінде: *алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден қара кешке, томаға тұйық, күн ілгері, күн ұзаққа* т.б.¹⁰⁰; қырғыз тілінде: *алда кайда, алда качан, бир жылы, бир күнү, ар убак, ар дайым, эч жерде* т.б.

Қазақ тілінде семантикалық жағынан үстеулер сегіз топқа бөлінеді: мезгіл үстеулері, мекен үстеулері, мөлшер үстеулері, сын-қимыл(бейне) үстеулері, күшейтпелі үстеулер, мақсат үстеулері, себеп-салдар үстеулері, топтау үстеулері. Мезгіл үстеулері мен мекен үстеулерінің кейбірі шырай жұрнақтарын қабылдайды. Шы-

¹⁰⁰ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 546 б.

раймен түрленетін үстеулердің табиғаты сын есімдерге өте жақын болып келеді.

Қырғыз тіліндегі үстеулер лексика-грамматикалық жағынан үлкен екі топқа ажыратылады: 1) бышықтагыч тактоочтор; 2) аныктагыч тактоочтор. Әрқайсысы іштей бірнеше топқа бөлінеді. Бышықтагыч тактоочтор үшке бөлінеді: мезгил бышықтагыч тактоочтор қимылдың мезгілін білдіріп, качан? качантан бери? кайсы кезде? качанга чейин? деген сұрақтарға жауап береді: *азыр, анан, ар дайым, ар качан, ар убак, бүгүн, кез-кезде, эртен, эртели-кеч, жайды-жайлай, кышты-кыштай, мурун, кийин* т.б.; орун бышықтагыч тактоочтор қимыл-әрекеттің орнын білдіріп, кайсы? кайда? кайсы жактан? кайсы жакка? деген сұрақтарға жауап береді: *алга, артка, алды-артына, ары-бери, илгери, жогору, төмөн, анда-мында, ушунда* ж.б.; себеп жана максат бышықтагыч тактоочтор қимылдың себебін, мақсатын білдіріп, кандай? кандай максатта? эмне себептен? кандай максат менен? деген сұрақтарға жауап береді: *аргасыз, аргасыздан, атайын, атайылап, эркисизден* т.б. Аныктагыч тактоочтор екіге ажыратылады: сын-сыпат аныктагыч тактоочтор қимылдың сынын білдіріп, кандай? кантип? кандайча? кимче? эмнече? деген сұрақтарға жауап береді: *акырын, аста, адамча, айбанча, тымызын, тез, дароо, бат, ылдам, жай, бирге, бетме-бет, оозмо-ооз, байча, кулча, каадасынча, мурункусунча, өзүнчө, көзүнчө, менчилеп, сенчилеп, элчилеп* т.б.; сан-өлчөм аныктагыч тактоочтор қимылдың санын, мөлшерін білдіріп, канча? нече? канчалык? канчалап? нечелеп? деген сұрақтарға жауап береді: *барынча, болушунча, жетишинче, жапырт, аз-маз, ушунчалык, ошончолук, аз-аздан, бир-бирден, көп-көптөн* т.б.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі үстеулер шырай формасының екі түрімен – салыстырмалы және күшейтпелі шыраймен түрленеді. Қазақ тіліндегі үстеудің салыстырмалы шырайы *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек және -дау/-деу, -тау/-теу, -лау/-леу* қосымшалары арқылы жасалады. Күшейтпелі шырай қазақ тілінде *өте, тым, аса, орасан* т.б. сөздері арқылы жасалады.

Кейбір үстеулер тәуелдік, септік, жіктік жалғауларымен түрленеді. Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы негізінен белгілі бір коммуникативтік қызмет өрісінде қолданылады. Үстеулердің негізгі қызметі пысықтауыш болғанымен, баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметінде де жұмсалады.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі үстеулер қатарына жатқызылатын лексемалар әрдайым сәйкес келе бермейді, қырғыз тіліндегі кейбір үстеулер қазақ тілінде сын есімдер қатарында қарастырылуы да мүмкін.

62-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі үстеулер
Казак-кыргыз тилдериндеги тактоочтор

ҮСТЕУ – ТАКТООЧ					
Қазақ тілінде – Казак тилинде			Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде		
Қимылдың, іс-әрекеттің әртүрлі белгісін, жүзеге асу амал-тәсілін, мекенін, себебін, мезгілін, жай-күйін білдіретін және грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін, сөйлемдегі негізгі қызметі пысықтауыш болатын сөз табының түрі үстеу деп аталады.			Қыймыл-аракеттин ар түрдүү кырдалдарын, орундук, мезгилдик, себеп, максат, сан-өлчөм, сын-сыпат кырдалдарын көрсөтүп, сүйлөмдө көбүнчө этиш сөздөр менен айкашып келип бышыктоочтук милдет аткарган сөздөр тактоочтор деп аталат.		
Мысалдар			Мисалдар		
жылдам, әрең, әдейі, жорта, әзір, әлі, бұрын, қасақана, ұдайы, ақырын, ерте, кеш, жоғары, төмен, қазір, үнемі, дереу, жаңа, енді, шапшаң, бағана, ілгері, әрі, бері, маңа, ылғи, бекер, кері, нағыз, дәл, өте, тым, аса, мүлде, оқыс, түгел, ақшалай, қатарлай, қазақша, менше, сенше, түнде, күнде, баяғыда, босқа, артқа, текке, кешке, әзірге, бірге, бекерге, қапыда, лезде, әрмен, бермен, ерекше, шетінен, қырынан, төтеден, шалқасынан, етпетінен, көлденеңінен, ұзынынан, кенеттен, биыл, бүгін, жаздыгүні, қыстыгүні, ендігәрі, екіталай, ертелі-кеш, бірте-бірте, бет-бетімен, бостан-босқа, қолма-қол, оқта-текте, андасанда, жата-жастана, жапа-тармағай, аз-аздап, күні-түні, алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден қара кешке, томаға тұйық, күн ұзаққа, әлі күнге, күн ұзаққа т.б.			тез, бат, ылдам, аз, көп, эрте, кеч, кечээ, азыр, ары, бери, дал, дароо, жогору, илгери, төмөн, ылдый, кийин, эми, дайыма, анан, анда, бирге, зорго, бекер, кайра, кайта, бачым, акырын, улам, саал, аябай, чапчан, адамча, балача, кишиче, немисче, каптап, чакалап, менчилеп, ылдамдай, утурлай, кечкурун, бүгүн, былтыр, быйыл, алга, зорго, күнгө, күчкө, бекерге, мурдатан, баштатан, илгертеден, эртеден, бир азга, бетме-бет, өйдө-ылдый, олбуй-солбуй, илгери-кийин, астын-үстүн, ары-бери, чогуу-чаран, жазды-жаздай, жайды-жайлай, эртели-кеч; сүйлөй-сүйлөй, кезек-кезек, каптап-каптап, алда кайда, алда качан, бир жылы, бир күнү, ар убак, ар дайым, эч жерде, жайдыр-кыштыр, күндүр-түндүр, эртедир-кечтир, жакшыдыр-жамандыр, ачыктан-ачык, бирден-бир, көптөн-көп, өзүнөн-өзү, уламдан-улам т.б.		
Үстеулердің құрылымдық түрлері – Тактооч сөздөрдүн структуралық түрлөрү					
№	Үстеу түрі	Мысал	№	Тактооч түрү	Мисал
1	Дара	әрең енді қазір биыл	1	Жөнөкөй	тез бат ылдам быйыл

62-кестенің жалғасы

2	Күрделі	ала жаздай күні бүгін бірте-бірте ертелі-кеш	2	Татаал	алда кайда бір күнү бетме-бет эрте- ли-кеш
Жасалу жолына қарай – Жасалыш жолу боюнча					
№	Үстеу түрі	Мысалдар	№	Тактооч түрү	Мисалдар
1	Негізгі (түбір-негіз) үстеулер	әлі ерте кеш	1	Тубаса (уңгу-негіз) тактоочтор	дал эрте кеш
2	Туынды үстеу*	түнде күнде баяғыда	2	Туунду тактооч	аябай чапчаң адамча
3	Күрделі үстеулер (синтаксистік жолмен жасалуы)		3	Татаал тактооч (синтаксистік жол менен жасалышы)	
	Біріккен үстеулер	екіталай жаздыгүні		Бириккен так- тоочтор	экиталай
	Сөздердің кірігуі арқылы жасалған	биыл былтыр бүгін бүрсүгүні		Бир бүтүндүккө айланып кеткен тактооч	былтыр быйыл бүгүн бүрсүгүні
	Қосарлы үстеулер	қайта-қайта ары-бері астын-үстін қолма-қол		Кош тактоо- чтор	кайра-кайра астын-үстүн ары-бери қолмо-қол
	Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған	алдын ала ала жаздай күні кеше күні бүгін		Кошмок тактоочтор	алда качан бір жылы бір күнү эч жерде
Үстеулердің семантикалық топтары – Тактоочтордун семантикалық топтору					
№	Үстеу түрі	Мысалдар	№	Тактооч түрү	Мисалдар
1	Мезгіл үстеулері қашан? қашаннан?	ала жаздай, бүгін, биыл, ертең, енді, танертең, кеше, кешке, күндіз, түнде, биылша, қы- стыгүні, қы- стай, жаздай, әуел баста, бүгінше, әзір- ше, жазда, қыста, күзде, күнде, лезде, ілуде т.б.	Бышықтагыч тактоочтор		
			1	Мезгіл бышықтагыч тактоочтор качан? ка- чантан бери? кайсы кезде? качанга чейин?	азыр, анан, ар дайым, ар качан, ар убақ, анда-саңда, анда-мыңда, бүгүн, башта, жана, кез- кезде, кечке, күндө, эми, эрте, эртең, эртели-кеш т.б.

2	Мекен үстеулері қайда? қайдан?	әрі, бері, әрмен, алға, артқа, артта, тысқары, ішкері, ілгері, төмен, жоғары, ілгері, осында, мұнда, кері, алды-арты, жолшыбай, жол-жөнекей т.б.	2	Орун бышықтагыч тактоочтор қайда? қайсы жақта? қайсы жаққа? қаяққа?	алға, ары, артқа, алда қайда, жогору, алды-артында, ары-бери, бери, мыңда, илгери, өйдө, төмөн ж.б
3	Себеп-салдар үстеулері (неге? не себепті?)	босқа, бекерге, текке, лажсыздан, амалсыздан, құр босқа, шарасыздан т.б.	3	Себеп жана максат бышықтагыч тактоочтор	аргасыздан, ағайын, ағайлап, капилеттен, эрксизден ж.б.
4	Мақсат үстеулері не мақсатпен?	арнайы, әдейі, жорта, қасақана, әдейілеп, арнайылап т.б.			
5	Мөлшер үстеулері қанша? қаншалық? қаншама? қалай? қалайша?	сонша, мұнша, осыншама, анағұрлым, сондайлық, бірен-саран, бірлі-жарым, азды-көпті, некен-саяқ, едәуір, бірталай, бірсыпыра т.б.	Анықтагыч тактоочтор		
			4	Сан-өлчөм анықтагыч тактоочтор қанча? нече? қанчалық? нечелеп? қанчалап?	аз, көп, ашық, мол, аз-аздан, бөксө, артық, анча-мынча, көп-көптөн, ошончолук менчелик қанчалық кем, ж.б.
6	Сын-қимыл (бейне) үстеулері қалай? қайтпін? қалайша? кімше?	ақырын, тез, шапшаң, әзер, шалқасынан, зорға, оқыс, дереу, өзінше, қапыда, лезде, үнемі, бостан-бос, жайбарақат, беймарал, қолма-қол, зым-зия, көйлекшең, ауызша т.б.	5	Сын-сыпат анықтагыч тактоочтор қандай? қантпін? қандайча? кімше? эмнече?	ақырын, аста, адамча, ылдам, тымызын, тез, бат, дароо, ылдам, жай, бирге, бетмебет, кайра, араң, зорго, жымжырт, жайбарақат, қырғызча, менимче т.б.

62-кестенің жалғасы

7	Күшейтпелі үстеулер	ең, тым, өте, әбден, мүлде, кілең, өңкей, орасан, нағыз, керемет т.б.		ø	ø
8	Топтау үстеулері (қаншадан? нешеден?)	аздап, біреулеп, бір-бірлеп, топтап, екеулеп, жекелеп, көптеп, қос-қостап т.б.		ø	ø

63-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі үстеулердің сөйлемдегі қызметі
Казак-кыргыз тилдериндеги тактоочтордун сүйлөмдөгү кызматы

ҮСТЕУДІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ – ТАКТООЧТУҢ СҮЙЛӨМДӨГҮ ҚОЛДОНУЛУШУ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Қызметі (сөйлем мүшесі)	Мысалдар	Қызматы (сүйлөм мүчөсү)	Мисалдар
Пысықтауыш	Бұрын шыққан құлақтан кейін шыққан мүйіз озыпты (мақал)	Бычыктооч	Мурун чыккан кулактан кийин чыккан мүйүз озуптур (мақал)
Баяндауыш	Күннің ең әдемісі – бүгін.	Баяндооч	Күндүн эң жакшысы – бүгүн.
Бастауыш	Еріншектің ертеңі бітпес (мақал)	Ээ	Эриншектин эртеңи бүтпөйт (мақал)

*Жалпы алғанда күрделі үстеулер де туынды үстеулерге жатады.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі үстеу тудыратын қосымшалар
 Казак жана кыргыз тилдериндеги тактоочтордун мүчөлөрү

ҮСТЕУ ЖАСАЙТЫН ҚОСЫМШАЛАР ТАКТООЧ ЖАСООЧУ КУРАНДЫЛАР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Қосымшалар	Мысалдар	Мүчөлөр	Мисалдар
-ша/-ше қосымшасы арқылы жасалады.	Адамша қазақша балаша итше тауықша түлкіше анша-мұнша	-ча/-че/-чо/-чө мүчөлөрү арқылуу жасалат.	адамча кыргызча балача итче тоокчо түлкүчө анча-мынча
-шама/-шеме-құран- ды қосымшасы арқылы жасалады.	соншама мұншама осыншама қаншама	∅	∅
-шалық/-шелік қосымшасы арқылы жасалады.	соншалық мұншалық осыншалық	-чалық/-челик/-чо- дук/-чүлүк мүчөлөрү арқылуу жасалат.	ошончолук менчелик бизчелик сенчелик кишичелик итчелик
-дайлық/ -дейлік қосымшасы арқылы жасалады.	мұндайлық оңдайлық сондайлық бұндайлық	∅	∅
-қары/-кері/-ғары/- гері қосымшасы арқылы жасалады.	жоғары ілгері ішкері тысқары сыртқары	-гери мүчөсү арқылуу жа- салат.	жогору илгери ичгары
-лап/-леп/-дап/-де- п/-тап/-теп қосым- шасы арқылы жаса- лады.	айлап екеулеп аздап көптеп жүздеп қостап ылдилап қиялап	-лап/ -леп/-лоп/ -лөп/-дап/ -деп/ -доп/ -дөп/ -тап/ -теп/ -топ/-төп мүчөлөрү арқылуу жасалат.	айлап жылдап күндөп түндөп эртелеп экөөлөп кыялап ылдыйлап

64-кестенің жалғасы

-шылап/-шілеп қосымшасы арқылы жасалады.	итшілеп	-чылап/-чилеп/ -чулап/ -чүлөп мүчөслөрү арқылуу жасалат.	барчылап элчилеп жокчулап чөөчүлөп
-лай/-лей/-дай/-дей /-тай/-тей қосымшасы арқылы жасалады.	ақшалай жаздай күздей қыстай жартылай тікелей шикілей	-лай/ -лей/-лой/ -лөй/ -дай/ -дей/ -дой/ -дөй/ -тай/ -тей/ -той/ -төй мүчөслөрү арқылуу жасалат.	ақчалай жаздай жайдай күздөй кыштай күздү-күздөй кышты-кыштай
-лата/-лете -дата/-дете -та/-те құранды қосымшасы арқылы жасалады.	жаңбырлата жаяулата бойлата қиқулата қиялата түндете желдірте	-лата/-лете/-лото, -лөтө/-дата/-дете, -дото, -дөтө, -тата/-тете -тото/-төтө мүчөслөрү арқылуу жасалат.	жайлата кыштата бойлото жөөлөтө жаздата улуулата кичүүлөтө
-шаң/-шең қосымшасы арқылы жасалады.	көйлекшең байпақшаң жейдешең етікшең	ø	ø
-сын/-сін қосымшасы арқылы жасалады.	кешкісін ертеңісін	-сын/-син/-сүн мүчөслөрү арқылуу жасалат.	кечкисін кышкысын бүгүнкүсүн түшкүсүн түнкүсүн жайкысын
ø	ø	-ындасы -үндөсү -индеси мүчөслөрү арқылуу жасалат.	жайындасы кышындасы түндөсү кечиндеси күзүндөсү
барыс септігінің -ға/-ге/-қа/-ке жалғаулары арқылы жасалады.	алға артқа зорға бекерге бірге	-қа/-ке/-ға/-ге барыш жөндөмө менен уюшулған тактоочтор.	алға зорго күнгө күчкө бекерге бир азга
жатыс септігінің -да/-де/-та/-те жалғаулары арқылы жасалады.	түсте күзде жазда қыста кейде ежелде	-та/-те/-да/-де/-дө жатыш жөндөмө менен уюшулған тактоочтор.	түштө мында бунда кээде өйдө ээелде

шығыс септігінің -дан/-ден/-тан/-тен жалғаулары арқылы жасалады.	ежелден бұрыннан баяғыдан қазірден шалқасынан көлденеңінен	-тан/-тен/-дан/-ден чығыш жөндөмө ме- нен уюшулған тактоо- чтор.	илгертен ээлтен кокустан эмитен мурунтан азыртан
көмектес септігінің -мен/-бен/-пен жалғаулары арқылы жасалады.	ретімен кезекпен жайымен	∅	∅

Үстеулердің шырай жұрнақтарын қабылдауы
Тактоочтун даражалары

ҮСТЕУ ДІҢ ШЫРАЙМЕН ТҮРЛЕНУІ			
ТАКТООЧ ДАРАЖАЛАРЫ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Шырай	Мысалдар	Даража	Мисалдар
Жай шырай ∅	ерте кеш кейін төмен шапшаң	Жай даража ∅	эрте кеш кийин төмөн чапчаң
Салыстырмалы шырай -ырақ/-ірек -рақ/-рек	ертерек кешірек кейінірек төменірек шапшаңырақ	Салыштырма даража -ыраак/-ирээк/ -үрөөк -раак/-рээк/ -рөөк	эртерээк кечирээк кийинирээк төмөнүрөөк чапчаңыраак
Күшейтпелі шырай ең, өте, әбден, тым	өте ерте әбден кеш аса төмен ең шапшаң	Күчөтмө даража эң, абдан, өтө	өтө ерте абдан кеш өтө төмөн эң чапчаң

20§ ЕЛІКТЕУІШІ

Қазақ және қырғыз тілдерінде еліктеуіштер мен одағайлар – жеке-жеке сөз табы. Қырғыз тілінде тууранды сөздөр (еліктеуіштер) мен сырдык сөздөр (одағайлар) өгөчө сөз түркүмдөрі (өзгеше сөз таптары) ретінде қарастырылады.

Еліктеуіш сөздер табиғатта, қоршаған ортада ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан немесе тіршілік иелерінің дыбыстау мүшелерінен шығатын әрқилы дыбыстарға еліктеуден, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың, адамдар мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекет, қозғалыстарының түрлі көріністерін бейнелеу нәтижесінде пайда болып, тілдік бірлік ретінде қалыптасады: *арс, гүрс, сырт, тарс, шарт, дүңк, бырт, шаңқ, жалт-жұлт, арбаң-арбаң, ербелең-ербелең, бүгжең-бүгжең, далаң-далаң, тарбаң-тарбаң* т.б. «Жаратылыштағы ар қандай үндөрдү жана көрүнүштөрдү туурап айтылған сөздөр тууранды сөздөр деп аталат»¹⁰¹: *тарс, шылдыр-шылдыр, арс-арс, мөө, жарк-журк, эрбең-эрбең, чолтоң-чолтоң* т.б. Лингвистикалық сипаттамасы бойынша «еліктеуіш сөздер дегеніміз – өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы, морфологиялық тұлға-түрпаты бар, дара түрлеріне де, қосарланған түрлеріне де көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары тікелей жалғанбайтын, сөйлемде әрқашан сын-қимыл пысықтауыш болатын және бастапқы түбірлерінен жұрнақтар арқылы туынды есімдер және етістіктер жасалатын сөздер»¹⁰².

Еліктеу сөздер жасалу негіздері мен семантикалық сипатына қарай екіге бөлінеді: еліктеуіш (табыш тууранды сөздөр) және бейнелеуіш (әлес тууранды сөздөр) сөздер. Еліктеуіш сөздер – табиғаттағы, қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттардың, жан-жануарлардың, адамның дыбыстарын сипаттайтын сөздер: *сарт-сұрт, тырс-тырс, қарқ-қарқ, іңгә-іңгә* т.б. Қырғыз тілінде «адамдан, ар қандай жаныбарлардан, заттардан жана табиғат кубулуштарынан чыккан үндөрдү туурап айтылған сөздөр табыш тууранды сөздөр деп аталат»¹⁰³: *качыр-кучур, топ, дүп, дүңгүр, шалдыр-шулду* т.б. Қазақ тілінде де дыбыс еліктеуіштері терминінің қолданылуы кездеседі.

Сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке, ашық не қысаң болуы немесе дауыссыз фонемалардың қатаң не ұяң болып келуі еліктеуіш сөздердің мағынасына әсер етіп, еліктеуіш сөздердің негізіне алынған дыбыстардың сапалық ерекшеліктерін –

¹⁰¹ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 342 б.

¹⁰² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 552 б..

¹⁰³ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 344 б.

қарқындылығын, бәсеңділігін т.б. белгілерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы, қоршаған ортадағы түрлі іс-әрекеттер мен құбылыстардың, заттардың, жан-жануардың, адамның сыртқы көрінісін, келбетін, пішінін және қимыл-қозғалысын бейнелейтін сөздер тобы: *жалп-жалп, жалт-жұлт, қорбаң-қорбаң, былқ-сылқ* т.б. «Адамдын, жаныбарлардын жана жансыз заттардын сыртқы көрүнүшүн, кыймыл-аракетин, турпатын туурап айтылған сөздөрдү элес тууранды сөздөр дейбиз»¹⁰⁴: *бүкүрөң, селт, жалт, далдаң, тайраң, арбаң-тарбаң, илең-салаң* т.б. Қазақ тіліндегі еліктеуіштер дербес сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай атауыш сөздер қатарынан орын алады.

66-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі еліктеуіштер
Казак-кыргыз тилдериндеги тууранды сөздөр

ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕР – ТУУРАНДЫ СӨЗДӨР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Табиғаттағы құбылыстар мен жанды, жансыз заттардың әрқилы дыбыстарына еліктеуден, олардың сыртқы көрінісі мен қозғалыстарын бейнелеуден пайда болған сөздер.		Жаратылыштағы ар қандай үндөрдү жана көрүнүштөрдү туурап айтылған сөздөр тууранды сөздөр деп аталат	
Еліктеуіштердің түрлері – Тууранды сөздөрдүн түрлөрү			
Құрылымдық түрлері – Түзүлүшүнө карай бөлүнүшү			
Еліктеуіш сөз	Мысалдар	тууранды сөз	Мисалдар
1. Дара Бір сөзден тұратын еліктеуіштер	<i>гүрс, жалт, сырт тарс, ербең, қойқаң, мөө</i> т.б	1. Жөнөкөй Бир эле сөздөн турган тууранды сөздөр	<i>гүрс, жалт, сырт тарс, эрбең койкоң, мөө ж.б.</i>
а) түбір(негіз) еліктеуіш	<i>ар, арс, гүрс, дыр, жарқ, жұрқ, қалш, шарт, сарт</i> т.б	а)уңғу(негиз) тууранды	<i>ар, арс, гүрс, жарк, журк, зыр, калч, карс ж.б.</i>
ә) туынды еліктеуіш*	<i>ербеңлең, бүкшең, қойқаң, шолтаң</i> т.б.	ә)туунду тууранды	<i>бүкүрөң, эрбең, койкоң, чолтоң ж.б.</i>

¹⁰⁴ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 345 б.

66-кестенің жалғасы

2. Күрделі Екі не одан көп бірліктен тұратын еліктеуіштер	<i>арс-арс жарқ-жұрқ ербең-ербең шол- таң-шолтаң шылдыр-шылдыр</i>	3. Тагаал Эки же андан көп сөзден турған тууранды сөздер	<i>арс-арс жарк-журк эрбең-эрбең чол- тоң-чолтоң шылдыр-шылдыр</i>
а) қайталама қос сөзден тұратын еліктеуіштер	<i>бүлк-бүлк дардаң-дардаң зыр-зыр қойқаң-қойқаң қалш-қалш қыбыр-қыбыр қарс-қарс т.б.</i>	а) қайталанма тууранды сөздер:	<i>болк-болк дардаң-дардаң зыр-зыр койкоң-койкоң калч- калч кыбыр-кыбыр карс-карс ж.б.</i>
ә) ұйқасты қос сөзді еліктеуіштер	<i>абыр-сабыр ыбыр-жыбыр қыбыр-сыбыр былқ-сылқ т.б.</i>	ә) уйкашма тууранды сөздер (уйкаш айтылма):	<i>така-так-така-так шака-шак-шака-шак кобур-собур калдыр-салдыр ж.б.</i>
б) қарсы мәнді қос сөзді еліктеуіштер	<i>дабыр-дүбір тарс-түрс тарс-тырс шарт-шырт сарт-сырт т.б.</i>	б) каршылаш тууранды сөздер:	<i>дабыр-дүбүр карс-күрс шалдыр-шулду уу-дуу тик-так күңк-мыңк ж.б.</i>
Мағынасына қарай топтастырылуы –Маанисине қарай бөлүнүшу			
Еліктеуіш сөз	Мысалдар	Туранды сөз	Мисалдар
1. Еліктеуіштер	<i>арс-арс дабыр-дүбүр қорс-қорс шатыр-шұтыр т.б.</i>	1. Табыш тууранды сөздер	<i>арс-арс дабыр-дүбүр корс-корс шатыр-шатыр ж.б.</i>
а) Адамның дыбыстарына еліктеуден туған сөздер:	<i>іңгә, баж-баж, шыр, күңк-күңк, күрк- күрк, мыңқ-мыңқ, әпшу, күбір-күбір, сұңқ-сұңқ, міңгір- міңгір, ырс-ырс, мырс-мырс, бағжаң- бағжаң т.б.</i>	а) Адамдан чыккан үндөрдү туурап айтылган сөздер:	<i>шыр, кобур-собур, күбүр-шыбыр, күңк- мыңк, корс-корс, карс-карс, чыйт бырс, кыш-кыш, ха- ха, баа, кажы-кужу, кор-кор, апчхи, баг- жаң-бағжаң ж.б.</i>
ә) Жан-жануарлардың дыбыстарына еліктеуден туған сөздер	<i>арс-арс, ыр-ыр, ыз-ыз, ысс-ысс, қақ-қақ, мөө(мөңіреу), маңырау, мияу- мияу, бытпылдык, көкек т.б.</i>	ә) Айбандардан, жаныбарлардан чыккан үндөрдү туурап айтылган сөздер:	<i>арс-арс, дабыр-дүбүр, така-так-така-так, шакылык-шакылык, каак, какылык- какылык, дың-дың, бытпылдык, чыйт- чыйт, күкүк, ыз-ыз, ыши-ыши ж.б.</i>

б) Табиғаттағы жансыз заттардан шығатын дыбыстарға еліктеуден туатын сөздер	<i>даң-дұң, дүңк-дүңк, зың-зың, қалдыр-құлдыр, тық-тық, қарс, тарс, тарс-тұрс, сарт-сұрт, қашыр-құшыр, салдыр-сұлдыр, шалдыр-шұлдыр, ж.б.</i>	б) Жаратылыштағы жансыз заттардан чыккан үндөрдү туурап айтылган сөздөр:	<i>даң, заң, калдыр-кулдур, тык-тык, карс, тарс, качыр-кучур, топ, дүн, дүңгүр, шалдыр-шулдур, шуу, балч, былч, шар, шылдыр, болк-болк, кыйч-кыйч ж.б.</i>
в) Табиғат құбылыстарының дыбыстарына еліктеуден туған сөздер	<i>күр, күр-күр (күннің күркіреуі), сарқыра (өзеннің сарқырау) т.б.</i>	в) Жаратылыш кубулуштарынан чыккан үндөрдү туурап айтылган сөздөр:	<i>күр, күр-күр, шатыр-шатыр, тарс, дабыр-дүбүр ж.б.</i>
2. Бейнелеуіштер	<i>арбаң-арбаң, бүкшең-бүкшең, жылт-жылт, жарқ-жұрқ, далбаң-далбаң, қорбаң-қорбаң, тайраң-тайраң т.б.</i>	2. Элес тууранды сөздөр	<i>аксаң-аксаң, бүкүрөң, дирт, селт, жалт, далдаң, тайраң, тойроң-тойроң, арбаң-тарбаң, илең-салаң ж.б.</i>
а) сыртқы көріністі, тұрпатты бейнелеуден туған сөздер:	<i>алба-жұлба, жылт-жылт, жарқ-жұрқ, ебіл-дебіл, олпы-солпы, жали-жұлп т.б.</i>	а) көрүнүштү, келбетти, тұрпатты туураган сөздөр:	<i>далдаң, аксаң, бүкүрөң, серең-серең, үрпөң, сорок, жылт, жарк, жарк-журк ж.б.</i>
ә) қимыл-әрекетті, қозғалысты бейнелеуден туған сөздер	<i>арбаң-арбаң, балпаң-балпаң, қорбаң-қорбаң, тыртаң-тыртаң, дардаң-дардаң, қыдың-қыдың т.б.</i>	ә) қыймыл-аракетти, абалды туурап айтылган сөздөр.	<i>дирт, селт, тайраң-тайраң, арбаң-тарбаң, опоң-опоң, тыртаң-тыртаң, делдең, шып, шарт, кылт ж.б.</i>

* Жалпы жасалуына байланысты күрделі еліктеуіштер де туынды еліктеуіштерге жатады.

** Кестедегі еліктеуіш, бейнелеуіш сөздердің жасалуына арқау болған дыбыстар мен құбылыс, зат, тіршілік иелерінің қасиеттері бойынша ішкі топтастырылуы, күрделі еліктеуіштердің құрылымы бойынша ішкі топтастырылуы И. Абдувалиевтің (Бишкек, 2008. – 345–347 б) еңбегіне негізделіп жасалды.

21§ ОДАҒАЙ

Лексика-грамматикалық сипаты жағынан адамның көңіл-күйі мен ішкі сезімдеріне байланысты және төрт түлік малға, басқа да үй жануарларына арнайы шақыру, тойтару, айдау т.б. мақсатында айтылатын, сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін сөздер одағайлар (сырдық сөздөр) деп аталады. «Ар қандай қырдаалдарда эркисизден эле айтылып кете турған адамдын ички сезимин, жаратылышка жана жаныбарларга болгон эрктик мамилелерин билдирген сөздөрдү сырдық сөздөр дейбиз»¹⁰⁵. Одағайларға тән басты белгілердің бірі – олардың ерекше бір әуезбен, ырғақпен айтылуы, бірақ ырғақ сөйлеушінің көңіл-күйі мен мақсатына байланысты құбылып отыруы мүмкін. Бұл ерекшелік одағай сөздерді семантикалық жағынан өзгертуге негіз болады. Жалпы одағайлар семантикалық құбылмалылығына қарай бір мағыналы және көп мәнді болып бөлінеді. Одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді. Бұған одағай сөздер құрамындағы ашық дауыстылардың да ықпалы ерекше. «Одағайлар сөйлемде белгілі бір мақсатпен қолданылғанымен, біріншіден, өз алдына жеке дара тұрып, лексикалық мағына білдіре алмайды, нақты ұғымдық мәні жоқ, екіншіден сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді. Сондықтан одағайлар синтаксистік жағынан оқшау сөздер деп аталатын топқа жатады»¹⁰⁶

Одағай сөздер көмекші етістіктермен тіркескен жағдайда және заттанғанда белгілі бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Одағайлардың күрделі мүше қызметінде жұмсалуда көмекші етістіктің маңызы зор.

Қазақ тіліндегі одағайлар семантикалық мәніне байланысты үш топқа бөлінеді: көңіл-күй одағайлары – *Алақай! Охо! Пай-пай! Қап! т.б.*; императивтік-ишара одағайлары – *Айда! Тәйт! Сап-сап! Кәне! Жә!* (адамға қатысты), *Шөре-шөре! Көс-көс! Айтақ-айтақ! Әукім-әукім!* т.б. (малға, үй хайуандарына қатысты); тұрмыс-салт одағайлары – *Хош! Хайыр! Рахмет! Құп! Ассалаумағалейкум! Кеш жарық!* т.б. Қырғыз тіліндегі сырдық сөздөр де құрылымына қарай

¹⁰⁵ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. –337 б.

¹⁰⁶ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 564 б.

үш топқа ажыратылады: сезим билдирүүчү сырдык сөздөр – *Бах!*, *Чиркин!* (таң қалуды білдіреді), *бали!* (қуанышты білдіреді), *кокуй* (қорқынышты, ренішті білдіреді), *кап!* (өкінішті білдіреді), *апей!* (таңырқауды білдіреді) т.б; эрктик сырдык сырдык сөздөр – *алдей-алдей*, *апей*, *айланайын*, *тек*, *кагылайын*, *садага болоюн* (адамға қатысты); *Өш!* *Өк!* *Чү-чү!* *Ноо!* *Кош!* *Түбө-түбө!* *Мо,мо!* *Кыруу,кыруу!* *Чиге*, *чиге!* *Түшө-түшө!* *Чөк,чөк!* *Чек-чек!* *Чойт!* (малға, үй хайуандарына қатысты); турмуштук сырдык сөздөр – *Чү-чү!* *Кош!* *Түбө-түбө!* *Пыш-пыш!* *Күчү-күчү!* *Мо-мо!* *Кыруу-кыруу!* *Чиге*, *чиге!* *Чөк*, *чөк!* *Чип-чип!* т.б.

Қазақ және қырғыз тіліндегі одағай сөздердің табиғаты, құрылымдық және мағыналық тұрғыдан топтастырылуы да негізінен бірдей. Айырмашылығы, қазақ тілінде қаратпа сөздер құрамына жататын *айналайын*, *ага*, *апа* т.б. сөздер қырғыз тілінде сөйлемдегі мағынасына байланысты одағайлар құрамында қарастырылады: *айланайын*, *кагылайын*, *ата*, *апа* т.б.

67-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі одағайлар
Казак-кыргыз тилдериндеги сырдык сөздөр

ОДАҒАЙ СӨЗДЕР – СЫРДЫК СӨЗДӨР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Адамның көңіл-күйіне байланысты және төрт түлік малға арнайы айтылатын, сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін сөздер одағайлар деп аталады.		Ар қандай қырдаалдарда эрксизден эле айтылып кете турған адамдын ички сезимин, жаратылышка жана жаныбарларга болгон эрктик мамилелерин билдирген сөздөрдү сырдык сөздөр дейбиз.	
Одағай сөздердің түрлері – Сырдык сөздөрдүн түрлөрү			
Құрылымдық түрлері – Түзүлушүнө карай бөлүнүшү			
Еліктеуіш сөз	Мысалдар	тууранды сөз	Мисалдар
1. Дара Бір сөзден тұратын одағайлар	<i>Ah! Ух! Ой!</i> <i>Шіркін!</i> <i>Кап!</i> <i>Алақай!</i> т.б.	1. Жөнөкөй Бир эле сөздөн турған сырдык сөздөр	<i>Ух! Эх! Ой!</i> <i>Чиркин!</i> <i>Кап!</i> <i>Апей!</i> ж.б.
2. Күрделі Екі не одан көп бірліктен тұратын одағайлар	<i>Шөре-шөре!</i> <i>Көс-көс!</i> <i>Айтақ-айтақ!</i> <i>Апырым-ай!</i>	2. Тагаал Эки же андан көп сөздөн турған сырдык сөздөр	<i>Түбө-түбө!</i> <i>Пыш-пыш!</i> <i>Күчү-күчү!</i> <i>Пай-Пай!</i>

67-кестенің жалғасы

3.Тіркесті	<i>Бәсе деймін! Ойбай салды.</i>	3. Айқашты	<i>ай-чай демей О кокуй десе!</i>
а) одағайлы еркін тіркестер	<i>Апырай десейші! Бәсе деймін! Уа деген!</i>	а) эркін сөз айқаштары	<i>О кокуй десе! Аттиң-ай деген!</i>
ә) одағайлы тұрақты тіркестер	<i>ай-шай деспей әу десті ойбай салды т.б.</i>	ә) туруктуу сөз айқаштары	<i>ай-чай демей садага болоюн</i>
Мағынасына қарай топтастырылуы –Маанисине қарай бөлүнүшу			
1. Көңіл-күй одағайлары	<i>Пах! Ох! А-а-а! Ә-ә-ә! Алақай! Бәрекелді! Апырым-ай! т.б.</i>	1. Сезим билдирүүчү сырдык сөздөр	<i>Бах! Бали! Баракелде! Ай! Уй! Ух! Эх! Ой! Чиркин! Апей! ж.б.</i>
а) қуанышты білдіретін одағай	<i>Алақай!</i>	а)қубанғандық маани	<i>Ураа! Пай-пай! Бахх!</i>
ә) риза болуды білдіретін одағай	<i>Бәрекелді! Пай! Пай-пай! Пәлі! Пах,шіркін!</i>	ә)ыраазы болгондук маани	<i>Баракелде! Пай-Пай! Бали!</i>
б) таңғалуды білдіретін одағайлар	<i>Мә! Охо! Мәссаган! Апырым-ай а!</i>	б) таң қалғандық маанин билдирет	<i>Бах! Апей! Кокуй!</i>
в) өкінішті, ренішті білдіретін одағайлар	<i>Қап! Әттең! Әттең-ай! Әттеген-ай!</i>	в)өкүнүп қыжырданууды, кабатырланғанды билдиретин	<i>Қап! Их! Эй! Эх! Аттиң-ай!</i>
г) шаршауды, ауырсынуды білдіреді	<i>Аһ! Ух! Ай!</i>	г) чарчоо, ооругандық маанилери:	<i>Ай! Ай-ай! Уй! Ух! Эх! Ой!</i>
ғ) қорқынышты білдіретін одағай	<i>Ой! Ойбай!Ай!</i>	ғ)корккондук, чочугандық маанилери	<i>Кокуй!. Кокуй, ай! Ай!</i>
д)жиіркенішті білдіретін одағай	<i>Тфу!Тпу! Тфә-тфә!</i>	д)жек көргөндүк маанилери:	<i>Тфү! Кокуй!. Кокуй, ай!</i>
2. Императивтік-ишара одағайлар	<i>Айтақ-айтақ! Әукім-әукім! Тәйт! т.б.</i>	2. Эрктик сырдык сырдык сөздөр	<i>Түбө-түбө! Кыруу,кыруу! Чиге, чиге! ж.б.</i>
а)адамға қатысты қолданылатын сөздер	<i>Айда! Әлди-әлди! Тәйт! Тек! Сапсап! Кәне! Жә!</i>	а) адамға карата колдонулган сырдык сөздөр	<i>Алдей-алдей, апей, айланайын, тек, кагылайын, садага болоюн</i>
б) малға қатысты қолданылатын сөздер	<i>б) Шөре-шөре! Көс-көс! Әукім-әукім! Мох-мох!Мо-Мо! Құрауу-құрау! Шөк-шөк! Пұшайт! Шү-шү! Көс-көс! Өк! Шек-шек! т.б.</i>	б) малға карата колдонулуучу сырдык сөздөр	<i>Өш! Өк! Чү-чү! Ноо! Кош! Түбө-түбө! Мо,мо! Кыруу,кыруу! Чиге, чиге! Түшө-түшө! Чөк,чөк! Чек-чек! Чойт! ж.б.</i>

в) үй жануарларына қатысты қолданылатын сөздер	<i>Айтақ-айтақ! Күшү-күшү! Кә-кә! Міш-міш! Піш!Пыс! т.б.</i>	в) үй жаныбарларына қарата қолданулу-чу сырдық сөздер	<i>Айдақ! Ка-ка! Пыш-пыш! Күчү-күчү! ж.б.</i>
3.Тұрмыс-салт одағайлары	<i>Хош! Хайыр! Рахмет! Шүкір! Құп!Ассалаумағалейкум! Кеш жарық! т.б.</i>	3.Турмуштук сырдық сөздер	<i>Кош! Ыракмат! Арбаңыз! Ассалаумалейкум! Бар болуңуз! ж.б.</i>
Бір мағыналы немесе көп мағыналы болуына байланысты			
1. Бір мағыналы одағайлар	<i>Алақай! Қап! Әттеген-ай!</i>		<i>Кап! Аттиң-ай!</i>
2. Көп мәнді одағайлар	<i>Пәлі! (риза болу, қолдау,қуану, таңдану мағыналарын береді) т.б.</i>		<i>Бали! (кубанғандық, ыраазы болғондук, қолдоғондук маанилерин билдирет) ж.б.</i>

22§ ШЫЛАУ СӨЗДЕР

Шылау сөздерге ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да сондай-ақ қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы төркіндерінен біржола қол үзіп, дербестігінен айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан көмекші сөздер жатады. Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әрқилы реңктер үстейтін, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылауларда аз да болса, лексикалық мағынаның нышаны болғанымен, онда қалыптасқан негізгі қасиет – грамматикалық мағыналар. Сол грамматикалық мағыналары өзі үшін емес, өзіне тән формалары арқылы өзіндік грамматикалық мағыналарын толық қамти алмайтын атаушы сөздерге жәрдемші дәнекер ретінде жұмсалады да, сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атаушы сөздердің жетегінде қолданылады.

Қазақ тіліндегі шылаулар грамматикалық мағыналары мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлінеді: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер.

Қырғыз тіл білімінде жалпы сөз таптары/сөз түркүмдөрү/лексикалық мағыналары мен морфологиялық белгілеріне, сөйлемдегі синтаксистік қызметіне байланысты үш топқа бөлініп қарастырылады: негизги немесе маани берүүчү сөз түркүмдөрү, кызматчы сөз түркүмдөрү, өзгөчө түркүмдөрү. Қызметші сөз таптары қазақ тіліндегі шылау сөздерге сәйкес келеді. «Кызматчы сөз түркүмдөрү өз алдынча лексикалық мааниге ээ болбой, сүйлөмдө негизги сөз түркүмдөрүнө кошумча грамматикалық маани тартуулайт. Булар «маани бербөөчү сөз түркүмдөрү» деп да аталат»¹⁰⁷. Қырғыз тіліндегі қызметші сөздер қатарына жандоочтор (септеуліктер), байламталар (жалғаулықтар), бөлүкчөлөр (демеуліктер) және модаль сөздер жеке сөз табы ретінде кіреді.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі шылаулардың жіктелуі әрдайым сәйкес келе бермейді.

68-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі шылау сөздер
Казак-кыргыз тилдериндеги кызматчы сөз түркүмдөрү

ШЫЛАУ СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ – КЫЗМАТЧЫ СӨЗДӨРДҮН ТҮРЛӨРҮ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
№	Шылау сөздер	№	Кызматчы сөздер
1	Септеуліктер	1	Жандоочтор
2	Жалғаулықтар	2	Байламталар
3	Демеуліктер	3	Бөлүкчөлөр
*	∅	4	Модаль сөздер

¹⁰⁷ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 349 б.

*Қазақ тілінде модаль сөздер шылаулардан бөлек қарастырылады.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі жалғаулықтар
 Казак-қырғыз тилдериндеги байламталар

ЖАЛҒАУЛЫҚТАР – БАЙЛАМТАЛАР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Жалғаулықтар тең дәрежедегі бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді байланыстырып, олардың арасындағы әртүрлі қатынастарды білдіреді. Олар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болып, оларды бір – бірімен жалғастыру үшін қолданылады.		Сүйлөмдөгү сөздөрдү, сөз айкаштарын жана кошмоқ сүйлөмдүн тутумундагы жөнөкөй сүйлөмдөрдү бири-бири менен байланыштырып турган кызматчы сөздөрдү байламталар дейбиз.	
Жалғаулықтардың түрлері – Байламталардың түрлерү			
Құрылымдық түрлері – Түзүлүшүнө карай бөлүнүшү			
Жалғаулықтар	Мысалдар	Байламталар	Мисалдар
Дара Бір сөзден тұратын жалғаулықтар	<i>және, мен, бен, пен, егер, яғни, яки, да, де, не, себебі, бірде, болмаса, сондықтан, мейлі, бірде т.б.</i>	Жөнөкөй Бир эле сөздөн турган байламталар	<i>жана, менен, да, эгер, андыктан, анткени, ары, бирок, дагы, деле, болбосо, не, себеби ж.б</i>
Күрделі Екі не одан көп бірліктен тұратын жалғаулықтар	<i>не болмаса, сол себепті, неге десең, онда да, сонда да, сөйтсе де, айтсе де, сондықтан да т.б.</i>	Татаал Эки же андан көп сөздөн турган байламталар	<i>ал эми, андай болсо, анткен менен, жана да, ошондой болгону менен, же болбосо, ж.б.</i>
Қазақ тілінде жалғаулықтар сөйлемдегі қызметіне қарай ажыратылмайды, мағыналық қатынастарына қатысты ғана алты топқа бөлініп қарастырылады. ø		Байламталардың атқарған қызматына қарай бөлүнүшү*	
		I. Сөз менен сөздү да, сүйлөм менен сүйлөмдү да байланыштыруучу байламталар: <i>ары, да, дагы, жана ж.б.</i>	
		II. Сүйлөм менен сүйлөмдү гана байланыштыруучу байламталар: <i>ал эми, андай болсо, аның үчүн, бирок ж.б.</i>	
Мағыналық қатынастары бойынша топтары – Маанисине қарай бөлүнүшү			
Жалғаулық түрі	Мысалдар	Байламта түрү	Мисалдар
ø***		I. Бағындырғыч байламталар**	

69-кестенің жалғасы

Себептік жалғаулықтар: <i>себебі, өйткені, неге десең</i>	Уақытында келе алмадым, себебі жұмыс көп болды.	Себеп байламталар: <i>андықтан, ошон үчүн, анткени, неге десең, ошол себептүү, ошонун натыйжасында, эмне үчүн десең, себеби ж.б.</i>	Себеби анын эч ким билбес бир сыры бар, ошон үчүн ал әрке болуп чоңойду. Мен бош эмесмин, ошондуктан келе албадым.
Себеп-салдарлық жалғаулықтар: <i>сондықтан, өйткені, сол себепті, себебі</i>	Істейтін жұмыс көп болды, сол себепті уақтылы келе алмадым.		
Шарттық жалғаулықтар: <i>егер, егер де, алда-жалда, онда</i>	Егер мен келе алмасам, өздерің жалғастырасыңдар.	Шарттуу байламталар: <i>егер, эгерде, жана -са мүчөсү.</i>	Эгер дагы бир жолу кечиксең, анда таарынбағын!
ø	ø	Салыштырма байламталар: <i>кандай, ошондой, ошончо, канчалык, ошончолук, канча,</i>	Кандай алып кетсең, ошондой алып келип койгунуң!
Ø		II. Бағындырбас байламталар	
Ыңғайластық жалғаулықтар: <i>мен, бен, пен, әрі, һам, менен, бенен, пенен, да, де, та, те, және, т.б.</i>	Анасы мен қызы ұзақ сөйлесіп отыр. Ол әрі ақылды, әрі көрікті адам еді.	Байланыштыргыч баламталар: <i>ары, да, дагы, дале, жана, жана да, жана дагы, менен, нары ж.б.</i>	Әнеси менен қызы көпке сүйлөшүп отурду. Ал ары нарктуу, ары барктуу киши болчу.
Қарсылықты жалғаулықтар: <i>алайда, яки, бірақ, әйтсе де, әйтпесе, әйткенмен, онда да, әйткенде, дегенмен, сонда да, сөйтсе де т.б.</i>	Бүгін орталықтағы кітапханаға бара алмады, дегенмен университет кітапханасынан да біраз дүние тапқандай болды.	Қаршылагыч байламталар: <i>а, ал эми, андай болсо да, анткени, анткен менен, антсе да, бирок, бирок да, деген менен, ошондо да, ошентсе да т.б.</i>	Ошентсе да бир әскертүү берип кой! Бирок ал баары бир моюн сунбайт.
Талғаулықты жалғаулықтар: <i>алде, біресе, кейде, я, яки, мейлі, құй бірде, болмаса, не, не болмаса т.б.</i>	Біресе мен барамын, біресе ол барады, кейде екеуіміз бірге барамыз.	Божомолдогуч байламталар: <i>болбосо, же, же болбосо, не ж.б.</i>	Же болбосо муну ала тур, калганын дагы берем.

* Қырғыз тіліндегі жалғаулықтар (байламталар) сөйлемдегі қызметіне қарай екі топқа ажыратылады.

** Қырғыз тіліндегі жалғаулықтар (байламталар) мағынасына қарай екі үлкен екі топқа ажыратылады, әр топ іштей кіші топтарға бөлінеді.

*** Қазақ тіліндегі жалғаулықтар қызметіне қарай бөлінбейді, мағыналық түрлері үлкен топтарға бөлінбейді.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі септеуліктер
 Казак-кыргыз тилдериндеги жандоочтор

СЕПТЕУЛІКТЕР – ЖАНДООЧТОР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Септеуліктер сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра байланыстырады, өзі қатысты сөздің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әртүрлі грамматикалық қатынастарды білдіреді.		Сүйлөмде атооч сөздөрду жандап, алардын өзара карым-катышын эпке келтирип, аларга ар кыл грамматика-лык маани ыйгарып турган кызматчы сөздөр жандоочтор деп аталат.	
Септеуліктердің түрлері – Жандоочтордун түрлөрү			
Қазақ тіл білімінде септеуліктер ажыратылу ұстанымдарына (логикалық-семантикалық және морфологиялық, синтаксистік принциптер бойынша) қатысты топтастырылмайды. ø		I. Чыныгы жандоочтор - жандооч экендиги логикалык (семантикалык) принцип менен эле аныкталып турат: <i>бетер, боюнча, гана, дейре, деле, жуук</i> ж.б.	
		II. Өтмө жандоочтор - жандооч экендиги морфологиялык жана синтаксистик принциптер менен аныктайт: <i>ары, башка, баштап, бери</i> ж.б.	
Септік тұлғасындағы сөздермен тіркесімділігіне байланысты топтары – Кайсы жөндөмөдөгү сөздөргө айкаша тургандыгы боюнча топтору			
Септеуліктер	Мысал	Жандоочтор	Мисал
Атау септігін меңгеретін септеуліктер: <i>арқылы, туралы, жайында, жайлы, жөнінде, сияқты, секілді, бойы, бойда, бойынша, үшін, бойымен, сайын, ғұрлы, шамалы, шақты, қаралы.</i>	Істегенің мен үшін жақсы, үйренгенің өзің үшін жақсы (мақал). Өмір жайлы білгенімізден білмейтініміз көп екенін мойындай бермейміз ғой.	Атооч жөндөмөсүндөгү сөздер менен айкашуучу жандоочтор: <i>аркылуу, бою, бойдон, боюнча, жөнүндө, менен, өңдүү, сайын, сыяктуу, тууралуу, шекилдүү</i> ж.б.	Иштегенің бирөө үчүн, үйрөнгөнүң өзүң үчүн (мақал). Эчкинин көркү төл менен, эгиндин көркү жер менен (мақал).
Барыс септігін меңгеретін септеуліктер: <i>дейін, шейін, төмен, қарай, қарап, қарсы, салым, тарта, жуық, таяу.</i>	Жүз қаралы адамның бәрінің түрін түстеп тани алмадым. Таңға дейін әлі біраз уақыт бар, дайындалып үлгерерсіңдер.	Барыш жөндөмөсүндөгү сөздер менен айкашуучу жандоочтор: <i>дейре, караганда, карай, карата, чейин.</i>	Алыбек алына жараша (мақал). Бала таң атқанға чейин тук этип уктаган жок (жомок).

70-кестенің жалғасы

ø	Ø	Табыш жөн-дәмөсүндөгү сөздер менен айкашуучу жандоочтор: <i>бойлоп, бойлой, ката, көздөй.</i>	Жээк бойлой жогору барса, хандын кыздары чачтарын жууп жатышыптыр (жомок)
Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер: бері, кейін, соң, бұрын, бетер, гөрі, әрі, бөлек, өзге	Ол менен бұрын келді. Менен соң ол сөйледі. Кешегіден гөрі бүгін күн салқындау екен.	Чыгыш жөндөмөсүндөгү сөздер менен айкашуучу жандоочтор: <i>ары, башка, баштан, бетер, бери, кийин, көрө, мурун, соң, тартып.</i>	Ал менден мурун келди. Менден соң ал сүйлөдү. Сенден башка эч ким жокпу?
Көмөктес септігін меңгеретін септеуліктер: қатар, бірге, қабат, қоса.	Оқытушылықпен қатар аудармашы болып та жұмыс істейді.	Ø	ø

71-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі демеуліктер
Казак-кыргыз тилдериндеги бөлүкчөлөр

ДЕМЕУЛІКТЕР – БӨЛҮКЧӨЛӨР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Демеуліктер өздері тіркесетін сөздерге әртүрлі қосымша мағына (реңк) үстейтін модальдық-экспрессивтік сипаты бар, семантикалық мүмкіндігі мол сөздер.		Сүйлөмгө, же сүйлөмдөгү кайсы бір сөзгө кошумча грамматикалык маани, маанилик бир касиет, маанилик өзгөчөлүк алып келүүчү кызматчы сөздер бөлүкчөлөр деп аталат.	
<i>Демеуліктер түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Бөлүкчөлөрдүн түрлөрү</i>	<i>Мисалдар</i>
Сұраулық демеуліктер: <i>ма/ме, ба/бе, па/пе, ше</i>	Сіз ол адамды көрдіңіз бе? Мен жаттығуға кеттім, сен ше?	Сурама бөлүкчөлөр: <i>ыя, я, ээ, го ыя, го ээ, ээ ыя.</i>	Ошонун баласы го ыя? Сен чочуп жатасың го, ыя?
Күшейтпелі демеуліктер: <i>-ақ, -ау, -ай, асіресе, да, (де, та, те) шы, ші</i>	Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы (Абай). Жылататын да, жұбататын да сөз (Момышұлы) Өнші қыздың әдемісін-ай!	Күчөткүч бөлүкчөлөр: <i>абдан, аябай, өтө, эң, дегеле, дым, жалаң, ным, өңкөй, өңчөй, такыр, түк, чылгый, чылк, чымкый, чым ж.б.</i>	Жылдыздардын эң чоңу, эң сулуусу сенсиң. (Ч.Айтматов) Анын ушу отурушу абдан сулуу көрүнөт. (Н. Байтемиров).

Нақтылау демеуліктері: <i>қой /гой, -ды /-ді, -ты/-ті</i>	Енді қашан кездесеріміз белгісіз ғой. Ақыл-ойы басқадан ерек-ті.	Ырастагыч бөлүкчөлөр: <i>ооба, да</i>	Ооба, мен сени утуп жатам. айтқандарың туура экен. Кете берсеңер бо-лот да.
Шектеу демеуліктері: <i>қана (гана), -ақ, тек</i>	Ол ғана біледі. Тек сені ғана шақырып жатыр.	Чектегич бөлүкчөлөр: <i>гана, эле ж.б.</i>	Ал гана билет. Жалғыз эле жасап койду.
Болжаддық демеуліктер: <i>-мыс, (-міс), -ау</i>	Ол бұл туралы біледі -ау. Ауылға былтыр барыпты-мыс. Сенің арманың сол-ау.	Болжолдогуч бөлүкчөлөр: <i>бейм, белем, го.</i>	Ушундай белем дүнүйө! Карышкыр тийген бейм. Жибин үзүп кеткен го.
Болымсыздық демеуліктер: <i>түгіл, тұрсын, тұрмақ</i>	Ол түгіл, біз де естімедік. Ол былай тұрсын, сені де көзге ілмеді.	Тангыч бөлүкчөлөр: <i>эч, тургай, турмак, турсун, түгүл.</i>	Келмек тургай, жакын жолобойт. Бермек турмак эчтекеси жок.
Қомсыну мәнді демеулік: <i>Екеш</i>	Құс екеш құс та балапанын тастамайды.	ø	ø
ø	ø	Аныктагыч-тактагыч бөлүкчөлөр: <i>да, дагы, дал, дале, күдүм, нак ж.б.</i>	Кудум өзүндөй экен. Дал өзү! Нак алтындан жасалган.
ø	ø	Жалынгыч бөлүкчө: <i>гой</i>	Келе гой, жей гой. Ырдай гой, айланайын.
ø	ø	Салыштырма бөлүкчө: <i>куду, кадим</i>	Куду эжесиндей экен.

23§ МОДАЛЬ СӨЗДЕР

Модаль сөздер тілдегі модальдылық және предикаттық құбылыстармен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен жалпы арақатынасын білдіреді. Ал сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы – модальдық қатына¹⁰⁸. Сөйлеушінің хабарды, ақпаратты қалай түсінуі, ақиқат шындыққа деген көзқарасы, өз тарапынан берілген сипаттамасы модальдылық қатынастың мәнін құрайды. Демек, модаль сөздер сөйлеуші субъектінің айтылған ойдың шындыққа қатынасы жөніндегі көзқарасын сипаттайды. «Сүйлөмдөгү айтылуучу ойдун чындыкка, акыйкатка, сөз жүрүп жаткан учурга карата болгон ар түрдүү катышы жөнүндө сүйлөөчүнүн көз карашын туюндурган сөздөр кыялий-мамиле (модалдык) сөздөр деп аталат»¹⁰⁹. Қырғыз тілінде модаль сөздерге қатысты «кыялий-мамиле сөздөр» термині де қолданылады.

Модаль сөздер түркі тілдерінде негізінен көмекші сөздер қатарына жатады, қазақ тілінде де көмекші сөздер ретінде қарастырылады. Модаль сөздердің заттық-дербестік мағынасы болмайды, олардың семантикалық сапасы модальділікті білдіретін грамматикалық мағынамен сабақтасып жатады.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің жасалу жолдары: 1. Таза модальды және есім модальды сөздердің, сондай-ақ модальды тіркестердің қатарындағы тәуелді формада тұрақтанып қалған лексемалар: қысқасы, ыңғайы; 2. Кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айрылу нәтижесінде пайда болады: шын, рас; 3. Предикаттық функциясынан айрылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады: көрінеді, дейді, деседі, білем; 4. Модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалады: мүмкін; 5. «Бет, бейне, пішін, порым, түр» мағынасын білдіретін түбірлерден жасалады: сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті, әлпетті; 6. Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер арқылы жасалады: бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайыры, лазым, ықтимал, мүмкін, рас¹¹⁰.

¹⁰⁸ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 567 б.

¹⁰⁹ Абдувалиев И. Кыргыз тилинин морфологиясы. – Бишкек: ЖЧК «Полиграф ресурс», 2008. – 377 б.

¹¹⁰ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 571 б.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің мағыналық топтары:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: *сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы мүмкін, тәрізі (түрі) бар;*

2. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер: *керек, қажет, тиіс, лазым сөздерінің қатысуымен –у керек, -у қажет, -у лазым, -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы тиіс* аналитикалық форманттар;

3. Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: *дейді;*

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: *рас, расында, шынында, анығында;*

5. Қалау (тілек) мәнді модаль сөздер: *-са (-се) екен, -са (-се) дейм (деймін);*

6. Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *кім біледі, -ар ма екен, -са неғылсын;*

7. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер: *екен;*

8. Нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *әрине, әлбетте* ¹¹¹.

Қырғыз тіліндегі модаль сөздер: *айтор, албетте, арийне, балким, болжолу, дейм, жарықтық, керек, көрүнөт, кыязы, мүмкүн, окшойт, өңдөнөт, сөзсүз, сыяғы, тийиш, чагымда, чамасы, чыгар, чындығында, шекилдүү, шекилде, шексиз, ыктымал, ыраматылық, ырас.*

Қырғыз тіліндегі модаль сөздердің негізгі мағыналық топтары:

1) Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: *акыйкатта, албетте, арийне, дурус, сөзсүз, чындығында, чынында, шексиз, ырас.*

2) Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *балким, болжолу, керек, кыязы, мүмкүн, өңдөнөт, сыяғы, сыяктуу, чагымда, шекилдүү.*

3) Тактагыч модаль сөздер: *көрсө, тура, кыскасы, кана, мына, акыры, айтор.* Қырғыз тіліндегі модаль сөздердің мағыналық реңктеріне қарай мағыналық топтары ажырай беруі мүмкін.

Қазақ және қырғыз тіліндегі модаль сөздерді топтастыру, оларға жатқызылатын сөздер толық сәйкес келе бермейді.

¹¹¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 577 б.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі модаль сөздер
 Казак-кыргыз тилдериндеги модаль сөздөр

МОДАЛЬ СӨЗДЕР – МОДАЛЬ СӨЗДӨР			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасын, яғни модальдық қатынасты сипаттайтын сөздер модаль сөздер деп аталады. Модаль сөздер сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен жалпы арақатынасын білдіретін предикаттық құбылыстармен де тығыз байланысты.		Сүйлөмдөгү айтылуучу ойдун чындыкка, акыйкатка, сөз жүрүп жаткан учурга карата болгон ар түрдүү катышы жөнүндө сүйлөөчүнүн көз карашын туюндурган сөздөр кыялий-мамиле (модаль) сөздөр деп аталат.	
Мағынасына қарай топтастырылуы –Маанисине карай бөлүнүшү			
Модаль сөздердің мағынасы	Мысалдар	Модаль сөздөрдүн мааниси	Мисалдар
Қостау, растау мәнді модаль сөздер:	<i>рас, расында, расымен, шынында, шынымен, аныгында шындыгында т.б.</i>	Ойдун чындыкка дал келүүсүн ырастап,кубаттап билдирүүчү модаль сөздөр:	<i>ырас, ооба, сөзсүз, акыйкатта, дурус, чынында, шексиз, тийиш, чындыгында ж.б</i>
Хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер:	<i>екен, көрінеді</i>	Кабардын чындыгына ишенимди билдирген модалдық сөз:	<i>экен</i>
Сенімділік мәнді модаль сөздер:	<i>эринe, албетте</i>	Ишенимдүү маанидеги модаль сөздер:	<i>арийне, албетте</i>
Болжал мәнді модаль сөздер:	<i>сияқты, сыңайлы, сынды, алпетті, нәті, болар, мүмкін, сиқы, шамасы, сыңайы, аңгары, әлпеті, тәрізі, кәдік, жобасы, қисыны, балкім, шығар т.б.</i>	Ойдун чындыкка дал келүүсүнө божомол, шектүүлүк, ыктымалдуулук маани берүүчү модаль сөздөр:	<i>балким, болжолу, керек, кыясы, мүмкүн, сыягы, өңдөнөт, чыгар, сыяктуу, имиш, көрүнөт,чамасы, окшойт, чагымда, шекилдүү т.б.</i>
Ø	ø	Тактагыч модаль сөздөр:	<i>көрсө, тура, кана, мына, кыскасы, акыры, айтор</i>
Міндеттілік мәнді модаль сөздер:	<i>керек, қажет, тиіс, лазым/ләзім</i>	ø	ø

<p>Тілек, қалау мәнді модаль сөздер: -са/-се +екен, -са/-се+деймін</p>	<p>мені шақырса деймін/екен.</p>	<p>ø</p>	<p>ø</p>
<p>Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер</p>	<p>дейді</p>	<p>ø</p>	<p>ø</p>
<p>Күмән ұғымын білдіретін модаль сөздер</p>	<p>кім біледі, -ар ма +екен, -са +негыл- сын.</p>	<p>ø</p>	<p>ø</p>

ТӨРТІНШІ
БӨЛІМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ
СИНТАКСИСІ

1§ СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫМ

Синтаксис термині тіл білімінде екі түрлі мағынада қолданылады: біріншісі – коммуникация (пікір алысу) үдерісінде жұмсалатын тіл тұлғаларының құрылысы, екінші – тілдің коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы¹¹². Жалпы тілдің негізгі коммуникативтік қызметі синтаксистік жүйе арқылы жүзеге асатындықтан туыс түркі тілдерінің синтаксистік конструкцияларын салыстырмалы тұрғыдан қарастыру жалпытүркілік тілдік құрылымның даму жолын айқындауға септігін тигізетін өзекті мәселелер қатарынан орын алады.

Қарым-қатынас үдерісіндегі ойды жеткізу немесе сөйлеуді жүзеге асыратын коммуникативтік тілдік тұлғалардың ауқымы әртүрлі болып келеді: қарапайым пікірді айтуға жай сөйлемдер, күрделі ойды жеткізуге құрмалас сөйлемдер қызмет етсе, көлемді ақпаратты беру үшін мәтіндік құрылымдар пайдаланылады. Коммуникативтік сипаттағы тұлғалардың жасалуын құрылымдық компоненттер қамтамасыз етеді. Құрылымдық компоненттерді сөз тіркестері мен сөйлем мүшелері құрайды. Сөйлеу үдерісін қамтамасыз ететін құрылымдық компоненттер мен коммуникативтік сипаттағы тілдік құрылымдар синтаксистің негізгі зерттеу нысанына жатады.

Аглютинативті жүйеге негізделген түркі тілдерінің синтаксистік құрылымын танып-білу синтаксистік формалар мен синтаксистік мағына арасындағы сабақтастыққа негізделеді. Сөз бен сөздің, синтаксистік тұлғалардың арасындағы абстрактылы, жалпылық сипаттағы қатынасты білдіретін синтаксистік мағына қарым-қатынас үдерісіндегі маңызды лингвистикалық механизмдердің өзегін құрайды.

Синтаксистік конструкциялардың жасалуы сөздердің белгілі синтаксистік қатынасқа түсіп, өзара байланысу амалдары арқылы іске асады: синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл. Сөздердің

¹¹² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 581 б.

аналитикалық жолмен байланысуына грамматикалық категориялар көрсеткіштері қатыспайды, лексемалар логикалық негізде интонация, орын тәртібі принциптері арқылы және шылаулар арқылы байланысқа түсіп, сөз тіркестерін құрайды. Ал синтетикалық тәсілмен жасалған сөз тіркестері жалғаулар арқылы байланысқа түсіп, синтаксистік бірлікке айналады. Қырғыз тілінде сөздердің байланысуына қатысты *тең байланыш* (тең байланыс), *бағыныңқы байланыш* (бағыныңқы байланыс) терминдері де қолданылады. «Грамматикалық формасы, лексикалық мааниси жағынан бір-бирине таасирин тийгизип, бірдей суроого жооп берүү менен бир сүйлөм мүчөөсүнүн милдетин аткарган ,тең укукка ээ сөздөрдүн өз ара байланышы деп аталат... Сөйлөмдө өз ара айкаш сөздөрдүн бири лексика-грамматикалык жактан экинчисине баш ийсе, бағыныңқы байланыш деп аталат»¹¹³.

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сөз тіркестері етістікті сөз тіркестері (этиштик сөз айкашы) және есімді сөз тіркестері (атоочтук сөз айкашы) деп бөлінеді. Етістікті сөз тіркестері мен есімді сөз тіркестері байланысу тәсілдері мен жасалу ерекшеліктеріне байланысты іштей бірнеше топқа ажыратылып қарастырылады.

1-кесте

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сөз тіркестері
 Казак-кыргыз тилдериндеги сөз айкаштары

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ – СӨЗ АЙКАШТАРЫ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Әрқайсысы дербес лексикалық мағынаға ие екі немесе бірнеше сөздер түйдегінің өзара байланысқан тобы. Сөз тіркестері сөздерден тұрады, сөйлем құрамыны кіреді.		Сөз айкашы тоолук маани берген эки же андан көп сөздөрдүн айкашынан түзіліп, түшүнүттүн ортосундагы ар түрдүү мамилени билдирет.	
Сөз тіркесінің түрлері – Сөз айкашының түрлерү			
Сөз тіркесі	Мысалдар	Сөз айкашы	Мисалдар
1. Етістікті сөз тіркестері		1. Этиштик сөз айкашы	
Етістіктер үстеулермен тіркеседі.	<i>тез істеу</i> <i>жогары шығу</i>	Этиштер тактоочтор менен айкашат	<i>тез иштөө</i> <i>жогору чыгуу</i>

¹¹³ Үсөналиев С. Кыргыз тилинин справочниги. – Бишкек: «Турар», 2010. – 105 б.

Етістіктер көсемше тұлғасымен тіркеседі.	<i>күліп сөйлеу шашып істеу</i>	Этиштер чакчыл формасы менен айкашат	<i>күлүп сүйлөө шашып иштөө</i>
Етістіктер сын есімдермен тіркеседі.	<i>жақсы оқу қатты ұйықтау</i>	Этиштер сын атоочтар менен айкашат	<i>жақшы окуу кызуу уктоо</i>
Етістіктер сан есімдермен тіркеседі.	<i>бірінші көру екі сөйлеу</i>	Этиштер сан атоочтар менен айкашат	<i>биринчи көрүү эки сүйлөө</i>
Етістіктер еліктеуіштер мен тіркеседі.	<i>жалт қарау мырс күлу</i>	Этиштер тууранды сөздөр менен айкашат	<i>жалт кароо бырс күлүү</i>
Етістіктер зат есімдермен мен тіркеседі.	<i>жер айдау өрт сөндіру</i>	Этиштер зат атоочтар менен айкашат	<i>жер айдоо өрт өчүрүү</i>
Етістіктер есімдіктермен мен тіркеседі.	<i>оны көру оған бару</i>	Этиштер ат атоочтар менен айкашат	<i>аны көрүү ага баруу</i>
2. Есімді сөз тіркестері		2. Атоочтук сөз айкашы	
Зат есім мен зат есімнің тіркестері	<i>алманың гүлі жол иесі</i>	Зат атоочтук сөз айкашы	<i>алманын гүлү жол башчы</i>
Зат есім мен сын есімнің тіркестері	<i>сөзге сараң қардан ақ</i>	Сын атоочтук сөз айкашы	<i>сөзгө сараң қардан ак</i>
Зат есім мен сан есімнің тіркестері	<i>биыл екіде тоғыздың үші</i>	Сан атоочтук сөз айкашы	<i>быйыл экиде тоғыздун үчү</i>
Зат есім мен есімдіктің тіркестері	<i>әкесінің өзі сөйлеген сол</i>	Ат атоочтук сөз айкашы	<i>атасынын өзү сүйлөгөн ошол</i>
Зат есім мен үстеудің тіркестері	<i>ертең түсте ерте күзде</i>	Тактоочтук сөз айкашы	<i>эртең түштө кеч күздө</i>
Сөздердің байланысу жолдары – Сөздөрдүн байланышуу жолдору			
Қиысу Бастауыш пен баяндауыш өзара жақ және жекеше-көпше тұлғалар арқылы байланысады.	<i>оқушылар сөйледі олар келді мен бардым біз бардық</i>	Эрчишүү Сөйләмдүн баш мүчөлөрүнүн сан, жақ боюнча окшошу арқылуу байланышат.	<i>оқушы сөйлөдү алар келишти мен бардым биз бардық</i>
Меңгеру Сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары басыңқы сыңармен атау мен іліктен басқа септік жалғауларында тұрып байланысады.	<i>Астанада тұрады ауылдан келді кітап(ты) оқыды үйге келді қаладан келді ұшақпен келді.</i>	Башкаруу Сөз айкашындағы башкарылуучу сөздүн иликтен башка кыйыр жөндөмөлөрдүн бирінде туруп, башкаруучу сөз менен байланышы.	<i>Бишкекте турат айылдан келди китеп(ти) окуду үйгө келди шаардан келди</i>

1-кестенің жалғасы

<p>Қабысу Сөз тіркесі құрамындағы бағыныңқы сыңардың басыңқы сыңармен жалғаусыз іргелес тұрып, орын тәртібі арқылы байланысуы.</p>	<p><i>тас жол бірінші орын жібек орамал ағаш күрек қарқ-қарқ күлу</i></p>	<p>Ықташуу Сөз айкашынын тутумындағы баш ийүү абалында турған сөз башкаруучу сөз менен орун тартиби боюнча ыратты түрдө байланышат.</p>	<p><i>таш жол жибек жоолук жыгач күрөк биринчи орун карс-карс күлу</i></p>
<p>Магасу Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары басыңқы сыңары бағыныңқының ыңғайына қарай тұлғаланып байланысады, бірі ілік жалғауында, бірі тәуелдік формасында тұрады.</p>	<p><i>ақынның сөзі үйдің есігі ақсақалдың ақылы менің балам біздің баламыз</i></p>	<p>Таандық байланыш Илик жөндөмөсүндө турған бағынуучу сөз менен таандық мүчөнүн бирин кабыл алып турған бағындыруучу сөздүн өз ара байланышы.</p>	<p><i>акындын сөзү үйдүн эшиги аксакалдын акылы менин балам биздин балабыз</i></p>

2§ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлем мүшелері (сүйлөм мүчөлөрү) – құрылымдық-семантикалық жағынан сөйлемнің дербес мүшелерін құрайтын толық мағыналы сөздер мен сөз тіркестері¹¹⁴. Сөйлем мүшелерінің жасалу құрылысы әртүрлі болып келуі мүмкін, осы ерекшеліктеріне сәйкес сөйлем мүшелері дара және күрделі болып бөлінеді. Әрбір сөйлем мүшесінің өзіне тән сұрақтары, атқаратын қызметі болады. Сөйлем құрамындағы өзіндік функционалдық қызметі бар тілдік бірліктерден тұратын сөйлем мүшелері тіл білімінде бес түрге бөлініп қарастырылады: бастауыш – ээ, баяндауыш – баяндооч, анықтауыш – аныктооч, толықтауыш – толуктооч, пысықтауыш – бышыктооч. Сөйлем құраудағы қызметіне байланысты сөйлем мүшелері екі топқа бөлінеді: тұрлаулы мүшелер – баш мүчөлөр, тұрлаусыз мүшелер – айкындооч мүчөлөр. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін бастауыш пен баяндауыш, тұрлаусыз мүшелерін анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш құрайды.

¹¹⁴ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: «ІДК-ТІПО» Редакциялық баспа орталығы, 1998. – 366 б.

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі сөйлем мүшелері
 Казак жана кыргыз тилдериндеги сүйлөм мүчөлөрү

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ – СҮЙЛӨМ МҮЧӨЛӨРҮ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Сөйлем құрамында белгілі бір сұраққа жауап беріп, белгілі бір функционалдық қызмет атқаратын дербес мағыналы сөздер мен сөз тіркестері сөйлем мүшелері деп аталады.		Сүйлөмдүн тутумында туруп, кандайдыр бир суроого жооп болуп түшкөн, белгилүү бир функциясы бар, өз алдынча лексикалык мааниге ээ сөздөр менен сөз айкаштары сүйлөм мүчөлөрү деп аталат.	
Сөйлем мүшелерінің түрлері – Сүйлөм мүчөлөрүнүн түрлөрү			
Сөйлем мүшелері, сұрақтары	Мысалдар	Сүйлөм мүчөлөрү, суроолору	Мисалдар
Т ұ р л а у л ы м ү ш е л е р – Б а ш м ү ч ө л ө р			
Бастауыш кім? кімдер? не? нелер? кімі? несі?	Мен кітап оқыдым. Бөлме әдемі етіп жиналған.	Ээ ким? эмне? не? кимдер? эмнелер? кимиси? эмнеси?	Мен китеп оқудум. Бөлмө жакшы жыйналған.
Баяндауыш не істеді? т.б.	Жұмысшылар бүгін келді. Бала жылап жатыр. Бұл үйдің иесі – мен.	Баяндооч эмне кылды? эмне кылып жатат? эмне кылат? ким? эмне? кандай?	Жумушчулар бүгүн келишти. Бала ыйлап жатат. Бул үйдүн ээси – мен.
Т ұ р л а у с ы з м ү ш е л е р – А й к ы н д о о ч м ү ч ө л ө р			
Анықтауыш қандай? қай? кімнің? ненің? қанша? неше? қаншасыншы?	Бауда өте әдемі ағаш өсіп тұр. Ол бірінші сөз алды. Менің бес балам бар.	Аныктооч қандай? қайсы? қанча? қанчанчы? нече? кимдин? эмненин?	Бакчада өтө кооз бак өсүп турат. Ал биринчи сөз алды. Менин беш балам бар.
Толықтауыш кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?	Келін дастархан (ды) жайды. Ол бізге ертең келеді. Жалқауға сылтау көп. Біз машинамен келдік.	Толуктооч кимди? эмнени? кимге? эмнеге? кимде? эмнеде? кимден? эмнеден? ким менен? эмне менен?	Келин дасторкон жайып койду. Ал бизге эртең келет. Жалкоого шылтоо көп. Биз машина менен келдик.

2-кестенің жалғасы

Пысықтауыш қашан? қайда? қалай? не үшін? не себепті? неліктен?	Олар ертең келеді. Бұлақ сылдыр-сылдыр ағады. Біз әрдайым қазақша сөйлесеміз. Мен шаршағандықтан жұмысқа бармадым.	Бышыктооч қайда? қачан? нече? эмне үчүн? қандай?	Алар әртең келишет. Булак шылдырап агып турат. Биз ар дайым кыргызча сүйлөйбүз. Мен чарчағанымдан жумушка барбай калдым.
---	---	---	---

2-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі бастауыш
Казак жана кыргыз тилдериндеги ээ

БАСТАУЫШ - ЭЭ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Сөйлемнің басқа мүшелеріне грамматикалық жағынан тәуелсіз, атау септігінде тұрып баяндауышты өзіне жақ, жекелік-көптік бойынша бағындырып тұратын тұрлаулы сөйлем мүшесі бастауыш деп аталады.		Айтылып жатқан сөйлөмдүн башка мүчөлөрүнө грамматикалык жактан багынбай, баяндоочту сан, жак боюнча өзүнө баш идирип, атооч жөндөмөсүндө турган баш мүчө ээ деп аталат.	
Сұрақтары	кім? кімдер? не? нелер? кімі? несі?	Суроолору	ким? кимдер? эмне? эмнелер? кимиси? эмнеси?
Қазақ және қырғыз тілдеріндегі бастауыш қызметін атқаратын сөз таптары Казак жана кыргыз тилдериндеги ээнин милдетин аткаруучу сөз төркүмдөрү			
Сөз таптары	Мысалдар	Сөз түркүмдөрү	Мисалдар
Зат есім	Құстар керемет сайрайды.	Зат атооч	Куштар кубулжуп сайрайт.
Есімдік	Ол жұмысқа ерте кетті.	Атооч	Ал ишке эрте кетти.
Сан есім	Он бес үшке қалдықсыз бөлінеді.	Сан атооч	Он беш үчкө калдықсыз бөлүнөт.
Сын есім	Жаман өз қамын ойлайды, жақсы ел қамын ойлайды.	Сын атооч	Жаман өз камын ойлойт, жакшы эл камын ойлойт.
Үстеу	Еріншектің ертеңі таусылмас.	Тактооч	Эринчектин эртеңи битпес.

Етістік/ Қимыл есімі	Оқу оңай емес.	Этиш/ Қыймыл атооч	Оқуу оңой эмес.
Етістік/ Есімше	Көрмес түйені де көрмейді. Күлдірген де, күйіндірген де – сөз.	Этиш / атоочтук	Көрбөс тоону да көрбөйт. Күлдүргөн да, күйдүргөн да – сөз.
Қазақ және қырғыз тілдеріндегі күрделі бастауыш Казак жана кыргыз тилдериндеги татаал (тутумдаш)ээ			
Сөз тіркестері	Темір жол алыстан көрінбейді.	Сөз айкаштары	Темир жол алыстан көрүнбөйт.
Қос сөздер	Құрбы-құрдастар кездесті.		Курбу-курдаштар чогулушту
Күрделі сөздер	Қазақ ұлттық университеті Алматы қаласында орналасқан.	Татаал сөздөр	Кыргыз мамлекеттик университеті Бишкек шаарында жайгашкан

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі баяндауыш
Казак жана кыргыз тилдериндеги баяндооч

БАЯНДАУЫШ - БАЯНДООЧ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Грамматикалық формасы жағынан бастауқышқа бағынышты, предикативтік іс-әрекетті, сапаны білдіретін сөйлем мүшесі баяндауыш деп аталады.		Грамматикалық жағынан ээге бағынып, анын ар кандай абалын, иш-аракетин туюнткан мүчө баяндооч деп аталат.	
Сұрақтары	не істейді? не істеді? т.б.	Суроолору	эмне кылды? эмне кылып жатат? эмне кылат? ж.б.
Қазақ-қырғыз тілдеріндегі баяндауыш қызметін атқаратын сөз таптары Казак-кыргыз тилдериндеги баяндоочтун милдетин аткаруучу сөз төркүмдөрү			
Сөз таптары	Мысалдар	Сөз түркүмдөрү	Мисалдар
Етістік	Мен сөйлеймін.	Этиш	Мен сүйлөйм
Етістік/ Қимыл есімі	Туған еліңді қорғау – ата-анаңды қорғау.	Этиш/ Қыймыл атооч	Мекенди коргоо –ата- энени коргоо.
Етістік/Есімше	Көп оқыған – көп біл- ген.	Этиш/ Атоочтук	Көп окуган – көптү билген.
Етістік/ Күрделі етістік	Ол аяқ астынан қатты күліп жіберді. Мен мұны істей ала- мын.	Этиш/ Татаал этиш	Ал чыдайбай күлүп жиберди. Мен муну жасай алам.

3-кестенің жалғасы

Зат есім	Әкем – оқытушы.	Зат атооч	Атам – оқутуучу.
Есімдік	Концертте ән салған кісі – мен.	Атооч	Концертте ырдаган киши – менмин.
Сан есім	Екі жердегі екі – төрт.	Сан атооч	Эки жерде эки – төрт.
Сын есім	Бүгін күн жылы.	Сын атооч	Бүгүн күн жылуу.
Модаль сөздер	Еш нәрсемен ісі жоқ.	Модаль сөздөр	Эчтеме менен иши жок.

4-кесте

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі анықтауыш
 Казак жана кыргыз тилдериндеги аныктооч

АНЫҚТАУЫШ – АНЫКТООЧ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Зат есімнен немесе зат есім орнына қолданылған өзге сөздерден болған мүшелерді әр қырынан айқындайтын, грамматикалық қатынас жағынан өзі анықтайтын мүшеге бағынышты тұрлаусыз мүше анықтауыш деп аталады.		Грамматикалық катнаш жағынан өзүнөн кийинки келген зат атооч, же заттық мааниде айтылган аныкталгыч сөздөргө багыныңкы абалда келип, алардын сапатын, белгисин, касиетин, сан иретин, же бир жакка таандык экендигин билдирип турган айкындооч мүчөнү аныктооч дейбиз ¹¹⁵ .	
Сұрақтары	қандай? қай? кімнің? ненің? қанша? неше? қаншасыншы?	Суроолору	қандай? кайсы? кимдин?эмненин? қанча? нече? қанчанчы?
Қазақ-қырғыз тілдеріндегі анықтауыш қызметінде қолданылатын сөз таптары Казак-кыргыз тилдериндеги аныктоочтун милдетин аткаруучу сөз төркүмдөрү			
Сөз таптары	Мысалдар	Сөз түр-күмдөрү	Мисалдар
Сын есім	Жаңа жымен қуттықтаймын!	Сын атооч	Жаңы жылың менен кут-туктайм!
Зат есім	Кітаптың бетін аш.	Зат атооч	Китептин бетин ас.
Есімдік	Оның әні алыстан естіледі. Бұл кітап сенікі ме?	Ат атооч	Анын ырдаганы алыстан угулат. Бул китеп сеникиби?
Етістік/ Қимыл есімі	Жүзінде қорқудың белгісі де жоқ.	Этиш/ Кыймыл атооч	Жүзүнөн коркуунун белгиси байкалбады.
Етістік/ Есімше	Келген адамдар үйде отыр.	Этиш/ Атоочтук	Келген адамдар үйдө отурушат.

¹¹⁵ Үсәналиев С. Кыргыз тилинин справочниги. –Бишкек: «Турар», 2010. – 112 б.

Сан есім	Үшінші мақала.	Сан атооч	Үчүнчү мақала.
Еліктеуіш	Гүж-гүж әңгімеге араласқысы келмеді.	Туранды сөз	Кажы-кужу сөздү уккусу келген жок.
Тұрақты сөз тіркестерінен жасалған анықтауыштар Фразеологизмдерден жасалған аныктоочтор			
Ақ түйенің қарны жарылған күн. Ол – қой аузынан шөп алмайтын жігіт. Бұл –бармағынан бал тамған шебер қыз.		Ақ төөнүн карды жарылған күн. Ал – кой оозунан чөп албаган жигит. Бул –колунан көөр төгүлгөн уста жигит.	

Қазақ және қырғыз тілдеріндегі толықтауыш
Казак жана кыргыз тилдериндеги толуктооч

ТОЛЫҚТАУЫШ – ТОЛУКТООЧ			
Қазақ тілінде – Казак тилинде		Қырғыз тілінде – Кыргыз тилинде	
Сөйлемде баяндауышқа тікелей немесе жанама қатысты болып, оның мағынасын әр қырынан айқындайтын тұрлаусыз мүше толықтауыш деп аталады.		Грамматикалық мамиле-катыш жағынан баяндоочко башкарылып, кыймыл-арекет бағытталган тике, же кыйыр объектини көрсөтүп турган айкындооч мүчөнү толуктооч дейбиз ¹¹⁶ .	
Сұрақтары: кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?		Суруолору: кимди? эмнени? кимге? эмнеге? кимде? эмнеде? кимден? эмнеден? ким менен? эмне менен?	
Толықтауыштың түрлері – Толуктоочтун түрлөрү			
Түрі	Анықтамасы	Түрү	Анықтамасы
Тура толықтауыш: кімді? нені?	Нысанға (объектіге) тікелей қатысы бар, табыс септігінде тұратын толықтауыш тура толықтауыш деп аталады.	Тике толуктооч: кимди? эмнени?	Заттын атын белгилөө менен кыймыл-аракет бағытталган тике объектини көрсөткөн мүчө тике толуктооч деп аталат.
Жанама толықтауыш: кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?	Нысанға (объектіге) жанама қатысты, жанама септіктерде тұратын толықтауыш тура толықтауыш деп аталады.	Кыйыр толуктооч: кимге? эмнеге? кімде? эмнеде? кімден?эмнеден? ким менен? эмне менен?	Кыймыл-аракет кыйыр бағытталган объектини көрсөткөн мүчө тике толуктооч деп аталат.

¹¹⁶ Үсәналиев С. Кыргыз тилинин справочниги. –Бишкек: «Турар», 2010. – 114 б.

5-кестенің жалғасы

Қазақ-қырғыз тілдеріндегі толықтауыш қызметінде қолданылатын сөз таптары Казак-кыргыз тилдериндеги толуктоочтун милдетин аткаруучу сөз төркүмдөрү			
Ту р а т о л ы қ т а у ы ш – Т и к е т о л у к т о о ч			
Сөз табы	Мысалдар	Сөз түркүмү	Мисалдар
Зат есім	Бала балық аулап отыр. Мен хатты тез жазып бігірдім.	Зат атооч	Бала балык кармап отурат. Мен катты тез жазып бүттүм.
Есімдік	Мен оны білмеймін.	Ат атооч	Мен аны билбейм.
Етістік/ Қимыл есімі/ Есімше	Мен билеуді/ билегенді жақсы көремін.	Этиш/ Кыймыл атооч/ Атоочтук	Мен бийлөөнү/ бийлегенди жакшы көрөм.
Сан есім (заттанған)	Жиырма бесімді сағындым.	Сан атооч	Жыйырма бешимди сағындым.
Сын есім (заттанған)	Жасылын емес, қызылын ал.	Сын атооч (заттык мааниде)	Жашылын коюп, кызылын ал.
Үстеу (заттанған)	Ертеңімді ойлаймын.	Тактооч	Эртеңимди ойлойм.
Модаль сөздер (заттанған)	Барды жоғалту оңай.	Модаль сөздер (заттык мааниде)	Барды жоготуп кою оңой.
Ж а н а м а т о л ы қ т а у ы ш – К ы й ы р т о л у к т о о ч			
Зат есім	Жасыл алмада дәрумендер көбірек. Сырыңды айтпа досыңа, досыңның да досы бар (мақал).	Зат атооч	Жашыл алмада витаминдер көбүрөк. Досуңа сырыңды айтпа, досуңдун да досу бар (мақал).
Есімдік	Ол неге маған қоңырау шалмады?	Ат атооч	Ал эмнеге мага кат жазган жок?
Сан есім	Екіні екіге қоссаң төрт болады.	Сан атооч	Экиге экини кошсоң төрт болот.
Етістік/ Қимыл есімі	Көп сөйлеуден не пайда?!	Этиш/ Кыймыл атооч	Орун алмаштыруудан сумма өзгөрбөйт.
Етістік/Есімше	Мен айтқанға бәрі де сенді.	Этиш/Атоочтук	Менин айтканыма баары ишенди.
Сын есім (заттанған)	Көйлектің сарысынан көгі жақсы	Сын атооч (заттык мааниде)	Сарыдан кызылы жакшы.
Модаль сөздер (заттанған)	Жоқтан бар жасау қиын.	Модаль сөздер (заттык мааниде)	Жоктон бар кылыш кыйын
Шылаулармен тіркескен зат есімдер	Ел үшін жаным құрбан! Сен үшін келдім.	Жандоочтор менен келген зат атоочтор	Эл үчүн жаным курман! Жакшы сөзү менен сооротот, жаман токмогу менен ыйлатат. (мақал)

